

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 821.512.122.0

Қолжазба құқығынды

СЫЗДЫКОВ СЕРИКБОЛ КУСАИНОВИЧ

**А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың
көркемдік қызметі**

6D021400 – Әдебиеттану

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшісі
филология ғылымдарының докторы,
профессор
Әбдіғазизұлы Б.

Шетелдік кеңесшісі
доктор PhD,
профессор
Коч К.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР | 3 |
| АНЫҚТАМАЛАР | 4 |
| БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР | 5 |
| КІРІСПЕ | 6 |
| 1 КӨРКЕМ ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮДЕРІС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР | 13 |
| 1.1 Ұлттық этнографиялық құндылықтардың қайнар бастаулары..... | 13 |
| 1.2 Қазақ прозасындағы ұлттық этнологияның көрінісі..... | 25 |
| 1.3 Көркемдік дәстүр және авторлық таным..... | 36 |
| 1-бөлім бойынша тұжырым..... | 49 |
| 2 АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ | 52 |
| 2.1 Жазушы әңгімелеріндегі өмір шындығы және ұлттық-эстетикалық ұғымдар..... | 52 |
| 2.2 Ақселеу Сейдімбек повестеріндегі ұлттық болмыс пен мінез..... | 86 |
| 2.3 Көркемдік интерпретация және өмір шындығы..... | 114 |
| 2-бөлім бойынша тұжырым..... | 127 |
| ҚОРЫТЫНДЫ | 131 |
| ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ | 134 |

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Тәуелсіздік бәрінен қымбат: Қазақстан халқына жолдауы.

Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-ІІІ (28.08.2021 берілген өзгерістермен және толықтыруларымен).

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына жолдауы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Этнос – арғы замандарда дүниеге келіп, ортақ географиялық ортада қалыптасқан, тіршілік-танымы ортақ, тілі, діні, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, туыстық біртұтастығын сақтап отырған тайпа, халық.

Этнология – қоғамдық ғылымдардың тайпалар мен халықтарды зерттейтін саласы. Этностық топтардың шығу тегін, қонысын, тарихын, дәстүрін, тілін, мәдениетін, тұрмысын жан-жақты зерттейді. Осыған байланысты этнология іштей, тарихи этнография, археология, этникалық демография, этникалық антропология, этнолингвистика, этнонимика, этнотопонимика деген сияқты салаларға тармақтанған.

Этникалық аумақ – белгілі бір этностың басым орналасқан аумағы. Этникалық аумақ сол этностың ұйыса қоныстану тарихын, көршілерімен қарым-қатынасын қамтиды.

Этникалық мәдениет – кең мағынасында белгілі бір этностың өзін-өзі сақтап және дамуы үшін қажетті құндылықтардың жиынтығы, нақты мағынасында рухани және заттық мәдениеттерінің бірлестігі.

Этногенез – кез-келген этностың қалыптасу тарихының бастау негізі. Өртүрлі қауымдық топтар негізінде жаңа құрамдағы туыстас тайпаның немесе этностың(халықтың) қалыптасуы.

Этнографизм – халықтың, этностың рухани және заттық мәдениетінен хабар беретін құндылықтар. Сөз өнерінде түрлі тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, тағы басқалар арқылы көрініс беретін адамзат құндылықтарының арналы саласы.

Этнос болмысы – сол этностың өзіне тән ойлау жүйесі, тарихи танымы, мәдени қуаты, өмір сүру салты.

Этнопсихология – әртүрлі этностардың өзіне тән ұлттық мінезі мен психологиялық ерекшеліктерін зерттейтін пәнаралық ғылым саласы.

Этномәдени дерек – этнос болмысына қатысты тарихи-мәдени құндылық, нақты дерек. Белгілі бір этностың өзіне тән ерекше мәдени-тарихи болмысын ашуға ықпал ететін құндылықтардың нақты деректік көрінісі.

Сөз өнеріндегі этнографиялық құндылықтар – ең алдымен, көркем шығармада көрініс беретін құндылықтар. Дәстүр мен салттың, тағы басқа этнографиялық элементтердің көркем шығармада үндесе көрініс табуы.

Этнодеформация – «этно» – тек, сана, «деформация – бұзылу, жоғалу, яғни ұлттық сананың өзгеріске түсуі».

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---------|--|
| ҚР | – Қазақстан Республикасы |
| ҚР ҒЖБМ | – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі |
| ЖОО | – жоғары оқу орны |
| ББ | – білім беру бағдарламалары |
| PhD | – философия докторы |
| т.б. | – тағы басқа |

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай жазған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының улануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан, жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден бір кепілі» екенін атап өтті [1].

Мақалада еліміздің бүгінге дейінгі жеткен жетістіктері саралана отырып, келешектегі мақсаттардың барлығы ұлттың кемелденуі, өркениет көшіндегі ұлттық құндылықтарымызды сақтау жолына қызмет етуге тиіс екендігі нақты көрсетілді. Яғни мемлекет өзінің саяси-экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан дамуында ұстанар бағдары да ұлттық бірегейлікті нығайтуға қызмет етуі тиіс. Бұл концепция бүгінгі гуманитарлық ғылымдардың да, білім саласындағы саясаттың да өзегіне айналып келе жатыр.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (11-бап, 3 тармақ) білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды қағидаттарының бірі ретінде былай делінген: «...Халық дәстүрлерін құрметтеу, адамның еркін тұлға ретінде дамуы үшін өскелең ұрпақтың санасында құндылық бағдарын қалыптастыруды басымдықтар ретінде қамтитыны, жастардың жаһанданған әлемге, ашық ақпараттық қоғамдастыққа кіруін жан-жақты қолдауды талап ететіні кездейсоқ емес. Жас ұрпақты өз Отанына, өз халқына, ана тіліне, ұлттық мәдениетке, ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға сүйіспеншілікпен және құрметпен қарауды тәрбиелеу маңызды. Бұл өте өзекті мәселе болып табылады, оны соңғы жылдардағы ғылыми жұмыстар дәлелдеп отыр [2].

«Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты ҚР Президентінің Жолдауында: «Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру. Отаншылдық, білімге құштарлық пен еңбекқорлық, бірлік пен жауапкершілік сияқты қасиеттер дәріптелуі қажет» екендігіне баса назар аударылды [3].

Қазіргі жүріп жатқан процесс – жаһандану. Жаһанданудың илеуіне түспес үшін біз осы бастан өзіміздің рухани мұрамыз - ауыз әдебиетіміз, оның ішінде дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарымызды дұрыс сақтай білуіміз керек. Алайда, құр сақтау жеткіліксіз. Мұраны қатып қалған мүсін ретінде сақтау дұрыс емес, әрі мүмкін де емес. Сол мұраның ұлттық сипатын сақтай отырып, осы күнгі үрдіске, талапқа, талғамға сәйкес орынды пайдалана білу керек.

Қазақ әдебиеті – әлемдік әдебиеттің бір бөлшегі. Адамзаттың мәдени-әдеби дамуының жалпы заңдылықтары мен поэтикалық тұтастықтары біздің ұлтымыздың әдебиетінде бой көрсетіп отырады. Сондықтан да ұлттық әдебиеттану ғылымының алдында тұрған іргелі міндеттердің бірі – қазақ

әдебиетін жалпыадамзаттық көркем ойлау контекстінде ала отырып ұлттық ерекшеліктерін анықтау. Осы міндетке сәйкес ұсынып отырған зерттеуімізде прозалық шығармалардағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік-эстетикалық мәнін егжей-тегжейлі талдауға көңіл аударып, олардың негізгі ерекшеліктерін бөліп көрсетеміз.

Қаламгер туындыларындағы ұлттық құндылықтарды ғылыми тұрғыда талдау, біріншіден, бүкіләлемдік мәдени кеңістіктегі қазақ әдебиетінің этнографиялық сипаттағы өзіндік орнын айқындауға мүмкіндік беретін болса, екіншіден, ұлттың этникалық рухани сипатын қарастыру, қайталанбас өзіндік мәдени даралығын таныту үшін өте маңызды. Қаламгер туындыларын философия, этнология, этнопсихологиямен ұштастыра отырып бағалау және ұлттық тектің, ұлттық сананың, ондағы дәстүрліліктің о бастағы жаратылысынан ауытқуы, алшақтауы кейіпкер психологиясындағы этнодеформациялық жағдайлардың көрінісі зерттеу тақырыбының өзектілігін танытады.

Кеңес жүйесінің қысымынан арылып, ұлттық жаңғыруға бет алған елдер әдебиеттегі этнографияның көркемдік қызметіне, бірегей ментальдық құндылықтардың бастауларына үңілуде. Ұлттанудан бастап, қазақ әдебиетіндегі ұлттық ментальдіктің генезисі, эволюциясы және трансформациясы, қазіргі қазақ прозасындағы ұлттық идея, жалпыадамдық құндылықтардың зерттелуі – заңды құбылыс.

Белгілі бір этностың өзіне тән ойлау жүйесін, тарихи танымын, мәдени қуатын, өмір сүру салтын сақтап қалудағы рухани әлемін тануда сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық қызметін этнографизм негізінде қарастыру аса маңызды. Көркем әдебиеттің жанрлық қалыптасуы мен түрленуінде де ұлттық этнографияның көркемдік қызметі орасан зор. Этнография – халықтардың арғы-бергі тегі мен материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін этнологияның арналы саласы. Этнография ғылым саласы ретінде бастауын этнологиядан алғанымен, оның ұлттың өткен тарихын сөз өнерімен байланыста танудағы құндылығы ерекше. Этнология нақтылы этносты зерттейтін ғылым болса, этнографизм оның сөз өнеріндегі көрінісі деуге болады.

Жалпы қазақ прозасының көркемдік-эстетикалық табиғаты, ұлттық-этнографиялық ерекшелігі, халықтық танымы туралы қазақтың белгілі ғалымдарының пікірлері, мақалалары мен зерттеу еңбектері жарық көрді. Атап айтқанда, Т. Нұртазин, Х. Әдібаев, А. Құлымбетова, Қ. Сыздықов, Т. Жұртбаев, А. Егеубай, Б. Майтанов, Т. Күлтелеев, К. Рүстемова, Т. Рақымжанов, Д. Қамзабекұлы т.б.

Десек те, қазіргі қазақ әдебиеттануында этнографиялық проза әдеби құбылыс ретінде теориялық бағасын алған жоқ. Ал Ақселеу Сейдімбектің әңгімелері мен хикаяттары туралы жекелеген ғылыми мақалалар мен рецензиялар болғанымен, қаламгер поэтикасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтар жүйесінің орны туралы арнайы диссертациялық зерттеу жазылған емес.

Қ. Құрманғалидың «Ақселеу туралы аңыз», «Ақселеу ақиқаты», Г.Таимованың «Ақселеу Сейдімбек шығармаларындағы ұлттық

құндылықтардың көркемдік трансформациясы», А. Қажыбайдың «Ақселеу Сейдімбек публицистикалық көркемдігі» А. Әбсадықтың «Шежіре-Ғұмыр» атты жекелеген ғылыми және ғылыми-танымдық мақалаларында, А. Таңжарықованың «Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар», Ж. Қалыбекованың «Ақселеу Сейдімбектің әдеби шығармашылығы» атты ғылыми-зерттеу еңбектерінде қаламгердің прозалық шығармалары жанама түрде болса да қарастырылды.

Диссертациялық жұмыста Ақселеу Сейдімбек прозасы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркем зерделенуі тұрғысынан қарастырылады. Бұл суреткердің стильдік даралығы мен ұлттың мәдени-тарихи даму жолындағы этнографиялық материалдарды көркем игеру мен бейнелеу шеберлігін айқындауға мүмкіндік береді.

Жазушының әңгімелері мен повестеріндегі ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметін әдеби-теориялық категориялар арқылы талдау барысында мынадай **қарама-қайшылықтардың** бар екендігі анықталады:

– жазушы Ақселеу Сейдімбектің прозалық шығармаларындағы ұлттық – этнографиялық құндылықтардың көркем үлгісі жас ұрпақтың бойында ұлттық рухани қазыналарға деген құрмет сезімін қалыптастырудың, ұлттық негіздегі тәрбиені сіңірудің қуатты құралы екені жеткілікті деңгейде насихатталмауы;

– бүгінгі таңда аталған қаламгердің шығармашылығы республикамыздағы орта мектеп бағдарламасында, өзге де буындардағы оқу бағдарламаларында қамтылмауы.

Аталған қарама-қайшылықтар Ақселеу Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметін теориялық негіздеу мен оны тәжірибеге енгізудің тиімді жолдарын іздестіруге себеп болды.

Зерттеудің мақсаты: Жазушы Ақселеу Сейдімбектің прозалық шығармаларындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтарды көркемдік-эстетикалық контексте қарастыра отырып, аңшылық, саятшылық және сал-серілік өнеріндегі этнографиялық көріністердің жазушы шеберлігімен тығыз үйлесе келіп, өзіндік көркемдік-эстетикалық жүйе құрайтынын саралап көрсету.

Зерттеудің нысаны: Ақселеу Сейдімбектің «Тауға біткен жалбыз», «Тәтті тіршілік», «Қақпаншы», «Рамазан мерген», «Зерде», «Табысу», «Көңіл шіркін», «Олжа», «Аңшы өтірік айтпайды», «Бүркіт (этнографиялық әңгіме)», «Айқас»; «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» әңгімелері мен повестері таңдалып алынды.

Зерттеу пәні: Ақселеу Сейдімбек шығармаларындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркем бейнеленуі.

Зерттеудің ғылыми болжамы: Егер «А. Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркемдік қызметін» жоғары мектепте элективті пән ретінде оқытудың ғылыми-әдіснамалық негіздері айқындалып болашақ филолог мамандарға ұсынылса, онда ЖОО студенттерінің қазақ прозасындағы ұлттық құндылықтарымыздың маңызы мен мәні туралы біртұтас

білім негіздерін игеруіне жол ашылады, *өйткені* қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтарды терең зерттеп, талдай білуге, көркем әдеби білім негіздерін интерпретациялау дағдыларын қалыптастыруға негізделеді және болашақ филологтардың көркемдік эстетикалық танымын, рухани-адамгершілік сапаларын байытуды қамтамасыз етеді.

Зерттеудің міндеттері:

– ұлттық этнографиялық құндылықтардың ауыз әдебиетіндегі көріністері мен түркі ескерткіштеріндегі танымдық-көркемдік бірліктердегі этнографиялық құндылықтарды генезистік тұрғыдан айқындау;

– Ақселеу Сейдімбек прозасындағы көркем бейнелерді ұлттық, халықтық, көркемдік-эстетикалық феномен ретінде кешенді-жүйелі түрде зерделеу;

– жазушының терең этникалық факторларға негізделген әңгімелері мен повестеріндегі ұлттық сана мен ұлттық мінезді танытатын этнопсихологиялық типтерді анықтау;

– қаламгер прозасындағы этнографизмнің типологиялық қырлары мен жазушының жеке стилі арқылы анықталатын идеялық-эстетикалық концепциясына ғылыми баға беру.

Зерттеудің жетекші идеясы: Ақселеу Сейдімбек прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың поэтикалық қызметін саралай алуы арқылы студенттер осы жанрдағы көркем шығармаларда бейнеленген өмір құбылыстарының қоғамдық-әлеуметтік маңызын, ұлттық рухани-адамгершілік мұралардың тәрбиелік әлеуетін, адамның ең жоғары құндылық ретіндегі мәнін түсінуге ұмтылады. Сол сияқты көркем шығармалардағы ұлттық-этнографиялық құндылықтарды жоғары мектепте оқыту студенттердің ұлттық идея турасындағы түсініктері мен дүниетанымдық қабілеттіліктерін дамытуға негіз болады. Дәстүрлі этномәдени құндылықтардың қазіргі дәуір әдебиетінде қандай өзгерістерге ұшырағанын анықтай алады.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері болып диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізіне әдебиеттану, фольклортану және өнертану ғылымдарының жетістіктері басшылыққа алынды. Көркем шығармашылықтағы этнографизм, әдеби туындылардағы ұлттық характер мәселесін қарастырған зерттеулер жұмысымыздың негізгі тірегі болды: А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов, А. Нұрқатов, М. Ғабдуллин, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев, Р. Бердібаев, З. Ахметов, Т. Кәкішев, С. Қирабаев, М. Мырзахметұлы, М. Атымов, Ш. Елеукенов, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, З. Серікқалиұлы, Н. Келімбетов, Б. Майтанов, Ж. Дәдебаев, Ш. Ыбыраев, З. Бисенғали, Ә. Әзиев, Т. Жұртбай, Ә. Әбдиманұлы, А. Егеубаев, М. Хамзин, К. Матыжанов, Ш. Керім, Б. Әбдіғазіұлы, А. Таңжарықова, Т. Жұмажанова, Т. Тебегенов, Т. Рақымжанов, Д. Қамзабекұлы, Б. Омарұлы, Ә. Шәріп, С. Асылбекұлы, А. Ісімақова, Г. Пірәлиева, Ж. Жарылғапов, Г. Балтабаева т.б. еңбектеріне назар аударылып, зерттеу мақсатына сай пайдаланылды.

Ақселеу Сейдімбек шығармашылығындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтарды көркемдік-эстетикалық категориялар контекстінде қарастыра

отырып, жазушының прозалық шығармаларының стильдік ерекшелігі анықталды.

Зерттеудің дереккөздері:

Орталық Ғылыми кітапхана, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, тағы басқа кітапханалар мен ғылыми-зерттеу орталықтарында сақталған материалдар, Мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік құжаттамалар; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы; алыс және жақын шетелдік, қазақстандық этнограф ғалымдардың ғылыми-танымдық еңбектері; ғылыми-зерттеу басылымдары.

Зерттеу әдістері. Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсат-міндеттеріне сәйкес салыстырмалы талдау, баяндау, тарихи-типологиялық, герменевтикалық, репрезентативті форма әдістері қолданылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

– ұлттық-этнографиялық материалдардың көркем игерілуі фольклор, ежелгі дәуір әдебиеті және жыраулық поэзияда, XIX-XX ғасырлардағы классикалық әдебиеттегі жанрлық жанарулар мен көркемдік даму үрдісінің бөлшегі ретінде сараланды;

– жазушы әңгімелері мен повестеріндегі кейіпкерлерінің көркемдік бейнесі мен сюжеттерді әдеби-теориялық талдау арқылы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың танымдық және поэтикалық маңызының ара-жігі ашылды;

– жазушы прозасындағы этнографиялық дискурс табиғатын ашудағы көркемдік-эстетикалық категориялар анықталды;

– автор-оқырман-кейіпкер қарым-қатынасы арқылы ұлттық-эстетикалық құндылықтар мәдениеттанымы айқындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Әдебиеттануға кіріспе, қазіргі қазақ әдебиеті пәндерінде эпикалық шығармаларды, оның ішінде проза жанрларын, ондағы ұлттық дүниетаным, этнографиялық ерекшеліктер мәселесі туралы оқылатын дәрістер мен сабақтарға, осы тектес ізденістерге көмекші құрал ретінде қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

– этнографиялық бағыттың шығу тегі, даму тарихы туралы кешенді зерттеулер ұлттық әдеби үдерістегі бұл құбылыстың типологиялық сипаты бар екенін айғақтайды. Яғни ұлттық-этнографиялық құндылықтар ежелгі дәуір, халық ауыз әдебиеті мен жыраулық поэзия үлгілерінен бастау алады;

– жазушының әңгімелері мен повестеріндегі ұлттық таным мен тарихи таным ұлттық характер мен этнопсихологиялық типтердің айқын көрініс табуына негіз болған;

– Ақселеу Сейдімбектің шығармаларында қазақ халқының ұлттық болмысы әдебиет пен фольклордың синтезіндегі мәтіндер арқылы интерпретацияланады;

– қаламгер прозасындағы этнографизм оның көркемдік ойлауының түрлерін, әдеби шығармаларының жанрлық табиғаты мен поэтикасын ерекшелейтін идеялық-эстетикалық фактор.

Жарияланымдар:

Зерттеу жұмысының теориялық мәселелері мен тұжырымдары халықаралық, республикалық ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда баяндама тұрғысында тыңдалып, ғылыми жинақтарда 2 мақала; зерттеу нәтижелері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен ғылыми басылымдарда – 4 мақала; халықаралық скопус мәліметтер базасына тіркелген журналдарда 2 мақала, шетелдік ғылыми басылымдарда 1 мақала, барлығы – 9 ғылыми мақала жарияланды.

Scopus деректер қоры базасына кіретін басылымда:

1. Traditional Hunting with the Golden Eagle and Its Reflection in Kazakh Literature // Mankind Quarterly. – 2021. – С. 273-287 (докторанттың үлесі – 75%).

2. The scientific educational and national ethnographic nature of the writer's works // Orcion. – 2019. – №35. – С. 1075-1091 (докторанттың үлесі – 80%).

ҚР ҒЖБМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда:

1. Ақселеу Сейдімбектің «Бүркіт» этнографиялық әңгімесіндегі ұлттық характер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №1(59). – Б. 199-203 (докторанттың үлесі – 95%).

2. Ақселеу Сейдімбектің «Ақиық» хикаятындағы ұлттық характер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2018. – №2(64). – Б. 141-146 (докторанттың үлесі – 95%);

3. Жазушы прозасындағы тарихи-танымдық, этнографиялық сипат // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2019. – №3(69). – Б. 301-306 (докторанттың үлесі – 95%);

4. Ақселеу Сейдімбектің «Бір атым насыбай» атты хикаятындағы ұлттық этнографияның көріністері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2020. – №1(71). – Б. 441-445. (докторанттың үлесі -95%).

ҚР ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары:

1. Ақселеу Сейдімбектің «Табысу» атты әңгімесіндегі ұлттық характер мәселесі // Наука и образование-важнейший фактор развития общества в современных условиях: 5-ші халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – 2018. – С. 359-362 (докторанттың үлесі – 95%);

2. «Тауға біткен жалбыз» әңгімесіндегі ұлттық сипат // Бабалар сөзі-рухани жаңғырудың қайнар көзі: халықаралық симпозиумның жинағы. – 2019. – Б. 227-231 (докторанттың үлесі – 90%).

Алыс-жақын шетелдердегі халықаралық конференцияларда:

1. Национально-этнографический компонент в произведениях Акселеу Сейдимбек // Relf Group & Oeaps Inc. ICFASR International Scientific and Practical Conference fundamental and applied scientific research. – Berlin, 2019. – P. 79-98 (докторанттың үлесі – 90%).

Диссертацияның құрылымы: Диссертациялық жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспе бөлімінде зерттеу тақырыбының ғылыми аппараты: көкейкестілігі, мақсаты, нысаны, пәні, ғылыми болжамы, міндеттері, жетекші идеясы, теориялық-әдіснамалық негіздері, зерттеудің дереккөздері, әдістері, ғылыми жаңалығы мен теориялық мәні, практикалық маңызы, қорғауға ұсынылатын тұжырымдары ашып көрсетіледі. Сонымен қатар Ақселеу Сейдімбектің шығармашылығы, оның бүгінгі таңға дейін зерттелу деңгейі жүйелі түрде жинақталып айтылды, сондай-ақ тақырыпты зерттеу принциптері айқындалды.

«Көркем әдеби-шығармашылық үдеріс және ұлттық-этнографиялық құндылықтар» атты бірінші тарауда көркем әдеби-шығармашылық үдерістегі ұлттық-этнографиялық құндылықтар генезисі мен проза поэтикасындағы орнын зерттеу барысында, ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркем игерілуі көне түркі дәуіріндегі әдеби жәдігерлерден, фольклорлық үлгілер мен жыраулар поэзиясынан бастау алып, XIX ғасыр әдебиетінде этнографизмдер түрлі көркемдік-эстетикалық арнада дамығандығы және XX ғасыр басындағы көркемдік даму этникалық жақты, дүниетанымдық архетиптерді, ментальды ерекшеліктерді прозалық жанрда бейнелеудің дәстүрін қалыптастырғандығы нақтыланды.

«Ақселеу Сейдімбек прозалық шығармаларындағы этномәдени құндылықтардың көркемдік қызметі» атты екінші тарауда жазушы прозасындағы ұлттық құндылықтар ғылыми тұрғыда талданып, әлемдік мәдени кеңістіктегі қазақ әдебиетінің өзіндік орны анықталды.

Ұлттың этникалық сипатын, бірегейлігін, мәдени даралығын тану үшін Ақселеу Сейдімбектің прозалық туындыларын философия, этнология, этнопсихология ғылымдарымен ұштастыра отырып бағалау қажеттігі айқындалды.

Қаламгер өз шығармаларында этномәдени сөздер, этнографиялық лексиканы үнемі табиғи үйлесімде пайдалана отырып, ұлттық-этнографиялық құндылықтар аясында пейзажбен қатар диалог, монолог, баяндау т.б. көркемдік амал-тәсілдерді шебер қолданғандығы зерделенді.

Қорытындыда зерттеудің негізгі қағидалары, нәтижелері тұжырымдалды, әдістемелік ұсыныстар берілді, теориялық негізделген тұжырымдар ұсынылды.

1 КӨРКЕМ ӘДЕБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҮДЕРІС ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1.1 Ұлттық этнографиялық құндылықтардың қайнар бастаулары

Қазақ халқының рухани болмысы, ұлттық табиғатындағы асыл қасиеттері ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасында айшықталып келді. Қоғам дамуының түрлі сипаттағы формациялары әдебиетте өз ізін қалдырмай тұра алмайды. Көркемдік дамудағы тарихи сабақтастық қағидаттары ұлттық-этнографиялық құндылықтар өзінің қалыптасу жолында түрлі белестерден өткенін көрсетеді. Ол бірінші кезекте фольклор, ежелгі дәуірдегі әдеби жәдігерлерде көрініс тауып, жыраулық поэзия тұрпатындағы ұлттық бояуы қанық сөз өнерінде жаңа көркемдік мазмұнға ие болды. ХІХ ғасырдағы классикалық әдебиетте барынша түрленіп, ХХ ғасырдағы жанрлық жаңарулармен ерекшеленген көркемдік даму үрдісінің ажырағысыз бөлшегіне айналды.

Ежелгі дәуір әдебиетіндегі этнографизм – ерекше құбылыс. Олай болатын себебі, этностың дүниетанымы, өмір сүру салты сол факторлардан айқын аңғарылып отырған. Қазіргі кезеңдегі көркем әдебиетте сол дәстүр жалғасын тауып, суреткер өзінің тұтас шығармашылығында этнографизмді шеберлікпен қолданып отырады. Этнографизм құндылық ретінде әр жанрда өзіндік өрнегімен көрініс тауып, прозалық фольклорда әр ғасырда, әр дәуірде болғаны және оның қазақ прозасының генезисі екені фольклортанушы С. Қасқабасовтың «Казахская сказочная проза» атты зерттеуінде дәлелденді [4].

Фольклордағы этнографизм Ш.Уәлиханов еңбектерінде, А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш», Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті», Ә. Марғұланның «Ежелгі жыр аңыздар», Е. Тұрсыновтың «Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері», С. Қондыбайдың «Жауынгерлік рух кітабы» еңбектерінде қарастырылды.

А. Байтұрсынұлы «Сөздің өзін танытатын белгі – тіл, яки лұғат белгісі екені даусыз. Ол белгі әркімнің өз бейімімен, өз ыңғайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады» [5], – деп көркем әдебиеттің ұлттық болмысын басты орынға қойса, ал ғалым Х. Досмұхамедұлы «Халық ауыз әдебиетінен қазақтың жан жүрегіне еркін көшпелі өмірі, көші-қон, мал мен малшылық тұрмыс-салт қаншалықты жақын екендігі айқын көрінеді...

Қазақтың ұлттық киімі, ұл-қыздарымызға тән алтын-күміс, сырға-шолпы, бес қару мен ер-тұрман т.с.с. ұлттық жәдігерлеріміз халық әдебиетінде жырланады» [6], – деген пікірі халық әдебиетінің этнографиямен біте қайнасып жатқанын дұрыс көрсетеді.

Ә. Марғұлан эпос тудырған орта, олардың мәдениетке қосқан үлесін, ескі дәуірдегі халық аңыздарын, лиро-эпос нұсқаларын, қазақтың халық музыкасындағы Қорқыт ата дәстүрін, қазақтың ерлік жырындағы элеуметтік сарындарды саралауларындағы өзекті ойларын этнология, этнографиямен дәнекерлей отырып, «...Халық жыры, эпос, ою-өрнек, сәулет өнері, жұртшылық салты, елдік өмір сүру қағидасы, барлық рухани құндылықтар сахараны ежелден

мекен еткен бабаларымыз бен бүгінде олардың түбегейлі мұрагері қазақ елінің тұрмысында сақталған» [7], – деп бағалайды.

Ғалым Е. Тұрсынов ақын, сал, сері, жырау типтерінің пайда болуын фольклор және этнографияның тоғысуы тұрғысынан саралайды. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдерінің бірі – сал-серілер қымбаттан тігілген киім киіп, арғымақ ат мініп, бүркіт баптап, құс салып, қасына ерген нөкерлерімен ел аралап, той-думанның еркесі болғанын түйеді [8]. С. Қондыбай этнографиялық сипаттағы тілдік қолданыс ерекшеліктеріне, лексикалық қорға екпін жасап, бес қаруға қатысты жауынгерлік атаулар, қазақтың жауынгерлік кодексі, ту магиясының тылсым құдіретін кеңінен талдайды [9].

Фольклор үлгілері көркем шығармашылықтың қайнар бастауы болғаны – ғылымда жан-жақты дәлелденіп жүрген күрделі мәселе. Фольклор жанрларын оның ұлттық табиғатынан туындайтын ерекшелігіне сай зерттеу ғылымның аса өзекті мәселесі екенін жетекші әдебиетшілер іргелі еңбектерінде ескертіп отырды. М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» зерттеуінде «Бұрынғы төл әдебиеттің түрлерін білу мен ағымын түсіну – біздің өзіміз үшін аса қажет. Бүгінгі әдебиетке бағыт пен жол салып, дұрыс жолды көрсетеміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткені мен бүгінгі қалпын және келешегін де түгелімен ұғыну қажет. Сонда ғана, әрбір жазушы ақиқатқа жақын сөйлеп, дәстүр көріністерін айқын көрсете алады» [10], – деп, қаламгердің тарихтың терең қатпарлы ақиқат ұғымынан алшақ кетпеуін орынды айтады. Бейнелі сөздің астарын әдеби және тарихи байланыста жүйелі қарастыру міндеттерін жұмбақ табиғатына қатысты: «Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Бұл жақтарын тексеріп, тану да ғылыми міндет», – дейді. Яғни, нағыз фольклордың жанры жұмбақтың өзін «сөз образының кілті», «ақындықтың ұрығы – дәні», – деп айқын атап, оны зерттеудің өзі ғылыми міндет екенін терең таныммен көрсетеді.

Жалпы этнографизм мен фольклоризм сөз өнерінде ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана, тарихи жад мәселесімен тікелей байланысты. Ол сөз өнеріндегі ұлттық рух дегеніміз – көпқабатты ұғым, яғни, сол халықтың тарихи даму жолын көрсететін, дүниетанымдық болмысын ашатын ерекеше феномен екенін көрсетеді. Сөз өнеріндегі ұлттық бірегейлік тақырыбы – сол этностың көркемдік-эстетикалық даму жолының айшықты көрінісі.

Қазақтың отбасылық ғұрыптық фольклорын өзінше тұтас жанрлық сала ретінде арнайы зерттеген ғалым К. Матыжанов жанрдың ерекшелігін этнографиямен тығыз бірлікте алып саралайды. Әлпештеу фольклоры, үйлену ғұрып фольклоры, азалау фольклорының табиғатын кешенді қарастырып, «Фольклордың этнографиялық байланыстарын қарастыру типологиялық параллельдерді салыстыру арқылы көрініс табады. Ғұрыптық фольклордың этнографиямен жымдаса өріліп жатқан аса күрделі байланысында, ең алдымен, көзге шалынатыны олардың шығу төркіні мен атқаратын қызметтеріндегі үндестіктер» [11], – деген құнды пікір айтады. Ал Ш. Ыбыраев «Қазақ фольклоры – сан мыңдаған жылдар бойы халқымыздың өзімен біте қайнасып, бірге жасап келе жатқан ауызша төлтума мұрасы. Ол халық өмірінен, тұрмыс-

тіршілігінен, дүниетанымынан, наным-сенімінен, әдет-ғұрпынан және көркемдік талғамынан бөлінбейтін біртұтас рухани-мәдени құбылыс» [12], – деп түйеді.

Қазақ халқының бай фольклоры мен ауыз әдебиеті – елдіктің, ұлт болып ұйысуының сапалық даму жолын көрсететін аса қасиетті құндылық. Ал, осы рухани құндылық аса құнарлы ұлттық-этнографиялық мазмұнымен сөз өнерінде көрініс тауып отырады. Этнографизм өзінің болмысында, яғни тақырыптық-идеялық және көркемдік-эстетикалық табиғатында ұлттық әдебиеттің ажырамас бөлігі болуымен өміршең қасиетке ие. Көркем шығармада этнографизмнің элементтері элеуметтік-тұрмыстық, тарихи-хронологиялық, табиғи-географиялық, діни-танымдық, мәдени-дәстүрлік бағыттарда көрініс тауып отырады. Сондықтан бүгінгі уақыт талабындағы жаңа зерттеу әдістерімен жазылған еңбектерде фольклордың қазіргі ұлттық әдеби дамуға жасап отырған сан салалы көркемдік-эстетикалық ықпалы назардан тыс қалмай келеді. Оны «Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» [13], «Тәуелсіздік және фольклор» [14] атты ұжымдық монографиялардағы ғылыми талдаулардан көреміз.

«Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті» атты ұжымдық еңбекте қазіргі поэзия және фольклор, қазіргі прозадағы фольклорлық дәстүр, бүгінгі драматургиядағы фольклорлық сарындар екшелген. Әсіресе прозалық шығармалардағы фольклорлық салт пен әдет-ғұрыптар қызметінің талдануында этнографизм көріністері басты назарда болғанын аңғарамыз. Соның ішінде отбасылық салттың суреттелуі А. Алтайдың «Алтай элегиясы», Ш. Мұртазаның «Ай мен Айша», С. Ләмбекұлының «Арыстар», Т. Зәкенұлының «Көк бөрілердің көз жасы», С. Сматаевтың «Елім-ай», М. Мағауиннің «Қыпшақ аруы», Б. Мұқайдың «Өмірзая», Ж. Тұрлыбайұлының «Райымбек батыр», Э. Төрехановтың «Ескендір мен Роксана», С. Жүнісовтің «Ақан сері», Ә. Кекілбайұлының «Ханша Дария хикаясы», С. Байхонов хикаяттары негізінде талданады. Прозалық туындыларда отбасылық салттың қолданысы жанрлық ерекшелікке сай ұтымды пайдаланылғаны, оған кеңес идеологиясының қысымы тосқауыл бола алмағаны, осынау жасампаз дәстүр өміршеңдігі орынды бағаланған [13, б. 290].

Жерлеу ғұрпының бейнеленуі Т. Нұрмағанбетовтің «Кене», «Айқай», Қ. Түменбайдың «Ажал», «Бейкүнә қулық», Д. Досжанның «Терезенің жарығы», Ж. Шаштайұлының «Жала мен нала», С. Елубайдың «Ақбоз үй», С. Досановтың «Тұйық» шығармалары бойынша айқындалады. Рулық дәстүрлердің көрінісі Д. Исабековтің «Өкпек жолаушы», С. Елубайдың «Ақбоз үй», Ж. Шаштайұлының «Жала мен нала», С. Досановтың «Тұйық», Б. Мұқайдың «Өмірзая» шығармалары мысалында сараланды.

«Тәуелсіздік және фольклор» атты ұжымдық монографияның «Ру-тайпалық дәуір фольклорындағы» тәуелсіздік үшін күрестің бейнеленуі», «Қазақ мемлекеті тұсындағы тәуелсіздік үшін күрестің фольклорда суреттелуі», «Отарлыққа қарсы халық шығармашылығы», «Тәуелсіздік идеясының шағын жанрларда айтылуы» тарауларындағы талдаулардан фольклорлық мұраның ұлттық құндылықтар қайнары этнографиямен тамырласып жатқан терең арналарын танимыз.

Сөз өнерінде этнографизмнің көрініс табуы сан-салалы десек, фольклор үлгілері оның бастау бұлағы болуымен құнды. Ұлттық ерекшеліктерімен ерекшеленетін жоқтау, жұмбақ, мақал-мәтелдердегі этнолексикалық мәндегі тұрақты тіркестер этнографизммен сабақтасады. «Егер халқымыздың төл мұрасын түгелімен бір арнаға топтастырсақ, онда қазақ өмірінің барша қыры бейнеленетінін көре аламыз. Баланың тууынан бастап, оның қалыптасу жолында өтетін кезеңдер, оның ойындары, жастық, сүйіспеншілік, үйлену тойы, қуаныш пен қайғысы, ауру, емшілік, жерлеу, ас беру, көңіл айту, жақын-жуықты жұбату – міне, мұның бәрі халық әдебиетінде поэтикалық сипатта көрініс тапқан» [14].

Қазақ этносының тарихында жоқтаудың алатын орны ерекше. Ол ұлттық сипаттағы этнографиялық мән-мағынасымен терең екендігін ХХ ғасырдың басында ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы жиырма үш жоқтау атты еңбегінде атап өткен [15].

Халқымыздың төрт жүз жылдық тарихы қамтылған әдеби мұра ұлттық этнографиялық құндылықтардың бірден бір асыл қайнары болып қалуда. Мамай батыр, Кеңгірбай би, Кенесары-Наурызбай, Әбдіғапардай тұлғаларды жоқтаудан туған жырлардың ұлттық ғұрыптық дәстүрімізді танудағы маңызы сарқылмақ емес. Сол жинаққа енген «Қаз дауысты Қазыбек» жоқтауын айтқан қызы Қамқаның жоқтауынан үзінді келтірейік:

Жоғалмастай жол салып,
Үлгі болып сөз қалып,
Кеткен жоқ әкем арманда.
Ақылменен мал тапқан,
Бағыменен ел тапқан.
Батыр мен хан сасқанда,
Әкеме келіп жол тапқан...
Арқасында әкемнің
Отырған жоқ бұл қазақ,
Ешкімнің кейін тобынан [15, б. 152].

Мұнда этностың ғұмырлық-ғұрыптық дәстүрін танытатын этномәдени сөздер тұнып тұр. Халық бірлігін ұйыстырудағы тұлғалар даналығын, сыртқы жауға қарсы ұран салған батырлар айбынын, рухани және мәдени құндылықтарды, халқымыздың дәстүрі мен ғұрпын тануда жоқтаудың этнографиялық сипаты ерекше.

...Күмістен ожау ойдырған,
Қысаң қара сабаны
Тұс-тұсынан қойдырған.
Алты қанат ақ орда
Ішіне Жібек жаптырған (Мамай батыр) (Мамайдың шешесі Қараүлектің жоқтап айтқаны).

...Ит жүгіртіп, құс салып,
Қияға бедеу қинаған.
Құмай тазы, қыран құс
Көзінен таса қылмаған (Төлебайдың жамағатының жоқтауы).

...Қанжығалы, Тобықты
Қатар туған Момыннан,
Сары жетім, Шақшақ боп,
Бәсентиын соңынан.
Атығайда қарауыл.
Онан артық қай ауыл?
Жаратылған оңынан
Жетім Момын бір ауыл.
Белгілі бекзат би шыққан
Әрбірінің соңынан (Орманбет).

Жиырма үш жоқтаудағы «Алаш», «сары ала ту», «айбалта», «ноғай», «алты қанат ақ орда», «ақ орда», «ру», «үш жүз», «батыр», «қазақ», «жау», «кәпір», «әруақ», «тақ», «хан», «дүшпан», «ел», «ақ берен», «тақ», «датқа» т. б. этнографиялық қатпары терең этнолексикалық ұғым-түсініктер тарих тереңіне жетелейді. «Бажайлап қарасақ, жоқтау жанры арнасына енетін фольклор – әлеуетті идеология. XVIII-XIX ғасырларда батырлық жырлардың неге мазмұны тереңдей түсті? Өйткені, соғыстан көз ашпай біреуге тәуелді болған ел, бұрынғы азат күні мен айбарлы шағын сағына еске алады. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдары Мағжандар, алпысыншы жылдары М.Мағауиндер неге қобыз сарынын қозғап, жырлады десек, бәрі де ұлт рухын ояту үшін жасалғаны сөзсіз. «Жиырма үш жоқтау» да – қазақ рухына қойылған ескерткіш екені осы сөзіміздің айғағы» [16].

Ұлттық этнография мәйегі, мақал-мәтелдер – бабалардан ұрпақтан-ұрпаққа асыл мұра болып жалғасып келе жатқан құндылық. Адам өмірінің барлық қырын қамтитын мақал-мәтелдің өн бойындағы «ата жұрт», «туған жер», «отбасы», «ана» концептісі ұлт менталитетін, асқақ рухы мен табиғатпен біте қайнасқан жан дүниесіне тереңірек үңілуге жол ашады.

Ұлтарақтай болса да,
Ата қоныс жер қымбат.
Ат төбеліндей болса да,
Туып-өскен ел қымбат.

Осындағы «ұлтарақтай», «ат төбеліндей» деген тіркестер – қазақ халқына тән этнографизмдер болуымен қастерлі. Ата қоныс пен елдің соншалықты қымбат екенін білдіру үшін ауыспалы мағынада қолданылып тұрған тұрақты тіркестердің мән-мағынасы терең. Немесе, осы бағыттағы мына мақалға назар аударайық:

Атамекен туған жер,
Кір-қоңыңды жуған жер.
Кіндігіңді кескен жер,
Кісі болып өскен жер.

Қазақ танымында «Атамекен» – өте терең мағыналық жүк көтеріп тұрған этнотопонимдік метаұғым. Оның мәні мен мағынасы қазақ поэзиясында неше қырынан жырланған. «Концепт дүние құндылықтарын танытады; санадағы ұғымды суреттейді, тіл арқылы объективтенеді; санада концептілік құрылымдар

көмегімен репрезентацияланады; адамның таным дәрежесін арттырады; ұлттың мәдени болмысы мен менталитетін, сонымен қатар әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын береді; тұлғаның танымдық стилін анықтайды» [17].

Белгілі бір халықтың шығу тегін, шежіресін, рулық құрылымын, байырғы қонысын, ата кәсібін, тұрмыс салтын, әдет-ғұрпын, дәстүрін, киім үлгісін, заттай және рухани мәдениетін зерттеудің өзегі этнографияны тарих, археология, география сынды ғылым салаларынан бөліп қарастыра алмаймыз. Ғаламның тілдік бейнесін ажарландыратын этнографияның көркем әдебиет, лингвистикамен сабақтастығы өзекті мәселе. Ол филология ғылымында этномәдени сөздер, этнографиялық лексика арқылы айқындалады. Ә. Қайдаров қазақ тіл білімінде ғылымның бұл саласы бұрын-соңды арнайы сөз болмағанын айта келіп, «Сондықтан да бұл біздер үшін әрі жаңа, әрі тың проблема болып саналады. Ана тілінің ұшан теңіз байлығын, ғасырлар бойы толассыз толығып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, мұра болып келе жатқан асыл қазынасын, мүмкіндігінше, толық меңгеріп, ел игілігіне айналдыруды мақсат ететін ғылым салаларының бірі – осы этнолингвистика болса керек» [18], – деп түйеді

Ұлттың мәдени және рухани құндылықтарын, тарих көшіндегі түрлі шырғалаңға толы даму жолын, өзіндік көркемдік-эстетикалық, этикалық танымын, салт-санасын, әдет-ғұрпын бейнелейтін тіл-әдебиеттің басты құралы. Этномәдени сөздер, этнографиялық лексика – қаламгер шығармашылығындағы ұлттық сипатты айқындайтын басты өлшемдер. Тілдің көркем әдебиеттегі көрінісі, оның қолданылу кеңістігі, болмысы туралы академик З. Ахметов: «Поэзия мен прозада сөз, тіл жаңалығы деген жеке сөздерді қолдану соны жаңалық қана емес, ол ең біріншіден, белгілі бір ойды, сезімді баяндаудағы арнасы кең ақындық ой-сезімді барынша жатық, баршаға түсінікті, қарапайым сөздермен айтып беру поэзиясының таңдаулы туындыларында үнемі кездеседі және асқан шеберліктен туады» [19], – дейді.

Фольклордағы этнографизмдердің тәлімдік, тағылымдық мән-мағынасы уақыт өткен сайын арта түсуде. Ол халықтың тарих санасын серпілтіп, тарихи жадын бекітуде сол арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеуде үлкен рөл атқаруда. Балалар фольклорын зерттеген К. Матыжанов «Балалар фольклорының этнографиялық бастаулары» мақаласында: «Жалпы барша әлем халықтарының өзіндік тарихи ерекшеліктері, мәдени мұрасы мен діні, салт-сана, әдет-ғұрыптары қаншалықты сан алуан болса, олардың дағдылы тәрбиесінен де ерекшеліктерді көбірек кездестіруге болады. Сол себепті де әр халықтың балалар дүниесі педагогика, психология, физиология, этнография, фольклористика, музыкатану сияқты толып жатқан ғылымдар саласының назарын аударатын санқырлы кіші әлемі болып табылады» [20], – деген пікірінің айтары мол.

Қазақ халқында кең тараған «Қуырмаш» атты баланы уату жырын алар болсақ, осынау асыл мұрада қаншалықты этнографиялық мән жатқанын аңғару қиын емес:

Бас бармақ,
Балалы үйрек (сұқ саусақ)
Ортан терек (ортан қол)

Шылдыр шүмек (аты жоқ қол)
Кішкентай бөбек (шынашақ),
Сен тұр – қозыңа бар,
Сен тұр – қойыңа бар,
Сен тұр – жылқыңа бар,
Сен тұр – түйеңе бар,
Сен – қария,
Қазан түбін жалап, үйде жат.

Балалар фольклорында этнографиялық таным бастауының қуаты, күші ұлттық сипатымен баурап алады. Ол баланың этнографиямен сабақтас күнделікті тұрмысын, қоршаған ортасын, өмір құбылысын, тіршілік ағысын, отбасылық байланысын байыптауына жол ашады. «Ұлттық сипат бір қалыптан өзгермейтін, қатып қалған нәрсе емес. Өмірдің ілгері басуына, қоғамның дамуына сәйкес ол да дамиды. Ұлттың тарихи һәм әлеуметтік өмірлеріндегі дамулар нәтижесінде, адамның сана-сезімінің, түсінуінің жаңаруына ықпал ететін соны қатынастар тұмақ. Солардың арқасында адамның затты, құбылысты тануы, түсінуі мен сезінуі бұрынғы қалыптағысынан тереңдей түспек» [21]. Сондықтан көркемдік-эстетикалық танымдағы этнографиялық таным-талғам – халықтың рухани әлемінде үнемі жаңарып, жаңғырып отыратын құндылық. Қазақ әдеби сынының тарихын зерттеген Т. Кәкішұлы сын жанрының көркемдік бастауларын халықтық эстетикамен дәнекерлегенде фольклор үлгілері, лиро эпостағы этнографиялық көріністер мысалында дәлелдей көрсеткен болатын. «Қыз Жібек» жырында бірінен-бірі өткен сұлу да сымбатты он алты қыздың көш бастап келе жатқаны бейнеленеді. Әрқайсысының іс-әрекеті мен түр-келбеті көздің жауын алып, көңілді тасытады. Сөзбен сомдалған осындай тамаша портреттер, көрікті келбеттер, ажарлы әсемдіктер талай ұрпаққа эстетикалық ләззат сыйлап, көркемдік танымын қалыптастырып, сұлулықты қастерлеуге үйретеді» [22]. Бұл жерде жырдағы көштің көркемдік-эстетикалық және поэтикалық қуатын этнографиялық өзек барынша үстеп тұр. Ал көш – көшпелі өмір салтына орай әлеуметтің немесе белгілі бір рулық этникалық топтың жыл мезгілі, шаруашылық жағдайымен сабақтас жолға шығуы немесе қоныс аудару үрдісі екені мәлім. Қазақ этнографиясында «ауыл көші», «қыз көші», «келіншек көші», «үркін көш», «салқар көш» ұғымдары бұрыннан орныққаны бар. Ал «қаралы көш», «ұлы көш», «соңғы көш» қазіргі қазақ қаламгерлері туындыларының атауына арқау болып жүр. Бұған Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш», Т. Рыскелдиевтің «Ұлы көш», Ж. Шәкенұлының «Қаралы көш» романдарын мысалға келтіруге болады.

Көне дәуір әдебиетін зерттеуші ғалымдар Б. Кенжебаев, М. Жолдасбеков, М. Мағауин, А. Қыраубаева, Н. Келімбетов, А. Егеубаев еңбектерінің өзегі – халқымыздың түркілік тамырындағы мәдени және рухани құндылықтарының бастауларын айқындау, көркемдік дәстүр ұласуының тарихи сабақтастығын тұжырымдау болды. Қазақ әдебиетінің түп негізі қадым ғасырлар – түрік қағанаттары дәуірінде жатыр. Ол уақытта өз дәуіріне сай таңдай қақтырарлық дамыған мәдениеті болған, сөз өнерін ерекше қастерлеген, өзінің төл жазуы бар

ата-бабаларымыз VII-XVIII ғасырлардың өзінде-ақ ұрпақ жадында мәңгі сақталар құнды мұраларды өмірге әкелді. Ғылымда «Орхон-Енисей жазуларындағы» түрік тайпаларының байырғы қоныс-мекендерінен табылған бұл ескерткіштер – қазір адамзат мәдениетінің даму тарихындағы ең құнды жәдігерліктердің бірі. «Орхон-Енисей жазулары» әдебиетіміздің басы болса, одан соңғы дәуірлерде «Оғызнама» (IX), «Қиссас-үл-әнбия» (XI), «Мұхаббатнама» (XIII), «Кодекс куманикс» (XIII) тәрізді жазба әдеби мұралар дүниеге келді. Осы жолда Қожа Ахмет Ясауи (XII), Сүлеймен Бақырғани (XII), «Сейф Сараи (XIV) сияқты көрнекті ойшылдар еңбек етті» [23].

Тұтас түркі жұртының бір бұтағы, қазақ этносы елдік танымының генезисі ерте түркі дәуірінен бастау алатыны – дәлелденген ғылыми тұжырым. «Күлтегін» жырындағы (Үлкен жазу): «Төбемізде Көк тәңірі мен төменде қара жер пайда болғанда екеуінің арасында түркі баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-тегім, Бумын қаған, Істемі қаған отырған. Сол уақытта олар түркі халқының ел-жұртының іргесін бекітіп, иелік еткен» [24], – деген рухты жыр жолдары түркі дәуіріндегі бабалардың ерлігі мен елдігінен, ділі мен дінінен яғни, тұтас ментальдық болмысынан мол дерек беріп тұр. «Орхон жазбаларын кейбір зерттеушілер тарихи деректер жиынтығы деп атаса, енді біразы тарихи ерлік жыры деп қарастырады. Қалай десек те, сонау ерте заманда қалыптасқан ескерткіштердің халқымыздың тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен, ой-санасы және әдет-ғұрпынан құнды деректер беретін бағалы рухани мұрамыз болатыны даусыз» [25].

Түркі дәуірінің рухани құндылықтарына бойлауда сол кезеңдегі әдеби жәдігерлердің алар орны ерекше. Олар түркілердің рухани мәдениетін, өркениет биігіндегі этнографиялық деңгейін танытады. Ә. Марғұлан Махмұд Қашғаридің «Түркі тілдерінің сөздігінде» қазақ даласының ескі замандағы жер бедерін, ол кездегі көшпелі тұрмысты суреттеп, көзге елестететін бірталай мағлұматтар бар екенін айтады. Ғұлама ғалым осы еңбегімен түркі халықтарының лингвистика, әдебиеттану, тарих, деректану, мәдениеттану, этнография, фольклористика сияқты ғылым бағыттарының негізін жасады [26].

«Құтты білік» дастанындағы:

Кіреңде шығар жерді байқап ал,

Қор боларсың, шыға алмасаң қайтадан.

Жұрт ішінде аузыңды бақ, лепірме,

Кісі үйінде көз қадірін кетірме.

Дос, туғаннан лебіңді аяма,

Кіші, үлкенді жылы жүзбен аяла.

Тұз-дәмінді бөліс, жаса қайырым,

Кешіре сал, көрсең кісі айыбын,- деген жыр жолдарын зерттеуші ғалым А. Егеубаев өзінің «Жүсіп Баласағұн» роман-эссесінің көркемдік-эстетикалық мұратына сай орынды пайдаланған. Жүсіп Баласағұнның сонау он екінші ғасырда әдептілік пен әділеттілікке арнаған дидактикалық еңбегінің негізінде XX ғасырда роман-эссе жазуы өміршең дәстүр жалғастығын көрсетеді. Жазушы

романның көркемдік қуатын арттыруда байырғы дәуірдегі этнографиялық танымды шеберлікпен ұштастыра білген [27].

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны - қазіргі түркі тілдес халықтардың орта ғасырдағы тарихи, қоғамдық, саяси өмірі, ғылымы, әдебиеті мен мәдени дәрежесі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі т.б. жөнінде мол деректер беретін көркем туынды [28].

«Ежелгі әдеби жәдігерліктер» ғылыми еңбекте: «Кодекс Куманикус» әдебиеттану ғылымы тұрғысынан әлі арнайы зерттелген емес. Біз әңгіме етіп отырған сөздікте қазіргі қазақ халқының әдеби тілінде жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері көп ұшырасады. Кітаптың алғашқы бетінен, яғни, «А» әрпінен басталатын сөздерден бірнеше мысал келтірейік. Мысалы: «ат», «ата», «ұлы ата», «азамат», «айна», «ай басы», «айыл», «ақ», «ақ қой», т.б.» [29] – деп жазады.

Ежелгі дәуір әдебиетіндегі этнографизм ерекше құбылыс болуымен зерттеушілер назарын үнемі аударып келеді. Оларда этностың дүниетанымы, өмір сүру салты айқын аңғарылып отырады. Қазіргі кезеңдегі көркем әдебиетте сол өміршең дәстүр жалғасын тауып, суреткерлер тұтас қарымды шығармашылық ізденістерінде этнографизмді шеберлікпен қолданып келеді. Көркем әдебиеттегі этнографизмді арнайы зерттеген орыс ғалымы А.Л. Фокеевтің «Этнографиялық тенденция әдебиетте тұрақты орын алып, этнографиялық сипаттағы жаңа жанрлық-құрылымдық және стилистикалық қалыптасуына жол ашып отырады. Атап айтқанда, фольклор болмысының бөлшегі тұрғысындағы әдеби-фольклорлық синтез, фольклор стилистикасы, образдар, сарын, әдебиеттегі сюжетті интерпретациялау қаламгерлер тарапынан шеберлік қарымына орай қолданылады. Осы атап көрсетілген көркемдік нақыштар әдеби даму болмысына, жекелеген шығарма поэтикасына қатысты десек, мұның бәрі этнографиялық бағыт туралы айтуға мүмкіндік береді» [30], – деген пікірінің айтары мол. Демек, этнографиялық үрдіс өзіне тән ерекшелігімен әдебиетте тұрақты түрде көрініс тауып, этнографиялық бағыттағы жаңа шығармашылық ізденістерді еселеп отырады.

Этнографизмнің діни-танымдық бағыттағы көрінісі сопылардың сұлтаны Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикметінде (Даналық кітабы)» мол ұшырасады [31].

Ұлттық этнографиялық құндылықтардың сан салалы қайнар бастауларын бағамдағанымызда, жыраулар поэзиясының көркемдік-эстетикалық қуатын ерекше атаймыз. М. Мағауин атап көрсеткендей: «Жыраулар поэзиясы – төл әдебиетіміздің тарихында айрықша орын алады. Өйткені XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы – әлемдік дәрежедегі құбылыс деп таныр едім.

«Қазтуған поэзиясы - табиғат аясындағы көңілі таза сәби көшпендінің поэзиясы» болса, «Ақтамберді жырлары көшпенді қазақтардың ой-арманынан, мақсат, мүддесінен елес береді, сахара тұрғындарының өмір, тұрмыс жайлы түсінігін бейнелейді. Жыраудың кейбір толғауларынан халқымыздың мінез-құлық ерекшеліктері, болмысқа өзіндік көзқарасы айқын аңғарылады» [32]. Сондықтан да жыраулар поэзиясы этникалық, эстетикалық және этнографиялық

таным, сана, зерде тоғысқан көркемдік құбылыс бола отырып, ұлттанудың қайнары болып қалады.

Қазақтың жыраулық поэзиясында тарихи-этнографиялық сипат айқын көрініс тауып жатады. Мәселен, Асан Қайғының толғауындағы мына жолдар қазақ жерінің мазмұнын ашқан:

Еділ менен Жайықтың,
Бірін жазға жайласаң,
Бірін қысқа қыстасаң,
Ал қолыңды маларсың,
Алтын менен күміске!.. [33].

...Жемде кеңес қылмадың,
Жемнен де елді көшірдің.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылда кеңес қылмадың,
Ойылдан елді көшірдің...

Осындағы «Еділ», «Жайық», «Жем», «Ойыл» этнотопонимі бүгінгі күні сол атаумен аталады. Бұл қазақ халқының жер-суға қойған аттарының ғасырлар бедерінде өзгеріссіз қалып, отаршылдық жылдары жер-су атауларын бұрмалаған бассыздықтарға төтеп беруі – тарихи санамен сабақтас этнографиялық қуаттың сарқылмас қайнарының айқын көрінісі.

Аласапыран заманда Еділдің бойын ен жайлаған елдің алаң көңілі атақты жырауларды қатты толқытқан. Олай болатын себебі: жер - елдіктің белгісі, рухтың өлшемі. Қазтуған жыраудың

Қайран да менің Еділім,
Мен салмадым, сен салдың,
Қайырлы болсын сіздерге,

Менен қалған мынау Еділ жұрт!...[33, б. 29], – деп толғауы жер киесімен ұштасатын ұлттық құндылықтарды сақтап қалудағы жан сыры іспеттес.

Жалпы, Еділ мен Жайық жыраулық поэзияда көп көрініс тауып, өткен тарихтан сыр шертеді. Отызға толмай дүниеден озған Доспанбет жырау толғауында да Еділ мен Жайық аталады:

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда...
Еділдің бойын ен жайлап,
Шалғынына бие біз байлап,
Орындықтай қара сабадан
Бозбаламен күліп, ойнап,
Қымыз ішер күн қайда? [33, б. 34].

Осы сияқты Шалкиіз жыраудың толғауында да Еділ өзені аталып өтеді. Соған назар аударайық:

Алма мойын сам үйрек,
Ана Еділден көксіген.
Көлді тастап қырға ұшса,
О-дағы бір тарланға жолығар.

Міне, осы мысалдардан байқайтынымыз қазақ этносының сол ғасырда өмір сүрген ата-бабалар жері, мәңгілік рухани құндылығы, ел мен жер қорғаудағы өршіл рухы этнографиямен тамырлас рәміздік сипат алады [34].

«Жылқыдан асқан мал бар ма, Қымыздан асқан дәм бар ма?!» деп көшпелілер әлемінің даралық қасиетін толғаған Ақтамберді жыраудың арман-аңсары ұлттық этнографиялық құндылықтарымызды танудағы көркемдік танымдымызды арттыра түседі. Қазақтың хандық дәуірі әдебиетінде ерекше шабытпен жырланған жылқы культі қазіргі таңдағы ұлттанудың, елтанудың күретамырын құрап отыруы да тегін емес. «Хандар, сұлтаннар, байлығы тасыған байлар ерлерінің алдыңғы қасына асыл тастардан ботакөздер орнатқан. «Еңсегей бойлы ер Есім» жырында Есім ханның ер-тұрманы гауһар таспен безендірілгені сөз болады.

Тоқымға желдік мінеді,
Еріне гауһар орнатқан.
Жабдықталған алтынмен,
Тіллә, дабыл төңкеріп,
Жаңалап ат мінгін деп,
Армансыз болып жүрсін, – деп [35].

Жалпы, этнолингвистикамен тамырлас этнология отандық ғылымда өз өрісін кеңейтуде. Этнологияның этносоциология, этнопсихология, этнолингвистика, этнодемография, т.б. көптеген салалары қалыптаса бастады.

Соның ішінде этнографияның сөз өнерінде көрініс табуын жан-жақты зерттеп, оны әдебиеттану ғылымында «көркем шығармадағы этнографизм» деп атап, барлық қырынан қарастыру бүгінгі таңда аса өзекті тақырып болып отыр. Homo sapiens-тің (саналы адам) дамуы көркемдік танымның өрістеуімен, мәдени және рухани құндылықтардың жаңа сапалық мазмұнда жаңғыруымен өлшенеді. Өзінің тарихи бастауларын сонау ерте дәуірдегі түркі әдеби жәдігерлерінен алатын қазақ сөз өнеріндегі адамның табиғат пен қоғамға, болмыс пен қоршаған ортаға, уақыт пен кеңістікке, әлем мен ғаламға деген қарым-қатынасын жаңаша танымда зерделеуде қазақ халқының әдеби мұрасы өлшеусіз материал болады. Оған отаршылдық дәуірдегі «зар заман» ақындарының шығармашылығы айқын дәлел бола алады.

Қазақ әдебиетіндегі ұлттық этнографияның көрінісі ХІХ ғасырдағы әдебиетте жаңа тұрпатта бейнеленді. «Зар заман» ақындары: Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Кердері Әубәкір поэзиясында ұлттық этнография отаршылдық ойрандағы ұлттық болмысты сақтап қалудың бірден-бір күретамыры деп қарастырылды.

Шортанбай ақынның жыр-толғауларынан: «... Ұлың киді дүрия, ұстараның жүзіндей. Қызың киді биқасап, тергеп кимей байқастап...» [36], – деп заман ағымына тосырқай қарағандығы байқалады. Ол ежелден сақталған ұлттық құндылықтардың өзгеріске түсуін қабылдай алмай, сын көзімен қарады.

Мұрат ақын да, өзінің поэзиясында кейінгі ұрпақтың ата-баба дәстүрінен алшақтап бара жатқандығын ұлттық ділге, ұлттық қасиетке төнген қауіптен

сақтандырды [37]. «Зар заман толғауларында азаттықты аңсаған қазақтың биік рухы сақталды» [38].

Қазақ сөз өнері көркемдік дамудағы дәстүр жалғастығы сал, серілер поэзиясымен жаңа поэтикалық өреге шықты. «Бұл үзілмес алтын арқауды ғылыми дәйектеуіміз керек. Әдеби, тілдік, поэтикалық тұрғыдан өзінің ерекшелік заңдылықтары негізінде тереңдете, бойлай зертеуіміз керек», – деп жазады Б. Кәрібаева. Біржан салдың «Телқоңыр», «Сұржорға», «Бурылтай», «Ақсеркеш» өлеңдерінде өнер, аттың сыны, саятшылық сынды ұлтымыздың асыл қасиеттері асқан шеберлікпен суреттеледі. «Бурылтай», «Ақтентек», «Асыл-Ақық», «Керкекіл», «Ақ серкеш», «Мәті-Дәулен», «Алтын балдақ», «Телқоңыр», «Аққошқар», «Көкек» т.б. әндерінде халқымыздың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы көрініс табады. Шамшәдин Керімов атап көрсеткендей, сал-серілік дәстүрдің этнографиялық қырлары мол [39].

Сал-серілік дәстүрді барша нақышына келтіре ұстанған Ақан серінің өмірі де ұлттық болмыстың негізі бола алады. Ұлттық болмыстағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып Ақанның ақындық шабытын еселеп отырды. Ақынның «Құлагер», «Маңмаңгер», «Көкжендет», «Екі торы ат», «Алайкөк», «Тер қатқан» әндері аңшылық, саятшылық өнерді әспеттеп, жылқы малының сұлу бітімін жеткізе жырлауымен сөз өнерін түрлендірді. Қазақ ұлтының аңшылық, саятшылық, құсбегілік өнерін, жылқы малын танудағы этнографиялық құндылықтарына қанықтырады. «Құлагер» өлеңіндегі «дәйекше» [40], «Көкжендет» өлеңіндегі «қыран шәулі» [40,б.10] «Аужар-ай» әніндегі «аужар» сөздерінің этнолингвистикалық қатпары, халқымыздың ат баптау, құс салу, қыз ұзату тойына қатысты этномәдени сөздер, ұлттық этнографиялық рәсімдерден туындайтын ерекшеліктерді танытады.

Ақан сері жырлаған жеті қазынамыздың бірі «тұлпарлар бейнесі» қазақ өнерінің қай түрінде болмасын үлкен шабытпен сомдалды. Қазақтың аңыз, ертегілері, батырлар жырындағы тұлпарлар бейнесі – қазақ этнографиясын танудың алтын арқауы. «Алтын сақа», «Тепеңкөк», «Бозінген» ертегілеріндегі пырақтар, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбурыл, «Алпамыс батыр» жырындағы Байшұбар, «Қамбар батыр» жырындағы Қарақасқа сынды тұлпарлар – ат жалын тартып мінген қазақ болмысын ерекшелейтін қасиеттер.

«Күлтегін» жырында: «Күлтегін азбан ағын/ақ атын/мініп жаумен опыра шайқасты. Алты ерін шаншыды. Түргеш қаған қолы Болчуда отша, боранша келді. Соғыстың Күлтегін басы боз /ақбас/ ат мініп шабуылдады» [41], – деп жазылған.

«...Шежірелердің де, шешендік сөздердің де қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасып, дамуына тигізген әсері айтарлықтай» [42], – дейді С. Асылбекұлы «Қазақ повесі» зерттеуінде. Ол қазақ повесінің генезисін, шығу тәркінін фольклорлық туындылар – миф, аңыз, ертегі, шежіре, қиссалары мен дастандар, лиро-эпостық жырларда жатқанын дәлелдейді.

Шындығында, қазақ билерінің шешендік өнері этнографиялық құндылықтардың қайнары болуымен құнды. Қазақ жерін сыртқы

жаулаушылардан қорғау, елдік қасиет, ұлттық бірлік, ұлттық салт-дәстүр, ата жолын ұстану – қазақ би-шешендері мұрасының тақырып өзегі болып келді.

Қорыта келгенде, қазақ әдебиетіндегі ұлттық-этнографияның көрінісі дәстүр ұласуының тарихи сабақтастығымен кең өріс тауып отырды. Ұлттық этнографиялық құндылықтардың қайнар бастаулары көне түркі дәуіріндегі әдеби жәдігерлерде, Қашғари, Баласағұни, Яссауи мұрасында, фольклорлық үлгілерде, жыраулар поэзиясында, ХІХ ғасыр әдебиетінде этнографизмдер түрлі көркемдік-эстетикалық арнада көрініс тапты. Ол аталған рухани құндылықтардың этнографиялық лексикасының терең қатпарын сол дәуірдің этнографиялық-мәдени көрінісін көркемдік танымда жаңғыртып отырды. Байырғы түркілер, көшпелі бабаларымыздың рухани құндылықтарына тән рухани әлем көркемдік даму үрдісінде өзінің тарихи сабақтастық арнасынан қол үзіп кеткен жоқ. Демек, этнографиялық үрдіс өзіне тән ерекшелігімен әдебиетте тұрақты түрде көрініс тауып, этнографиялық бағыттағы жаңа шығармашылық ізденістерді еселеп отырады. Кейінгі әдеби дамуға өрісті ықпал етіп, көркемдік-эстетикалық жүйесін, кейіпкерлер табиғатын сомдауда үнемі поэтикалық қуат дарытып отырады. Егер де Еуропалық классикалық әдебиеттің көркемдік өлшемімен алғанда, этнографизм экзотикалық әсер, романтикалық пафос тудыру, жатжұрттық кейіпкерлер табиғатын даралаудың көркемдік тәсілі болса, отарланған елдердің сөз өнеріндегі этнографизм ұлттық құндылықтарды, ұлттық бірегейлікті, ұлттық қасиеттерді сақтап қалудың рухани мәйегі болуымен өміршең. Қазақ әдебиетінің кешегі, бүгінгі және ертеңгі дамуының басты күретаымыры – рухани құндылықтар десек, этнографиялық өлшем шығармалардың көркемдік-эстетикалық қуатын үстеудегі қуатынан ажырамақ емес. Қазақ сөз өнерінің ұлттық ерекшелігін танытатын осынау көркемдік өлшем дәстүр сабақтастығымен жаңарып, жаңғыра береді.

1.2 Қазақ прозасындағы ұлттық этнологияның көрінісі

Жаңа сапалық өзгерістер үстіндегі қазіргі қазақ прозасы тарихи даму жолының күрделі белестерін өткеруде. Бүгінгі әдебиеттану ғылымында заманауи қазақ сөз өнерінің көркемдік даму үрдісінің басым тенденциялары, жанр және көркемдік әдіс, әдеби ағымдар типологиясы жан-жақты зерттелуде. Он томдық қазақ әдебиеті тарихының оныншы томында тәуелсіздіктен кейінгі он жыл бедеріндегі әдебиеттің жай-күйі қарастырылды. «Қазақ романы: өткені мен бүгіні» [43], «ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011)» [44], «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» [45] атты ұжымдық монографиялар жазылды. «Қазақ прозасындағы ұлттық идея және кейіпкер болмысы» [46], «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991-2016)» [47] тақырыптарында диссертациялық жұмыстар қорғалды. Оларда прозадағы елдік мәселелер мен ұлттық құндылықтардың көрініс табуы, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ прозасындағы дүниетанымдық парадигма, ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар арақатынасы талданған. Бұл ретте ұлттық прозадағы этнографиялық құндылықтар, ұлттық этнографияның көркемдік қызметін зерттеу мәселесі назардан тыс қалмауы керек. Осы орайда

«Егемендіктің жариялануы бұрынғы саяси идеологияның салдарынан бұрмаланған ұлт тарихын қайта зерделеуге, тарихтағы және жалпы руханияттағы (дін, тіл, мәдениет, әдебиет) ақтаңдақтардың орнын толтыруға мүмкіндік берді» [48].

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары А. Құнанбайұлы, Ы. Алтынсарин шығармашылық ізденістерінде дәстүрлі фольклорлық және этнографиялық үлгілерді арқау етті. Ақын Абайдың жыл мезгілдері, саятшылыққа арналған лирикасы, этнограф Ыбырайдың «Қырғыз хрестоматиясындағы» әңгімелері ұлттық дүниетаным, ұлттық болмыс табиғатынан туындады. Зерттеушілер Абай туындыларының этнографиялық лексикасы халқымыздың он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы заттай және рухани мәдениеті көшпелі тұрмыс салтындағы кейіп-кескінінің көркем көрінісі деп бағалайды [49]. Абайдың этнографиялық тақырыпқа мақсатты түрде барғанына «Қансонарда бүркітші шығар аңға», «Ескілік киімі» (Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен) өлеңдері нақты дәлел. «Ескілік киімі» (Ойланып ойға кеттім жүз жылғы өткен) өлеңіне үңілсек, сол кездегі қазақ тұрмысы, киім-кешегі бүгінгі ұрпаққа экзотика болып көрінгенімен, ата-бабаларымыз тұтынған сән-салтанаты жарасқан тұрмыстық бұйымдар, киген киімдері эстетикалық танымталғандарының биік болғанын танытады. Этнографиялық суреттеме өлеңінде шидем, шекпен, жейде, дамбал, саң, жарғақ шалбар, жарғақ жастық, көпшік, мықшима, байпақ, кісе, дән дәу, күләпара, пұшпақ тымақ, құрысқақ, үзеңгі, пыстан тәрізді қазірде қолданудан шыға бастаған бір топ киім-кешек, мата, әшекей, құрал-жабдық, ат әбзел атауларын береді [50].

Қазақ эпостарының тарихы терең қатпарларын зерделеген Ш. Уәлиханов өзінің филологиялық пайымдауларында осынау асыл мұрадағы эпикалық образдар Еуропа жазба әдебиетіндегі бейнелеулерден ешбір кем соқпайтынын бағалап, этнографиялық сипаттағы маңызын назарда ұстайды [51].

Қазақ прозасы жиырмамыншы ғасырдың басында жанрлық жаңғыру үрдістеріне ойысты. Оған ояну дәуірінің рухы, әдеби ықпалдастық заңдылықтары әсер етті. Жаңа әлеуметтік орта, әдеби сана қажеттілігінен барып дүниеге келген қоғамдық санадағы мәнді өзгерістер де өзінің оң нәтижесін берді [52].

Көркем сананың әдеби мәтіндегі этнографиялық көрінісі XX ғасырдың басындағы қазақ қаламгерлері туындыларынан айқын аңғарылды.

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ш. Құдайбердіұлының «Әділ мен Мария» романдарында құдалық сипатындағы ұлттық салт-дәстүрдің этнографиялық мәнінен гөрі әлеуметтік жүгіне екпін жасалса, Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығында» қазақ тұрмысының этнографиялық сипаты натурализммен ұштастырылды. Қаламгер дүниетанымындағы замана келбеті, дәстүр сипаты, деректер мәні, сюжет барысы, образдар әлемі сияқты көрсеткіштердің танымдық маңызы сан алуан болғанымен, олардың арасындағы түрлі байланыстардың танымдық қызметі ортақ болып келеді [53].

Белгілі жазушы М. Дулатов романында «ерулік», «әменгерлік», «кұдалық», «айттыру», «ұрын бару» т.б. қазақ ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрпына қатысты этнографиялық деректер молынан кездеседі [54].

М. Дулатов тамыры терең қазақ құдалығының ұлтты ұйыстырудағы қызметі отаршылдық салдарынан өзгеше сипат алуының саяси-әлеуметтік астарын қаурайды. Қарға тамырлы қазақтың ата салты құдалық дәстүрінің бодандыққа түскен замандағы құбылуын суреттейді.

Қазақ көркем әдебиетіне ұлттық психологизмді әкелген жазушы Ж. Аймауытовтың әңгімелерінен бастап, «Ақбілек» романы, «Күнікейдің жазығы» повесіне дейінгі аралықтағы шығармашылық ізденістерінде этнопсихологизмнің рөлі ерекше болды [55].

Жазушы «Ақбілек» романының бастауында басты кейіпкер бейнесін ашуда этнографиялық танымды, рәсімдік салттарды, ғұрыптық әдеттерді шебер қолданған. «Көз тартуды» қазақ танымы жақсылық пен жамандықтан хабар берер түсінік-ырым ретінде қабылдайтын болса, ол бүгіндері де ұлттық сипаттағы мәнін жоймағаны белгілі.

Жүсіпбек прозасының көркемдік танымдағы этнографиялық астарын Қазан төңкерісінен кейінгі саяси-әлеуметтік мәселелермен сабақтастықта қарастырған этнограф Ж. Артықбаев: «Ақбілек» романының рухы «Күнікейдің жазығынан» бөлек. «Ақбілекте» патшалық Ресейдің отары болған, одан азамат соғысының қырғыны мен қорлығынан өткен қазақтың қайта жетіліп, жоғын түгендеп, жаңа заманға бейімделіп келе жатқан бейнесін көреміз. Мамырбай отағасының сұлу қызы, ауыл-елдің еркесі, елдің көрнекті жігіті, байдың баласы Бекболаттың атастырған жары, одан «ақ қашып, қызыл қуғанда» қазақтың өз ішіндегі алауыздығынан орыстың қолына түсіп қор болған, оған сынбай оқуға ұмтылған, ақыр соңында білікті бір азаматтың жары болып, өз түтінін түтеткен, өзге қараңғы ауылдастарын өрге тартқан Ақбілек – ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының шартты образы» [56], – деп туынды астарына этнографиялық таным тұрғысынан үніледі.

«Күнікейдің жазығы» повесінің этнографиялық өзегін қазақ аулының тұрмыс-салты, көш рәсімі, қыз-бозбала, жігіт-желеңнің сауық кештері құрайды. Алтыбақан, ақсүйек т.б. ұлттық ойындар ұлттық нақыштағы тіл құдіретімен өрнектеліп, этнографиялық бояумен көмкеріледі. Қаламгер той, құда қарсы алу, күрес, көкпар, бәйге, ат жарыс, орамал тастамақ, жерден күміс алу өзге де қазақ болмысының кенен байлығынан суарылған этнографиялық баяндауларға баса назар аударады. Оларды шығарманың сюжеттік желісіне, композициялық өріміне орай ұтымды пайдаланып отырады. «Ауыл әйелдері жаңа түскен қалыңдықты қаумалай ортаға алып: «Шымылдық құрар», «қол ұстатар», «шаш сипар», «төсек салар», «етік шешер», «ірге тебер», «көрпе қимылдатар» кәделерін «жол менікі, сенің жолың өткенде біткен» десіп, керкілдесіп, керісіп, таласа-тармаса бір жапырақтан жырымдап алысуға, артын ала жаздай өсекке, пыш-пышқа, араздыққа айналдыру үшін байдың үйіне қарай ентелескені» сипатындағы этнографиялық суреттеулер мол ұшырасады.

Ж. Артықбаев жазушы жасынан ұлттық құндылықтарды санасына тоқып, сан ғасырлық сөз өнеріне қанығуымен тарихи таным жолдарын игергенін айта келіп: «Күнікейдің жазығы» – тексіздік билеген заманда, большевиктердің диірменіне түскен, ел жақсысынан айрылған, кешегі ерке-тотай заманы бітіп топас жүйенің қорлығында қалған қазақ халқының тағдыры» [56] деген тарихи аспектідегі қорытынды жасайды. Этнос әлемінің рухани құлдырауға бет алуы қазақ қоғамын ұлттық құндылықтарынан ажыратып, ұлттық бірегейлігіне қауіп төндіріп отырған коммунистік биліктің зорлық-зомбылығынан туындап жатқан болатын.

XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әдебиет өкілдерінің прозалық шығармаларында этно-фольклорлық ерекшеліктер кеңінен қолданылып отырды. Қазақы салт-дәстүр, наным-сенімдермен қатар исламдық негіздегі шарифат заңымен белгіленген тыйым ғұрыптар М. Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі» әңгімесінде көрініс тапты. Б. Майлиннің «Талақ» әңгімесінен де қазақ тұрмысы, ұлттық мінезінің жиынтық сипаттарына тән сарынды ұшыратамыз.

Мағжан әңгімесінде адам жанының терең иірімін психологиялық тереңдікпен бейнелеп, сана түкпіріндегі жұмбақ әлем құпиясын ұлттық этнология, мораль-этика мәселелерімен тамырластырады. «Күн сайын таң сібірлеп келе жатқанда-ақ тұрып, сәждеге құлады, таспиғын санап, «сұбханалла» айтты», «Дүниеден безді. Пірәдар болды, әулиеге ат айтты, қорасанға қой айтты: «Жасаған-ау, бала бере гөр!» – деді»,- деп, діни наным-сенімнің маңызына екпін жасайды. Жазушы ұлттық этнологияның тектілікпен тамырлас тылсымын ашып, өмірге келер баланың текті атадан өсіп-өнуіне үлкен мән береді.

М. Әуезов туындылары қазақ халқының ұлттық құндылықтарын реалистік сипатта суреттеуімен ерекшеленіп тұрады. Сахара өмірінің аңшылық және саятшылық дәстүріне қанығып өскен қаламгердің этнографиялық терең қатпарлы анималистік прозамен қабысатын «Бүркіт аңшылығының суреттері» атты әңгімесіндегі бүркіт аңшылығы асқан шеберлікпен суреттеледі [57].

«Бүркітші» әңгімесі очерк стилінде жазылып, сол кездегі идеологиялық талапқа бейімделгенімен, қыран құсты аңға салу сәтінде тосыннан түлеп шыға келуі барша табиғи қалпымен бейнеленеді. Томағасы сыпырылып, дүр-дүр сілкінген қыран құс Қызылбалақпен қатар саясат қысымындағы жазушының тынысы ашылып сала береді. Дала, құс стихиясынан шабыт алған жазушы ұлттық этнография ерекшеліктерін суреттеуде қамшы салдырмайды.

Жазушының қандай да болмасын көркем туындыларын алсақ, ұлттық бояуы қанық көркемдігімен оқырманын баурап алады. «Қорғансыздың күні», «Көксерек», «Қараш-қараш оқиғасы», «Қилы заман» шығармаларында ұлтымыздың этнографиялық ерекшеліктері реалистік сипатта бейнеленеді. «Қорғансыздың күніндегі» найзаға сүйеніп тұрып жан тапсырған батырлықтың символы Күшікбай бейнесі немесе «Жетімдегі» қорлық пен зорлыққа қарсы тұрған Қасым рухы қыр перзенттерінің өзгеше бітімдегі тұлғалық қасиеттерін айшықтайды. Жазушы қазақтың өткен дәуірдегі этнологиялық қасиетінің бүгіндері ұсақталып, рухани құлдырауға түсуіне ой салады. Тарихи санадағы,

тарихи танымдағы архетиппен тамырлас тектілік, ерлік, өрлік, қайсарлықты аңсап, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуды діттейді.

М. Әуезовтің сахара тыныс-тіршілігін, жыртқыш аңдар табиғатын суреттеуде «Көксерек» – оқшау тұратын шыншыл реалистік әдебиет тудырған мотивтерді шеберлік палитрасындағы сан алуан бояуларын өз мұратына орай шеберлікпен жаңғырту арқылы жазылған тынысы кең классикалық туынды [58]. Суреткер анималистік проза бағытын аңшылық тұрпатындағы этнографиялық қатпарымен байланыста құбылтуда дала тыныс-тіршілігін, жыртқыш аңдар әлемінің көркем көрінісін әдемі үйлесімде алады.

М. Әуезов өзінің қай шығармасында болмасын тарих көшіндегі ұлттық бірегейлік, халықтық қасиеттерді айғақтайтын тарих жылнамасынан, этнографиялық рухани құндылықтардың эстетикалық қуатынан қол үзген емес. Суреткер халқымыздың мәдени-шаруашылық, тұрмыстық-салттық ерекшеліктері, салт-сана және әдет-ғұрпымен сабақтас рухани әлемін классикалық әдебиет үлгісінде сомдауда кесек туындылар қалдырды. Қазақ халқының рухани әлемін, этнографиялық құндылықтарын әлемге әйгілеген «Абай жолы» роман-эпопеясын жазды.

Атақты эпопеяның көркемдік-эстетикалық жүйесін этнографиялық құндылықтар аспектісінде қарастырған Х. Арғынбаев дәуірлік туындыны қазақ өмірінің этнографиялық энциклопедиясы деп бағалайды. «Өйткені онда тікелей Абай өміріне байланысты, қала берді, 19 ғасырдың ортасынан 20 ғасырдың басына дейінгі жарты ғасырлық қазақ елінің болмысы түгелдей дерлік суреттеледі. Негізінен қазақтың әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірі, заттық және рухани мәдениеті, діни наным-сенімдері мен әрқилы әдет-ғұрыптары, салт-санасы жан-жақты қамтылған» [59].

Қазақ қоғамының көшпелі мәдениетіне тән этнографиялық белгілерінен бастап тұрмыс-салты, адамгершілік-моральдық ұстанымдарын ауқымды қамтыған эпопеяның XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірінің энциклопедиясы деп бағалануы заңдылық. Суреткер тек өткен дәуірлерге ғана тиесілі деп қабылданатын түрлі ырым-жырым, діни сенім-наным, аңыз-ертегілерге қатысты этнографиялық сөз қолданыстарын жаңғыртты. Абай дәуіріндегі ұлы даланың тыныс-тіршілігіне, ұлт тарихына, көшпелі тұрмыстың мәдениетіне, рухани және материалдық құндылықтарына бойлататын классикалық шығарманың жазылуы да, жариялануы да оңай болмады. 1930 жылдары «ұлтшыл» деп қудаланған суреткер 1940-50 жылдардағы кезекті саяси айыптаулардан шет қалмады.

Жазушы «Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая» мақаласында шығармашылық зертханасы, әдеби шығармашылық ізденісінен мол дерек береді. Ел арасынан ұлттық құндылықтардың тарихи, рухани тамырын айқындайтын этнографиялық дерек жинайтын тарихшы, этнограф, мәдениеттанушы мамандардай Абай ғұмырбаянын, өмір сүрген дәурін жақсы білетін тұлғалардан, ақынның көзін көрген жандардан құнды естеліктер, деректер жазып алады. 1924 жылы өмірден өткен Абайдың әйелі Ділдәмен және 1918 жылы бақилық болған Әйгеріммен әңгімелеседі.

Романдағы басты кейіпкерлер, ата-тек, ру шежіреге қатысты дереккөздері тарихи құжаттарға негізделгенін, жер-су атауларына дейін еш бұрмаланбай суреттелгенін айтады. Қоғамдық дамудың қайшылықтарына тарихи даму үрдісінің заңдылықтарымен үңілуге күш салғанын байыптайды. Туындының тарих ұстыны, этнографиялық негіздері ақиқат өмірден алынғанын түйеді. «Требовалось сопоставлять порой противоречивые факты и каждый раз исследовать их самому чуть ли не по всем правилам юридических и исторических наук» [60] – деп тарихи шындық пен көркемдік шындық арақатынасын дәнекерлеуде түрлі ғылым салаларын соның ішінде құқық, тарих ғылымының маңызды дереккөздеріне жүгінгенін жасырмайды. Бұл жерде тарих ғылымының аясын кең десек, оның ішінде этнография саласының жатқаны анық. Өйткені роман-эпопеяда құда түсу, қыз айттыру, ұрын бару, қыз ұзату, келін түсіру, ас беру рәсімдеріне тән ғұрыптық салт түрлері шынайы шеберлікпен суреттеледі. Қазақ қоғамының өзіндік ерекшелігінен туындайтын жер дауы, жесір дауы, барымта, ру аралық тартыс еш қоспасыз, әсерлеусіз табиғи қалпында көрініс тауып жатады. Бір ғана Бөжей асының суреттелуінде ұланғайыр этнографиялық айшық, ұлттық ғұрыптың мәлім де беймәлім сырлары жатқаны анық.

Кеңес идеологиясы ғасырлар бойы қалыптасқан қазақтың ұлттық құндылықтарын, дәстүрлі мәдениетін «ескінің сарқыншағы, феодализм көріністері» деп күстаналап келді. Социалистік реализм кеңес әдебиетіне күштеп танылғанымен, алыптар тобының өкілдері С. Мұқановтың «Балуан Шолақ», «Аққан жұлдыз», Ғ. Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгіме», «Ер Қаптағай», «Қыран жыры», «Ұлпан», Ғ. Мұстафиннің «Әзірейілмен сұхбат», олардың ізін баса шыққан Б. Момышұлының «Ұшқан ұя», С. Жүнісовтің «Сонарда», Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер», А. Нұрмановтың «Құланның ажалы», Ә. Көшімовтің «Екі бүркіт», І. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын орда» туындылары қазақ тарихын, ұлттық құндылықтарын, сан ғасырлық дәстүрін көркемдік танымда жаңғыртты.

Жазушылар ұлтымыздың шығу тегін, шежірелік тамырын, тарихи-мәдени арналарын тануда батыл шығармашылық қадамдар жасады. С. Мұқановтың «Қазақ қауымы» (тарихи және этнографиялық шолу) кітабында қазақ шежіресі, халқымыздың ертедегі қоғамдық өмірі, материалдық мәдениеті қарастырылды. Қазақ халқының дүниетанымы, тілі, мекені мен елдігі, шаруашылық жайы, аңшылығы, тұрақ жайы, ыдысы, киім-кешегі, көлік-тұрманы, жан азығы, яғни батырлар жыры, ғашықтық жырлар, қиссалар, діни айтыстар жан-жақты талданды. Жазушы қазақ этногенезін, мәдениетін арғы тегіміз сақ, ғұндармен сабақтастыруда батыл ойлар айтты [61].

Жоғарыда атап көрсетілген қаламгерлер туындыларының тақырыптық-идеялық жүгін, көркемдік-эстетикалық нәрін еселеуде тарихи этнографиялық деректер маңызды рөл атқарды. Ғасырлар қойнауындағы халқымыздың байырғы тарихын көркемдік танымда жаңғыртқан туындылар ұлттық құндылықтардың өміршең қасиеттерін ұрпақ санасына сіңіре білді. Өткеннің бәрін жөнсіз мансұқтаудың рухани құлдырауға, ұлттық нигилизмге әкеп соғатынын

ұғындырды. Қазақ хандығының құрылуынан бастап ХХ ғасырдың басындағы аласапыранына бойлататын туындылар әрбір қазақ баласының өткен тарихына, мәдениетіне, өнеріне құрмет сезімімен қарауына серпін берді.

С. Мұқанов қазақтың халық композиторы, өнер жампозы Балуан Шолақтың тағылымды ғұмырын ұлттық этнографиялық бояумен астастыра суреттесе, Ғ. Мүсірепов қазақ этнографиясының сарқылмайтын көркемдік құнарын туындыларының басты өзегіне айналдырып отырды.

Ғ. Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгімесінің» сюжетті желісінен әр кейіпкерінің киім-киісі, кескін-келбетін, мінез-құлықтарын этнографиялық белгілер арқылы ашуға ден қойғанын көреміз. Әрине, «Этнографиялық әңгімеге» арқау болған көркем шындықты ақиқат өмірдің өзіндей қаз-қалпында түйсініп, тек жазушының көркемдік танымынан өрістейтін стильдік ерекшелігіндегі мысқыл және кекесінмен қабылдаймыз десек, біржақтылыққа ұрынған болар едік. Жаңбыршы ауылын мекен еткен төрелер қауымының оқшауланған тұрмысы неге жүдеу, тыныс-тіршілігі неліктен жадау деген сұрақтардың туындауы заңды. Оның басты себебі, әрине, Қазан төңкерісінен кейінгі саяси-әлеуметтік өзгерістен туындап жатқаны мәлім.

Әңгімедегі төре тұқымын ащы сарказм, сыншылдық көзқарасқа түрлі көркемдік интерпретация жасалары анық. Сонымен қатар олардың «ел билеп отырғанда, сол елдің неше ғасыр өмірін осылай босқа өткізгендігі жөніндегі баяндауына сын көзімен қарайтынымыз шүбәсіз. Өйткені қазақ қоғамындағы мемлекеттілік ұстыны болған хандар жүйесінің саяси темірқазығы төрелер институты десек, ата тарихымызда ел билеген хандар тек төрелерден шыққан сұлтандар арасынан сайланып отырғаны мәлім. Ал қазақ қоғамындағы дәстүрлі аталық жүйесінің тарихи қызметі тұрғысынан алғанда, ол хан ордасында тақ мұрагеріне әскери тәрбие беріп оқытатын жоғары мәртебелі адам болғанын қаперден шығармаған абзал.

Қаламгердің «Ер Қаптағай», «Қыран жыры», «Оянған өлке», «Жат қолында», «Ұлпаны» – этнопсихологиялық детальдарға тұнып тұрған шығармалар. Мәселен «Оянған өлке» романындағы «Игілік үй ішіне назарын да аудармады. Адалбақанға үстіндегі шекпені мен қамшысын іле салды да, өзіне арналған, қабатталып көрпесі төселген биік орынға отыра кетті. Толып жатқан жағалы киімнен жарғақ терідей қырысқан арық мойны тасбақаның мойнындай қылқиып, әбден бүрі кетіп, жылтыр табанға айналған мәсімен тайғанақтап кожекең төрге әрең жетті» [62] деген баяндаудағы «адалбақан», «түйе жүн шекпен», «қамшы», «жағалы киім», «мәсі» т.б. сипатындағы этномәдени сөздер қазақтың ұлттық этнографиялық ерекшеліктерінен туындайды. Сондай-ақ «Адалбақан уықтың қарына дұрыс бекітілмегендіктен, Жұманға қарай құлап, бір ашасы шекесін тырнап кетті» [63] деген сөйлемдегі «уық», «аша» сөздері ұлттық сипаттан туындайтын тұрмыстық детальдарды үстеп тұр. Жалпы, этнографиялық ұғымына социализм кезеңінде жазушының юмормен қараған кезі де болған. Қалай суреттесе де, оған суреткердің өз еркі бар. Этнографиялық деп қайсыбір қатып қалған қажетсіз қағиданы заманнан қалыс қалып әспеттеудің орашалақтау көрінетінін суреткер Ғабит Мүсірепов «Этнографиялық

әңгімесінде» жоғарғы шеберлікпен жеткізген: « – Шырағым, бұл ауылға келген адамның не жұмысы барын Атекем өзі сұрайды. Өзі сұрағанда, айтасың, – деді Есенгелді, жаңағы айтқанын айнытпай қайталап. Бұл жолы күлмей қалуға шын-ақ ұстамдылық керек еді... Енді түсіндім, бұл ауыл атам заманнан да әрі бір кезде қабылданған дәстүрді бұзбай келеді екен. Үлкен біреуі айтқан бір сөзді, үлкен орнатқан бір дәстүрді ешқайсысы бұзбайды да өзгертпейді. Жаңағы қайталаудан кейін Есенгелдінің бет-аузы тасқа айналғандай сазарып, өзге қазақта кездеспейтін тәкаппарлыққа көшті. Алдақашан тысы оңып-бозарып кеткен тымағының төбесіндегі жыртығынан суырылып шыққан түйенің жүні де тәкаппар шошаятын сияқты. Есенгелді опырайған үлкен қара үйге қадаған көзін аудармай ұстаған бойы сықыр-сықыр, қиқаң-шиқаң еткен шілтерлі есікті ашты да: – Мархабат! – деді бізге. Біз үйге кірдік» [63, б. 19].

Этнографиялық таным – қазақ әдебиетінің көркемдік факторларының бірегейі. Ғабит Мүсірепов этнографиялық мотив арқылы әлеуметтік мәселелерді шебер юмормен көрсетсе, замандасы Ғабиден Мұстафиннің «Жолда туған ойлар» шығармасы әлеуметтік мәселелерді көтеру арқылы қазақ топонимінің болмысын, тарихи генезистен де хабар беріп кетеді: «Тарбағатай тауларынан басталып Балқаш көліне құятын Аякөздің, өн бойы ел, отар-отар мал. Соншама өзеннің суын сусыннан өзгеге пайдаланбаппыз. Көпір де сала алмаппыз. Бұрынғы қазақтар су кешіп өте берген. Біздің машиналар қалшылдап тұрып қалды. Ақыры трактор сүйреді. Трактор көпірдің атқаратынын атқарып жүр. Ал трактордікін не атқарады? Көпірсіздіктің шығыны мен азабын есептесем де, ұшығына жете алмадым. Арғы қабаққа шыққанда көңіл Қозы Көрпеш – Баян сұлу зиратына ауды. Ыңғай жалпақ, қызғылт тастан қаланған, кигіз үй мүсіндес биік күмбез екен. Есігі оңтүстікке қараулы».

Мәселен, ұлан-ғайыр қазақ даласындағы су тапшылығы мәселесін осы шығармасында көтергенімен, байыппен тамырынан тартып осы ландшафт пен қазақ этносының гармонияда өмір сүргенін де шеберлікпен жеткізе білген: «Міне – Шұбартау. Аудан орталығы таулардың дәл таусылған жерінде, Бақанас өзенінің бойындағы бір қуысқа тығыла орнапты. Шығысы: сиыр бүйрек қалың бүйрат – бірте-бірте ірілей тауға айналады да, белгілі Шыңғыспен тұтасады. Бұл жағы – салқын, сай-саласы толы көк шалғын, кіші-гірім өзен, қасқа бұлақ, Ертеден елдің ен жайлауы. Ал батысы – Балқашпен жалғасқан байтақ дала. Мыңдаған малға, мыңдаған киікке мойымас жайылым. Өттең, су жетпейді. Бұрынғы қазақтар сонда да амалдаған».

«Ұлпан» хикаятының суреткерлік шеберлік қарымында басталуынан-ақ қазақтың мың жылдық этнографиялық танымы оқырманды баурап алады. Қазақтың басты байлығы - жылқы, жылқысыз қазақтың ұлттық рухынан айырылатыны терең көркемдік танымда суреттеледі.

«...Қазақ байлығы жылқысында. Қысқы мерзімде тұяқты жануарды ықтасыны бар, шөбі шүйгін қалыңға таяу ұстамасаң – «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық» – дегендей, бір сәтте-ақ тақыр-таза жаяу қаласың. Жаяу адам несімен адам?.. Несімен қазақ?» [63, б. 3-26], – деген кейіпкер толғамының астары терең.

Туындыдағы көшпелілер табиғатын айшықтайтын «жылқы», «жайлау», «ықтасын», «өріс», «жұт» т.б. ұғымдар және де дала даналығынан туған мақалдың шеберлікпен ұштастырылуы шығарма шырайын еселеп, қазақтың дәстүрлі ментальдік болмысын, этникалық жадын, бірегей тұрмыс-тіршілігін аңғартады. «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктердің арнайы зерттелуі жазушы шеберлігінен туындап жатыр [64].

Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі – ұлттық құндылықтар, ұлттық тәлім-тәрбие, отбасылық әдет-ғұрып тағылымын этнографиялық тереңдікпен толғаған көркем туынды. Ұшқан ұя – қазақ танымында киелі ұғым. Ұшқан ұя – отбасылық құндылық, ұлттық қасиет бастауы. Жазушы осынау рухани қазынаның мәніне, астарына терең мән сыйдырады. Шығармадағы «жыл қайыру», «жеті ата», «мүшел жас», «көкпар» өзге де ұлттық болмыстан туындайтын әдет-ғұрып, салт-сана барша табиғи қалпымен сүйсіндіреді. Ұлтқа, ұлттық қасиеттерге деген құрмет сезімін оятады. Дала даналығынан суарылған этнографиялық этюдтар туындының тұтас композициялық тұтастығын негіздеп тұрады. Қаламгер қазақтың этнографиялық мәдени кеңістіні серпілтіп, ата салтынан айырылған ұлттың болашағы күңгірт екенін бір сәт жадынан шығармайды.

Ұй мүлік атаулары қолөнер кәсібіне қатысты этнографиялық атауларды жаңғыртады. Ұлттық нақыштағы құндыз бөрік, оқалы барқыт тақия, кемер белдік, бешпент сынды ұлттық киім-кешек атауларын, олардың эстетикалық мәнін терең екшейді. «Серкебай асыл киімдерді қонымды етіп, сымбатты киініпті: алдымен күнге шағылысқан құндыз бөркі құлпырып алыстан көз тартады. Бөркін шешкенде, көк тақыр етіп қырған басында оқалы барқыт тақиясының өзі ерекше сән беріп тұр. Бешпет сыртынан буған әдемі кемер белдігінің жалпақтығы кере қарыс. Сабы күміспен қапталған қамшысын сәнмен бүктеп жанына қойыпты...» [65].

Ұлттық этнографияның сан салалы танымдық, тағылымдық құдіретін тануда қазақ қаламгерлері соны әдеби ізденістерімен көркемдік дамуды үстеп отырды. Мәселен, этнограф жазушы Ә. Көшімовтің «Екі бүркіт» повесі мен С. Жүнісовтің «Сонарда» әңгімесінде таза аңшылық пен саятшылық өмірдің қиын да қызғылықты оқиғалары шынайы өріліп, ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі ұлттық нақышта бейнеленеді. Бұл шығармаларда тұмса табиғат аясындағы қыр қазағының саятшылық өнері, кәсіби машығы барша этнографиялық құнарымен айшықталады. «... Қазақтың саятшылық өнерінде қансонардан басқа «ұзақ сонар», «келте сонар» дейтіндері тағы бар. Ұзақ сонар деген жауып тұрған қардың кешқұрым ашылып, тоқтап қалуын айтады. Бұл аңшыларға нағыз жағдайсыз сонар. Себебі түн болып кеткеннен кейін аңшылық жасау қолайсыз, өйткені түн баласынан таң атқанша жортатын аңдардың ізі көбейіп, олар бірінің ізін бірі басып, шым-шытырық болып жатқандықтан, аңшыларға іздің жаңа-ескілігін айыру қиынға соғады. Кейде қар түні бойы жауып, дәл таң сәріде ашылатыны да болады. Бұл қардан кейін жүрген аңның ізі тайға таңба басқандай анық, әрі сирек болып сайрап жатады [66].

Этнограф жазушы Ә. Көшімовтің «Екі бүркіт» повесінде аңшылық өмірдің қиын да қызғылықты оқиғалары шынайы өріліп, ХХ ғасыр басындағы қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі ұлттық нақышта бейнеленеді Туындыда ат баптаудың қыр-сыры, тұлпардың «ащы терін алу» көркемдікпен суреттеледі. «Бәйге аттың бапкерімін деушілер әдетте саңлақты ерекше күтімге алып, айлар бойы жаратады. Әуелі семіз күйдегі жүйрікті – сылынып тартылғанша деп, иесінің өзі жарты айдай мініс көлік етеді. Содан кейін ол жылқы арнайы ат құлағында ойнайтын шабандоз балаға тапсырылады. «Жел қақпасын, күн соқпасын» деп, бәйге аты жаздыгүні сәскеден кіші бесінге дейін қорада не киіз үйде ұсталады. Оған жоңышқамен қоса биенің сүті беріледі. Былтырдан сақталған шіріген шөп тұрсын, құрғақ пішен де бәйге атына зиян деп оны жолатпаған. Ұлы дүбірдің үні естілер шақ жақындап қалған кезде жүйрік ат көк шалғынға жіберіледі. Ол топ қазыдан арылған соң жабуланады да, кешке қарай, ауылдан аулақ жерде бөкенжеліске салынады әлденеше күндер бойына. Ащы терін алу деген осы» [67].

Басты кейіпкер саятшы, құс бапкер Бектемір – ұлттық қасиеттерді, дала даналығын бойын жинақтаған дара тұлға. Оның саятшылық, құсбегілік туралы толғамдарынан жазушының осынау бекзат өнердің терең білгірі екенін аңғарамыз.

«...Нұрмақ, сен шой қараға бекер қызығасың, сыртынан қомпыйып көрінгенімен, төсі қушық қалақтай, төмен иықты, оның кеудесінің бір құшақ болып көрінуі тек жалпақ қалың қанаттарының арқасында. Анығына келсек, шой қарада өзегі шіріген ағаш тәрізді жөнді салмағы да жоқ, күмәндансаң, қолыңа кезек қондырып, оны өзінен кішірек басқа құстармен байқап қара. Мен көрмеген қырандардың ерекшесі деп қара балапанды айтуға болады. Егерде мен құс танитын болсам, әне бір сары шегір қырғи кескіндес шәулі бүркіт өскен соң көзіне түскен аңдарды құтқара қоймас. Шағын шәулі демесең, сүйегі таза, көп қүйттеуді қажет етпейтін сымбатты жануар» [67, б. 21].

Шығармада аңшылық, саятшылық, ат баптау өнерімен қатар күй өнерінің көркемдік-эстетикалық қасиеті Серкебай бейнесі арқылы әсем үйлесімде берілген.

Қазіргі әдебиеттануда қазақ қаламгерлерінің прозалық туындыларындағы этнографизмдердің зерттелуі жағымды тенденцияға ұласуда. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» трилогиясындағы этнографизмдердің көркемдік қызметін қарастырған Қ. Абдуллаева оларды ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, жиһаз атауларына байланысты лингвомәдени бірліктер, қазақтың ас мәзірінен хабар берітін лексика, салт-дәстүрге байланысты қалыптасқан сөздер деп жүйелейді [68]. Этнографизмдер жазушы қолданысында ұлттық нақышты көрсету, кейіпкерлердің ұлттық болмыстағы даралық бейнесін ашуда стильдік қызмет атқарғанын түйеді.

Тарихи тақырыптағы романдарға жол салған І. Есенберлин қазақтың хандық дәуірінің көркем шежіресін сомдап, көшпелілер тарихы мен мәдениетіне жан бітіріп, байырғы архетипіне сәуле түсірді. Қаламгер бұрыннан бар

«көшпенді» сөзін қазақ әдебиетінде бірінші болып айналымға енгізді [69]. «Қазақтың көшпелі рулары алмас қылыш...» [70], – дейді жазушы І. Есенберлин.

«Қаһардағы» отаршылдармен арпалысып өткен Кенесары хан айбарын, «Алмас қылыштағы» Керей, Жәнібек хандардың айбыны, Қасым ханның қайсарлығын, Қотан, Қазтуған жыраулар айтысының тарихи тағылымын, Асан қайғы, Бұқар жырау аманатын, қазақ-жоңғар соғысын, қазақ-орыс қарым-қатынасының иірімдерін суреттеудегі жазушы шеберлігін үстеуде этнографизмдер, этнографиялық лексика басты көркемдік тірек болғанын баса көрсетеміз. «Жанталастағы» Тәуке, Қайып, Болат, Әбілқайыр, Сәмеке, Абылай хандардың тарихи тұлғаларын аласапыранға толы тарихи оқиғалар ізімен сомдаудағы шеберлігі жазушы І. Есенберлиннің тарих, этнография ғылымын жетік білгенін дәлелдейді. Жазушының өз тілімен айтқанда «Көшпенділер» – әр түрлі бұрмалауға тура жауап. Осы сахараны мекен еткен қазақ халқының өз мемлекеті мен өзіндік көне тарихымен әлемдік тарихтың бір бөлігі болып табылатынын айқындайды» [71].

Жазушы атақты романдарын жазуға тыңғылықты дайындықпен келді. Мол тарихи этнографиялық деректер жинақтады. «Қазақ халқы туралы» деген толғамында: «... Мен, тегінде, қазақты данышпан халық деймін. Оның жауһар жыры, ғибратқа толы мақал-мәтелдері, көңілді тербетер ән-күйі шын даналықтың белгісін көрсетеді. Асан қайғы, Қорқыт, Аяз би секілді терең философиялық ой тұжырымдарды ұрпаққа қалдыра білген ғажайып кейіпкерлер қайда бар? Ешкімде де жоқ, тек бұл көргені көп, бар өмірі, алыс-жұлыспен жанталаста өткен осынау кең сахараның шексіз көк жиегіне ойлана қарай білген қазақта ғана бар. Бұл менің өз халқымды ардақтау мен мақтанудан шыққан сырым, түсінігім» – дейді [71, б. 24].

Қаламгердің «Тарихқа сілтеме», «Қазақ даласының XV ғасырдағы орны туралы» тарихи, этнографиялық толғамдарының танымды, тағылымдық мәні жоғары: «Мемлекет болуда басты орында: қарулы күш, салық жүйесі мен территориялық жиынтық сияқты нақты үш белгісі болу керек десек, үш жүзге бөлінгеніне қарамастан, қазақ хандығында аталған үш белгіні бір бүтіндей ұстады» [71, б. 43], – деп түйеді. Алтын Орда, қазақ хандығы, жүздер тарихынан сыр шертетін этнографиялық толғаныстары бүгіндері өзекті.

І. Есенберлиннің тарихи тақырыптағы романдары әдеби үрдіске серпіліс дарытты. М. Мағауиннің «Аласапыран», Д. Досжановтың «Жібек жолы», Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң», Ә. Әлімжановтың «Жаушы», Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш», Х. Әдібаевтың «Отырардың күйреуі» романдарымен өрісті жалғасын тапты. Бұл шығармалардың байырғы дәуір тарихын, ұлттық құндылықтарды, яғни ұлттық этнографиямызды тарихи санамызда жаңғыртуда маңызы ерен болды.

Тарихи тұлғалар, ұлт мәдениетінде өшпес із қалдырған өнерпаздар ғұмырынан жазылған С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз», Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы», «Махамбеттің жебесі», Д. Әбілевтің «Сұлтанмахмұт», А. Нұрмановтың «Құланның ажалы», С. Жүнісовтің «Ақан сері», Ә. Әбішевтің «Мәди», Ж. Молдағалиевтың «Алғашқы қоңырау», Т. Әлімқұловтың

«Сарыжайлау», «Қаралы қобыз», М. Тиесовтің «Қаз дауысты Қазыбек», З. Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Шынардың шыбығы», Б. Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Н. Әбуталиевтің «Сегіз сері», Қ. Исабаевтың «Шоң би», М. Есламғалиевтің «Әйтеке би» шығармаларының этнографиямен тамырлас елтану, ұлттану, тұлғатануда маңызды қызмет атқарады.

Әдеби дамудағы дәстүр жалғастығына сай қазақ прозасындағы этнографизмдер қазақ ұлтының ғасырлар бедеріндегі қилы тарихын, рухани өмірін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, ұлттық бірегейлігін сақтаудағы этномәдениетімен ұштастыра суреттеуде Б. Соқпақбаевтың «Бурыл ат», «Әжесінің баласы», «Бір қалта құрт», Т. Ахтановтың «Дала сыры», А. Сатаевтың «Дала күйлері», С. Мұратбековтің «Қыран құс көк жүзін шарлап кетті (Үрміз қарттың әңгімесі)», «Жусан исі», О. Бөкейдің «Қамшыгер», Т.Әлімқұловтың «Күйші», «Қош бол, Абсент!», Д. Досжановтың «Көкпар», «Қымыз», «Бәйге», М. Мағауиннің «Тазының өлімі», «Көкбалақ», «Жүйрік», «Сұр-көжек аттың соңғы шабысы», Ә. Кекілбаевтың «Күй», «Бәйгеторы», «Шыңырау», Қ. Жұмаділовтің «Сары жайлау», «Сәйгүліктер», «Атамекен», С. Санбаевтың «Ақ аруана», Д. Исабековтің «Гауһар тас», Т. Төлеухановтың «Соңғы сері», Т. Жармағанбетовтің «Отамалы», Н. Қазбековтің «Көкжал», «Шілдеhana», С. Досановтың «Аруана», К. Сегізбаевтың «Соңғы шабыс», С. Балғабаевтың «Шөл», Ә. Сарайдың «Бозқырау», Н. Қазбековтің «Көкжал», «Шілдеhana», К. Жүністегінің «Қоңыр құлжа», Ә. Кәріпұлының «Саятшы», Т. Нұрмағанбетовтің «Ата қоныс», «Туған ауыл түтіні», Д. Әшімханұлының «Жер аңсаған сары атан», Т. Мәмесейіттің «Аңшының соры», Т. Майбастың «Керат» шығармаларымен толықты.

Аталған туындыларды тақырыптық өзегі, көркемдік-эстетикалық жүйесі сан алуан болғанымен, оларды ұлттық құндылықтар, ұлттық бірегейлік сынды мәңгілік сарын тоғыстырады. Атап айтқанда, күй, күйші құдіреті М. Мағауиннің «Көкбалақ», «Жүйрік», Т. Әлімқұловтың «Қаралы қобыз», «Күйші», жылқы культі, аңшылық өнер, сал-серілік қасиет Б. Соқпақбаевтың «Бурыл ат», Ә. Кекілбаевтың «Күй», «Бәйгеторы», Қ. Жұмаділовтің «Сәйгүліктер», Т. Әлімқұловтың «Сарыжайлау», «Қаралы қобыз», «Күйші», «Қош бол, Абсент!», К. Сегізбаевтың «Соңғы шабыс», К. Жүністегінің «Қоңыр құлжа», Ә. Кәріпұлының «Саятшы», Т. Мәмесейіттің «Аңшының соры», Т. Майбастың «Керат», Т. Төлеухановтың «Соңғы сері» шығармаларында табиғат тылсымы, ата қоныс киесі, ұлттық рух, ұлттық өнер Т.Жармағанбетовтің «Отамалы», Д. Исабековтің «Гауһар тас», А. Сүлейменовтің «Бесатар», «Қара шал», «Ақ кемпір», «Шілдеhana», С. Досановтың «Аруана», С. Балғабаевтың «Шөл», Ә. Сарайдың «Бозқырау», Н. Қазбековтің «Көкжал», «Шілдеhana», Т. Нұрмағанбетовтің «Ата қоныс», «Туған ауыл түтіні», Д. Әшімханұлының «Жер аңсаған сары атан» шығармаларын даралайды.

1.3 Көркемдік дәстүр және авторлық таным

XX ғасырдағы қазақ тарихи-әдеби үдерісі күрделі және алуан түрлі типологиялық құбылыс ретінде әдебиеттің тереңдеуімен, әсіресе 70-80-ші

жылдардағы проза ұлттық болмыстың ұңғыл-шұңғылдарын, жеке адамның ішкі әлемін, халықтың рухани өміріне дендей енуімен өзгешеленеді. Бұл кезеңдегі реалистік әдебиет өмірдің әртүрлі қырларын бейнелеумен бірге жаңа көркемдік синтезге, халық шығармашылығының поэтикалық элементтерін өзінше қолдануға, мифтік мотивтер мен сюжеттерді жаңаша интерпретациялауға, этномәдени архетиптерге деген ұмтылысты анық байқатты. Ұлттық прозаның осы шақтағы шығармалары халықтық менталды ерекшеліктеріне кеңінен құлаш ұра бастады. Бұл ХХ ғасырдың 70-80 жылдардағы қазақ әдебиетінің даму бедерін анықтайтын ерекше фактор болды. Фольклор мен этнография көптеген әдеби шығармалардың эстетикалық сипатын анықтайтын әдеби құбылысқа айналды. Осы кезеңде этнографиялық бағыттың, этнографиялық мектептің қалыптасуы, прозалық жанрлардың өзгеруі, этнографиялық эссенің дамуы фольклорист-этнографтардың бір шоғырын қалыптасуымен байланысты. Этнографиялық үрдістер әдебиетте тұрақты орын теуіп, этнографиялық сипаттағы жаңа жанрлық және стилистикалық құрылымдардың қалыптасуына ықпал етті. Әдеби-фольклорлық синтезді, әдебиеттегі фольклорлық стилистиканы, образдарды, мотивтерді, сюжеттерді түсіндіруді жазушылар өзінше жүзеге асырады. Мәселен, ертегілердегі адам мен әлем, қоршаған орта турасындағы қиялдар, космогониялық және тотемдік мифтер, ежелгі нұсқалардағы табиғаттағы дүниенің барлығын бірдей деңгейден қараған мифтік сана, түрлі аңыздар мен эпсаналарда халықтық көркем ойлар осы жылдардағы қазақ прозасының идеялық-эстетикалық қабаттарына сіңірілді.

Мұндай құбылыстар жеке шығармалардың поэтикасына ықпал етіп, қазақ прозасында этнографиялық бағыттың қалыптасуына әкелді деп айта аламыз. Яғни әдеби үдерісте халық мәдениетінің маңыздылығына айрықша ден қоятын, фольклор мен халық тілінің шығармашылық элементінің бастауларына бет бұрған, көркемдік ойлауының жаңа ерекшеліктерін байқатқан қаламгерлер соцреализм әкелген қасаң қалыптан шығудың басты жолы ретінде өздерін таныта бастады.

Аталмыш кезеңдегі қазақ әдебиетінде этнографиялық бағыттың пайда болуы бірқатар объективті факторлармен анықталады. Біріншіден, әдебиетте идеялық доминант ретінде танылып келген социализм идеяларының солғын тарта бастап, оның басты көркемдік әдісі деп ұсынылған социалистік реализм өз позициясын жоғалта бастады; екіншіден, дәуірдің мәдени үдерісінде ұлттық мазмұнның рөлін түсіну, қоғамның халық өмірін зерттеуге, халық шығармашылығын жинауға және жариялауға тұрақты қызығушылығын қалыптастырған тарихи романдардың көптеп жазыла бастауы; үшіншіден, ұлт мәселесі төңірегіндегі әдеби-эстетикалық көзқарастардың біршама кеңірек айтылып, талқылана бастауы; төртіншіден, «жылымық» кезеңде пайда болған аз да болса ой еркіндігін пайдаланып, халықтың рухани мәдениетін, ұлттың этнопсихологиялық ерекшеліктерін зерттеуге ден қойыла бастауы. Мұны біз тек әдебиетке ғана емес, өнердің басқа да түрлеріне қатысты айта аламыз. Ұлт өзінің тамыр-тегін іздей бастауы, ұлттың өзіне ғана тән өмір сүру салтына мән бере

бастауы XX ғасырдың 70-80 жылдардағы социалистік лагерь елдерінің баршасына тән үдеріс еді.

Көркем ой дамуының бұл белесінде қазақ прозашылары кеңестік тұйық қоғамда өмір сүре отырса да, өздеріне дейінгі шығармалар арқауы болып келген, жасанды идеяны насихаттайтын - интернационализм, индустрия, тың игеру, жұмысшылар өмірі, шаруашылық табыстары сияқты тақырыптардан мақсатты түрде бас тарта бастады. Олар өмір шындығын байыптау барысында заман келбетін көркемдік таным деңгейінен бағамдауды адам тағдырымен терең сабақтастыратын болды. Прозаның қай жанрында болмасын әдебиеттің ұлттық мәнін ескеру күшейді.

Әрбір жанр өзінің эволюциялық даму жолында түрлі қоғамдық-әлеуметтік, тарихи-мәдени әсерлердің негізінде жетіліп отыратыны - диалектикалық шындық. Сол сияқты қазақ прозасы да әуелгі көркем шығармашылықтың бойына тұтасқан поэтикалық синкретизмнен енші алды. Сөйтіп барып әдебиеттің жетекші саласына айналды. Ондағы қайсыбір жаңашыл нышандарды тарихилық принципімен зерделегенде ғана танып-білуге болады.

Этнографиялық бағытты сөз еткенде біз жазушылардың көркемдік ойлау түрлеріне байланысты ең жалпы, қайталанатын құбылыстарды айтамыз. Бұл орайда жазушы және халық мәдениеті сынды мәселе суреткер әлеміне нақты тереңдеудің негізгі шарты болып табылады. Бұл «ұлттық топырақ» турасындағы халықтық танымның жазушы эстетикасына тікелей әсерін анықтауға мүмкіндік береді. Шығармашылыққа осы тұрғыдан келу жазушының ұлттық этикалық-эстетикалық принциптері, халық шығармашылығының байлығы, халықтың әлеуметтік және моральдық мұраттары туралы өзіндік түсінігін, оны көркем құралдар арқылы бейнелеуін анықтауға ықпал етеді. «Жазушы шығармашылығындағы халықтық мәдениет» ұғымы материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығын қамтиды. Ол психикалық болмыс саласын, ұлттың этнопсихологиялық ерекшеліктермен тығыз байланысты. Қаламгер туындыларындағы этнографиялық құндылықтар рөлін көрсету этикалық-эстетикалық талдауға, классикалық мұраны игеруге де мүмкіндік береді.

Әрине, этнографиялық құрылымдардың көркем проза қабаттарына ену диалектикасы әрқилы. 1970-80 жылдардағы әдеби үдерісте де әртүрлі реңктегі көріністерге куә боламыз. Этнография мен фольклордың көркемдік интерпретациясы әртүрлі шығармашылық міндеттер көздеген жазушылардың шешіміне байланысты жеке стильдік көрініс ретінде танылады. Бұл құбылыстарды жанрлық стилистикалық факторлармен түсіндіре отырып, бірқатар қаламгерлердің фольклорлық-этнографиялық элементтерді қолданудағы айырмашылықтарын анықтай аламыз. Ұлттың өмір сүру салты мен мәдени-рухани бірегейлігі туралы жазған қазақ қаламгерлері шығармаларында фольклорлық-этнографиялық құрылымдар кейде басым мәнге ие болып, көбінесе публицистикалық жанрларға телінетін очерк, эссе жанрларының шеңберінен шыға алмай жататын жағдайлар да кездеседі. Қазіргі әдебиеттануда этнографиялық проза әдеби құбылыс ретінде жан-жақты зерттелмегеніндей, этнографиялық очерктің де жанр ретіндегі ерекшелігі теориялық бағасын алған

жоқ. Осы уақытқа дейін эссе де әдебиет теориясында зерттеу нысанын айнала алмаған, қазақ эссесінің тарихы жазылмаған. Әдеби энциклопедияларда, терминологиялық сөздіктерде бұл ұғымдардың тұжырымдамасы жоқ.

Бұл мәселені ауқымды түрде қарастырған орыс зерттеушісі А.Н. Пыпин «Орыс этнографиясының тарихы» атты еңбегінде 1850-1860 жылдар орыс прозасында байқалған этнографиялық құндылықтар көрінісін «халық өмірінен әңгімелер» деп бөліп көрсетеді де, мұны «жаңа беллетристиканың» пайда болуымен түсіндіреді [72]. Зерттеуші хронологиялық шеңберлер мен әдеби атауларды атайды: Даль, Тургенев, Григорович, Потехин, Писемский, Мельников-Печерский, Кокорев, Успенский, Левитов, Слепцов, Решетников, Златовратский, Наумовтың алғашқы тәжірибелері т.б. Ол әдебиетте алғаш рет «халықтық бағытты» білдіретін тұтас ағымның пайда болуын жазушылардың халық өмірі мен ондағы мәселелерге деген қызығушылығының артуына, сондай-ақ әдеби-қоғамдық ойдың ұлт, ұлттық тарих, орыс шаруасының ерекшелігі тақырыбын терең зерттеуге және дамытуға, халық шығармашылығы мен этнографиялық шығармаларды жинауға және ғылыми жариялауға деген қызығушылығына байланысты екенін көрсетеді. Зерттеуші таза этнографияға әдебиет арқылы бейнелілік қосылатынын атап өтті. Бұл беллетристика этнографиялық ғылым әлі қолына алып үлгермеген халық өміріне деген қызығушылықты зорайтып, оның басқа жақтарын, халықтың моральдық-тұрмыстық көңіл-күйін ашып көрсеткенін айтады.

А.Н. Пыпин жоғарыда аталған жазушылардың бір-біріне өте ұқсас екенін айғақтай отырып, бірақ олардың барлығына тән ерекшелік – бейнеленіп отырған ұлт өміріндегі этнографияға деген адалдығын атап өтеді. Мұны ол этнографиялық деп аталатын жаңа әдеби бағыттың басты қасиеті деп санайды.

Әдебиеттегі этнографизмді кейінгі жылдары індетте зерттеушілердің бірі – А.Л. Фокеев өзінің «XIX ғасырдағы орыс әдеби процесіндегі этнографиялық бағыт» атты ғылыми еңбегінде аталмыш құбылысты нақты анықтайды. Ол этнография туралы «бұл ежелгі орыс әдебиетінде және XVIII ғасырдың аяғында XIX ғасырдың басында басталған тарихи-әдеби процесс, әсіресе 1840-1870 жылдары айқын және нақты көрініп, әртүрлі жазушылар шығармашылығының типологиялық байланысында көрініс тапты» [30, с. 2], – деп жазады.

Этнографизмді зерттеуге байланысты әдебиет теориясы мен сыни еңбектерде «фольклорлық-этнографиялық элементтер», «этнографиялық реализм», «сыни реализмнің этнографиялық ағымы» сынды терминдер пайда болды. Қазіргі ғылыми әдебиеттерде «көркем этнография» термині де қолданылады. Алайда, жеке әдеби құбылыстарды сипаттайтын терминологиялық дәлсіздік зерттеу үдерісін қиындатады. Терминология нақты тұжырымдалған анықтамаларға зәру екені әлі сезіледі. Сондықтан әдебиеттегі этнографиялық элемент сияқты ұғымды анықтау өте қиын. А. Фокеевтің негіздеуінше, этнографизмнің әдебиеттегі көрінісінің өзіндік сипаты жанр мен стильге және жазушының жеке ерекшеліктеріне байланысты. Реализм типологиясын зерттеу аясында этнография, этнографиялық бағыт, этнографиялық мектеп мәселелері өте маңызды. Этнография реализмге ерекше

сипат береді. Б. Н. Путилов «Фольклор және халықтық әдебиет» атты еңбегінде «Фольклор мен этнография әдебиеттің ұлттық сипатының қайнар көзі болып табылатыны» жөніндегі концепциясын жан-жақты негіздеп жазды.

Көркем мәтіндегі этнографизмнің әртүрлі мөлшерде пайдаланылуы жанрлық құрылымдарға да әсер етті. Олардың жанрлық шекараларының өзгермелілігіне әкеледі. Мәселен, күнделікті өмірді, әлеуметтік, экономикалық, мәдениетті таныстыруда тарихи-хронологиялық, ғылыми дәлелденген фактілерге жүгінетін этнографиялық очерктің өзі жанрлық шегінен шығып әңгімеге айналып кетіп жатады. XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпының, фольклорлық шығармаларының шығу тарихы мен тәлімдік мәнін тұңғыш зерттеп қана қоймай, «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы запискасы», «Жоңғария очерктері», «Қырғыздың Манас жыры туралы», «Шаман дінінің қазақтар арасындағы қалдығы» т.б. толып жатқан еңбектерінде сол елдердің этнографиясы хақында толымды мәліметтер берді. Немесе 1870 жылы Ыбырай Алтынсарин «Орынбор ведомствасы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрлерінің очеркі», «Орынбор ведомствасы қазақтарының құда түсу, қыз ұзату және той жасау дәстүрлерінің очерктері» атты еңбектерін жазған. Этнографиялық очерктердің алғашқы үлгілері саналатын бұл еңбектерде қазақ халқының қаза және той жасау барысында жасалатын жоралғыларды жүйелеп шығады. Сонымен қатар кейбір салт-санаға еніп кеткен «жаңашылдықтарды» өткір сын тезіне салады.

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап ұлтымыздың салт-сана, әдет-ғұрыптарын жете зерделеген қаламгерлер қазақтың құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру т.б. дәстүрлері жайлы очерктерді кезінде баспасөз беттерінде жиі жариялап, көпшіліктің талқысына ұсынып отырды. Кейіннен осы мәдени-танымдық ыңғайда жазылған очерктердің біразы кітап болып жарыққа шықты. Мәселен, Бикұмар Кәмалашұлының «Монголиядағы қазақтардың дәстүрлері», Құрманбай Толыбаевтың «Бабадан қалған бар байлық», Ахмет Жүнісұлының «Пәниден бақиға дейін», Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті қазынасының» бірінші және екінші кітабы т.б.

Этнографиялық очерктердің өзегінде халықтың тек өзіне ғана тән өткені мен қазіргі өміріндегі өмір салты болды. Әсіресе, XX ғасырда тарихи-этнографиялық шолу очерктердің ішінде Х. А. Арғынбаевтың «Қазақ халқындағы семья мен неке» еңбегінде ұлттық отбасылық құндылықтар сараланса, Садық Қасимановтың «Қазақ халқының қолөнері» еңбегінде ұлттық қолөнердің ерекшеліктері хақында құнды мағлұматтар ұсынылды. Ж. Бабалықов пен А. Тұрдыбаевтың «Қырандар» еңбегінде қазақ халқының саятшылық өнерінің қыр-сыры ашылады. Құсбегіліктің қазақ халқына тән сипаттары, қыран тұқымдары мен түрлері, қырандардың биологиялық-генетикалық қасиеттері, оларды баптаудағы қалыптасқан дәстүрлер баяндалады. Мыңбай Ысқақовтың «Халық календарында» қазақ халқының және басқа құрлық халықтарының күнтізбелік ерекшеліктері туралы мәліметтер әдеби тілмен ұсынылады. Сонымен қатар, Хасен Әбішевтің «Аспан сыры» халықтың астрономиялық ұғымдарына

байланысты жазылса, Садық Қасимановтың «Қазақтың ұлттық тағамдары» еңбегінде қазақ халқының тағамдарының түрлерінен бастап, олардың әзірленуіне дейінгі үдеріс жүйеленген. Х. Арғынбаевтың «Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк» кітабында қазақтың XX ғасырдың басына дейінгі мал шаруашылығы этнографиялық тұрғыда сипатталған. Бұл еңбектің ерекшелігі ел арасынан жинаған деректері мен архив және әдеби мұраларды автор мол қамти алған. Көші-қон, төрт түлікті бағып-қағу, ауа райын бақылау, мал ауруларын емдеудегі халық тәжірбиесі ғылымтанымдық тұрғыдан байыпталған. Мұны айтып отырған себебіміз, қазақ халқының өмір салтында қалыптасқан ұлттық құндылықтар туралы жазылған очерктер жекелеген қаламгерлердің этнопоэтикасына тікелей әсер етті. Мұндай мазмұндағы очерктер көлемді прозаның тұғырына айналды. Ақселеу Сейдімбектің де этнотанымдық очерктері әңгіме, повесть жанрында туған шығармаларының алғашқы эскиздері болды деп айтуымызға болады. Оның ұлт құндылықтарын арқау еткен «Күңгір-күңгір күмбездер», «Қазақ әлемі» сынды іргелі еңбектеріндегі очерктер көркем шығармаларындағы авторлық ұстаным мен автор бейнесінің негізін қалады. Мәселен «Ойсылқара» очеркінде кейіпкер Қожабектің ата кәсіпке адалдығын, түйе түлігінің қасиеттерін дәріптей отырып, ғасырлар бойы табиғатпен үндесе тіршілік кешкен қазақтың дүниетанымдық қырларына терең бойлайды. Ал «Сәйгүлік» очеркінде ұлт өміріндегі жылқы жануарының алатын орны мен ол туралы халықтың танымы мен талғамы сөз болады. Ақселеу Сейдімбектің «Бүркіт» атты шығармасының жанрын очеркке жатқыза зерттеушілер бар. Бұл туындының очерктік сипаты болғанымен, көркем әңгіме деңгейіне жеткізілгенін айтуымыз керек. Қаламгердің этнографиялық мәліметтерді дәл жеткізу ниетінен туындап жатқан публицистік стиль бедері – оның әңгімелерінің негізгі ерекшеліктерінің бірі. Этнографиялық прозаны біршама әдебиеттанушылардың беллетристика деп қарастыру керектігі шығармашылықтағы осындай сипаттардан туындап жатады.

Қазақ прозасындағы этнографизмнің қалыптасуына халық өзіндік өмір сүру салты мен дағдыларына қатысты жазылған очерктермен қатар жекелеген жазушылардың қалыптастырған дәстүрін айрықша атап өтуіміз қажет. XX ғасырдың 20-жылдары ұлттық прозаны эстетикалық тұрғыдан байытқан М. Әуезов пен Б. Майлин шығармалары қазақ салт-сана көріністерін поэтикалаудың үздік үлгілері болды.

М. Әуезовтің «Сыбанның моласында», «Текшенің бауырында» деп аталатын туындыларынан тұратын «Қыр әңгімелерінде» дала заңдарымен өмір сүретін адамдардың жортуылды өмірінің эпизодтары суреттеледі. Көшпенділер тіршілігі, дала романтикасы – суреткер шығармашылығының өне бойынан маңызды орын алып, үнемі қайырылып келіп отыратын тақырып. Сахара өмірінің өзіндік сәні, қайталанбас өмір салтын, кең өлкені еркін кезген дала қазақтарының аңғал да батыр мінезін, өршіл рухын М. Әуезов ерекше құштарлықпен, көтеріңкі пафоспен бейнеледі. Кезінде Е. Лизунова: «Әуезовтің ерте кезеңдегі әңгімелерінде дала, ауыл өмірінің суреттері, көне салт-дәстүрлер ешқашан идеалдандырылмаған. Оның прозасындағы табиғат қашан да қатал,

әрдайым қаһармандар сезімімен үйлесімде немесе драмалық жағдайларды әбден даралау үшін қарама-қарсылықта алынады. Боран, жел көп жағдайда ескі әлемнің қатыгездігі ретінде көрінеді... Алғашқы кезеңдегі Әуезов шығармашылығының эмоционалдық бағдары осы әлемнің келешегінің жоқтығы, халықтың адамгершілік ахуалына қайшылығы, оның адамдық болмысқа қарама-қарсылығы (античеловечен) және шексіз қасірет әкелушілігі турасындағы ойға жетелейді» [73], – деген мүлде ұшқары пікір айтқан болатын. Маркстік-лениндік әдіснама тұрғысынан жасалған бұл тұжырым этнографиялық материалдар негіз болған суреткер шығармаларының табиғатын жете бағамдамаудан туындап жатты. Яғни қалай да қаламгерді социалистік реализм қалыбынан шығармауды көздеді. Осындай еуропацентристік көзқарас ұлы жазушы шығармаларындағы ұлттық құнарды, ұлттық дүниетанымның астарлы қырларын терең сараптауларға мүдделілік танытпағанының тағы да куәсі боламыз. Бұл орайда зерттеуші Ж. Жарылғаповтың мына тұжырымы орынды деп санаймыз: «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Сөніп-жану» («Заман еркесі»), «Кім кінәлі» әңгімелері жазушының Ташкентте жүрген кезінде жазылып, туған елден жырақтағы адамның сағынышқа толы көңіл күйінен хабар береді. Қырдағы елдің қызығы басылмайтын қызу тірлігі, кең даланы еркін кезген ерке ұландардың жортуылға толы өмірі, аңшылық құрып, серілікпен күн кешкен өрендері, қыз алысып, қыз берісіп жататын ауыл арасындағы дырдулы думан, жасыл жайлау, салқар көш бәрі-бәрі алыста жүрген жас Мұхтарға айрықша шығармашылық көңіл-күй қалыптастырды деп айта аламыз. Дала образы, қырдағы ел тұрмысына деген сағыныш Әуезов шығармашылығындағы романтизм желісін қалыптастырды. Қаламгердің халықтың өткен дәуреніне деген іш тартушылығы «Зар заман» ақындарыныңкіндей таза күйіндегі консервативті романтизм болмағанымен, дала өмірінің өзіндік тыныс-тіршілігін идеалдандыру сарыны бой көрсетіп отырады» [74] «Қыр әңгімелері», «Қыр суреттері» туындыларының желісі 1925 жылы «Таң» журналында жарияланған «Бүркіт аңшылығының суреттері» әңгімесінде жалғасын тапқан. Ал қаламгердің «Сөніп-жану» әңгімесіндегі Сыздық пен «Бүркіт аңшылығының суреттеріндегі» Сыздық арасында логикалық байланыстар автордың сол жылдардағы шығармашылығындағы этнографиялық құндылықтардың қаншалықты көркемдік-идеялық мәні болғандығын дәлелдейді. «Сөніп жануда» Сыздық бір қыс ауылда тұрақтап, дала романтикасына беріледі. Осы кезеңде Сыздықтың жылқышылар қосына түнеп, аңшылық қызығына берілетін суреттер барынша қанық бояулармен ұсынылады.

«Бүркіт аңшылығының суреттерінде» баяндалатын оқиға бейнеленетін кейіпкерлер, суреттелетін пейзаж тым әсірелеусіз, реализм арнасынан шығып кетпеген. Ақшегірдің аңға түскен қимыл-әрекеттері де нақты, бүркіт сынды құстың бар мүмкіндігінен әрі асырылмаған. Дегенмен де реалистік суреттеулер шығармадағы романтикалық пафосты, мәтін астарындағы романтикалық идеалды солғындата алмайды. Авторлық тенденция, жеке дүниетанымға негізделген идея бүркіт образына тікелей байланысты» [74, б. 127], – деп жазады Ж. Жарылғапов. Дала қазағының аңшылық өнерінің жазушы шығармашылында

алатын орны турасындағы Г. Елеуенованың «Әуезов поэтикасындағы бүркіт – халықтың қашанғы мінезін танытушылардың бірі, негізінен образ, алайда көпқырлы, әрдайым күтпеген, оқыс тұстарда беріледі. Көбінесе ол – романтикалық жинақтау қызметін атқаратын метафора» [75],- деген пікірі де бүркіт образының терең символикалық мән иеленгенін дәлелдей түседі. «Қараш-Қараш оқиғасы» және «Қилы заман» шығармаларындағы ұлт болмысын айшықтайтын этнографиялық көріністер жазушының адам мен қоғам, адам мен табиғат қарым-қатынасы жөніндегі идеялық-философиялық концепциясын беруде үлкен маңызға ие болады. М. Әуезов фольклорлық-этнографиялық сарындар желісін кеңестік идеологияның қыспағы анағұрлым қаттырақ сезіле бастаған 30-жылдардағы әңгімелерінде де жалғастырады. «Тас түлек, «Іздер», «Шатқалаң» сынды әңгімелерде халықтың дәстүрлі өмір салтының дәуір өзгерістеріндегі бейнесіне ден қояды. Әсіресе «Бүркітші» әңгімесіндегі Бекбол образы – қазақтың құсбегілік өнерінің қыры мен сыры, аңшылық өнердегі ұлттық өзгешеліктерді бойына жинақтаған бейне. «Тіпті 1937 жылы жарық көрген «Бүркітші» әңгімесі мүлде басқа тақырыпқа, социалистік өмірге бейімделуді бастаған ауылға арналғанымен, кәрі аңшы Бекбол бейнесі – ұлттық өмірдің ең жарқын қасиеттерін бойына жинақтаған адам. Оның мінездік болмысындағы далалықтарға тән дарқандық пен қырағылық талайдан келе жатқан кәнігі серігі Қызылбалақ пен «әрдайым томағасын қағып түсіріп, жарық дүниені жалаң бас күйде көргісі келетін» Қаракер сияқты қырандардың мінезімен астарланады. Қаламгер дала қыраны арқылы шексіз еркіндікті символдай отырып, дала қыранының тағдырын кешкен Бақтығұл сияқты («Қараш-Қараш») образдар жасауға келді.

Адам мен табиғат тәрізді күрделі философиялық мәселеге бара отырып, жазушы өзін дала тірлігінен, түз өмірінен бөле-жарып қараған жоқ. Өзінің кіндік кескен өлкесінің табиғаты – суы, нуы, тауы, қыраны, өркениет дүрлігісінен алыс дала болмысы, оның адамдары – қашан да шығармашылық шабыт пен құштарлық туғызып отырды [74, б. 128], – деген тұжырым да дәстүрлі ментальдік пен оның көркемдік бейнелерінің ара қатынасын ғылыми зерделеуден туындап отыр.

М. Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен желі тартып, кейін «Абай жолы» сынды эпопеяда жалғасын тапқан этникалық жадты, дүниетанымдық архетиптерді бейнелеудің мысалдары қазақ прозасындағы этнографиялық көріністерді көркем кестелеудегі мықты дәстүр болып орнықты.

Ауызша әдебиеттен ұлттық жазба әдебиетке өту барысында, эпикалық проза жанрын игерудегі тарихи маңызы үлкен туындылар – М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», М. Кәшімовтің «Мұңлы Мариям», С. Көбеевтің «Қалың мал», С. Торайғыровтың «Қамар сұлу» сияқты алғашқы романдық үлгілерде қазақ халқына етене этнографиялық суреттердің көрінісі болғанымен ол мүлде басқаша көркемдік мақсаттарда қолданылды. Ұлттың салт-санасындағы қалыптасқан құндылықтары жеке тұлғаның азаттық аңсары, шексіз бостандығы мен трагедиясына контраст ретінде алынды. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінде өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік

заңдылықтармен ымыраға келе алмайтын, рухани еркіндікті аңсаған Жамал, Ғайша, Қамар сынды жаңа тұрпаттағы кейіпкерлер келді. Яғни қоғамдық-әлеуметтік факторлар алдыңғы қатарға шығып, фольклордың эпикалық үлгілеріндегі этнографиялық суреттердің бояуы солғындағанын аңғарамыз. Жазушылар үшін ең бірінші кезекте ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында орын алған объективті оқиғаларды бейнелеу тұрды. Десек те М. Дулатов, Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов, С. Көбеев, М. Жұмабаев, Б. Майлин сынды қаламгерлердің прозалық туындыларында этно-фольклорлық мотивтердің ішінара қолданысын мүлде жоққа шығаруға болмайды.

Б. Майлин мен Ж. Аймауытовтың туындыларында халық өмірінде әбден тұрақтап қалған ғұрыптық сипаттар мен көне танымдардың көрінісі натуралистік тұрғыда бейнеленіп жатады. Мәселен, Б.Майлиннің «Айдарбек», «Талақ» әңгімелерінде тұрмыстың нақты ұсақ детальдарына маңыз беру арқылы тұрмыстың фактографиялық суретін, калориті бұзылмаған ел өмірін беруге бейім. Ал Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесіндегі адам болмысын биологиялық-физиологиялық тұрғыдан қарастыратын натуралистік бейнелеу тәсілдері қыр тұрмысындағы айрықша дәстүр – қалыңдық ойнаумен тығыз байланысты алынады. Байдың қызы Шәмшидің күйеуінің келуіне орай ұйымдастырылған қызойнақ оқиғасы – этнографиялық нарративтің айқын көрінген тұсы. Позитивістік генетизмге тән натуралистік идея халық өмірінің этнографиялық қырларына мән беру арқылы ашылады.

Кеңестік империя тұсындағы ұлтқа жасалған геноцид, мәдени экспансия және ассимиляциялық саясатты жүзеге асырған тоталитарлық жүйе этностық-белгі-сипаттардың әдебиетте жан-жақты бейнеленуіне шектеу жасағанын, кейбір кезеңдерде мүлде тыйым салғанын да білеміз. ХХ ғасыр басындағы күрескерлік рух, Алаш идеясы, түрікшілдік сарындар толығымен тұншықтырылғанымен, 1940-50 жылдар поэзиясында Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, Ә. Тәжібаев, Ж. Молдағалиев, Ж. Нәжімеденов, Қ. Мырза Әли, М. Мақатаев т.б. шығармашылықтарында халықтың өмірлік тәжірибесімен қалыптасқан ұлттық құндылықтар тақырыбының поэтикалық мүмкіндіктері көрініп отырды. Алайда 40-жылдарда болған репрессияның екінші тоқыны бұл үрдістің тежелуіне де әкелді. Ал бұл тарапта проза жанрындағы ізденістер қоғамдық ойға қозғау салына бастаған «жылымық кезеңде» жандана бастады.

Ғ. Мүсіреповтің «Этнографиялық әңгіме», «Жат қолында», «Ұлпан» шығармаларындағы образ табиғатының этнографиялық көріністер мен детальдар арқылы ашып көрсетілуі, С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романындағы салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүр құбылыстарын егжей-тегжейіне дейін дәл суреттелуі прозадағы этнопоэтиканың маңызды белестері болып қалмақ.

Қазақ халқының этнографиялық құндылықтары өнер тақырыбында жазылған туындылардың басты көркемдік компоненті болды. Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінен бастап, Ғ. Мүсіреповтің «Атақты әнші Майра», С. Мұқановтың «Балуан шолақ», Т. Ахтановтың «Алғашқы ән», С. Жүнісовтің «Ақан сері», З. Ақышовтың «Жаяу Мұса», Ә. Әбішевтің «Найзағай»,

Д. Әбіловтің «Ақын арманы», Ә. Кекілбаевтың «Күй», Т. Әлімқұловтың «Телқоңыр», А. Сүлейменовтің «Адасқақ» т.б. туыныларында өнер адамдары қоғамдық-мәдени субъект ретіндегі болмысын мүсіндеді. Аталмыш шығармаларда дәуірдің рухани бейнесі қазақ ұлтына тән этникалық менталитетпен тығыз байланыста суреттеледі. Бұл шығармалардан фольклорлық баяндау үлгілері де, мифтік стилизация тәсілдері де ұтымды жүзеге асқанын бағамдаймыз.

Бір сөзбен айтқанда, жиырмамыншы ғасырда жазушылар ұлттық қасиеттер айшықталған әдеби туындыларымен ұмытылуға айналған этнографиялық құндылықтарымызды қайта жаңғыртты. Ата-баба салтына, ғұрпына қан жүгіртті. Соның бір айғағы – О. Бөкейдің «Қамшыгер» әңгімесі. Жазушы бас кейіпкер Садақбай тағдыры арқылы қазақтың байырғы жаугершілік заманынан бері келе жатқан далалық өрлік пен рухқа толы қамшыгерлік қасиеті баяндалады. Этнограф Ж. Бабалықұлы қамшы арқылы жауынан қорғана алатын не жайратып салатын адамдар қамшыгер атанатынын айтады. Бұл ретте жазушы қазақтың соңғы қамшыгерлерінің бірі Садақбай өліміне үлкен көркемдік астар береді.

«...Садақбайдың қарысып қалған күрзідей жұдырығын Қаратайдың мұқым жігіті болып аша алмаған. Қамшысын білемдеп ұстаған күйі, көкпеңбек болып қатып жатыр. Жұмылған жұдырықтың түбіне тақалған тұсынан кесіп, қамшының былайғы жағын алайық деп еді, Қамқа рұқсатын берген жоқ.

– Артында қалған баласы бар ма, қамшы ұстау қатынның ісі емес. Жан досы ғой, бірге әкетсін өзімен, – деді.

Шариғаттың заңы бұзылып, Садақбайдың қамшысы ақиретке өзімен бірге оралды» [76].

Шығарманың сюжеті өрбуге тиісті кеңістікте көңілге суықтық ұялататын экспрессивтік суретпен беру бұл тұста автордың көркемдік мақсатымен орайлас алынады.

Осы айтылған ойдағы сияқты әңгімедегі Түйетас пен оның ығын тасалаған жалғыз үй, аңырап соққан аңызқтың бәрі Садақбайдың мазасыз, жалғызсыраған тірлігінің белгісіндей. Садақбай – ғұмыр-бақи саяқ тіршілік етіп, тек қамшысын ғана адал серігіне балап келе жатқан адам. Өзегі талып ашықса да, осы қамшысына жүгінеді. Жұрттың бәрі де оған адамгершілік келбетіне қарап емес, қамшыгерлік қасиетіне қарап сыйлайтындай. Туындыдағы Садақбайдың характерін ашудағы мына детальдың қызметі айрықша: оның түс көруі, түсінде қамшыдан тамған қаннан сезіктенуі. Өйткені Садақбайдың осы бір қорқынышты түстен кейін мүлдем өзгеріп шыға келгені - оның әлем алдындағы жалғыздығын, аянышты тағдырын сезінгені еді. «Бір төбенің шаңын бір төбеге қосқан нар кескен жылдарын есіне алғаны ма, екі ауылдың арасын қиқулатып, бұғалықсыз асауды құр-құрлатқан жиырма бесім, қайдасың деді ме, тіршіліктің мынау қолындағы қамшысының сабындай келте, сабындай жылпылдақтығын, әрі ермен шөптей ашылығын ойлады ма, құйрық-жалсыз жалғыздығын енді ғана сезді ме. Ол ішек-қарны ақтарыла, қатты аса қысастықпен еңкілдеп жылап жіберді. Жылап тұр. Сыңар аяғына ғана сүйеніп еңіреп тұр» [76, б. 327]. Бұл – Садақбайдың кешкен өмірінің ешкіммен жұғыса алмай жападан-жалғыз жортқан

күйі өте барғанын ойлап күйзелгені-тұғын. Ол - өзінің адамдар ортасынан жатсынып кетуінің сырын ұға алмай дал болып, қамшыдан басқа сүйенері табылмаған жан. Әңгіме Садақбайдың қарысып қалған қолындағы қамшымен бірге жерленуі арқылы шешім табуы кейіпкер бойындағы асқан күйзелісті берудегі көркемдік амал болып табылады. Жазушының қазақтың өзімен бірге жасап келе жатқан қамшыгерлік өнердің де Садақбаймен бірге жерленентінін меңзейді.

Аталмыш кезеңде ұлттық дара қасиеттер мен өзіндік болмысын танытатын сюжеттер тек трагифарстық тұрғыда бейнелене берген жоқ. Ғұрып салтымыздағы ерекшеліктерді романтикалық ыңғайда бейнелей отырып, шығарманың экспрессивті бояуын қалыңдату, ұлттық характерді терең бейнелеу үшін алынатын мысалдар да жеткілікті. Мәселен, Н. Қазбековтің «Көкжал» әңгімесінде ат баптау, қыз ұзату сынды ұлттық дәстүр шығарма шырайын арттырса, «Шілдеhana» әңгімесінде қазақтың ұмытылуға айналған «ат қояр» сипатындағы ғұрыптық салты баяндалады.

Ұлттық болмыстағы ұлттық құндылықтарға жазушылық шеберлікпен бойлау - ерекше дарын иелеріне ғана тән қасиет. Т. Әлімқұловтың «Кертолғау» кітабындағы әңгімелері ойлы оқырманын ұлттық руханияттың қайталанбас әлеміне жетелеп, Тәттімбет («Сарыжайлау»), Ықылас (Қаралы қобыз), Ақан сері (Көк қаршыға) бейнесін сомдаудағы шеберлігіне қанықтырады.

«Сары сыбызғы» әңгімесінде ұлттық аспаптарға «Сайрағыш құстың кішкентайы бұлбұл болса, сайрағыш аспаптың шағыны – сыбызғы. Бұлбұл әнін естірткенмен, бойын көрсетпейді. Сыбызғы да сыңсуын естірткенмен, өзі жасырынады. Десек те, көмейден шыққан үннің төркіні – егіз.

Дауыл соққанда ұлардай шулап, сеңдей соқтығысатын қамыстан шыққан текті сыбызғы сегіз қырлы, бір сырлы. Оның тілін түсінуге аса үлкен ынта мен зейін керек. Бұлақтың сылдыры мен орманның сусылын және күрсінген көлдің үндерін титтей заттың өз бойына қалайша сіңдіргенін білетін жандар аз. Ұлы даланың сыбызғыша сыңсып тұратын сырлы үнін еститін құлақ одан да аз. Шіркін, сыбызғы-ай! Тырнаның тыруын менсінбей, аққудың әнін еншілеген сабаз-ай» сипатындағы ғажайып этнографиялық анықтамалар асқан дәлдікпен беріледі [77].

«Қош бол, Абсент!» әңгімесіндегі киелі жануар жылқыны танудағы қазақтың атбегілік өнері келістіре бейнелейді. «Ақын ойланып тұр. Төрт түліктің ең ақылдысы жылқы болса, жылқының ең ақылдысы – бишісі. Екі аяқтының өзі биден шатасса, төрт аяқты шатаспайды. Адамнан музыканы артық түйсінетін жылқы бар. Бағы заманға көз жетпесе, бертіннің өзінде Тәттімбеттің ақбоз аты домбыраның сазына орай би билегені белгілі. Әнші Балуан Шолақтың аты қаңтарусыз тұрса, одан асқан әнші Ақан серінің қосалқы аты соңынан қалмай еріп жүрген. Атақты Мақпалқара сол. Мәскеуде көргенде мынау Абсент те мақпалдай қара еді. Бұл күнде қаракер тартыпты. Құлынында қызыл болғанын, одан қызыл-күрең, одан алқара көк тартып, мақпалқараға айналғанын кәнігі маманнан естіген. Бұл күндері қаракерлігіне қарағанда тарлан ашпастың тұқымынан. Тарлан ашпаса, бұл туғаннан бәйгеге жарамай бишілікке жаралған.

Ақын осылай сезінеді. Оны қинайтын бір жұмбақ Абсенттің тұлғасы – тұлпардың тұлғасындай. Жотасы түп-тұтас, басы қагілез, құлағы үшкір, жібек жал, құлан-құйрық, бота тірсек, құйма тұяқ. Танауы қандай жануардың! Қанша шапса шаршатпайтын шелек-танау!» [77, б. 204].

Этнографизмдер – ұлттық нақышты танытатын, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді айқындайтын көркем әдебиеттің ажырағысыз бөлшегі. Ұлттық құндылықтардың қасиетін ел тарихы, ата дәстүрімен органикалық бірлікте ашып көрсету – А. Сүлейменовтің «Бесін», «Қара шал», «Ақ кемпір» туындыларының басты көркемдік нәрі. А. Сүлейменов қолданысындағы көнерген сөздер мен этнографизмдерді қарастырған зерттеушілер жазушы прозасында бүгінде ұмыт болып, сирек айтылатын жастардың бас қосуы және ойын атаулары кездесетінін айтады [78]. Қаламгер ұлттық нақышты танытатын тілдік бірліктерді пайдалана отырып, кейіпкердің мінез-құлық ерекшелігін, психологиялық өзгешелігін шебер көрсеткенін түйеді.

Р. Сыздықова «Асқар Сүлейменов «Бесін» талдауында: «Теңеу – таным нәтижесі. Сондықтан теңеулердің дені этнографиялық, ұлттық сипатқа ие. Айталық, Төрехан өз жасын саба түбі сарқындыға теңесе, орыс империясының төресін ширатылған су сіңді қыл шылбырға балайды, автор Төреханды тай сабаға, баласы – Сәруарды құла қайың тегенеге теңестіреді. Бұл теңеулердің барлығы да қазақ өмірінен, қазақ дүниетанымынан алынған. Авторда қисынсыз, жасанды теңеулер кездеспейді. Демек, халқы үшін жан пида етіп отырған әке мен баланың көзімен баяндалған әңгімеде теңеу, салыстыру, дүниетаным дегендер нағыз ұлттық болып ұсынылған» [79], – деп жазады.

Қазіргі қазақ прозасының даму үрдісіне әдебиет пен мифтің өзара сабақтастығы, мифтік танымның көркемдік ойлау жүйесінде жаңғыруы тән. Зерттеуші Г. Балтабаева тәуелсіздік кезеңіндегі повесть, әңгіме жанрындағы фольклорлық символдардың (бөрі, ағаш, мұсылмандық, әлеуметтік символика) мен сарындардың (түс көру, аян беру мотивтері, үй мотиві, жалғыздық, айқай, айна, өлім концепті, т.б.) қайта жаңғыру, түрлену заңдылықтарын қарастырып, прозалық туындылардағы әлеуметтік символиканың (қасқыр-бөрі бейнесі, ағаш символикасы, ұлттық аспаптар: қобыз, домбыра символы, т.б.) ұлттық идеяның өзекті мәселелерін көтерудегі көркемдік қызметі айқындаған болатын [80].

Осы тұрғыдан алғанымызда, М. Мағауиннің «Қисық ағаш», «Қос ағаш», «Қасқыр - Бөрі», Н. Дәутайұлының «Айғыркісі», Р. Отарбаевтың «Бас», «Бәйтерек», С. Асылбекұлының «Атажұрт», Ж. Қорғасбектің «Қасқыр адам», Ә. Асқардың «Өр Алтай мен қайтейін биігіңді», Д. Рамазанның «Арғымақ», «Көкжал», А. Алтайдың «Алтай элегиясы (Қызыл бөлтірік)», «Қарабура», «Қызыл бөлтірік», «Кентавр», «Алтайдың алқызыл модағайы», Т. Әсемқұловтың «Кәрі ат», «Кәрі күйші», «Көкбалақтың өлімі», «Талтүс», «Тәттімбет сері», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы», «Теріс ағаш», Қ. Түменбайдың «Адамның тууы», Ә. Салықбайдың «Құлыптастың киесі», Д. Әшімханұлының «Зауал», М. Айымбетовтің «Қара шаңырақ», «Адыраспан», Т. Әбдікұлының «Көк терек», Ы. Дәбейдің «Жылқы атылған жаз», Қ. Түменбайдың «Қобыз мұңы»,

Б. Қанатбаевтың «Ескі жұрт», Т. Шапайдың «Домбыра», С. Сағынтайдың «Тұмақ елесі», Қ. Бегмановтың «Этнографпен әңгіме» шығармалары атажұрт, ұлттық құндылықтар, ұлттық ұғымның рәміздік мәні, мифтік сана, архетип, символика, тотемдік ұғымдар, жылқы культі, адам мен табиғат үйлесімі сан қырынан суреттелуімен құнды. Олардан дәстүрлі реалистік әдебиет стилімен қатар мифопоэтикамен үйлесетін шығармашылық ізденістерді аңғарамыз.

Аталған туындылардың «Қасқыр – Бөрі», «Бәйтерек», «Атажұрт», «Көкжал», «Алтай», «Кентавр», «Қара шаңырақ», «Ескі жұрт», «Қобыз мұңы», «Домбыра» деген атауларынан ұлттық қастерлі ұғымның, ұлттық құндылықтардың рәміздік белгілерін айқын аңғарамыз. Шығармалардың тақырыптық-идеялық өзегі ұлттық идеямен тамырласып, этнографиялық штрих, детальдармен көмкеріліп отырады. Отаршылдық дәуір қыспағында, коммунистік жүйе қысымында мұқалмаған ұлттық таным әдебиетіміздің күретамыры болып қала берді. Этнография кең мағынасында халықтану, ұлттану туралы ілім десек, халықтың түп-тамырын, тұрмысы мен мәдениетін, діні мен ділін тануда ол әдебиеттің көркемдік-эстетикалық жүйесін арттырудағы байырғы қызметінен ажыраған емес. Уақыт өткен сайын, ғаламдасу қарқын алған сайын әдеби үрдістегі этнографиялық бағыт күшеймесе әлсірмейді.

Көркем әдебиеттің фольклормен байланысын оның тек этно-генетикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи-әлеуметтік тұрғыдан біртұтас бірлікте қарастырған дұрыс. Көне анимистік, тотемдік ұғымдардың дамуы аталар аруағына табыну, қастерлеу, кие тұтуы ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері сөз болып келеді [81]. Бағзы дәуірлерден келе жатқан қанға сіңісті ғұрыптық наным-сенім, дәстүрді ұғым-түсініктердің адам өміріндегі маңызы жойылмақ емес. Этнографиядағы символдық және мифологиялық қолданыстың қазіргі қаламгерлер шығармашылығында көрініс тауып жатуы заңдылық. Оған мысал – Т. Әбдікұлының «Көк терек» әңгімесі. Шығармада қазақи пейілдің дағдарысқа түскен сәтін аңғарту арқылы ұлттың өзекті мәселесін қозғайды. Туған жердің киесін сақтап, дәстүр мен салттың сақтаушысы болып отырған ауыл карттарының образына терең мағына береді.

Өнерді кие деп білген халқымыз өнердің небір ғажайып түрлерін тудыратын тұлғаларын қастерлей білген. Қазақ тұрмысындағы күйшілік, ұсталық, зергерлік өнерінің мәлім де беймәлім қыр-сырына сөз өнері арқылы жан бітіру – Т. Әсемқұловтың «Тал түс» туындысының негізгі ерекшеліктерінің бірі. Шығармадағы басты тұлға дәулескер күйші Сабыт бойынан қыр перзентіне тән даналық, бекзаттық, тереңдік еседі [82]. Серінің ерекшелігін ашып көрсетуге құрылған диалог-репликаларын авторлық ремаркалар көмкеріп тұр. Өзге жұртқа таңданыс тудырған бейнені бір көруге ұмтылыс пен ынтызарлық арқылы автор орта мен тұлға қарым-қатынасын аша білген.

Қорыта айтқанда, этнографиялық материалдарды көркемдік-идеялық мақсатта пайдалану жолында поэтикалық тұрақты элементтер қалыптасты. Бұл сипат ұлттық шеңбердегі сөз өнерінде анық көрініс береді. Неге десек, сол ұлттың, халықтың тек өзіне тән дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы, ғасырлар бойы жетіліп, белгілі бір ауқымда тұрақтап қалып отырады. Мәселен тілдің

стильдік, бейнелілік қасиеттері көп өзгеріске түсе бермей, түрлі уақыт шеңберінде бірқалып сақтайды. Қазіргі әдебиеттану ғылымында қазақ прозасын ішкі жанрлық ерекшеліктерге ғана сай салмақтамай, оны қазақ халқының фольклорлық мұралары мен эпикалық туындылар арасындағы сабақтастыққа да қарап саралау дәстүр ұғымының өте кең көлемде екенін ескергендік болып саналады.

1-бөлім бойынша тұжырым

Көркем әдеби-шығармашылық үдерістегі ұлттық-этнографиялық құндылықтар генезисі мен проза поэтикасындағы орнын зерттеу барысында мынадай тұжырымдарға келеміз;

– ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркем игерілуі көне түркі дәуіріндегі әдеби жәдігерлерден, фольклорлық үлгілер мен жыраулар поэзиясынан бастау алады;

– XIX ғасыр әдебиетінде этнографизмдер түрлі көркемдік-эстетикалық арнада дамыды. Абай Құнанбайұлы, Ыбырай Алтынсарин өздерінің шығармашылық ізденістерінде дәстүрлі фольклорлық және этнографиялық үлгілерді арқау етті. Абайдың жыл мезгілдері, саятшылыққа арналған лирикасы, Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясындағы» әңгімелері ұлттық дүниетаным, ұлттық болмыс табиғатынан туындайды. Абай туындыларының этнографиялық лексикасы халқымыздың XIX ғасырдың екінші жартысындағы заттай және рухани мәдениеті көшпелі тұрмыс салтындағы кейіп-кескінінің көркем көрінісі;

– XX ғасыр басындағы көркемдік даму этникалық жадты, дүниетанымдық архетиптерді, ментальды ерекшеліктерді прозалық жанрда бейнелеудің дәстүрін қалыптастырды. Қазақ прозасының алғашқы көлемді үлгілері ұлттық этнографияның көркемдік қызметін айқындауға мүмкіндік береді.

М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ш. Құдайбердіұлының «Әділ мен Мария» романдарында ұлттық салт-дәстүрдің этнографиялық мәнінен гөрі әлеуметтік жүгіне екіпін жасалса, Б. Майлиннің әңгімелері мен Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» повесі қазақ тұрмысының этнографиялық сипаты натурализммен ұштастырылады;

– көркем мәтіндегі этнографизмнің әртүрлі мөлшерде пайдаланылуы жанрлық құрылымдарға да әсер етті. Этнографиялық очерк пен эссе публицистика жанрының шегінен шығып, прозаның көркемдік элементтерін иелене бастады;

– этнографиялық құрылымдардың көркем проза қабаттарына ену диалектикасында М. Әуезов шығармашылығы – ең маңызды феномен. Жазушы туындылары ұлттық құндылықтарды реалистік арнада суреттеуімен ерекшеленеді. Жазушының этнографиялық терең қатпарларға толы көркемдік-эстетикалық танымы анималистік прозамен тығыз байланысты. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясы – ұлт даралығын көркем кестелеудің классикалық үлгісі;

– автобиографиялық прозаның үлгілері С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғ. Мұстафиннің «Көз көрген», Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» романдары –

ұлттық құндылықтар, ұлттық тәлім-тәрбие, отбасылық әдет-ғұрып тағылымын этнографиялық тереңдікпен толғаған көркем туындылар;

– қазақ халқының этнографиялық құндылықтары өнер тақырыбында жазылған туындылардың басты көркемдік компоненті болды. Ж. Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінен бастап, Ғ. Мүсіреповтің «Атақты әнші Майра», С. Мұқановтың «Балуан шолақ», Т. Ахтановтың «Алғашқы ән», С. Жүнісовтің «Ақан сері», З. Ақышовтың «Жаяу Мұса», Ә. Әбішевтің «Найзағай», Д. Әбіловтің «Ақын арманы», Ә. Кекілбаевтың «Күй», Т. Әлімқұловтың «Телқоңыр», А. Сүлейменовтің «Адасқақ» т.б. туыныларында өнер адамдарын қоғамдық-мәдени субъект ретіндегі болмысын мүсіндеді. Аталмыш шығармаларда дәуірдің рухани бейнесі қазақ ұлтына тән этникалық менталитетпен тығыз байланыста суреттеледі. Сонымен қатар тарихи тұлғалар, ұлт мәдениетінің айтулы өкілдері ғұмырынан жазылған Ә. Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы», «Махамбеттің жебесі», Д. Әбішевтің «Сұлтанмахмұт», А. Нұрмановтың «Құланның ажалы», Ә. Әбішевтің «Мәди», Ж. Молдағалиевтың «Алғашқы қоңырау», Т. Әлімқұловтың «Сарыжайлау», «Қаралы қобыз», М. Тиесовтің «Қаз дауысты Қазыбек», Б. Аманшиннің «Махамбеттің тағдыры», Н. Әбуталиевтің «Сегіз сері», Қ. Исабаевтың «Шоң би», М. Есламғалиевтің «Әйтеке би» шығармалары этнографиямен сабақтас елтану, ұлттану, тұлғатануда маңызды қызмет атқарып келеді;

– тарихи сананы жаңғыртуда, тарихи шындықты көркем шындыққа айналдыруда ұлт құндылықтарын поэтикалауға маңыз берген І. Есенберлиннің тарихи тақырыптағы романдары әдеби үрдіске серпін берді. М. Мағауиннің «Аласапыран», Д. Досжановтың «Жібек жолы», Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң», Ә. Әлімжановтың «Жаушы», Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш», Х. Әдібаевтың «Отырардың күйреуі» романдарының құрылымында этнографиялық нарратив күшейді;

– 1970-80 жылдардағы әдеби үдерісте этнография мен фольклордың көркемдік интерпретациясы әртүрлі шығармашылық міндеттер көздеген жазушылардың шешіміне қарамастан, ортақ стильдік көрініс ретінде танылады. Бұл құбылыстарды жанрлық-стистикалық факторлармен түсіндіре отырып, бірқатар қаламгерлердің фольклорлық-этнографиялық элементтерді қолданудағы ортақ үрдістерді анықтай аламыз. Әдеби дамудағы дәстүр жалғастығымен қазақ прозасында этнографизмдер қазақ ұлтының қилы тарихын, рухани өмірін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, ұлттық бірегейлігінің сақтаудағы этномәдениетімен ұштастырыла суреттеліп отырды.

Оған Б. Соқпақбаевтың «Бурыл ат», «Әжесінің баласы», «Бір қалта құрт», Т. Ахтановтың «Дала сыры», А. Сатаевтың «Дала күйлері», С. Мұратбековтің «Қыран құс көк жүзін шарлап кетті (Үрміз қарттың әңгімесі)», «Жусан исі», О. Бөкейдің «Қамшыгер», Т. Әлімқұловтың «Күйші», «Қош бол, Абсент!», Д. Досжановтың «Көкпар», «Қымыз», «Бәйге», М. Мағауиннің «Тазының өлімі», «Көкбалақ», «Жүйрік», «Сұр-көжек аттың соңғы шабысы», Ә. Кекілбаевтың «Күй», «Бәйгеторы», «Шыңырау», Қ. Жұмаділовтің «Сары жайлау», «Сәйгүліктер», «Атамекен», С. Санбаевтың «Ақ аруана», Д. Исабековтың

«Гауһар тас», Т. Төлеухановтың «Соңғы сері», Т. Жармағанбетовтің «Отамалы», Н. Қазбековтің «Көкжал», «Шілдеhana», С. Досановтың «Аруана», К. Сегізбаевтың «Соңғы шабыс», С.Балғабаевтың «Шөл», Ә.Сарайдың «Бозқырау», К. Жүністегінің «Қоңыр құлжа», Ө. Кәріпұлының «Саятшы», Т. Нұрмағанбетовтің «Ата қоныс», «Туған ауыл түтіні», Д.Әшімханұлының «Жер аңсаған сары атан», Т. Мәмесейіттің «Аңшының соры», Т. Майбастың «Керат» шығармалары дәлел болып табылады. Аталған туындыларды тақырыптық өзегі, көркемдік-эстетикалық жүйесі сан алуан болғанымен, оларды ұлттық құндылықтар, ұлттық бірегейлік сынды мәңгілік сарын тоғыстырады деген қорытынды жасауға болады. Атап айтқанда, күй, күйші құдіреті М. Мағауиннің «Көкбалақ», «Жүйрік», Ө. Кекілбаевтың «Күй», Т. Әлімқұловтың «Қаралы қобыз», «Күйші», жылқы культі, аңшылық өнер, сал-серілік қасиет Б. Соқпақбаевтың «Бурыл ат», Ө. Кекілбаевтың «Күй», «Бәйгеторы», Қ. Жұмаділовтің «Сәйгүліктер», Т. Әлімқұловтың «Сарыжайлау», «Қаралы қобыз», «Күйші», «Қош бол, Абсент!», К.Сегізбаевтың «Соңғы шабыс», К. Жүністегінің «Қоңыр құлжа», Ө.Кәріпұлының «Саятшы», Т. Мәмесейіттің «Аңшының соры», Т. Майбастың «Керат», Т. Төлеухановтың «Соңғы сері» шығармаларында табиғат тылсымы, ата қоныс киесі, ұлттық рух, ұлттық өнер Т.Жармағанбетовтің «Отамалы», Д.Исабековтің «Гауһар тас», А. Сүлейменовтің «Бесатар», «Қара шал», «Ақ кемпір», Н. Қазбековтің «Көкжал», «Шілдеhana», С. Досановтың «Аруана», С. Балғабаевтың «Шөл», Ә. Сарайдың «Бозқырау», Т. Нұрмағанбетовтің «Ата қоныс», «Туған ауыл түтіні», Д. Әшімханұлының «Жер аңсаған сары атан» шығармаларын даралайтыны тұжырымдалды;

– қазіргі қазақ прозасында фольклорлық баяндау үлгілері де, мифтік стилизация тәсілдері кеңінен қолданыла бастады. Әдебиет пен мифтің өзара сабақтастығы, мифтік танымның көркемдік ойлау жүйесінде жаңғыруы тән екенін көреміз. Тәуелсіздік кезеңіндегі повесть, әңгіме жанрындағы фольклорлық символ, сарындардың қайта жаңғыруында этнографизмдердің маңызы зор. М. Мағауиннің «Қисық ағаш», «Қос ағаш», «Қасқыр - Бөрі», Н. Дәутайұлының «Айғыркісі», Р. Отарбаевтың «Бас», «Бәйтерек», С. Асылбекұлының «Атажұрт», Ж. Қорғасбектің «Қасқыр адам», Ө. Асқардың «Өр Алтай мен қайтейін биігінді», Д. Рамазанның «Арғымақ», «Көкжал», А. Алтайдың «Алтай элегиясы (Қызыл бөлтірік)», «Қарабура», «Қызыл бөлтірік», «Кентавр», «Алтайдың алқызыл модағайы», Т. Әсемқұловтың «Кәрі ат», «Кәрі күйші», «Көкбалақтың өлімі», «Талтүс», «Тәттімбет сері», Н. Ораздың «Жылқының көз жасы», «Теріс ағаш», Р. Мұқанованың «Сарқаншық», Қ. Түменбайдың «Адамның тууы», Ө. Салықбайдың «Құлыптастың киесі», Д. Әшімханұлының «Зауал», М. Айымбетовтің «Қара шаңырақ», «Адыраспан», Т. Әбдікұлының «Көк терек», Ы. Дәбейдің «Жылқы атылған жаз», Қ. Түменбайдың «Қобыз мұңы», Б. Қанатбаевтың «Ескі жұрт», Т. Шапайдың «Домбыра», С. Сағынтайдың «Тұмақ елесі» шығармалары атажұрт, ұлттық құндылықтар, ұлттық ұғымның рәміздік мәні, мифтік сана, архетип, символика, тотемдік ұғымдар, жылқы культі, адам мен табиғат үйлесімі сан қырынан суреттелуімен әдеби дамуға серпін берді.

2 АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕК ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨРКЕМДІК ҚЫЗМЕТІ

2.1 Жазушы әңгімелеріндегі өмір шындығы және ұлттық-эстетикалық ұғымдар

Қазақ прозасындағы ұлттық-этнографиялық құндылықтардың өзіндік қалыптасқан көркемдік-эстетикалық жүйесі бар. Ол өзінің бастапқы көркемдік қайнарын фольклор, ауыз әдебиеті, түркі дәуіріндегі әдеби жәдігерлерден алып, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулық поэзия, XIX ғасырдағы жаңа тұрпаттағы әдебиетте түрленді. XX ғасырдағы жанрлық түрленулер, әдеби ағымдар ықпалымен қазақ прозасындағы ұлттық-этнографияның көркемдік қызметі заманауи сипат алды. Көркемдік дамудың эстетикалық қуаты да үлкен маңызға ие [83].

Сөз өнеріндегі көркемдік дамудағы дәстүр ұласуының орны ерекше. «Көркем әдебиеттегі дәстүр туралы сөз бүкіл әдебиеттің тарихымен тығыз байланысты... Дәстүрді қоғам мен уақыт сипаты айқындайды» [84].

«Дәстүрдің дамуы ешқашан толастамақ емес. Оның басты ерекшелігі өткен мен бүгіннің, яғни қалыптасқан дәстүр мен шығармашылықтағы жаңашылдықтың өзара астасуы болса керек. Әдебиет пен өнердегі дамудың қайнар көзі болып табылатын дәстүр мен жаңашылдық үнемі өзгеріс үстінде болады. Сондай-ақ, адам баласының көркем ой мәдениетінің өсу жолындағы дәстүрлік, жаңашылдықтың байланыс сабақтастығының ықпалы эстетикалық қазынасы ғана емес, өнердің тарихи үздіксіз эволюциясын да бейнелейді» [85] деген пікір дәстүр жалғастығының күрделі проблемалық мәселелерін аңғартады.

Шығармашылық ізденісіндегі алғашқы қадамын өткен ғасырдың 70-жылдары бастаған жазушы туындылары өмір шындығын шынайы суреттеудегі реалистік сипатымен, образдар әлемін бейнелеудегі ұлттық болмысымен ерекшеленеді. «Ел өмірін терең зерттеп өскен, алыс ауылдарда малшы, аңшылар ортасында көп болған жас таланттың көргендерін қадағалап, зердесіне түюі, сол арқылы адам мен оны қоршаған ортаның, дала табиғатының сырын ойшылдықпен, сезімталдықпен пайымдауы оны әдебиет әлеміне алып келген-ді» [86].

Ақселеу Сейдімбектің әдебиет әлеміне үлкен дайындықпен, мол жауапкершілікпен келуі заңдылық болатын. Өйткені 1960-70 жылдары қазақ сөз өнеріне келген жаңа толқын социалистік реализм қасандығына шырмалып қалмай, ұлттық және адамзаттық құндылықтарға иек артты. Бұл толқын әдебиетіміздің көркемдік-эстетикалық арнасын ұлттық мүддеге бұрып, халқымыздың сарқылмас асыл қасиеттерін тақырып өзегіне арқау етіп алды. «Әдебиеттанушы ғалымдар мен сыншылар назарын бірден баурап алатын ұлттық әдеби үдерістегі мұндай екпін мен тұтас жанды қозғалыстың бастауын алпысыншы жылдардан алған болатын. Сол уақыттағы белгілі жазушылар қазақ прозасының профессионалды деңгейінің көтерілуіне үлкен ықпал жасады» [87].

Суреткердің 1972 жылы жарық көрген алғашқы «Ақиық» кітабында топтастырылған туындыларына табиғатпен біте қайнасқан қыр перзенттерінің

күнделікті өмір ағысында түрт түлік малымен бірге аңшылықты кәсіп еткен тыныс-тіршілігі, қазақтың қанына біткен аңшылық, саятшылық өнері, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдағы өзгерістер шынайы қалпында беріліп отырады [88]. Ол бірден жазушы шығармашылығының өзіне тән ерекшелігін танытты [89].

Әдеби бағыттардың бірі болып табылатын және жануарлардың бейнелері мен олардың тіршілік ету ортасын сипаттаумен ерекшеленетін анимализм сияқты ұғым бар. Әдеби анималистика орыс әдебиетіндегі ең көрнекті бағыттардың бірі болып саналады. Қазіргі әдебиетте аңдар мен жануарлардың анималистикалық жанры жаңа қырынан көрініс тауып, адам мен жануарлар арасындағы қарым-қатынастың экологиялық маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Әр жануар мен аң-құстардың өзіндік сипаты мен мінез-құлқы бар, сондықтан көркем әдебиетте зооморфтық бейнелер жеке аллегорияға ие екендігін естен шығармауымыз керек. Орыс халқы әдебиетіндегі «Муму», «Природа», «Перепелка», «Собака», «Поучение Владимира Мономаха», «Слово о полку Игореве», «Задонщина», И. Тургеневтің «Записки охотника», С. Аксаковтың «Записки ружейного охотника Оренбургской губернии», Н.Н. Толстойдың «Заметки об охоте», «Война и мир» т.б. шығармаларындағы негізгі мотивтер, ең алдымен рухани-адамгершілік тәрбие жануарларға деген сүйіспеншілік пен қамқорлық, мінез-құлық қалыптастыру болып табылады.

Осындай табиғи, шынайы оқиғалар Ақселеу Сейдімбектің әңгімелерінде де жалғасын табады. Жазушының әңгімелері өзінің көркемдік-эстетикалық бітімі жағынан жазушыны шағын жанрдың майталманы деңгейінде таныта алды. Әңгімелерінің кейіпкерлері өз болмысына сай сомдалып, олардың табиғатын ашуда бір-бірін қайталамайтын көркемдік әдістерге толы.

Қаламгердің дүниетанымының басқа жазушылардың дүниетанымынан бір ерекшелігі, адам мен табиғатты біртұтас бірлікте қарастыруында. Жазушы үшін табиғат – идеал. Адам мен табиғаттың терең байланысын, бұзылмас бірлігін жазушы пантеистік сенім дәрежесіне дейін көтерген.

Ақселеу Сейдімбек шығармаларындағы сюжет, оқиғаның дамуы тек сыртқы жамылғы сияқты, ал негізгі мәйек – идеалға құштарлық болып табылады. Идеал ұғымы, ең алдымен, суреткердің адам жөніндегі концепциясынан байқалады. Қаламгердің кейіпкерлері – жан дүниелері бай, рухани деңгейі биік, қажырлы, еркіндік сүйгіш, тағдыры қилы арманшыл адамдар. Оларды бір-бірімен жалғастыратын ортақ қасиет – рухани максимализм, яғни, адамдығын жоғалтпауы.

«Әңгіме алдындағы сөз» кіріспесінде автор: «Егер маған біреу «дүние дидарындағы ең сұлуды, ең қымбатты, адам баласына ең жақынды, ең қаталды, ең дананы, қара қылды қақ жарған ең әділді аташы десе, мен «Табиғат» деп бір ғана сөзбен жауап берер едім» [90], – дейді. Бұл – жазушының бүкіл тұтас шығармашылығының лейтмотиві. Табиғатқа деген осы терең тұжырымынан, ұлттық бояуы қанық, ұлттық нақышы терең көркемдік танымынан туындаған шығармаларының бірі – «Тауға біткен жалбыз». Әңгімеде пейзаждық көріністер, адам мен табиғаттың қарым-қатынас әрекеттері барынша әсерлі суреттеледі.

Табиғатқа философиялық таныммен анықтама берген әрі бұл анықтама ұлттық мінезге негізделіп отыр.

«Қазақ табиғатпен егіз халық екені көп айтылып жүр. Бірақ, осы ерекшелік бүгінге дейін терең зерттелмеген» [91]. Бабаларымыз әрбір жер-су атауларын кездейсоқ қоя салмаған. Оның тәлімдік әрі тағылымдық маңызы зор, тарихи қатпары терең.

Автордың Саңғырудың этнотопонимдік тарихына көңіл бөлуі де суреткерлік мақсаттан туындайды. Қазақ халқының талай жаугершілік пен тар жол тайғақ кешуден өткен асқақ рухынан хабар бере келіп, бүгінгі бейбіт өмірдің символы ретінде сыр шертеді.

Жазушы кейіпкердің әжесіне деген жүрек түпкірінде сақталып қалған ыстық сағынышы мен ықыласы астарында жазушы өзінің әжесі туралы сыр шерте отырып, жалбызды көркемдік деталь ретінде алып, символдық деңгейге көтереді. Ол - туған жер мен елге деген шексіз сүйіспеншілік пен мәңгілік аңсаудың көрінісі деп білеміз.

Жазушының көркем тілі ұлттық нақышымен, этнографиялық қуатымен құнды. Өсімдіктің алуан түрін суреттей келіп, кейіпкердің көңіл түпкіріндегі тау жалбызына деген аңсарын бейнелейді. Ол тек қана өсімдік емес еді. Ол бала қиялындағы әжесінің аялы алақаны еді. Автор лирикалық артқа шегіну арқылы әже образын градациялық тәсілмен аша түседі. Немересін сол тау жалбызына теңейтін мейірім шуағы болатын. Сол жалбыз арқылы суреткер кейіпкердің әжесіне деген шексіз де толассыз сағынышын жеткізеді. Міне, жазушы әңгімелеріндегі ұлттық-эстетикалық таным бір ғана жалбыздың өзіне терең ұлттық қасиет дарытуынан айқын танылады.

Саңғырудың шыңына бет алған топтың негізгі ниеті бүркіттің балапанын алу болатын. Оқиға шарықтау шегіне жетіп, оқиға өзгеше сипат алады. Таңын созып, топшысын талдырумен ұрпағы үшін жанын азапқа салған ұя басар бүркіттің сары үрпек балапанның жұдырықтай бөтегесін толтырудағы арпалысын жазушы ұлттық-эстетикалық көркемдік таным табиғатымен үйлестіре бейнелейді. Бүркіт – қазақ үшін қасиетті құс. Бұл шыңға солар келіп ұя сала бастағанда соған көрсеткен құрметі болса керек. Олардың саңғырығынан шың басы ағарып жатсын деп ырымдап қоюы да мүмкін. Шың басына ұя салған бүркіттер жайын баяндауындағы «Сол тауға жылдағысындай, биыл да жаз шыға қос бүркіт қанат бүкті» деген айшықты детальдың айтары мол. «Қанат бүкті» – бұл Ақселеу Сейдімбектің стиліне тән деталь.

«Алдымен көргенім ірі шөмшектен салған бүркіттің жайсыз ұясы еді... Ұяға көз қыдыртып үлгерген мені бырдай боп шашылған ақ сөңке сүйектер таң қалдырды. Арқардың жамбас сүйегі, киіктің ортан жілігі, түлкі мен қоянның тұтастай арбиған қаңқалары көзіме түсті. Осынау қалың қаңқаның ішінен табадай болып төңкерілген тасбақаның сауыты да жатыр. Өз көзіме өзім сенбей, сауытты аударып көргенімде кәдуелгі тасбақаның сауыты, сырты бұж-бұж болып қабыршақтана қурай бастапты. Бұл өңірде тасбақаның болмайтыны айдан анық. Ең жақын дегенде түү сонау үш жүз, төрт жүз шақырым жердегі Шу бойының құмынан ғана кездеседі. Мына сары үрпек балапанның жұдырықтай

бөтегесін толтыру үшін енесі осынша ерен еңбек сіңіреді екен-ау. О, шіркін, ақылға сыймас тәтті тіршілік-ай, десейші» [90, б. 218]. Кейіпкердің ертегілерде айтылатын Самұрық құс сияқты, қанатынан дауыл есіп, көзінің жасы нөсер болып, айшылық алыс жерлерден ұрпағым деп емешесі үзіліп келе жатқан алып бүркітті көз алдына елестету арқылы қаламгер көркем шарттылықтардың бірі - еске түсіру тәсілін ұтымды пайдалана білген. Баланың биік шың басындағы бүркіт ұясын алғаш көргендегі алған әсерін суреткер осылайша берген. Тіршілік үшін, ұрпақ үшін қазақ даласының аспанында еркін самғаған бүркітті суреттеу арқылы, қазақ дүниетанымынан хабар береді.

Қаламгер шығармаларында табиғат көрінісі, табиғат суретін молынан пайдалану кейіпкердің жан дүниесіне тереңдеу, мінез ерекшелігін ашудағы көркемдік тәсілдерімен ұштасып жатады. Кейіпкердің жан дүниесіндегі толғаныстар, бір сәттік аумалы көңіл-күйі де табиғат аясында бейнелеген сәттерде қаламгерлер тынысы ашылып сала береді.

Жазушы әңгіменің сюжеттік оқиға өрбуін шынайы өрістетіп, бүркіт балапанын алу сарынын баланың әжесіне деген сағынышымен астастырады. Сюжет құраудағы лирикалық шегіністі шығарманың негізгі композициялық тірегі ретінде ұтымды қолданады. Табиғат көрінісі адаммен, әлеуметтік ортамен қойындасып жатады. «Емешесі үзілген» әже образы – сұм соғысқа аттанып, майданда қаза тапқан солдаттан қалған тұяққа деген мейірім мен қамқорлықтың санада тоғысқан сілемі. Бұл жерде жазушы өз қара басына ғана байланысты емес, соғыста әкеден айырылған барша совет (кеңес) балаларына тән қайғы-қасіретті, сағыныш аңсарды аңғартады. Жалбыз ұлттық мінездің, дархан көңілдің белгісіндей рәміздік мәнге ие. Жалбыз – дәстүрлі емшілікте жиі қолданылатын ерекше қасиеті бар, жұпар иісті шөп. Демек, «Жалбызды жерде жан қалады» деген мәтел осы жайтқа қатысты айтылса керек.

Жазушы шығарманың тілдік құбылысын құбылтуда сентенцияны ұтымды қолданады. «Тауға біткен жалбыздың» көркемдік-эстетикалық әсерін, ұлттық құндылықтарға жетелейтін танымдық мәнін, түйсікке қозғау салатын астарын көмкеруде әңгіменің сентенциялық өзегі ерекше сөзбен түйінделеді. «Мен балапанды алып қайтпағаным тіпті де өкінгенім жоқ». Міне, қаршадай балдырған кейіпкердің жасаған адамгершілік қасиеттерінің ұшқыны, алғашқы ерлігінің түп тамыры осындай нәзік те тұнық таза психологиялық өреден сусындайды.

Бала шешімінің де әлеуметтік жүгі бар. Оның түп тамыры туған жер, жұтқан ауа, ішкен судан дарыған этикалық-адамгершілік қасиеттерде жатыр. Ол қанымыздағы кісілік пен парасат қасиеттерінің тектілігін жоймастан бала көкірегінде сайрауынан туындайтын тылсымында болса керек. Бәлкім, осынау күрделі тіршілігімізде көз жазуға болмайтын ең асылымыз да осы болса керек. Бала жүрегінің кіршіксіз мейірімі табиғат-анаға, тіршілік атаулыға бағышталады. Осынау мөлдір сезім мен тұнық сананы жазушы шығармаларының өн бойындағы көркемдік иірімдерден кезіктіріп отырамыз. «Ол табиғатты «дүние дидарындағы ең сұлу, ең қымбат, адам баласына ең жақын, ең қатал, ең дана, ең әділ» деген сөздермен сипаттайды. Жазушы табиғат

бейнесін статикалық тұрғыдан алмай, халықтық, ұлттық танымдағы эстетикалық категориялар арқылы игереді. Және де фольклор дәстүріндегі эпикалық каноннан пластикалық суреттемелерге ден қойып, психологиялық иірімдерді әлеуметтік қабатқа ауыстыруы жазушының әлеуметтік-психологиялық талдау технологиясын жіті меңгергенінің айғағы бола алады.

«Аққыз» кітабындағы «Тәтті тіршілік», «Тауға біткен жалбыз», «Қақпаншы», «Рамазан мерген», «Зерде», «Табысу», «Көңіл шіркін», «Олжа», «Аңшы өтірік айтпайды», «Айқас», «Бүркіт» әңгімелеріндегі өмір шындығының суреттелуі ұлттық-эстетикалық таныммен тамырласып жатыр.

Жазушының «Бүркіт» этнографиялық әңгімесі – жазылу стилімен дара тұрған шығарма. Оған этнографиялық әңгіме деген жанрлық анықтаманы жазушының өзі береді.

Аңшылық – қазақ халқының ертеден бойына сіңген ата кәсібі. Жазушы аңшылықты «қиындыққа толы өмірлерінің бір мезгілдік арашасындай да болды» [90, б. 276], – деп бағалайды. Мұнда үлкен мағына жатыр. Қазақ үшін аңшылық тек қана кәсіп емес, үлкен өнер саналады. Сондықтан жазушының әңгімеге «этнографиялық» деген айдар тағуында терең мән бар.

«Ақселеу Сейдімбек «Бүркіт» деп аталатын этнографиялық туындысында құсбегілікке қатысты терминдерге жеке-жеке тоқталып, әрқайсысына анықтама беріп отырады. Соның ішінде ол құс жемінің түрлеріне ерекше тоқталып, мән береді. Шығармадағы «қансоқ», «қызыл», «тартпа», «сарбөртпе», «тоят», «үрген өкпе», «боз өкпе» секілді терминдер әңгіме желісінде бірнеше рет қайталанып келеді» [92]. Бұл ерекшелікті қаламгердің нысанды бейнелеудегі натуралистік ұстанымдарымен түсіндіруге болады. Өйткені натуралистердің баяндау тәсілдеріндегі нақтылыққа деген ұмтылыс, дәл детальдарға деген қызығушылық, этнографиялық мәліметтерге иек артушылық, образдар типологиясына биологизм тұрғысынан үңілу сынды ерекшеліктер болады. Сондықтан да жазушы кәсіби этнографтың тілімен сөйлеуге бейім. Белгілі бір ортаның тілімен сөйлеу, бейнелену нысанына байланысты арнайы әдебиеттермен танысу натуралистердің жазушылық концепциясынан берік орын алған ерекшеліктер. «Бүркіт» әңгімесінде көп қолданылатын этнозоол гиялық ұғымдар, «арнайы лексика» этнографиялық детальдарды «сөйлету», оларға «жан бітіру» арқылы түпкі идеяға жету сынды натуралистік принципте жүзеге асырады.

Этнография – этнос танудың өзегі. «...Қазіргі кезде этносқа өзіндік белгілері мен ерекше мәдениеті, психологиясы, тілі, сол сияқты өз қауымы мен атауын белгілі бір аумақта тарихи тұрғыдан қалыптасқан био-әлеуметтік қауымдастық ретінде баға берілген» [93]. Демек, этнос ұғымының мән-мағынасы адамзат санасында үнемі жаңғырып отырады.

Жазушының аңшылыққа берген анықтамасында: «Аңшылық пен саятшылықтың ерекше бір жақсылығы бар. Ол – кімді болмасын салқын сабыр мен жан семіртер ләззатқа бөлеп, дене күші мен еріктің үндестік табуына әсер етеді. Қазақ арасында саятшылықтың кең тараған түрі – бүркітпен аң аулап, саятшы болу, салбурынға шығу».

Жұқалау көк тұмсығы келсе жалпақ,

Мелжемді қожыр табан, бұты талтақ,
Көз маңайы шүңірек, жатық маңдай,
Кең иық, саны жуан, төсі шалқақ...
Жарқ етіп жақпар тастан түлкі қашса,
Шап етіп қызды ұстаған бозбала нақ.
Бұлқынып болмаймын деп шайқасқандай.
Сытылып құтылмақ боп байқасқандай.
Қараңдап ден астында жатса басып,

Тар жерде екі ғашық айқасқандай... – деген ақын Абайдың бұл өлеңі Шығыс Қазақстан облысы, Самар ауданындағы, Жамбыл атындағы совхоз тұрғыны Сүлеймен деген ақсақалдан жазылып алынған. Абайдай жақсы менен жаманның парқын біліп, тіршіліктің қыр-сырын зерделеген ұлы ақын қыран құстың қасиетіне тегін таңданбаса керек. Қаншама сұлу сөз бен толы сезімге толы сұлу сазды сүйсінумен қатар не бір сәтті теңеулердің дүниеге келгенін көреміз».

Аңшылықтың темпераменттік қуатын интимдік лирикаға тән «Тар жерде екі ғашық айқасқандай» сияқты жолдар арқылы бейнеленуіне қаламгер ерекше ден қоятыны байқалады. Бұл қаламгердің аңшылық туралы жазған шығармаларының лейтмотивіне айналғанын тағы бір нақтылағаны деуіміз керек. Кезінде М. Әуезов Абайдың әйгілі өлеңі туралы: «...Осы өлеңде ақын аңшылықтағы ұлттық мінез бен тәсіл-тәжірибелері, әр алуан динамикалық толып жатқан кесек әрекеттері қазақтың өзіне тән тіршілігі болып табылады. Сондықтан да бұл өлең нағыз қазақтың өзіне тән зор мәдениетін ірі суретпен тудырған шығарма екенін танытады» [94], – деген болатын. Ұлт танымында аңшылық кәсіп қана емес, оның өнер деңгейіне жеткізілгені – Ақселеу Сейдімбек прозасының басты идеялық-эстетикалық арқауы.

Жазушы бүркітке қатысты тақырыпты терең зерттегені этнографиялық әңгіменің бүкіл құрылымынан байқалып тұрады. Қыран құстың өскен жеріне қатысты берілген поэтикалық атаулардың өзінде биіктік, асқақтық бар.

«Жазушы ұлттық мінез элементтерін құс мінезімен астастыра суреттейді. Құс қиқарлығын бейнелегенде сол арқылы оның өр мінезінен хабар беріп тұр. Өр мінезді басынбау, оған құрмет көрсету аса көркемдікпен дәл түсіндірілген. Мәселен, бапкердің, саятшы құсбегілердің «қолға түскен құсты түн ортасында тұрып айналып-толғанып ықылас көрсетіп, сылап-сипап қайтуы» көп нәрсені аңғартса керек. Кейіннен, қолға үйренгеннен кейін құстың көпшілік арасынан иесін танып шаңқылдауы қандай ғанибет. Осында қанша өнердің ізі жатыр десеңізші. Түз құсына ең алдымен томаға кигізуде қаншама аңшылық дәстүрдің ерекшеліктері жатыр» [95].

Бұл жерде, ұлттық мінез, этнографиялық таным дегенде ерекше бір детальді атап кетуге болады. Сондай бір ерекше көркемдік таным осы шығармада көрініс тапқан. Ол – ұлттық характер мәселесі. Оны тек адамға ғана емес, қыран құсқа қатысты алсақ, жазушының көркемдік-эстетикалық танымы үнемі ұлттық құндылықтардан нәр алып отыратынын аңғарамыз. Мәселен, «Тек қана ақаусыз сұлулық емес, сонысына үндес ұлы сабырлылық пен жалтақсыз

жігер, қайтпас қайраттылықты, тек өзіне ғана тән паңдықты көре аламыз», - дей келе жазушы Бүркіт пен қазақ халқының ұлттық характерімен астастыра бейнелейді» [96].

Қаламгердің бұл әңгімесінде ғылыми стильдің де араласа қолданылуы аталған туындының жанрына байланысты сұрақтар туғызбай қоймайды. Мәселен, бүркіттің түр-түсі ғана емес, салмағы, балапан қанша шайқалады, ұяда қанша болады, басқа ұяларға қай уақытта өрістейтіні тәптіштеп суреттеледі. Мысалы, «Қазақ құсбегілері бүркіт атын жасымен атайды. Жасына қарай бүркіт былай аталады: Бір жас – балапан құс, екі жас – қан түбіт, үш жас – тірнек, төрт жас – тас түлек, бес жас – мұзбалақ, алты жас – көк түбіт, жеті жас – қана, сегіз жас – жана, тоғыз жас – май түбіт, он жас – барқын, он бір жас – баршын, он екі жас – шөгел, осылайша он бес, жиырма жасқа дейін атала береді [90, б. 3-85]. Немесе «Ұя басар бүркіттің салмағы бес, бес жарым килограмм, еркегі төрт, төрт жарым килограмм болады. Екі шалғылығының (екі қанаты) аралығы екі-екі жарым метр болып кездеседі. Ұя басар құс денелілеу, ашулы, күші басым келеді. Ғылыми деректерде бүркіт 100-150 жасайды дейді. Ал қазақ құсбегілері көбінесе он бес – жиырма жыл салған құсты сөз етеді [90, б. 3-105]. (Сурет 1)



Сурет 1 – Жазушы шығармаларындағы этнографиялық ұғымдар

Қарап отырсақ, мұндай аналитикалық мәтіндер этнографиялық очерк жанрына тән. Әрине, очеркте де өнердің танымдық, эстетикалық элементтері тұтасып, онда да көркем бейнелі құралдар пайдаланылады. Әдеби-публицистикалық жанр көбінесе танымдық мақсаттар көздейді. Мұндай тәсіл осы шығарма аясында орынды қолданылған. Автор да атауына «этнографиялық» деген анықтама қосқан. Алайда біз бұл туындыны көркем проза жанрына жатқыза қарастыруымыздың мынадай себептері бар: Біріншіден, шығармада творчестволық фантазияға да орын берілген. Автор мұнда көркемдік қиялына да ерік береді; Екіншіден, бұрын жазылған мәтін мен кейін жазылған мәтінді байланыстыратын цитация құбылысы. Ел ішінде Абай өлеңі деп айтылатын аңшылық тақырыбындағы өлең шумақтарының келтірілуі осы мақсаттардан

туындайды. Бұл мәтінді оқырман танып, тиісті ассоциациялар туғызу үшін қажет. Шығармада цитата ретінде алынған эпиграфтар да автор интенциясын білдіретін тәсіл; Үшіншіден, табиғат аясындағы нақты бір құстың «өмірбаяны» баяндалғандықтан, онда натуралистік элементтердің болуы заңды құбылыс.

Жазушы өз шығармаларында ұлттық мінез айшықтарын құс мінезімен астастыра суреттейді. Орнитологиялық деректердің көркем шығармада адам образымен параллель алынуы жазушы поэтикасынан айрықша орын алады. Мысалы, құстың биологиялық болмысында кездесетін төзімділік, қайсарлық сынды қасиеттері қыр адамдарының табиғатымен ассоциациялар туғызу үшін қажет. «Қазақтар арасында аңшылықтың қыр-сырын жетік меңгерген мамандар: аңшы (аң аулаушы), аңкөстік (аң аулаудың сырын жетік меңгерген аңшы), құсбегі (қырандарды, түрге, топқа жақсы ажырататын адам), бүркітші (бүркіт баптай алатын адам) және қағушы (бүркітшілерге қолғанат болатын адам) ертеден болған» [97]. Адам мен табиғат гармониясы, адамзаттың көңіл күйі де сол табиғат құбылысымен бірге өріліп, көркемдік жүйенің біртұтас ажырамас бөлігін құрайды.

Ақселеу Сейдімбектің құсбегілік, оның ішіндегі құс салушылар арасында лашын құсын баптаушы кәсіби маманның энциклопедиялық анықтамалығы іспеттес көркем шығармаларының бірі – «Табысу» туындысы. Бұл шығармада сюжеттік-образдық құрылым қазақтың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан «жайлау» архетипіне сай баяндалған. Ол – тіршілік бастауы, өмір мәні. Осындай аса маңызды этномәдени ұғым жалаң ұсынылмай, жайлаудың ерекше сұлу пейзажы арқылы суреттеледі. Пейзаждың өзіндік ерекшелігі – типологиялық ерекшелігі бар, топографиялық, географиялық, этнографиялық, уақытша және әлеуметтік категориялар ретінде әрекет ету. Бұл шағын әңгімедегі жайлаудың идиллиялық суреті – этнографиялық материалдарды ұсынуға жасалған алдынала дайындық. Ландшафттық көріністер ұлт өмірінің субъективті моделін жасау үшін қажет.

Әңгімеде тұзаққа түскен сұңқар баласын қолға түсіріп шексіз қуанышқа бөленген жанның жан әлеміндегі бұлқынысы шығармашылықтың романтикалық әдісінің талаптары арқылы берілген. Қыр өмірін, оның адамдарын түрлі ракурса, түрлі ситуацияларда алып қарайтын этнографиялық стиль лашын құстың тектілігін суреттеудегі ой ағынынан танылып отырады. Автордың жаратылысы бөлек текті құстың құлқынның құлы болмайтынын түйуінде астар мол. Қаламгердің «лашын құстың баласы жетімдей кінәмшіл, ақындай арқалы болады. Кінәмшілдігі сол – мінезге емес, мейірімге тез көндігеді. Ал ақындай дейтінім – жерден айқай шығып, дабыл қағылса болды, бұл да еліріп шыға келеді» [90, б. 244,- деген кейіпкер сөздері үлкен характерологиялық міндеттер атқарады.

Әңгімедегі лашын құсты қолына қондырған кейіпкердің эмоционалдық көңіл күйі диалогтік формадан бірден монологтік баяндаулар арқылы жүзеге асып отырады. Кейіпкердің өзімен-өзі сөйлесуі түрінде келетін сөйлемдер психофизиологиялық тұрғыдан алғанда өнікті тәсіл болғанына куә боламыз. Әңгімеде лашын құстың сипаттамасы арқылы қаһарманның рухани түлеу

сезімдерін, эмоциялық әсерлерін нанымды жеткізе алған. Яғни көркем образды ашуда ұлттық дәстүрді, ұлттық поэтикалық бейнелердің қолданысы кең пайдаланылып, автор мен кейіпкердің субъективті сфералары сәйкес түсіп жатады.

Сөйлемдердің мағыналық, синтаксистік құрылымы да шығарманың эмоционалды-экспрессивті сипатына қызмет жасайды. «Несін айтасың, шырағым, – дейді бір түрлі жасарып кеткендей қунақ шыраймен, – қанаттыда мұнан өткен қыран болар деймісің! Бұрынғылар лашын құстың баласына ат ұсынып, атан жетелеп келіп, меселі қайтып құр кетеді екен. Қызық-ау, солар, сұңқар нәсілін сыбаға беріп, қолға қондырғысы келген! Лашынның қанат кергенінің өзі-ақ бір қаралық емес пе?!» [90, б. 242]. Кейіпкер бойындағы шалқу, толқу сынды эмоцияларға негізделген ішкі диалогтік құрылым семантикалық градация арқылы әсерлі бейнеленеді. Драматизмге толы сөйлемдер синтаксистік-интонациялық орайда риторикалық сұрауларға негізделеді.

Ақселеу Сейдімбектің қай шығармасына назар аудармаңыз, ондағы көркемдік-эстетикалық жүйенің этнографиялық болмыстан ажырағысыз табиғатына бойлаймыз. Атап айтқанда, «Көңіл шіркін...», «Аңшы өтірік айтпайды», «Бір атым насыбай» әңгімелерінің атауы ұлттық мінезден өріліп, қазаққа тән ұлттық болмысқа сәйкес бейнеленіп жатады. Толассыз өмір ағымы табиғат тылсымымен үйлесімде алынып, қазақ даласының сәні болған аң мен құстың тіршілік тайталасындағы жанкештілігі шынайы суреттеледі. «Тәтті тіршілік» әңгімесінде жаз жайлау, қыс қыстауды жайлаған қойшының «алтын күрек» сынды табиғат құбылысымен астасқан көңіл толқыны тұз тағысы түлкінің сұлулығын, айлакерлігін айшықтауда барынша түрленіп сала береді. Ақша қармен тоғысқан өрттей қызыл жоны, қобыз кеудесі, қиылған белі, жұмыр құйрығы, сол ұлпа құйрықтың болмашы қараға дейін мінсіз сұлулық құрауын жеткізуіндегі ұлттық эстетикалық ұғымдар пайдаланылады. Тұз тағысын ұстауда аңшы мерейінің үстем болуымен түйінделіп жататыны бар. Десе де, жазушы әңгімесіндегі көркемдік шешім еркіндік пен азаттықты аңсаған қазақ баласының табиғи стихиясымен жымдасып жатады. Түлкі оқ тиген аяғын көлденең тістеп алып, созыла жүгіріп еркіндікке ұмтылып жанталасуда. Бұл сәтте аңшының ат тізгінін тежеуі заңдылық. Егер де аңшы түлкіні олжалған болса, әңгімедегі өмір шындығы ұлттық эстетикалық ұғымдардан алшақ кеткен болар еді. Мұнда халықтың рухани-адамгершілік сапалары мен таным-дағдылары туралы суреткерлік идея көрініс береді.

Қыр перзенттері өздерін табиғаттың ажырағысыз бөлшегі деп білген. Өмір жорығындағы табиғатпен тілдес аң мен құстың тіршілігіне үңіліп, жер бетіндегі тіршілік атаулының ең ұлы әміршісі табиғат құдіретіне бас иегізеді. «Олжа» әңгімесі философиялық астарымен мәнді. Жазушы сырт адамның көзімен қарағанда бірі азулы, екіншісі айлакер, үшіншісі көрінгеннен зәбір көретін қорғансыз болып көрінетінін ұшқан құс, жүгірген аңның өз тұғыры барын, олар жер бетіндегі мың сан тіршілік иірімінде тек қана өзіне лайықты, өзінің ғана қолынан келер өмір жорығында екенін анималистік қатпары мол көркемдікпен интерпретациялайды. Табиғат заңдылығына сай күштінің әлсізді жеңуі,

олжалауы заңды десек те, қасқырдың түлкіден айласын асыра алмауында нендей мән жатыр. Демек, табиғатқа әділетсіздік, зорлық-зомбылық, қулық-сұмдық жат. Мұндағы адам-табиғат-қоғам үштағанының түйіні: табиғат – жасампаз, табиғат – тазалық, табиғат – үйлесім. Сөз өнеріндегі басты қағидат адамның таза кісілік болмысы, адамгершілік асыл қасиеттері болып қала береді. Міне, осы тұрғыдан келсек, Ақселеу Сейдімбек өз шығармашылығындағы осы бір көркемдік-эстетикалық үрдістен бір ауытқыған емес.

«Жазушының халқымыздың әдет-ғұрып, ұлттық болмысын жан-жақты зерттеуге назар аударған шығармаларындағы кейіпкерлердің бейнесіне қарап-ақ оның ертеректе қалыптасып, қаймағы бұзылмаған қазақы ортада өткенін аңғарамыз» [98], демекші Ақселеу Сейдімбек шығармашылығының көркемдік-эстетикалық арнасы көшпелі дала мәдениетінің өзіндік тұрмыс тіршілігінің белгілі бір қағидаларға бағындырылған өмір сипатын суреттеуімен жымдасып жатады. Қаламгердің «Тәтті тіршілік» туындысының тақырыбы бір қараған адамға үлкен ой салады. Тіршілік! Ол расында несімен «тәтті» болды екен. Шығарма атауының философиялық астары терең. Шығарманың негізгі сюжетінде осы тіршілік ұғымының мәні ерекше оқиға негізінде ашылып, ұлттық таныммен астасып жатыр. Шығарманың оқиға желісі тылсым табиғаттың қойнындағы суретке құралған. Қаламгердің шығармасындағы табиғат пен адам бейнесінің, олардың қайшылықтары мен ішкі дүниесінің тартысы негізінде толық ашылған. Әңгіме градациямен берілген авторлық таным төгілген тілмен шебер берілген. Пейзаж көрінісі психологиялық параллелизммен тірі суретті көз алдына алып келеді. Демек, табиғаттың, яки жаратылыстың өз шындығы бар, ал, адамдардың өз шындығы бар дегенге саяды. Адам табиғатқа үстемдік етіп, ойлағанын жүзеге асыра алмайтыны – Ақселеу Сейдімбек шығармасының тұжырымдамалық ойы. Монологпен беріліп, қызыл күмен іштей тілдесіп, сырласқан, таңқалған кейіпкер танымы, психологиясы нанымды шыққан. Мұндағы қызыл түлкі – шығарманың негізгі кейіпкері емес, керісінше кейіпкерлердің образын ашу үшін қолданылған деталь. Мұнда да астар байқалады, демек, табиғатты күштеп бағындыруға болмайды, оның да өз заңдылығы бар, онымен санасу керек дегенді меңзейді.

Шығарманың эпилогында қазақтың өмір сүру мәдениетінің мың жылдық қалыптасқан дәстүрі ерекше көркемдік-эстетикалық сипатта көрініс тапқан. Жайлау, күзеу немесе қыстау – әрбір қазақтың санасында берік сақталған ұлттық ұғымдар. Табиғат тылсымына ден қойған жазушы қазақ танымындағы «май қара жусан, жібек көде» ұғымына көркемдік астар бере отырып, сол жерде болатын табиғи құбылыстармен сол адамның, этностың етене жақын екендігін меңзейді. Жазушы көшпелілердің әрбір жерде мыңдаған жылдар отырып, атамекен ерекшелігін бақылауымен табиғатында болатын құбылыстарды байқап, оған атау беруін назарда ұстайды. Біріншіден, бұл осы жердің иесі кім екенінен хабар береді. Өйткені «алтын күрек», «май қара жусан, жібек көде» сияқты географиялық-атмосфералық ұғымдар таза ұлттық танымға тән.

Мәселен, жазушы «алтын күректен» кейін ашылған қысқы жайылымдағы тіршілік қамын баяндауда мейлінше ұлттық реңк пен қанық бояуды кеңінен

пайдаланған. Малдың жайылуы, малшының желпінуі, тіпті табиғат анамен астасып кетуі соншалықты шынайы суреттелген: «Неше күндей орта құрсақ боп қалған қойлар да жалаңаш жонға кенеше қадалып, аузына іліккенін обып жатыр». Бұл – тіршілік қамы. Малшының мылтығын алып шығуы негізгі сюжетке интонациялық бағыт беріп тұр. Суреткердің өмірді реалистік тұрғыда, көркемдікпен шынайы бейнелеуі, ұлттық өмір салтын нақты бере білу шеберлігі – даралық стилдің белгісі. Осындай шеберлік ұлттық болмыстың табиғатын ашуға жұмылдыратын жазушының адресатқа ұсынып отырған ерекше шешімі түз тағысының өмір үшін арпалысымен меңзеледі. Енді жеттім дегенде, түлкінің оқыс озуы малшыны қайран қалдырады. Сөйтсе, оқ тиген аяғын тістеп көтеріп алып, жанұшырып барады екен. Міне, малшының түлкіні одан әрі қумай тоқтап қалуында үлкен философиялық астар жатыр. Қазақта «тіршілік иесі» деген ұғым бар. Бәлкім, сол барша тіршіліктің иесі оны тоқтатқан болар. Жазушы осы шағын әңгімесінде өмір-тіршілік-өмір цикілінің мәңгілігіне бой ұрған. Бұл – көшпелілер философиясының көркем сөз өнеріндегі көрінісі әрі сахара тұрғындарының адам атаулыны айтпағанда жыртқышқа деген құрметінің қандай өреде болғанын танытатын көркем штрих.

Белгілі түрколог ғалым Л. Н. Гумилев өзінің «Этностар және табиғи орта» деген мақаласында этностың өмір сүріп отырған ландшафпен үндестікте дамитынын айтады [99]. Сол сияқты бағзы көшпелілер философиясындағы қалыптасқан ойды жазушы осы қысқа әңгімесіне арқау етеді.

Автор өзіне тақырыпты алыстан іздемейді, көп әңгімелерінің сюжет желісіне қарай отырып, олардың барлығы да жазушының назарына іліккен өмірлік материалдар екенінің бір дәлелі «Қақпаншы» әңгімесі. Ұста көрігінен шыққан этнографиялық бұйымның, этнографиялық ұғымдар қатарында да маңызы бар. Қазақ тұрмысындағы ұсталық, зергерлік өнерін көркем шығарма арқылы қайта тірілту жазушы туындысының ғана емес, қазіргі қазақ прозасының тың тақырыбы деуге болады. Идеясы – таза, адал еңбек. Бүгінгі әлеуметтік өмір шындығы «Қақпаншы» әңгімесінде асқан шеберлікпен беріледі. Автор дүние өзгеріп, ұрпақ ауысқан кездегі ұлттық құндылықтардың жұтандауына назар аударады. Қаламгер аталмыш шығармасында тұрмыстық, заттық, этнографиялық портреттік детальдар арқылы кейіпкердің рухани әлеміне тереңдей үніліп, адам психологиясын ашады. Жалпы нақты бір заттық дүниеге мән беру (ақша, бұйым, киім, күнделікті тұрмыс заттары), сол заттық дүние арқылы импровизацияларға бару, оны поэтикаландыру сияқты натурализмге тән ерекшеліктер қазақ прозасында әредік кездесіп отыратын. Мысалы, ондайлық тәсілдер Б. Майлиннің «Сексен сом», «Қара шелек», «Сары ала тон» сияқты әңгімелеріне тән. Заттық дүниенің өзіндік мағынасын адамның табиғи қасиеттерімен сабақтастыру арқылы кейіпкердің қоршаған ортасын, халық тұрмысын шыншылдықпен бейнелеу және сол дәуірдің мәдени-тарихи, тұрмыстық ерекшеліктерін ашып көрсету сынды көркемдік тәсіл «Қақпаншы» әңгімесіне де тән. Заман талаптарына мойынсына бермей өзіндік болмысын сақтаған адамдардың өмір сүруі ұлт үшін аса маңызды рухани өлшем деген ой Сағын ақсақалдың бойына жинақталған. Тіл, образ, сюжет, композиция сынды

мазмұндық-пішіндік компоненттердің барлығы осы идеяны эстетикалық тұрғыдан ашуға жұмылдырылған.

«Анау аққаладай болып шаңқиып тұрған клуб үйінің орнында бұрын Сағынның дүкені – көрік үйі болатын. Сол, кешегі күнге дейін, осы колхоздың алып жүрегі сияқты күндіз-түні дүрсілдеп, жан бітіріп тұрушы еді. Қазанның қырғышынан бастап, арбаның төс теміріне дейін әлгі көрік үйден, Сағынның қолынан шығып жататын» [90, б. 224]. Бұл – туындының астарында көркем образ қызметін жасырын атқарып тұрған «салт-дәстүр». Яғни, ұлттық дәстүріміздің өзі образ ретінде алынып, шығарма тілінің негізі осыларда жатқаны байқалады.

Осы шағын баяндауда аталған әрбір заттық деталь Сағын қарттың кәсібінен сыр шерте отырып, мыңжылдық дәстүрді технократтық өркениеттің алмастыруы көрініс тапқан. Автор ол дұрыс не бұрыс демейді. Бірақ осы баяндауда қазақтың ұлттық мінезі Сағын ақсақалдың бейнесі арқылы көркемдік-эстетикалық қуатпен суреттеледі. Оның көрік үйінің орнын клубтың басуы да ерекше толқыныс тудырады. Қаламгер бұл әңгімесін кеңес дәуірі жүріп тұрғанда жазылса да, оның этностық танымына, азаматтық ұстанымына кезеңдік идеология еш әсер етпеген. Әңгімесін оқи отырып, ұлттық салт-дәстүрге, этностың болмысына қатысты танымға тиым салған кеңестік жүйе тұсында-ақ қаламгердің қиюын тауып, ұлттық құндылықтарымызды көркем шығарма өзегіне айналдыра білгенін көруге болады. Сағын ақсақалды шешелерміздің ерекше тебіреніспен еске алуы кездейсоқтық емес, ол – астары терең көркемдік детальдар. Сонымен бірге жазушының «Бұл күнде Сағын ақсақалдың түрені тиген далада көк ала түгін салып, абажадай тракторлар жортып жүр» деген мәтін жолдарында фабулалық шешіммен қатар, философиялық-аналитикалық түйін бар. Қаламгер «Көк ала түгін қылып» деу арқылы үлкен экологиялық апаттың бейнесін көрсеткен. ХХ ғасырдың ортасында тың игеру науқанымен қазақтың дархан даласы айқыш-ұйқыш ысыраппен жыртылып, көп жердің эрозияға ұшырағаны белгілі. Осы бір баяндауда трактор ғылыми-техникалық прогрестің символы ретінде алынып отыр. Аталған шығарма қазақ даласындағы тың игерудің трагедиясын сыншылдық тұрғыдан бейнелеген С. Жүнісовтің «Жапандағы жалғыз үй», С. Шаймерденовтің «Жанкешті жігіт», І. Есенберлиннің «Мұхиттан өткен қайық» туындыларымен үндес.

Жазушы әңгімесі образды тілге, бейнелі суретке бай. Ауылдың жүрегіндей болған Сағын ақсақалдың «көрік үйі» күрелгеннен кейінгі әрекетін жазушы былай суреттейді: «Көрік үйінен Сағын ақсақалдың алып шыққаны үлкенді-кішілі он шақты қақпан көрінеді. Оның ішінде теңгедей ғана тілі бар кішкене күзен қақпаннан бастап, қос серіппелі жолбарыс қақпанға дейін бар еді. Әсіресе қос серіппелі қақпанын кейбір әуезе көргендер қолына алып, шаппасын ашпақ болғанда Сағын ақсақал:

«Е-е, Балқаштың қамысы сиреп, ызақоры құрығалы бұ жарықтықтың да дәурені өтіп тұр ғой! Әйтпесе, бір өзі – бір қаралық мүлік емес пе!» [90, б. 224].

Мұндағы «көрік үйі» – символ. Көрік үйі – бүкіл ауылдың, ұлттық болмысымыздың соғып тұрған жүрегі. Күнделікті тұрмыстық қажеттілікті өтеп

тұрған көрік үй тұрмыс-тіршіліктен ығыстырылғанымен, оның этно-мәдени құндылығы қазақтар үшін сол қалпында қала беретінін көркем шығарма арқылы жеткізу жазушының асқан шеберлігін байқатады. Көрік үйі де, қақпан да автордың метафоралық бейнелеу тәсілдерін айтпақ ойға орайлас қолданудағы шеберлігін танытады. Ұмытылып бара жатқан қақпанның бұл күнде елеусіз, ескерусіз қалып, құнсыздануын бейнелеу ұлт өкілдерінің санасындағы мәдени – ұлттық деградацияны көрсету үшін алынады.

Жазушы ауыл өмірінде елеулі рөл атқаратын қолы шебер, жүрегі кең Сағын қарияның бойына барлық ізгі адами қасиеттерді жинақтай білген. Олай дейтініміз, ауылдың жүрегіндей болған көрік үйі күрелсе де, өмір бойы үйренген кәсібінен айырылса да бар қиындықтан да сабырмен шығады. Шыққанда да жай шықпай, оншақты қақпанын ала шығады. Бұл Сағын ақсақалдың «кәсібін» айырбастауының алғышарты болатын. Сағын қарттың бойындағы бір ерекше қасиеті өзінің ұстаханасының бұзылғанына емес, алып шыққан қақпандарын көруге ынтық жандардың жазым болуы оны қатты алаңдатады. Бұл тұрғыдан алғанда, Сағын ақсақал – нағыз «альтруист». Адамзаттың бәрін сүйетін кейіпкер. Ол өзінің кәсібінен айырылдым деп отырмай, жаңа мінез танытады. Сағын ақсақалдың бұл харакеті оның іштей «сегіз қырлы, бір сырлы» табиғатын байқатады. Суреткер кейіпкерінің «мамандық» өзгертуін өте сәтті бейнелейді: «Ертеде «ұста Сағын» атанғанымен, кейінгі жұрт «қақпаншы қария» деп атайтын болған.

Сағын ақсақал: «Алдымен ұрымтал орын тандап, қарын ояды да, қақпанын төсейді. Сонсоң қолдың жылуы шалған серіппенің қатып қалмауы үшін жылқының қу тезегін үгіп себеді. Мұнан әрі алақан кигізді шаппаның бетіне жауып, ізін жасыра қар боратып шегініп кетеді. Осы кезде құрдасына қарап: – Әй, Қапан, менің қақпаншылығыма шек келтірген сияқты едің ғой, мына қақпан көз алдында құрылды ғой, атыңнан түс те тауып берші, - деп әзілдейді. Қапан: «Мені түздің алжыған қасқыры ғой деймісің», – деп, қорбаңдай жөнеліпті. Бір мезгілде «астапыралла» деп отыра кетіпті. Сөйтсе жым-жылас қарды кешіп келе жатса, қара қақпан дәл быжылдақ тобықтан шап етіп қауып қалған ғой. Сонда Сағын ақсақал сылқ-сылқ күліп:

Көптен қолға түспей жүрген кәрі көкшулан едің, үйіріңмен үш тоғыз! – деп камшымен торс-торс ұрып жүр дейді» [90, б. 225].

Жазушы сәл ғана әзілдің өзімен де әлеуметтік мәні бар үлкен сыр ұқтыра отырып, шығарманың табиғилығы мен ұлттық колоритін арттыра түседі. Қақпаншылығының биік шеберлігі сол – ол өзінің құрдасы Қапанды ойсырата жыққанынан ерекше байқалады. Бұл әзіл арқылы берілген көркемдік деталь өте маңызды қызмет атқарып тұр деген сөз.

Автор кейіпкерлердің ерекше тұлғасын жасауда қаламының өзіндік өрнегі барын көрсетеді. Сағын ұстаның бойындағы қабілет-қарымының танылып, шебердің тағылым мектебінен өтіп, істің байыбына баруын жан-жақты суреттеумен оқырманды тұрмыстан әлдеқайда жоғалуға айналған ұлттық ата кәсіп түрінің құпиясына бойлатады. Қақпаншы қария атанған Сағын ақсақал осы кәсібіне өнер ретінде қарайды. Табиғатпен үндес тіршілік кешеді.

Қазақтың ұлттық мінезіндегі ерекше қасиеттің бірі сабыр, ұстамдылық екенін суреткер Сағын ақсақалдың мінезі арқылы әдемі береді. Оны мына бір жалғыз сөйлем анық байқатады: «Өзі секілді сары тісті шалдар тырбанып, біреуін екеу етіп, отын-су, мал-жан деп басын тау-тасқа соғып жүргенде, ол кісі жаратылысындағы біртоға, сабыр күйінен танбайды» [90, б. 224]. Бұл жерде Сағын ақсақалдың ынсаптылығы ерекше көрініс тапқан. Не нәрсенің байыбына баратын парасатты ақсақалдардың сарқыты сияқты бейнеленген.

«Әрине, этнограф-жазушының қақпаншылық өнерді бүге-шігесіне дейін тәтпіштей суреттеуі Сағын қарттың өз ісінің шебері екенін танытатын белгі. Алайда бұл тек оқу, тоқу арқылы сомдалған образ деуге болмайды. Автордың өзі де бұл өнерден құр алақан емес немесе бала күнінен көзімен көріп өскен туған халқының бұл өнерін көркем образ, айшықты тіл арқылы қайта жаңғырта білген» [100, б. 37].

Адам және табиғат үйлесімін көрсетуді дiттеген Ақселеу Сейдiмбек аңшының әрекетi кез-келген уақытта аң-құсты қырып сала беретiн табиғатқа қарсы озбырлықтың iсi еместiгiн дұрыс аңғартады. Ол белгiлi бiр табиғат заңдылықтарынан аттамастан жан құмарлығын тарқатар серiлiктiң бiр сипаты ретiндегi мәнiн бейнелеуге екпiн жасағанын көреміз. Себебi қазақ аңшылары аңды аулаумен бiрге қорғай да бiлген. Ұрпағын ғасырлар бойы қалыптасқан далалық этиканы ұстанып, табиғатқа жанашырлықпен қарауға бағытталған маусымдық ерекшелiктерге сай заңдылықтардан аттамауға баулып отырған. Жан құмарлығын тарқатар серiлiктiң сипаты ретiндегi мәнiн бейнелеуге көңiл бөлген.

Шындығында, жазушы Ақселеу Сейдiмбектiң осы әңгiмесiнiң идеялық өзегi обал мен сауапқа немқұрайлы қарайтын тоң мойындар мiнезiн iштей салыстырудан өрбидi. Табиғат бөлшегi Сағын ақсақал кiсiлiктiң, адамгершiлiк асыл қасиеттердiң жиынтық бейнесi iспеттес. Әңгiме идеясынан байқағанымыз, кiсiлiк қазақ қоғамында сарқылмаған басты қасиет. Өз бойына бiткен өнердi дамытып ұштаудың ғана емес, оны киелеп ұстаудың ежелгi қазақтың дәстүрiне берiк орнаған қасиет екенiне автор әрдайым ой салып отырады. Кейiпкер өз ойын әңгiме соңында: «Қалай екенiн кiм бiлген, мен қарақат көз құлтекенi көре алмағаныма тiптi де өкiнiп келе жатқаным жоқ», – деп түйiндейдi. Әңгiменiң негiзiгi идеясы адам бойындағы кiсiлiк қасиеттiң мәңгi сақталуын, ұлттық және адами құндылығымыздың жоғалмауын дiттейдi.

Қазақ халқының дәстүрi қай қырынан алмасын терең эстетикалық танымымен өмiршең. Халқымыз аңшылық дәстүрiн ерекше дәрiптeп, сол тақырыпта қайталанбас туындылар тудырып отырды. Сол дәстүр Ақселеу Сейдiмбек шығармашылығында үнемі жаңғырып отырды. «Рамазан мерген» әңгiмесiнiң басты кейiпкер Рамазан мерген аңшылығы «Қақпаншыдағы» Сағын қарттан өзгеше.

Ұлттық ментальдiлiктiң өзектi мағынасын иеленетiн «дала» концептiсiн вербалдайтын лексика Ақселеу Сейдiмбек прозасын стильдiк тұрғыдан даралап тұрады. Бұл даланы емiн-еркiн жайлаған қыр қазағының географиясын, салт-дәстүрiн зерттеумен тұрақты айналысқан жазушы үшiн мазмұнды-концептуалды ақпарды берудiң тiкелей жолы. Этнографиялық-реалистiк сипаты күштi бұл

әңгімеде автор сөз қолданысты, мәтін фрагменттерін өзі өмір сүріп отырған этномәдени қауымдастықтың әр мүшесіне таныс көріністерден алады. Табиғатты терең таныммен суреттеу сол табиғаттың асыл қасиеттерін бойына сіңірген дала баласына тән қасиет. Мәселен, «шыбынсыз жаз» тіркесі – қазаққа тән таным. Кез келген қазақ оның мәнін ұғады. Алайда оның жаздың қай мезгіліне дәл келетінін жазушы Ақселеу Сейдімбектей бейнелеп суреттеу сол ұғымның болмысын танудан туындайды. «Шыбынсыз жаз» дегеніміз жаздың күзге ауар шағы екен. Оның өзін «шөп буынын бекітіп», «бар маңызын басына жинап», «Табиғат-ана өзінің төсіндегі тіршілік атаулыға соңғы иіндісін емірене беріп жатқан» деп ұлттық нақышта бейнеленеді. Сөз жоқ, сөзбен салынған жанды суреттер деп бағалаймыз. Табиғат ананың толысқан сәті қаншама тереңдікпен берілген. Жіті бақылудан, табиғатпен біте қайнасқан қасиеттен қалыптасқан ілкі ұғымдар. Және де табиғаттың бұл ерекшеліктері жайдан жай оқшау алынбайды. Ол сол табиғаттың қойнауындағы аң-құстардың өсіп-өнуімен бірлікте суреттеледі. Яғни, қандай да бір дәстүр сол халықтың өмір сүру салтымен, адамдық қасиет, сипатымен астасып жатады екен. Рамазан мергеннің жазда аңшылық құрмауы обал-сауап ұғымдарымен астасып жатыр. Ал жаздың соңын ала келетін «шыбынсыз жаз» шағындағы аңшылықтың орны бөлек.

Жазушы суат басындағы кейіпкердің сақ қимылын, қасқырлардың айлалы әрекеті мен өкінішін суреттеуде этнографиялық білімінің тереңдігін ұтымды пайдаланған. Әңгімеде кейіпкердің ішкі әлемін барлайтын терең психологизм жоқ. Мұнда дала экзотикасына тән романтикалық сюжет түзу мақсат етіледі. Рамазан образы аңшының нақты әрекеттері үстінде бейнеленіп, мінездеуді авторлық ремарка үлесіне қалдырады. «Ал күздің жөні басқа. Бұл кезде Рекең өнерін көрсетіп бағады. Сонда, осы тұста бір қарпып қалайыншы деген ниет ол кісиде атымен болмайды. Жо-жоқ, атаманыз, аңшылықты кәсіп-нәсіп ететін Рамазан ба!» [90, б. 231]. Яғни сюжет динамикасын әлсіретпеу үшін артық мінездеулерді, портреттік кескіндеулерге бара бермеген.

«Рамазан мерген» әңгімесінде жазушы аңшылық оның ішінде ұлттық нақышты оқиғаларға шығарма жазудың шебері екенін тағы быр қырынан көрсетеді. Қайнысы киік атып алар деген жеңгесіне қасқыр байлауы қазақ танымындағы жақсы ырым. Әңгімеде сана еркіндігі ерекше көрініс тапқан. Ол сонау тоталитарлық заманның өзінде әрбір шығармасы, ғылыми зерттеулерінде ой еркіндігі, сана азаттығымен ерекшеленетін Ақселеу Сейдімбек стилін айшықтайды. Ол заман, яғни кеңес идеологиясы ойға тұсау салған уақыт еді. Қазақ халқының мінезіне дарқандық, адамгершілік асыл қасиеттер тән десек, сол халықтың өзіне тән ұлттық мінезін, болмыс-бітімін ашуға Ақселеу Сейдімбек тоталитарлық заманда еркін барған санаулы қаламгердің қатарында болды. «XX ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, қазақ қоғамында түбегейлі системалық алмасулар жеделдей түскен еді. Бұрын елдің әлеуметтік өмірі мал шаруашылығымен астасып жатса, енді аграрлы-өндірістік жүйе бұрынғыны ығыстыра бастады. Мұндай тарихи-әлеуметтік өларада қалыптасқан ұрпақ қос енені қатар еміп лезде жетілген төл іспеттес.

Олар бұрынғы дәстүрлі қоғамның барша болмысын өн бойына дарытқан, сонымен қатар жаңа өмірді де тудырушы ұрпақ еді. Мұндай әсер-ықпалдан Ақселеу Сланұлының да шығармашылық тағдыры шет емес» [101].

Ақселеу Сейдімбектің «Зерде» әңгімесінде түз тағысының ерекше зерделілігі баяндалады. Енді әңгіме сюжетіне ретімен келейік. Эпилогтық басталымның өзінде ұлттық таным қанық бояуымен алдыңыздан шығады. Басқаша айтсақ, қазақтың нағашылы-жиенді қатысы алдымен сөз болады. Бұл екі кейіпкердің өзара қарым-қатынасын ашуда қазақ мінезінде қалыптасқан мың жылдық дәстүр көрініс тапқан.

Ақселеу Сейдімбектің бұл шығармасының этнопоэтикалық кілті – дәстүрлі қазақ қоғамындағы туыстық қатынастар құндылығы. Бұл жерде нағашы мен жиен арасындағы қарым-қатынас. Жиеннің қалаған дүниесіне қарсылық жасамайтын нағашы бейнесінде ұлттық ғасырлар бойы сақтап келе жатқан ұждандық өлшемдер таңбаланады. Әңгіменің сюжеттік-композициялық түзілісі осы қарым-қатынастың атмосферасына тәуелденеді.

Әңгімеде ұлттық мінезге тән көптеген детальдар бар. Ол біріншіден, «ұзынкұлақ» арқылы нағашысының қай жерге, қашан келіп тоқтағанын толық біліп отыруынан, екіншіден, халқымызда жеке адамды нақтылы істеген тіршілігіне қарап емес, өнеріне қарап бағалауды маңызды санаудағы көркемдік танымнан аңғарылады. Әйтпесе, Мәті нағашысы көзін тырнап ашқаннан қойшы еді. Бірақ халық оның өнеріне қарап, бүркітші қария, саятшы қарт деп құрметтейді. Олай болатын себебі, ата салты – саятшылық, қойшылық кәсіптен де мол жауапкершілікті талап ететін төл өнер. Саятшылық – тән қамы ғана емес, жанның қамы, көңілдің хошы үшін қажет бекзат өнер. Оны білместен жөнсіз әрекет жасаған адам күлкіге қалуы әбден мүмкін. Сондықтан аңшылық өнерде өршіл рухты мінездің, алғырлықтың өлшемі зерденің орны ерекше. Аңшылықты кәсіп етуге, өнер ретінде ұстауға ерекше табандылық, зерделік, мінез ірілігі керек. Бұл жөнінде ғалым И. Гринберг характер өнердің барлық тектері мен түрлерінде маңызды рөл атқаратынын айтады [102]. Жалпы өнердің қай жанрында болмасын, тіпті қай тегінде болмасын характер мәселесі ерекше орын алатынын ғалымдар аз айтып жүргені жоқ. Характерсіз өнер жоқ, ал тіршілік тайталасында ұлттық характер болмаса этностың рухани әлемі жұтаңдамақ, ұлттық болмысынан айырылмақ. Сондықтан сөз өнерінде суреткерлер мінез мәселесіне қашанда ерекше назар аударады. Бұл сипат Ақселеу Сейдімбек әңгімелерінің көркемдік қуатын үнемі еселеп отырады.

Әңгімедегі баяндауларда суреткер назарынан ұлттық таным өлшемдері назардан тыс қалмайды. Ол қазақтың жер тану шеберлігін көрсетудегі көркемдік штрихтардан аңғарылады.

«Орта жолда Шолақеспемен жалғасатын соқыр өзек болатын. Жазғы-тұрғы уақытта қар суымен арна толтырып тасыса да, кешікпей-ақ ойдым-ойдым қара су болып үзіліп қалатын. Сол соқыр өзектің бауыздау алқымына келгенде камшылар жақтан әлдене қараң еткендей болып еді, іле құйрығы жеңді білектей қара пұшпақ түлкіні көзім шалды.

Не болса да бір қуып тастамақ боп желіге оқталдым да, кілт тұрып қалдым. Жай тұрғаным жоқ, қас қағымда өзіме-өзім сенбеген таңданыс сезімі еріксіз тізгін тежетті. Түлкінің аузынан қарамы үлкен әлдене ағара көрінгендей болды» [90, б. 237].

Келтірілген үзіндіде «соқыр өзек» деген ұғым бар. Яғни, көктемде су тасқындап барып басылғанда кейіннен оның жылғалары тартылып қалады. Әр жерде қара су қалады. Сол өзекті қазақтар «соқыр өзек» деп атайды. Сондай ағарған тезектің де су бетінде қалқуы, соны байқаған баланың бойында көшпенділердің дәстүрлік қасиеті сақталған. Оның тұз тағысын бақылауы, одан шешім шығаруы, шамамен осы жерде отыр-ау деп төтелей тартуы – сондай ұлттық қасиеттен хабар беретін көркемдік айшықтар. Жазушының шеберлігі кейіпкердің бойындағы ұлттық қасиеттерді оның харекеті арқылы беруде еселене түседі. Ойды адресаттың өзіне тастайды. Сол бақылау арқылы көп нәрсенің бастауын нағашысына жеткенше өзі де ашып тастайды: «Мына аңызакта су жалап, шөлін баса ма деп едім, өйтпеді. Іркінді судың жайдақтау жағын баспалай келіп, жүзе жөнелді. Сөйткенше болған жоқ, аузына тістегенін су ортасына тастай беріп, бір-екі рет шолпылдата сүңгіп те алды. Осылайша үш-төрт рет қайталады да, қайқандай жүзіп жағаға шықты. Жағаға шықты да дүр-дүр сілкініп жіберіп, үшкір тұмсығын көкке қарата шәу-шәу етіп үрген болды. Мұнысы қамыққандай, әбден лажы бітіп, өзінің осынау кең дүниедегі әлсіздігіне мойынсұнғандай аянышты естілді» [90, б. 238].

Әңгімедегі негізгі кейіпкер негізгі сюжет желісімен оқиғаны дамыта береді. Басты кейіпкердің жолға шыққандағы мақсаты аңшы ит болатын. Автор әңгімедегі кейіпкерді нағашысымен кездестірмес бұрын алдымен жаңағы тазы итке жолықтырады. Оның өзінде көркемдік шешім бар.

«Үй сыртындағы ат байларға түсе бергенде іштен желіні жер сызған сұқсырдай сұр қаншық шықты. Жат иісті сезген сыңайы бар. Маған ақтықтай мөлдір отты көзін төңкере бір қарап алды да, керенау керіліп қойды. Ел аузына іліккен қагілез қаншықтық осы екеніне еш күмәнданбастан қарап қалыппын.

Сарысағыз боп кепкен қайыңның безіндей қатты, етсіз тықыр басы сүйірлене, әдеттен тыс ұзын көрінді. Одан былайғы қобыз кеудесі мен бүкіштеу біткен белі талмастан, ұзаққа жүгіруге жаралғандай. Анау серпіні қатты имек тірсегіне дейін бүгін бір сұлулықпен үндесіп, алғыр қырандықты мегзеген. Тіптен жер сызған желінінің өзі өзгеше құнарлы, асыл хайуан екенін аңғартқандай. Мен қагілез қаншықтың жуырда күшіктегенін елестетіп, алып кетудің қисыны келмейтін болды-ау деген оймен үйге кірдім» [90, б. 238].

Жазушының көркем тілі аса құнарлы, бейнелі. Мәселен, тазы итті суреттегенде «Сарысағыз боп кепкен қайыңның безіндей қатты, етсіз тықыр басты», «Тіптен жер сызған желінінің өзі өзгеше құнарлы, асыл хайуан екенін аңғартқандай», «қобыз кеудесі мен бүкіштеу біткен белі талмастан, ұзаққа жүгіруге жаралғандай» деген теңеулерді қолданады. Теңеулерінің барлығы ұлттық таныммен көмкерілген. Осындағы «қобыз кеуде» теңеуі қандай асқақ. Қазақтың қобзына теңеген, әрі бұл суретті теңеу тазының сұлулығын соншалықты дәл беріп тұр. Мәті ақсақалдың бүкіл тіршілігі осы аңшылық

өнермен астасып кеткен. Суретші оның толық панорамасын бере алған. Олай дейтініміз баяндаушы оқиға желісінде кейіпкерді алдымен «желіні жер сызған сұқсырдай сұр қаншықпен» кездестіріп, оқырманды тамсандырып алған соң Мәті ақсақалдың аңшылық өнерін тазы итпен байланыстырумен доғара салмаған. Нағашысымен алғашқы кездесуін жанды динамикалық қалыпта береді. Оны аңшылық өнердің тағы бір маңызды қырын аша отырып баяндайды: «Кіре берісте Мәті ақсақал өзінің Күнтабан деп аталатын бүркітіне саптыаяқпен қансоқта қақшытып отыр екен. Менің сәлемімді ауызша алды да, құсын асықпай жемдеп, бір-екі рет сылап-сипап, айналып толғанып ықылас көрсеткен соң тұғырына отырғызды.

Жарықтық, бап сақтасаң, түлектегі қыран да бір, бесіктегі нәресте де бір, - деді де, тұғырдағы қыранға төрт сай етіп тігілген томағасын кигізіп, тамақ бауын шырт еткізді. Сонсоң барып ел жұрттың есендік-саулығы жайлы сұрастыра бастады» [90, б. 238]. Қаламгер қыран мен бесіктегі нәрестені қатарластыра суреттеу арқылы құс баптау өнерінің өте маңызды жауапкершілігі мол екенін алға тартады.

Жазушы әңгімедегі кейіпкердің құсбегілігіне тән сабырлы да ұстамды мінезін табиғи қалыпта алады. Бүркітті тамақтандырып отырғанда аспан айналып жерге түссе де, қарайтын түрі жоқ. Байыппен тамақтандырып болып, оны сылап-сипап болған соң ғана жиеніне мойын бұрып хал-жағдайын сұрайды. Құс атауының өзінде керемет асқақтық, бекзаттық жатыр. Күнтабан. Күнді аяғына басқан құс деген бейнелі ат. «Өнер иесіне» жарасатын ат. Малшы Мәті ақсақалдың бойында тек қана құсбегілік қасиет көрініс таппаған, жалпы қазақ ақсақал деп құрметтейтін үлкендіктің белгісі де көрініс тапқан. Даралық стилі қалыптасқан суреткерге тән шеберліктің көрінісі деп айтуға болады. Ол туралы ғалым М. Дүйсенов: «Типтік образды ұлттық характер проблемасынан бөліп алып қарауға болмайды. Өйткені әрбір ұлт жазушысы өз халқының азаматы болғандығынан да, негізінен көркем шығармада өз ұлтының өмірін көрсетеді, өз ұлты, өз халқы өкілінің типтік бейнесін жасайды. Олай болса, әрбір ұлттың ұлттық характері – сол образдардың типтілігін айқындай түсетін ерекшеліктерінің бірі» [103], – деп жазады. Яғни, характер мәселесі ұлт өмірін айшықтайтын типтік бейнені көрсетудегі негізгі көркемдік фактордың бірі екен. Автор лирикалық шегініс жасай отырып, әңгіме ішіндегі әңгіме арқылы бастапқы сюжеттің оқиғасына ойысады: «Сол күні талай-талай әңгіме айтылды. Әңгіме арасында бүгінгі тезек тістеген түлкі туралы айттым. Еш таңданыссыз, бәрі де өз алақанында болғандай сабырмен тыңдаған Мәті аз-кем үнсіз отырды да:

– Жарықтық, ана жүрегіндей үлкен жүректі, есті түлкі екен-ау! Шошытпағаның мұндай жақсы болар ма, - деп бір қойды.

– Сонда тезек тістеп, суға түсуі қалай?-дедім мен, әлі де түсіне қоймаған кейіпте.

– Түлкі күшіктерін емізгенде бар бүрге өзіне жабылмай ма? Ал одан арылу үшін қу тезек тістеп суға түссе, дымқылдан қашқан бүргелер қалқып жүрген ақ жапаға ауыспақ. Бүйтіп, қаракет етпесе, аш бүргелер түлкінің қызыл шақа күшігі

былай тұрсын, сені де талап өлтіруге шамасы келеді. Әй, сені де аңшының жиені дейді-ау!-деп нағашым кеңкілдей күліп алды» [90, б. 238].

Осы үзіндіден сюжеттегі негізгі оқиға барысына, тартыс табиғатына жауап аламыз. Баланың байқағыштығы мен қарияның даналығы қатар көрініс тапқан. Шын мағынасындағы аңшылық Мәті ақсақалдың мінезінен хабар берсе, ал, өмірде көргенінің бәрін тоқыған тереңдігі даналығынан хабар беріп тұр. Автордың осы сюжеттегі оқиғасы көптеген сауалдарға жауап беріп қана қоймай, адамзаттың алдына одан да көп сан алуан сауалдар тастаған. Олай дейтініміз, түлкінің характерінде саналылықтың элементтері молынан көрініс тапқан. Сонда түлкі инстинкпен әрекет етті ме, әлде, саналы характер жасады ма? Егер саналы түрде характер жасаған болса, адамға ғана телитін көптеген қасиеттер жануарлардың бойынан да көрініс табатын сияқты. Жазушының қайсыбір әңгімесін алмаңыз, онда көркемдік таныммен жапсарласа ғылыми элементтер көрініс тауып жатады. Олай болуы заңдылық та. Өйткені аңшылық өнер табиғатпен, тіршілік иелерінің әрекетімен тікелей байланысты. Сөз өнерінде характерді қалыптастыру туралы ғалым В. Днепров Достоевский шығармаларындағы уақыт, қазіргі дәуір біртұтас сипатта адам тұлғасы мен мінезін қалыптастырса, Толстойда мінез және дәуір ұғымының аясында көптеген аралық кезеңдер жататыны бар деп жазады [104]. Бұдан шығатын қорытынды - әр суреткер характерді ашуға өзінің даралық стилімен келетіндігі. Оны жазушының әңгімесінің түйінделу сәтінен байқаймыз. Сондай-ақ аңшының үйіне қонақ болып келген жиенінің көзімен бейнеленген тұтас әлем әңгіменің түйін сентенциясына әкеледі: «Мен күшіктері үшін мұншалықты есті тірлік жасап жүрген түлкіге қайран қалдым. Ал нағашым болса: Аңшылықты көп кәсіп еткен қазақ аталарың «Түлкі түгінен жазған» деп дұрыс айтқан ғой. Түлкіде жүнінің әдемілігінен басқа еш жазық жоқ. Онан ақылды, онан сүйкімді аңды өз басым әлі көрген емеспін,-деп әңгімесін жалғай берді [90, б. 239]. Осы әңгіменің түйінінен түз тағысы түлкі «зердесінің» соншалықты биік екеніне иланамыз.

Әдебиеттану ғылымы ұлттық сипат, ұлттық қасиет мәселесін жан-жақты зерттеу барысында қаламгер туындысындағы көркемдік элементтерге бірнеше мәрте соғары хақ. Нағыз суреткер шығарма шырайын нақышына келтірерде кейіпкерін немесе табиғат көріністерін сырттан долбарлап суреттемей сол табиғатқа етене жақын өмірдің ішінде өзі қоса жүреді. Себебі, ол – көшпенділердің барлық этникалық қасиетін бойына жиа білген рухы биік қазақ халқының болмысына тән қасиет. Қазақ халқының болмысы табиғатпен егіз. Ертеректе жер ауып, тағдыр талайымен мұхиттың арғы жағына өтіп кеткен орыс ойшылы Н. Лосский ұлттық характер мәселесін тереңдете зерттеп, оған еңбек те арнаған. Зерттеуші халық болмысынан туындайтын мінезді қарастырғанда, ең бірінші кезекте, бастапқы түп өзектен тарамдалатын қасиеттерді назарда ұытаған жөн» [105, – деген пікір айтады. Ғалым кең тарапты терең де өткір мәселені көтеріп отыр. Ол ұлттық мінез сол халықтың бастапқы мәніндегі қандай сипатымен қалай көрінеді, соны анықтап алу аса өзекті мәселе екенін дұрыс бағамдайды. Ұлттық мінез мен мұңдалап тұрмайды, сол халықтың өмір сүру салтынан, күнделікті өмірінен байқалады. Оны дәл тауып тани білу барлық

жазушының маңдайына біткен бақыт емес. Осы тұрғыдан алғанда жазушы Ақселеу Сейдімбектің көркем туындылары ұлттық сипатымен ерекшеленіп тұратындығында. Сондай кесек шығармаларының бірі «Табысу» әңгімесі еді. Әңгіме құсбегілік, оның ішіндегі лашын құсын баптаушы маманның энциклопедиялық анықтамасы секілді. Әңгіме қазақтың санасында мыңдаған жылдар қалыптасқан жайлау ұғымымен астаса баяндалады.

«Аулымыз ақар-шақар болып, жайлауға қонып жатты. Жаңа жұрт жан сергітіп, әркімнің-ақ көңілін желпінтіп жібергендей. Қазіргі сәтте жаулықтары ағараңдап үй тігіп жүрген әйелдер, бұлшық еттері бұлтылдап құдық қазып жатқан жігіттер, жаңа жұртқа іштей жаңа тілеу тілеп, шаңырақ көтеріскен қарттар, тіптен мынау көкорай шалғында шұбартқан мал-мүлікке дейін көрер көзді қуантып, ен жайлаудың кең пейіл, мәре-сәре күйін танытады. Жайлау төрінен әп-сәтте үй орны таңдалып, жосалы қызыл керегелер жайылып, аппақ жұмыртқадай кигіз үйлер нобай таныта бастады» [90, б. 240].

Осы бір көркем суреттеулерде жайлаудың көз тартар көркем бейнесі көз алдына келеді. Жайлау - әрбір қазақтың «жанын сергіте», «көңілін желпінте» түсетін тіршілік мекені. Бүгінгі таңда ұлттық салтымыздан ұзап бара жатқан осы бір тіршілік күйі қазақ дүниетанымынан сыр шертетіні анық. Әрине, бұл туындыдағы ұлттық характердің көрініс табар негізгі және басты сюжеті бұл емес. Автордың алып отырған кеңістігі – жайлау көрінісі сол сюжеттің өтер алаңы, бейнелеп айтатын болсақ - әлемі. Жайлауға келіп, қоныстап жатқан ауыл адамдарының көңіл-күйімен астасып ерекше бір оқиға өрістейтінін байқаймыз. Әңгіме лашын құстың тағдырымен байланыса баяндалады.

Жазушы стилінің даралығы осы сәтте ерекше көзге түседі. Лашынның көк аспанда құс ілуі шынайылықпен шебер суреттелген. Лашынның құс ілу сәті «Тап бір қапысыз мерген атқандай айнымай келіп соққан сәтінде тасқа тиген оқша кері серпіліп, көкке қайта көтеріліп кетті» деген сөйлемде көркем бейнеленген. Лашынның жемтігін тарпа бас салмастан, оның теуіп түсіретін әрекеттері шығарма драматизмін арттырып, сюжет динамикасын ширатады.

Бұл суреттеулерде халқымыздың құсбегілік өнері мейлінше терең мазмұнда бейнеленеді. Аңшылық – халқымыздың ұлттық мінезінен хабар берер ерекше өнер. Құс ұстау әрекетін жазушы былай бейнелеген: «Алақандағыдай көріп тұрмыз – үйректің уыз төсіне құныға қадалған лашын тұғжың қағып, қарық болып жатыр. Алқаптың қау қияғына сынадай сіңіп, сығалай жылжыған әкей мен лашын арасы да қысқарып-ақ қалды. Содан асық атымдай жерге келгенде, ұмсына созған құрық басындағы қыл тұзақ жел үрген құрақтай майысып түз құсының үстіне төне берді. Мұндайда төзімде тағат қала ма, жүрек шіркін тайдай тулап, көзім бұлдырап, тамағыма жас тығылғандай тынысым жиілеп кетті. Сол екі арада шалғын арасынан ербең етіп, әкей де көтеріле берді, тұзақ басы да шоршыған балықтай далбыр-дұлбыр болып қалды. Мен де дедектей жөнелдім. Келсем, әкей тұзаққа түскен құсты бешпетінің шалғайына орап ала қойыпты. Тап бір жаяу жарысқа түскендей екі иінінен дем алып отыр. – Бұл бір құтты қоныс болды... сұңқар баласы қолға қонды деген осы... тіл-көзден аулақ... тұғырың құтты болсын! – дейді еңтігіп» [90, б. 241].

Әдебиетімізде бүркіт аңшылығына байланысты шығармалардың тамыр-тегі халық ауыз әдебиетінде жатыр. Қара өлең үлгілерінен бастап, эпостық жырлардағы қырандар бейнесі, халық ертегілеріндегі самұрық құс образы халық санасындағы құс атаулының, оның ішінде қыран бүркіттің символдық мәні терең болғанын айғақтайды.

XIX ғасырдағы сал-серілер поэзиясында да қырандар бейнесі асқақ романтикалық рухта жырланғаны белгілі. Жазба поэзиясының басында тұрған Абай шығармашылығында дала қазағының стихиясы – аңшылық көріністеріне арналған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңі бұл тақырыптың шарықтау шегіне жеткізілді. Прозадағы бүркіт бейнесін алғаш сомдап, сол арқылы халық тұрмысын, ұлттық-этнографиялық болмысын өзек еткен Мұхтар Әуезовтің 1925 жылы «Таң» журналында жарық көрген «Бүркіт аңшылығының суреттері» әңгімесі бұл тақырыпты жаңа жанрда игерудің классикалық үлгісі бола алды. Өкінішке қарай, М. Әуезов бұл тақырыпты роман дәрежесіне жеткізе алмады. (Бұл әңгіме «басылмаған романнан» деген анықтамамен жарық көргендігі белгілі). Аталмыш әңгімеде тек құс төресі – бүркіттің айналасында ғана емес, аңшы бейнесінің мінездік құбылуларын терең суреттей отырып, адам табиғатындағы психологиялық өзгерістерді бейнелейді. Кейін бұл тақырыпты «Бүркітші» әңгімесінде жалғастырып, онда қыран құс баптаудағы экзотикалық суреттеулер идеологиялық астарға қызмет жасады.

Қазақ халқының қанына сіңген көне дәстүр құсбегілік туралы, қырандар образын бейнелеу дәстүрі проза саласында Т. Әлімқұловтың «Көк қаршыға», Т. Иманбековтің «Жетім қыран», А. Асылбектің «Қыран хикаясы», А. Пошатаевтың «Қыран құс не алмайды салса баптап» т. б. шығармаларында түрлі деңгейде жалғасты. Бұл қырандар образында көбінесе әлеуметтік логика интонациясы басым.

Ал Ақселеу Сейдімбек стилінің ерекшелігі – қырандар бейнесінің аллегориялық мәнінен гөрі, фактографиялық дәлдіктерді қатаң ұстанатындығында. «Тауға біткен жалбыз», «Табысу» әңгімелерінде бүркіттің балапанын ұясынан алу әдісі аса тәптіштеп суреттеудің арқасында ең ұсақ детальдардың өзі назардан тыс қалмайды. Ал көктен ұшып жүрген лашынды ұстау осыншама дәлдікпен бейнеленген деп айта алмасaq керек. Осы ұлттық дәстүрді суреткер шығармасында шеберлікпен қиыстырады.

Қаламгердің көркем прозасы этнографиялық мәдениетімен, ұлттық мінезімен ерекшеленіп тұратыны анық. Осы шығармадағы құсбегінің балаша қуанған сәтін «әдеттегіден үні де жұмсарып, мейірімі молайып кеткендей» деген жолдармен әсерлі береді. Ол – кейіпкердің ішкі толғанысын жазушының тамыршыдай дәл басқан шеберлігінің нәтижесі. Құсбегінің ұлттық мінезін беруде ұлттық дүниетаным кеңдігінен бір жаңылмайтындығын көреміз.

Шағын әңгіме болса да, қаншама этникалық сипаттағы мәліметтерге, қазақтың терең ұлттық танымына қанық боласың. «Жалпы А. Сейдімбектің қаламгерлік стилінде ұлттық бояу ерекше қанықтығымен ерекшеленеді. «Табысу» әңгімесінде басты кейіпкер бала мен құсбегі әкесінің арасындағы сұхбат тәрбиелік, ментальдық мәнімен құнды» [106].

«Көке, сонда бұл құс тек қана үйрек іле ме? - деймін мен еліккен көңілмен.

– Ту-у, бұл Алла қаласа, нағыз тасқа салсаң қайтпайтын қанды балақтың өзі болады! – деді әкем. Анамның:

– Е-е, өз дегенің болмаса, ешкімге көнбейтін өзің сияқты құс десейші, — деген анам әдеттегідей көнбіс қабақ танытқандай, әкемнің ананы, мынаны әперіне үйіріле жүре берді».

Осы бір бейнелеуде халқымыздың ұлттық мінезіне қатысты қаншама детальдар көрініс тапқанын байқауымызға болады. Бірақ бұл жерде суреткер құсбегінің қатыгездігін емес, қайсарлығын бейнелеу арқылы ұлтымыздың танымындағы еркіндіктің, табиғатпен біте қайнасқан ұлттық мінездің көрінісін таныта білген деп түсінуіміз керек.

Әңгіменің түйіні – құсбегі құстан айрылып қалмады, қайта құс өз анасының құшағына еркін еніп кетті. Бұл ұлтымыздың танымындағы еркіндіктің, табиғатпен біте қайнасқан ұлттық мінездің көрінісін таныта білген деп түсінуіміз керек. Бұл бағытта ұлттық мінездің ерекшелігі туралы айтқанда академик С. Қасқабасовтың өнер өзегінің өзі қайнаған өмірден туындайды деген зерделі ой-тұжырымдары аса өзекті [107]. Бұл пікірдің маңызы аса терең. Яғни, өзінің ұлттық болмысын қадірлейтін халық өзінің рухани құндылықтарын, басқаша айтсақ, өзінің рухани келбетін танып, қастерлеуі шарт дегенге саяды.

Аңшылық туралы сөз қозғалса, әрбір қазақтың құлағы елең етіп, құмарта тыңдайтыны белгілі. Ақселеу Сейдімбектің осындай ынтазарлықты қоздыратын әңгімелерінің бірі «Көңіл шіркін...» әңгімесі. Автор мұнда аңшы арқылы жалпы аңшылық психологиясын ашуға талпынған. Жазушы кейіпкердің бойындағы сараңдық та, жомарттылық та, ұстамдылық та, қызбалық та, бір сөзбен айтқанда мінезіндегі байқалмайтын қалың қалтарыстарын аң аулау үстінде көрсетеді. Мұндағы екі кейіпкер – Мұса мен Жәкен – жастары шамалас болғанымен, өмірден көрген-білгендері, түйгендері де бірін-бірі қайталамайтын образдар. Екеуінде де саятшылыққа деген құмарлық оты лаулап тұр. Әңгіме қазақтың ерекше салттарының бірі – көңілі жақын құрдасының екіншісінен қимасын қалауы туралы оқиғамен басталады.

Бұл жалғанда адам көңілін қалдырып, өкінішке ұрынғаннан асқан жамандық бар ма? Екі қарт өздерінің ежелден таза келе жатқан кіршіксіз көңілдерін кірбіңсіз сақтай алу да үлкен міндет. Екі қарт та осы сыннан сүрінбей өтеді».

Әңгіме дала табиғатын ұлттық бояуы қанық нақышпен суреттеуден басталады. Табиғат тылсымын мөлдіретіп суреттеген табиғат пейзажының өзінде тек қана қазақ ұлтына тән көркемдік элементтер көрініс тапқан. Қазақтың көшпелі мәдениетінің мың жылдық дәстүріне, өмір салтына бойлатады. Өмірдің қуатты рухы айқын сезіледі. Мәселен, осындағы «Қабантаудың бауыздау алқымын тесіп шыққан», «қозы өрісіндей», «бие сауым уақыт» деген сөз тіркестері ұлттық сипатымен мәнді. Халықтың тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, кәсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан ұзындық, қашықтық, аумақ, көлем, салмақ, уақыт, мезгіл өлшем бірліктерінің мол қолданысы – шығарманың этнографиялық сипатын барынша қоюлатып берудегі жазушының стильдік

ерекшелігі. Ландшафт суретінде «бауыздау алқымын жарып шығу» сынды этнолексикалық тіркестің де сюжет өрбітудегі маңызы бар. Ол – ерекше оқиғаның боларынан хабар беретін контраст элемент.

«Бұл ауылдың осы сияқты күнде қайталанатын, әдетіне енген, үйреншікті көрінісінің ішінде бұрын байқалмаған, әдетіне енбеген, тосын бір көрініс бар еді». Ол тосын көрініс бүркітші Мұсаның дүрбі салып тұруы еді. Жалпы ұлттық ерекшелік дегенде шектен шыққан бояма жасанды нәрсенің қажеті жоқ, өмірдің өзін алып, мінез ірілігі, болмыс даралығын айшықтап, шығармашылық үрдіс барысында көрсете алу – үлкен маңызды құбылыс. Қаһарман мінезін шығарманың стилі тұрғысынан қарастыратын зерттеуші В. Гусевтің: «Осыдан жүз жылдан бері киіліп келе жатқан үстіміздегі жейдені (сарафан) сипаттау дегеніміз халықтық деген жалқы ұғым тудырмаса керек, ол ең бірінші кезекте ол халық рухын көрсетуден туындайды. Ол дегеніңіз шынайы өмірден алшақтап, қол ұзумен тең» [108], – деген пікірінің айтары мол. Демек, өнердегі ұлттық сипат дегеніміз ол әлдебір әшекейді, немесе, бүрмелі көйлекті суреттеу емес, ол ұлттық рухты көрсету екен. Жазушы Ақселеу Сейдімбек қазақ халқының тұрмысындағы аңшылықты бейнелегенде сол аңшылардың асқақ бейнесіне терең бойлай біледі. «Көңіл шіркін...» әңгімесіндегі екі кейіпкер, екі замандастың арақатысын, сыйластығын суреттеу ұлттық мінезбен суарылған.

«...Дүрбі салып тұрған Мұса да, оның жанында балаша елпілдеген Жәкең де аңқұмар, саңлақ хайуандардың тілін түсінетін, осы ауылдың көнекөз, саятшы қарттары еді. Мұса –қапсағай денелі, сонысына үндес салқын сабырдың адамы. Ішкі ойыңды айтқызбай білетін нағыз саятшыға тән сезімтал, зеректігі бар жан. Ал Жәкең болса, сырт пішіні «аңшы болар-ау» дегізгендей ықшам. Әлі де қалақтай жеңіл, ширақ адам.

Енді міне,... осы екі шалдың аспан төрінен дүрбі салып іздеп тұрғаны не еді?» [90, б. 245]. Автордың таныстыруымен екі замандастың ерекше бір күйде екенін байқаймыз. Әрі осы талпыныстың астары бар екенін оқырман бірден сезініп, ынтыға түседі. Автор бірден кейіпкерлер мінезін қарама-қарсы суреттеу арқылы ұтымды тәсілмен жеткізеді: «Бір қызығы, табиғат шіркін екеуіне «үш қайнаса сорпасы қосылмайтын» екі түрлі мінез берген».

Екеуі замандас. Талай өмір өткелдерінен қатар өтті. Бір-біріне сыралғы. Құрмет те ерекше. Қазақ танымында замандастардың осыншама бірін-бірі құрметтеуін кісілік дейді. Өздері бірінің тілін бірі танығысы келіп тұрады. Осы арқылы жазушы қазақ қоғамындағы үлкендердің сыйластығын дәл бейнелей білген. Үлкендік дегеннің өзі қазақтың ұлттық мінезінің қадірлі биігі болса керек. Екеуара әңгімеде бірінің көңілін екіншісі жықпайын деген ерекше ұмтылыс бар. Автор екі замандастың етжақын табиғи сыйластығының сынға түсер сәттерін бірден жайып салмайды. Шегініс жасап, сыралғы достықтарының түйінін тарқатады: «...Өткен қыс, қаңтардың ортасы ауа аңшының арманындай келте сонар түсіп, осы Жәкең қоярда-қоймай Мұсаны аңға алып шыққан. Мұсаның Кекшіл атты құсы да зар күйінде екен. Сол жолы екі түлкі, бір қоян олжамен қайтып келе жатқанда, Жәкең әріден сөз қозғап, үзеңгілесінің бүркітіне қолқа салған.

– Ей, Мұса, Кекшіліңнің қызығын көп көрдің ғой сен. Қызғанғаным емес, қызыққаным шығар. «Ат өледі, құс қашады» деген емес пе. Бер осы торғайыңды, ендігі ғұмырын мен қызықтайын, – деп еді» [90, б. 246].

Шығармада диалог түрінде қолданылатын кейіпкерлер сөзі сюжеттік-композициялық тұрғыдан бірде шығарма оқиғасын өрбітуге қызмет етіп, енді бірде кейіпкер мінезін ашу, образ сомдау, кейіпкердің психологиялық күйін білдіру, автордың идеясы мен позициясын анықтау тәрізді авторлық мақсатты жүзеге асыру тұрғысынан көркемдік тәсіл ретінде шеберлікпен қолданылғанына көз жеткіземіз. Дос әрі замандас көңілі ол үшін аса қымбат. Өзі ретті еркелік жасаса да, бір үлкен нәрсені бүлдіріп қойғандай сезінеді. Осыншама толқынысты сөзіне Мұсаның жауабы да кісілікті биігімен үндесе түседі. Образдардың моральдық ұстанымдарын ашу үшін осы диалогтік формаға жүгінеді. Бұл – жазушының шеберлігі, даралық стилінің көрінісі.

Жазушы кейіпкердің тұлғасына аса дәлдікпен ұлттық нәр бере суреттейді. Жәкен Мұсаның қимасын сұрап тұр. Құсбегі үшін оның құсы өзінің жанымен астасып кеткен құбылыс қой. Автор диалог арқылы құстың қадірін арттыра түседі. Мұса адамдық биіктен көрініп, өмір туралы кең толғап, ұзын-сонар әңгіме соңында ойын қорыта келіп, түйін сөзін айтады. Досына «сенің меселінді қайтармаймын, құсымды саған беремін деген тоқтамға келеді. Дегенмен құсбегі Мұсаның ішкі толқынысын «көп жыл бауыр басқан сыр мінез серігім еді...» деген сөз үстеп тұр. Мұса үшін құсы аң аулайтын ермек қана емес екен, кәсіп те емес екен, тіпті, өнер деп қайырып айтсақ, шолақ болатын түрі бар. Ол құс «сыр мінез серігі» екен. Қандай асқақ ой, құсқа деген биік құрмет. Жәкен де наз айтқанымен оқшау кеткенін, замандасын қиын қылбұрауға салғанын сезеді. Сондықтан кешірім ғана сұрамайды, ұлы даланың дәстүрі бойынша «өлімнен ұят күшті» дегендей, үлкен кісілік харекет жасайды. Түлкі тымағын замандасының аяғына тигізеді. Бұл үлкен шешім болатын. Бұған Мұсаның өзі тіксініп қалады. Бірақ досының адамдық биігіне, өзінің көңілін тамыршыдай дәл басып тұрғанына риза болады. Содан кейінгі түйін жауабы жақсы келісіммен аяқталады.

Жазушы екі замандастың осы келісімінің ыңғайын аңдататын оқиғамен әңгіме сюжетін өрбітеді. Ауыл сиырларының ішіндегі қызыл өгіз сорға түсіп арам өледі. Терісі сыпырылып ауылдың шетіне шығарылып тастаған өгізге түз құстары үйіріледі. Соның ішінен бір бүркітті байқаған Жәкен жеделдетіп Мұсаға жетіп келеді. Сол құсты қолға түсірудегі екеуінің әбігерін жазушы келістіре бейнелейді. Ауыл адамдары да олардың шалт қимылдарына таңырқасып жатады. Осының барлығы әңгімеде әдемі үйлесімде суреттеледі. Мұса Жәкенге шұбар атын ерттеп әкелуді тапсырады. Жәкен алғашында бұған да қайран қалады. Мұсаның әлекедей жаланған екі жылқысы бар, ал оның ісі анау. Артынша Жәкен өзен аңғарында жүрген Мұсаға шұбар атты ертеп әкеледі. Қараса, тас теріп жүр екен. Оқыс қимылына күлкісі келсе де, күлкісін жия қояды. Шұбарға замандасын мінгізіп жіберіп, тілеуін тілеп қалады. Сыртынан Мұсаны бақылайды. Қаламгер өзі алған тақырыптың қашан да терең білгірі ретінде көрінеді. Оның аңшылық, құсбегілік жайында жазған әңгімелері сол саладағы қазақтың мәдени құндылығы

десе болады. Оның мәндік тереңдігі ерекше. Сондай бір ерекше құбылысты осы әңгіменің сюжетіне тірек еткен.

«Келісімен ширақ қозғала аттан түсе сала, теңкиіп жатқан өгіздің әлі бұзыла қоймаған сан, қол еттерін ойып алып, сол ойынды еттерді түйенің тобығындай етіп турап, әр турамның ішіне малта тастарды тыққылап, көгал үстіне бырдай қылып шашып тастады.

Бұл екі арада «Мұса түз бүркітін ұстауға кетіпті» деп құлақтанған ауыл адамдары Жәкенді ортаға алып, қилы-қилы әңгіме желісін өрбіткен. Бірақ осынау шағын ауылдың үлкен-кішісінің көкейлерінде ортақ бір сезім бар-ды. Ол Мұсаның түз бүркітін ұстайтынына күмәнданбаған, бірақ қалай қолға түсіретініне өзгеше таңданыста тағатсыздана күтіскен сезім еді» [90, б. 251].

Малта тастарды етке тығып бырдай етіп шашуды ешбір құсбегілікке арналған кітаптан кездестірмейсіз. Автор өзі құсбегілікті терең білген. Сондықтан оның кейіпкерлері – өз ісінің шебері ғана емес, кісілікті тұлғалар. Ұлттық характерді қашан да бүркіттің қасиетімен астастыратын ерекше даралық стилі жазушыны басқа қаламдастарынан айрықша бөлектеп тұрады. Осы шығармасында қазақтың сөз өнеріне өте ықыласты екенін баяндап өтеді. Әңгіме қазақ қоғамында Сократтың сұхбаты мәніндегі тереңдігімен ерекшеленеді. Шын мағынасында дастарқан басында жиылған топтың әңгіме тыңдауы мәдениеттің өміршең үлгісі болатын. Ол туралы Б. Әбдіғазизұлы: «Қазақ халқы табиғатынан әңгімешіл, естігені мен есіндегісін шебер баяндайтын ерекше халық. Бір ғана ертегілерін алып қаралықшы?! Рас, бұл жанр өзіндік жазуы қалыптаса қоймаған ортада ауызша айтылып, біреуден біреуге жету арқылы таралғандықтан, уақыт өтіп, айтушы өзгерген сайын оның мәтінінде үлкенді-кішілі өзгерістер түсіп отырған. Десек те, ол ешқашан өзінің көркемдік бояуын жоғалтпаған, ғибратты мәніне, идеялық дінгегіне дақ түсірмеген» [85, б. 274], – деп жазады. Ғалымның осы пікірінде терең философиялық мән бар. Өйткені қазақ халқы бас қосып, әңгіме жиын өткізгенде оған ерекше мән берген. Жеңіл қылжаққа айналдырмаған. Әрине, әңгіме барысында зілі жоқ шарпысулар болған. Дегенмен, әңгіменің негізгі арнасы бұзылмаған. Осындай ұлттық мінезге тән қасиеттерді жазушы өте шеберлікпен бере білген. Әңгіме шырқын бұзбағанмен, оған алаң әкелген адамның әрекеті ондайда бірден байқалып қалатынын жазушы былай ашып көрсетеді: «Әшейінде аңшылық, саятшылықтан басқа сөзді сөз деп санамайтын Жәкен бұл жолы елендеп, қайта-қайта сыртқа шыға беріп еді. Мұның бәрін қалт жібермей бағып, әріден сезіп отырған Мұса:

– Ей, Жәкен, сабыр қыл. Ауыл үстінде жүрген нағыз түз бүркіт екені шын болса, өзі-ақ жариялап «мен мұнда лап» түсер.

Шай қайнатым уақыт өткен шақта аспан төрі сөгіліп келе жатқандай өткір суыл үй ішіндегілерді селт еткізген. Тек қана Мұсаның үйіндегілер емес, осы ауылдың кәрі-жасы тегіс құйын келіп қалғандай елендескен. Тосын дыбысқа желідегі құлындар да, үйездеп тұрған жылқылар да құлаң тігісе қозғалақтап, бұлақ басында шуақтап жатқан қозы-лақтар да үрпиісіп, дүркірей түрегелісті.

Шыт ауаны қақырата айырып, өзгеше бір өрлікпен лақтырған тастай сорғалап келе жатқан - бағанағы Мұса мен Жәкен көрген түз бүркіті болатын» [90, б. 253].

Мезгіл мен мекенге байланысты қазақтың байырғы заманнан келе жатқан өлшемдері этнографиялық мәтін құрудағы маңызы орасан екенін алдағы талдауларымызда айтып өткен болатынбыз. Бұл шығармада уақыттық өлшемге қатысты тіркестер көркем жүйеден лайықты орнын алған. Жалпы Әдебиет теориясында қарастыратын көркем шығармашылықтағы уақыт және кеңістік - көркем мәтіннің өмір сүру пішіні. Әдебиеттің өнер түрлерінің ішіндегі бір артықшылығы – уақыт пен кеңістікті еркін пайдалана алатындығы. Көркем әдебиеттің уақытты тығыздай алатын, ұзартатын, қысқартатын ерекшеліктері бар. Ол ең бастысы сюжетті дамытуға, көркем туындыдағы психологизмді күшейтуге қызмет етеді. Шығармада «шай қайнатым» сынды халық өлшемдерінің қолданысы уақыт категориясының теориялық жіктелісінде концептуалды (оқиғалық) уақыт түріне жатады. Шынайы уақыттың көрінісі автордың суреттеліп отырған құбылысқа көзқарас жүйесін, жалпы ой толғауын таңбалайды.

Жазушы бүркіттің түсуін гиперболалық әсірелеумен береді. Осындағы «аспан төрі сөгіліп келе жатқандай», «шыт ауаны қақырата айырып» «өзгеше бір өрлікпен лақтырған тастай сорғалап», «осы ауылдың кәрі-жасы тегіс құйын келіп қалғандай желідегі құлындар да, үйездеп тұрған жылқылар да құлақ тігісе қозғалақтап, бұлақ басында шуақтап жатқан қозы-лақтар да үрпиісіп, дүркірей түрегелісті» деген асқақ теңеулердің барлығы бүркітке арналған. Жазушының құсбегілікке деген ерен ынтықтығы тасқа қашаған суреттей таңбаланып түскен. Бұлар, әрине, сырттай акциденциялық мәнде айтылғандар. Ал осындағы бүркітке тас жұтқызуы – үлкен дәстүрдің көрінісі. Қазақтың рухты харакеті осы бүркітті ұстауы, оны баптауынан ерекше көрінеді: «Рух айғақтары, мінез құбылыстары, жұрт тағдыры мен әлеуметтік жіктер, тірлік пен тұрмыс реалиялары және тағысын-тағылар – бұлардың қай-қайсысының да шығармашылық объект ретіндегі идеялық-поэтикалық тәпсірлері Дулаттан Абайға қарай тыңая тереңдеп, түрлене тұтасып, күрделене, көріктеле береді» [109].

Дәстүрдің де естісі, немесе, ескіргені болуы – адамзат қоғамында болып тұратын құбылыс. Әр қоғам өзіне қажеттісін алмақ. Жазушы А. Сейдімбек әңгіме жанрына үлкен көркемдік-эстетикалық талғаммен келген. «Жазушының шығармашылық даралық қасиеті табиғи дарыны мен қоғамдық болмыстан туындап жатады. Бұл орайда шығарма шырайын арттыратын суреткер қолтаңбасындағы жекелік сипат, жанрға қатысты талғам, шығармашылық мақсат, пафос, көркемдік әдіс пен стиль, оқырман талғамын назарда ұстаудан барып шығармашылық даралық қалыптасады» [110].

Жазушының даралық стилі бір ғана көркемдік-эстетикалық фактордың қуатымен айқындалады. Ол шығармадағы драматизм табиғатын үстеп, суреткер шеберлігін даралап көрсетеді [111]. Адам және табиғат қарым-қатынасының көркемдік әлеміне бойлатады [112]. Оған табиғат берген дарын мен қоғамдық болмыстың да ықпалы ерекше екенін ұмытпағанымыз жөн. Құсты ұстаудың бір

тәсілін алып, керемет эстетикалық талғамы биік шығарма жазған. Әңгіменің түйініне де үлкен көркемдік жүк сыйдырған.

Жазушының көркем шығармаларындағы өмір шындығы – адамдардың күнделікті тұрмыс ағысындағы бастан кешкен оқиғалары, төрт түлік өсірген қазақ тұрмысының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктерімен сабақтастықта үнемі табиғи бояулармен астастырыла суреттеледі. Сондай өрелі көркем шығармаларының қатарында «Олжа» әңгімесі ерекше аталады.

Адамзат қоғамындағы өркениет мәселесі қаншама ғылым саласында талқыланды, талқыланып келеді. Дегенмен басы ашық екі мәселе бар. Бірі, өркениет адамзат қоғамының жетілген деңгейінің көрінісі болса, екіншісі, қалалық мәдениетпен астас деген пікірлер. Соңғы ғасырда көшпенділер өркениеті де адам қоғамының өмір сүру салтының бірі ретінде қарастырыла бастады. Бастауы мыңжылдықтарға кететін көшпенділер мәдениеті адамзат қоғамында ерекше өркениеттік құбылысқа ие. Бұл тараптан алғанда жазушы Ақселеу Сейдімбек әңгімелерінің дені осы өркениет жетістіктерін зерделеуге арналған. Қақаған қыстың мәндік ерекшелігін ашқан жоғарыдағы сурет соған дәйек болады.

Табиғат мезгілдерін жанды қалпымен ұлттық нақышта суреттеу – қаламгер әңгімелерінің басты сарыны. «Ақпан ақ сүйек етіп жүрмесе сол...» деген суреттеуді малмен көзін ашқан жұрт болмаса оның мәнісіне бара бермесі анық. Ол «жұт болмаса иігі еді» деген мағына беріп тұр. Адам да табиғаттың бір баласы. Тұтас ғаламды жаратушы адамды жеке жаратпай, әлеммен тұтастықта жаратқан. Осындай табиғат тылсымын дәл беру үшін әрине жазушыға шеберлік керек, сонымен қатар сол өзі өмір сүрген ортаның рухын сезінуі шарт. Ақселеу Сейдімбек шығармашылығына осындай рух тән. «Көркем әңгіменің идеялық-көркемдік дәрежесінің биік болуына бірінші кепіл – талғамның биіктігі, творчестволық табыс талғамнан басталады. Әрине, жазушының талғамы биік болу үшін оның ұғымы мен білімі мол, мәдениеті мен ой өрісі үлкен, өмір тәжірибесі мен өнер құлашы кең болуға тиіс» [113].

Жазушы мәдениеті, таным-талғамы, ой-өрісі, парасат-пайымы биік болуы керек екені ғылымда аз айтылып жүргені жоқ. «Өнер құлашы кең болуға тиіс» деу өзгеше талап, соны ой десек, осы талғамнан толық шығатын жазушы, ол – Ақселеу Сейдімбек. Жазушы кейіпкері табиғат тылсымын терең біліп қана қоймай, ойын дамытып метафизикалық ізденістерге түседі. Мына дүниедегі тіршілік иелерінің белгілі бір жүйеге бағынып тіршілік етіп жатқанын ой елегінен өткізеді. Бұл философиялық толғанысқа ұласқан: «...Қаңтардың ақ түтек бораны шаруа баққан ауыл адамдарын осылай абыржытқанда, несібесін түзден терген аяқты аң, қанатты құстың жағдайы не күйде десейші! Не күйде болушы еді, түз тағысы табиғатпен тілдес деген, олар да тіршілік үшін тырбаныстан құралақан емес. Ұшқан құс, жүгірген аңның әрқайсысы өзінше ақыл-қайрат жұмсап, өз қауқарына орай әрекет жасайды. Олардың мың-сан айла-шарғысын, зорлық-зомбылығын, көрген азабы мен шеккен бейнетін жер бетіндегі ең ғаламат өмір жорығы десе лайық.

... Өйткені жер бетіндегі әлгі мың сан тіршілік атаулының ең ұлы әміршісі Табиғаттың өзі. Ал Табиғат-Ана ешқашан қателесіп көрген емес, қателеспейді де» [90, б. 256].

Жазушы табиғат ұғымын өте кең мағынасында алып отыр. Ол өзінің өзінің әу бастағы көркемдік-эстетикалық көзқарасында, азаматтық нық ұстанымында қала білген. Осы әңгімесіндегі «Ал Табиғат-Ана ешқашан қателесіп көрген емес, қателеспейді де» деген астарлы ой өткірліктің ғана белгісі емес, даралық стилдің көрінісі. Жалпы стиль дегеніңіз шұрайлы тіл, бейнелі образ ғана емес, ол - терең ой. Туындыдағы зерделілік - стильдің бір көркемдік элементі. Малды қай мезгілде жайылымға шығаруды білу үшін табиғат ананың қабағын тани білетін қабілет қажет. Қаламгер жыл мезгілдерінің тылсымын көшпелі мал шаруашылығы ерекшелігімен ұштастырады. Қысқы жайылымға малды өрістетуді жазушы асқан дәлдікпен бейнелейді.

Жазушы қойшыны мал артынан салпылдап ерген малшы ғана деп қарамайды. Тұлға деп таниды. Кейіпкер болмысын қашанда ой мен ізденіс үстінде көрсетеді.

«Күн ашық болғанмен аязы ширақ, ауа шыныдай шытынап тұр. Қорыққа тақалғанда Шалғынбай қасат қарды борпылдата желіп, отарынан озыңқырап барады да, торы шолағын ерсілі-қарсылы жүгіртіп, үзеңгі соғатын ақсақ ойылма оппаны бұзып береді. Кешікпей-ақ алды-арты қоғамдалған көп қой бұзып берген қарды құшырлана теуіп кеулей жөнеледі. Осы кезде Шалғынбай атынан түсіп, ауыздығын алып, отқа жібереді. Қашып кетер деп тұсап-матамайды да. Сонсоң тас лақтырым жердегі қоян жон жұмыр төбенің басына шығып біраз тұрады да, астына төрт қабат көрпе салғандай шынтақтай кетеді.

Мәселен, осындағы «төрт қабаттап салған көрпе» деген ұлттық танымдағы ұғымы бір қарағанда аса маңызды болып көрінбейді. Ал қазақы өлшемде ол шынайы құрметтің белгісі әрі қалың көрпенің бүктелуі - төртке сай. Қазақ танымында бес қабат көрпе деген ұғым жоқ. Қалыптасқан сана қабылдайтын жеті қабат жер асты, төрт қабат көрпе, т.б. ұғымдардың өзіндік астары бар. Табиғат тынысы өрнектелген пейзаждық суреттеулердің астары мол. «Дәл осы кезде ақ қардың үстімен қой тебініне қарай құлдырандап жүгіріп бара жатқан қос түйеқұлақ тышқанды көреді. Түйеқұлақтың екеуі де еш жасқанбастан, мына бір отар қой өздерінің көптен күткен көз таныстарындай-ақ тебін шетіне келіп бір-ақ тоқтайды. Сонсоң қой тебінінен шығып қалған жусан түбірін қажай бастайды.

Ал енді осыны өмір жорығы демей көрші. Мынау шетсіз-шексіз ақ қар, көк мұзда, катал табиғат аясында тіршілік үшін тырбанған қос тышқанның әрекетін, тапқырлық-табандылығын түсініп көр... » [90, б. 258].

Жазушының табиғатпен біте қайнасқан кейіпкерлерінің зерделілігі, байқампаздығы, сезімталдығы да барынша шынайы. Малшы алдындағы малды жайып қана қоймай, бір қарағанда еш өзгерісі жоқ тылсым табиғатта не болып жатқанын жіті бақылап отырады. Сондай жіті бақылауының өзегі – «қос түйеқұлақ тышқанды» көруі. Одан үлкен ой түйеді. Табиғат тылсымының белгілі бір әуезі, шынжыр өмірдің бір шығыршығындай қабылдайды. Бұл өмірде бәрі бірімен-бірі табиғи заңдылықпен тығыз байланысты деген ой түйеді.

Ақселеу Сейдімбек өз кейіпкерлерінің тартыс табиғатын өмірдің өзінен тудырып, сан алуан түйткілдерге жауап іздеген философиялық ойын дарытады. «Ақаңның тіл байлығы жаттанды дүние емес, іштен шыққан қасиет» [114]. Дала көшпендісі ешқашан ойсыз өмір сүрмеген. Ойсыздық – шетсіз де шексіз далаға жұтылып кетудің бірінші алғы шарты. Ойсыздық малыңмен бірге қарлы боранның астында қалып үсіп өлуге бастайтын әрекет болмақ. Сондықтан дала көшпендісі қашан ой үстінде болмақ. Автор осыншама асқақ өз кейіпкерін шынайы тіршілік тынысымен астастыра шендестіреді. Мұнда жазушының характер ашудағы терең психологиялық шеберлігі айқын көрініс тапқанын байқау қиын емес. Психологизмнің тереңдеуі, моральдық-этикалық мәселелерге ерекше көңіл бөлу, кейіпкер болмысын шынайы ашудағы тереңдік, проза дәстүрінің құнарын игеру, көркемдік-стильдік бағыттағы сан алуан бояулар нағыз қаламгер келбетін айшықтайды [115].

«Атам қазақ мал баққан, малмен бірге ой баққан» деген ұлағат тегін айтылмаса керек. Мал бағу дегеніңіз – жайбарақаттық емес, қас қағым сәтте болатын оқыс дүниеге дайын болу деген сөз. Шалғынбай малды кәсіби біліктілігімен жайылымға алып шықты, жайылымды тапқырлықпен аршып берді. Түйеқұлақ тышқан, одан кейінгі жүз құбылып құлпырған түлкі, арты аяғы көкшулан қасқыр – бәрі, бәрі дала даналығын бойына жинақтаған байқампаздықтың жемісі. Осы орайда ғалым А. Глушконың мына бір пікірі біздің ойымызды үстей түседі: «Адамның қоршаған ортамен тамырластығының көп қырлы байланысын ашуға деген ұмтылыс, тұлға қалыптасуының өзіндік заңдылықтарын игрудегі ыждахат, адамның рухани әлеміне бойлаудағы көркемдік таным туынды мазмұнын салмағын еселей түседі. Ол жанр өрісін ұлғайтуымен қатар шығармадағы оқиға желісіне де кең тыныс дарытып, құрылымына зор ықпал етеді» [116].

Жазушы әңгімесі кейіпкерлер табиғатының шынайылығы, оқиға желісінің реалистік сипатта өрістеуімен тартымды. Кейіпкер қоршаған ортамен үндестікте суреттелген жағдайда шығарманың көркемдік қуаты еселене түседі. Жазушы Ақселеу Сейдімбектің шығармашылығы осы сипаттағы көркемдік талаптарға толықтай жауап береді. «Олжа» әңгімесінің көркемдік шешіміне белгілі бір қалыпқа сай түйіндеу мүлдем жат. Әңгіме түйіні олжамен қорытындыланады. Көркем түйіннің символдық пафосы алабөтен. Бір қарағанда олжа кездейсоқтық сияқты болғанымен, онда терең заңдылық бар. Әңгіменің терең түйіні өмірдің өзі олжа дегенге саяды. Жазушы осы олжалы сәтті екі түз тағысын бір-біріне қарама-қарсы қою арқылы төмендегідей суреттейді:

«...Қасқырдың қайраты басым болса, түлкінің айласы басым, мұзға табаны тиісімен түлкі құйрығын бұрап тастап жалт береді. Қапыда болған бұл қимыл қасқырдың түбіне жеткен, табаны тайып алдыңғы екі аяғын айыра құлайды. Төстігі сөгіле алқымымен мұз тіреген қасқыр алдыңғы екі аяғын қайтып жинай алмай қалыпты. Бөксесін шошайтқан күйі артқы аяғымен әрі-бері тыпырлапты да, жан беріпті. Шалғынбай ойда жоқтағы олжасын қанжығасына бөктеріп алып, осы әңгімесін ауылға жыр ғып айтып келді.

...Ал енді осыдан кейін табиғат аясында әділетсіздік, зорлық-зомбылық, кулық-сұмдық жоқ дегенге сеніп көр.

– Әнеки, өмір дегеніміз сол, әне...» [90, б. 261].

Ақселеу Сейдімбек – прозаға қазақтың дәстүрлі мәдени дүниетанымын әкелген суреткер. Оның әңгімелері мен хикаяттары қазақ әдебиетінің алтын қорын еселейтін шығармалар санатынан. Әсіресе, аңшылық өнер туралы жазылған циклды әңгімелерінен оның даралық стилі айқын көрініс тауып жататын әңгімелерінің бірі – «Аңшы өтірік айтпайды» деп аталады. Жазушы әңгімелерінің дені серілік, ірілік, биіктік, жылылық шуағымен бастау алған болса, аталған әңгімесі бас кейіпкердің қуатты, екпінді сөздерімен өрістейді.

«Жо-жоқ, атама деймін, шын аңшы еш уақытта өтірік айтпайды. Түз тағысының айла-шарғысын көп көрген аңшы бастан кешкенін айтса, оның әңгімесі ат жалын тартып мінбеген кейбір үйкүшіктер үшін қиялдай болып естіледі. Солар ғой, аңшыны өтірікші атандыратын.

Жәкен ақсақал осылай деді. Бұл сөзді айтқанда қою қара қасы түйіліп, әжімді мандайы қызарып, қисынсыз жаладан ақталғандай шырай танытып еді.

Жоқ-а деймін-ау, ойынның да орны бар, қиянат сөзді өзгеге телуге болса да, шын аңшыға телуге болмайды. Мұның мәнісін тіршіліктің күйкі күйбеңінен ада, табиғаттың өзіндей дені таза нағыз аңшыдан басқа ешкім білмейді, – деді» [90, б. 262].

Осынау шабыт қанатында орамды сөз саптап отырған әңгіменің басты қаһарманы Жәкен ақсақалды автор қайнаған тіршіліктегі оқиғаларға белсенді араласатын жан ретінде суреттейді. Тыңдаушылар ортасында ол дарабоз сөйлеп, киліккенді сөз сойылмен қағып тастауда. Жәкен – дара тұлға, жанды бейне. Өнердегі, әсіресе, сөз өнеріндегі басты қағидат – адам болмысы. Қай шығармасын алмаңыз, онда табиғи болмысымен сомдалған кейіпкер алдыңғы шепте тұрады. Аңшы атаулының үстінен құс ұшырмай, шыр-пыр болып қорғаштап отыру – Жәкен ақсақалдың қашанғы әдеті. Бірақ та «Бөрік кигеннің намысы бір» деп қисынсыз өндірішек созу әдетінде жоқ. Аңшылықты қасиет санап, шын пейілмен берілгендіктен сол тірлігіне шаң жуытпай отырады.

Жазушы басты кейіпкерді өзге кейіпкерлерден бөлекше бейнелегенде олардың пайым-парасаты, жан дүниесіне үңіледі. Аңшы қарт аңшылықтың қадірін білмейтіндерге кейістігін білдіріп, олардың жөн-жосықсыз әрекеттерін тиып отыр. Кейіпкердің ішкі толқынысын, мінезіндегі құбылуларды айшықты детальдармен жеткізеді. Жәкен – ақсақал өткірлігімен бірге қайтымы да тез, жүрегі кең, мейірімді жан. Аңшылық хақындағы әңгімелерін қиыстырып, тыңдаушысын ұйыстырудағы қарымын ашудағы шынайылық назар аудартады. Сөйтіп, жазушы негізгі айтылар оқиғаға тыңдарманды ынтықтырып, ұмтылдырып қояды.

Осы сәттен бастап оның бейнесі барынша даралана түседі. Автор сюжет романтикасын үдете отырып, кейіпкерін де романтикалық тұрғыдан сомдайды. Бұл өзін-өзі мінездеулер арқылы жүзеге асады. Аңшылықтың қызығын жеткізуші, әңгімелеуші кейіпкердің өзі. Жазушы әңгімешінің шеберлігіне екпін жасап, дала мәдениетіндегі аңшылық өнердің тылсымына бойлатады.

Оқиға өрбуін шынайы өрген жазушы юморлық, сатиралық тілімен кейіпкер болмысын аша түседі. Әрине, шығарма жанрлық жағынан юморлық әңгіме емес, бірақ юморлық көркемдік элемент сәтімен қолданылған. Жәкен ақсақал – жазушының әңгімеші бейнесін жасаудағы сәтті қадамдарының бірі.

Қаламгер әңгімелерінің символдық сипаты арнайы қарастыруды қажет ететін мәселе болмақ. Табиғаттың түрлі аң құсына, тіпті жәндігіне дейін образдық сипат беру – әдебиеттегі ежелден қалыптасқан дәстүр.

Әдебиетіміздегі жануарлар, хайуанаттар өмірін, жәндіктер тіршілігін суреттейтін Ғ. Мүсіреповтің «Өмір жорығы», «Қыран жыры», М. Мағауиннің «Құмырсқа қырғын» сынды философиялық шығармалар шоғырында Ақселеу Сейдімбектің «Айқас» әңгімесінің алар орыны ерекше.

Жазушының «Айқас» әңгімесінде өмір үшін күрес, ұрпақ жалғастығы сынды көкейкесті мәселелер философиялық толғаммен, кірпияз талғамымен үндесіп жатады. Суреткердің бұл туындысы қазақ әңгімесіне жетпей тұрған айшықты бояуларды жинақтаудың тәжірибесі, ойды символикамен жеткізу тәсілін батыл игерудің жемісі іспеттес. Оның ішінде дәл қазірдің өзінде ешкім айта алмайтын, екінші бір емеурінді тұспал жатыр. Қаламгердің айтпақ ойын жорамал, болжаммен білдіруі – заңды үрдіс. Бұл көркемдік тәсіл қазақ әдебиетінде бүгін ғана пайда болған нәрсе емес. Ол – фольклорлық шығармаларда, әлем әдебиетінде бұрыннан бар көркемдік тәсіл. Әңгіменің тақырыптық-идеялық желісі табиғат құдіретіне бас июде ғана емес, өмір үшін күрес, қазіргінің жалғасы, болашақтың тұтқасы жас ұрпақ пен ертеңіміздің кепілі – жер-анамызды қастерлеу тұрғысынан өрістеп отырады.

Әңгімеде табиғат сұлулығы шеберлікпен суреттеледі. Сарыарқаның жаз ортасындағы табиғат суреттері қанық бейнеленген. Туған жердің жанға жақын тау мен тасы, жазығы мен жотасы нәзік сезіммен айшықталады. Туған өлке төскейіндегі алаңқайлар мен алқаптардың көркем кестеленуі жер бедерін терең танитын суреткер дүниетанымына жетелейді. Жазушы А. Сейдімбектің даралық стилінде оқиға желісі шебер құрылып, табиғат тылсымының әсем үйлесімімен жарасым тауып жатады.

Құстар әлемін суреттеуі де көркемдік нақыштағы бейнелілігімен ерекшеленеді. Ондағы дүр етіп ұшқан шіл тобын, немесе байғыздың шақыруын, шықылықтаған сауысқан, таңдайын тақылдатқан саңырау құр бәрін сезіну – табиғат тынысын таныған зерек суреткерліктің хас белгісі. Бұл бағдарда Мұхтар Әуезовтің: ұрпақтар сабақтастығымен қалыптасатын ұлттық дәстүр, әлемдік көркемдік-эстетикалық танымда игеру, әдеби дамудағы дәстүр мен жалғастық, сөз өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық, өмір көшіндегі дәстүрдің озығы мен тозығы хақындағы толғамдары ойландырмай қоймайды [117].

Қаламгер қолданысындағы бейнелеу құралдар байлығының қоры көп жылдық дәстүрдің жемісі екенін көрсетеді. Ондай көркемдік дәстүр сабақтастығы жоқтан пайда болмайды. Сондықтан шағын әңгіменің өзінен эпикалық шығармаларға тән тыныстың байқалуы – көркемдік дәстүр жалғастығының көрінісі.

«Ұзақ жолдың көлігіне от шалдырып, белін босатып алу керек. Бұл – жол заңы, дала тәртібі.

Әркім өз аттарымен болып жатқан қарбалас сәтте жігіттердің біреуі:

– Уа, жігіттер, мынаны қараңдар! Мынау не керемет! – деп таңдана дауыстап қоя берді.

– Сөйтсек, айдыны үй орнындай болатын бұлақ суының беті – құж-құж еткен құрбақа. Су бетінен ине шаншар саңылау көрінбейді. Өңшең бір қоңыр бұжыр бақалар бір-біріне иек сүйеп, иін тіресіп тұр. Бұж-бұж жондары тершіп, жұп-жұқа иектен төменгі бозара біткен кеуілжірлері күлкілдеп, дөп-дөңгелек кішкене көздері шатынай жылтырайды» [90, б. 271].

«Бұл – жол заңы, дала тәртібі» деген сөйлемде ұлы даланың мыңдаған жылдық дәстүрінің сарыны аңғарылады. Асылы ұлттық мінез осындай көркемдік-эстетикалық мәні терең танымдық факторлардан тұрады. Барлық тыныс-тіршілігін білемін деген қасиетті атамекен жаңа ұрпаққа өзінің тылсым сырға толы құпиясының бір пұшпағын тыңнан ашуымен таң етіп қоятыны бар. Өңгімедегі сондай құбылыстың бастамасы – осы су басындағы құжынаған құрбақалар.

Жігіттер даладағы бұлақ басындағы бақалардың құжынасып, құрылдасуынан өзгеше бір өзгерісті байқағанымен, әртүрлі болжам айтысып, ақыры жүрек жалғап алу қамына кірісіп кетеді. Жазушы оқырманды ынтықтырып келіп, керек сюжетті жай қажетсіз оқиғадай, елемеген сыңай танытады. Оқырман іштей бұл немқұрайлыққа алаңдай бастайды. Жалпы, бұл көркемдік тәсілдер А. Сейдімбектің шығармашылық даралық стилінің бір ерекше әдісі болатын. Даралық стиль осындай көзге көрінбейтін мыңдаған, жүздеген әдістік шешімдерден тұрады. Дегенмен, жазушы оған әдемі айналып соғып тұрады. Көркем стиль мәселесін тереңдетіп зерттеген ғалым И. Подгаецкая бұл жайында мынадай пікір айтады: «Қаламгердің жеке даралық стилі – сөз өнерін өзгеше көркемдік нақышта өрнектеу деген сөз. Ол автордың көркемдік түйсігін айшықтай отырып, тек соған ғана тән бейнелі тілде ғалам бейнесін сомдауына жол» [118]. Демек, жазушы өзіне тән, өзінің даралық стиліне тән көркем образ әлемін жасайды. Осы тұрғыдан келсек, Ақселеу Сейдімбектің қай шығармасын алмайық, онда туған жерге деген құштарлықтың лебі есіп тұрады. Сай-сайды қуалай соққан самал мен оған ілесіп көтерілген көктің қуаты жүргіншілердің тынысын кеңейтіп, ерекше күйге бөлеген. Табиғат пейзажын суреттеуге жазушы өте шебер. Мәселен, осындағы «таулы өлкенің қияқты шалғыны», деу арқылы жер бедеріне қатысты өсімдіктер әлемін нақтылай суреттеуі қандай дәлдігімен ерекшеленеді десеңізші. Табиғат ананың қойнауында болып жататын құбылыстарды айнытпай беру шеберлігі де бөлекше. Жаңағы айтылған бақалардың жоқ болып кетуін суреттеуі де ерекше. Енді соған назар аударайық:

«Біз алғашқыда өз көзімізге өзіміз сенбедік. Бағанағы құжынаған құрбақаның бірде-бірі жоқ. Тіптен мына бұлақты ешқашан бақа жайлап көрмегендей, шарадағы судай түбі көрініп мөлдіреп жатыр. Жігіттердің бірі маңайындағы шалғын арасын сүзіп, енді бірі бұлақ жылғасын біраз жерге дейін

етектеп қайтты. Үшті-күйлі жоқ. Жер жұтып кеткендей. Бағанағы келген беттегі таңданыс таңданыс па, біз енді бұл жайттың тегін емес екеніне ден қойып, көңілімізді осынау құпия еліктіре жайлап алғандай болды» [90, б. 272].

Жазушы әңгімесінің басында болған оқиғаның ізімен деген ескерту жасамайды. Бірақ, оның болған оқиға негізінде жазылғаны байқалады. Бірақ сол тарихи болған фактіні көркем жеткізгенде белгілі бір эпостың сюжетіндей әсер қалдырады. Дегенмен әрбір эпостық шығармалардың негізінде тарихи негіз барлығы әдебиет тарихында айтылған. Белгілі ғалым Е. Мелетинский батырлық эпостың табиғатына қатысты мынадай пікір білдіреді: «Қаһармандық эпос – белгілі бір әлеуметтік-тарихи жағдайларға және адам мәдениетінің деңгейімен сабақтаса өрістейтін нақты сипаттағы поэтикалық форма» [119].

Яғни, батырлық эпос белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдайға қатысты туындайтынын айтады. Мынау – өмірде болған оқиға. Нақты натуральды ақпарат болуға тиісті еді. Әңгіме сюжеті табиғатта болған оқиғаның адамға ерекше әсер ететіндей қалыпта өткендіктен, ретімен баяндалған. Дегенмен, жаушының мәнерінде батырлық эпосқа тән қолданыстар жоқ емес. «Айқас» әңгімесі эпостық дәстүрдің даралық стильдегі эпостық пафостың көрінісі деп айтсақ та болады. Назар аударайық: «Өзгеше бір құдіретті жарлықтың құзырына бағынғандай, тәтті тіршіліктің өзгеше бір ұлы шеруін тартып бара жатқандай». Яғни, сонау соғыс жылдарындағы, ел басына күн туған шақтағы ханның жарлығымен жорыққа аттанған жауынгерлердей бейнелейді. Жалпы жорыққа аттанған қалың қолдың қолбасшысы болатыны сияқты, бақалар шеруін де эпостық қарыммен суреттейді: «Жосыла жөнкілген бақалардың қалын шұбырындының алдында жұдырықтай қоңыр бақа». Ол «Талмай ырғып, тоқтаусыз секіріп, мың сан бақаны бастап келеді екен. Соңынан ерген бақалардың қалың тобыры да шашау шығар емес. Кейпі қанды қырғынды қас қақпай қарсы ала білетін, ұлы шайқасқа тілене ұмтылатын нағыз жау жүрек жауынгерлер» [90, б. 273]. Ұлттық характер біздің тоспаған сәттерімізден көрініс тауып жатады. Біздің көзіміз оған, әңгіменің сюжеті шиыршық ата дами түскенінен байқаймыз.

Бұл жортуылдың соңы ұлы шайқасқа айналған. Барлығы эпос табиғатымен үйлесімде өрістейді. Егер осы көрген оқиғаны эпостық дәстүрмен суарылмаған таза жаратылыстанушылық дәстүрде өскен адам көрген жағдайда көрген-білгенін жеткізу барысында жаңағы көркем бейнелеулерді көре алмай қалар едік:

«Айтқанша болған жоқ, жаңағы шаңның ішінен шиыршық ата серпілген қара шұбар жылан көрінді. Бармақтай басын қақшита көтеріп алып, қайқаңдай есіп келеді. Қара бақа сияқты мұның да қимылында өзгеше бір уытты сенімнің, запыран ашудың лебі бар. Көрер көзді тіксінткендей сұсты-ақ.

Біз бұл жыланның соңындағы буалдыр шаңның ішінен сумаң қаққан қалың түйме басты көргенде жонымыз шымырлап қоя берді. Быж-быж етіп арқан бойы жерге шұбаған қалың жылан сумаң-сумаң етеді...

Кешікпей-ақ, кимелей ұмтылысып, бірін-бірі кеудемен қаққан екі жақтың қалың бақасы мен жыланы ию-қию араласып кетті. Араласты деген сөз болар, кәдуілгі азу басысқан ата дұшпандарша шаппа-шап, қанды шайқасты бастап

жіберді. Аузын арандай ашқан бақалар көз ілеспес шапшаңдықпен лып-лып ырғып, қарсыласының оңтайлы жерін шаттауықша қысуды нысана еткен. Жыландар болса басын көкжиге көтеріп, жарты денесін садақтың жебесіндей кезеніп, сұсты уытпен айдынын асырғысы келгендей. Бұл – бетпе-бет келген бақа мен жыланның белдесер алдындағы бір сәттік қана көрінісі. Мұнан әрі лып етіп, не бақа секіреді де, немесе жыланның жұмыр денесі жарқ етіп, улы басы көздеген нысанадан табылады. Мұндайда бақа да қарап қалмайды, жаңағы жарқ еткен жылан денесінің не желке тұсында, не бауыздау алқымында тырбаңдап жабысып жүргенін көресің. Жылан болса қыл шылбырдай жұмыр денесін біресе жиырып, біресе жазып алас ұрады. Мың бұралып алып, өзгеше бір уытпен ышқына жазылғанда – шертіп кеткен серіппеге ұқсайды. Жұп-жұмыр денесінің не бас жағы, не сүмбідей құйрығы жиырылып жазылған сайын шақатты жерге торс-торс соғылады. Біз ең соңғы жекпе-жекке дейін тапжылмастан тесіле қадалуда болдық. Кешікпей-ақ жеңіс дабылын бақалар қақты. Әлгінде ғана шаңдата жосылған қалың жыланды қоғадай жапырып, жусатып тастады» [90, б. 274].

Табиғатта талай тосын оқиғалар болады. Оны көріп осыншама драмалық тартысқа айналдырып жеткізу оқиғаның экспрессивті-эмоционалдық әсерін арттыру үшін қажет.

Қаламгер «Айқас» әңгімесі арқылы дүниедегі ең кішкентай жәндіктер тіршілігіндегі әділетсіздік, теңсіздік арқылы адам баласына ой салу, мәңгүрттік сананың тамыр-тегін ұқтырудағы авторлық қолтаңба барлығы да бүгінгі прозаның ерекше бітімі ретінде зерделенді. Қазақ халқының ғасырлар бойғы жаратқан ең аяулы қасиеті – өзара ауызбіршілік пен өзін-өзі құрметтеу, жатқа берілмеу, ұрпақ болашағын мұрат ете отырып, «Өмір – күрес» деген философиялық тұжырым жасайды.

Жазушы Ақселеу Сейдімбек әңгімелеріндегі өмір шындығының суреттелуі ұлттық-эстетикалық ұғымдармен біте қайнасып жатады. Шығармашылық ізденісіндегі алғашқы қадамын ХХ ғасырдың 70-жылдары бастаған жазушы туындылары өмір шындығын шынайы суреттеудегі реалистік сипатымен, образдар әлемін бейнелеудегі ұлттық болмысымен ерекшеленеді. Туған ауыл тынысын, өскен жердің табиғат тылсымын, ата дәстүрі аңшылық пен саятшылық өнердің қыр-сырын зердесіне тоқып өскен жазушы шығармашылығы дала табиғатының сырын ойшылдықпен, сезімталдықпен суреттеуімен нәрлі.

ХХ ғасырдың 70-жылдары жарық көрген алғашқы «Ақиық» кітабына табиғатпен біте қайнасқан қыр перзенттерінің күнделікті өмір ағысында түрт түлік малымен бірге аңшылықты кәсіп еткен тыныс-тіршілігі, қазақтың қанына біткен аңшылық, саятшылық өнері арқау болды. Ұлттық салт-дәстүр, болмыс-бітім сынды құндылықтардан ажырағысыз осынау көркемдік үрдіс Ақселеу Сейдімбек туындыларының ажырағысыз өзегіне айналды.

Ақселеу Сейдімбектің қай шығармасына назар аудармаңыз, ондағы көркемдік-эстетикалық жүйенің этнографиялық болмыстан ажырағысыз табиғатына бойлаймыз. Атап айтқанда, «Көңіл шіркін...», «Аңшы өтірік айтпайды», «Бір атым насыбай» әңгімелерінің атауы ұлттық мінезден өріліп,

қазаққа тән ұлттық болмыспен көмкеріліп жатады. Ал «Олжа» әңгімесі философиялық астарымен мәнді. Адам-табиғат-қоғам үштағанының түйіні: табиғат – жасампаз, табиғат – тазалық, табиғат – үйлесім. Сөз өнеріндегі басты қағидат адамның таза кісілік болмысы, адамгершілік асыл қасиеттері болып қала береді. Жазушы өз шығармашылығындағы осы бір көркемдік-эстетикалық үрдістен бір ауытқыған емес. Шығармашылығының көркемдік-эстетикалық арнасы көшпелі дала мәдениетінің өзіндік тұрмыс тіршілігінің белгілі бір қағидаларға бағындырылған өмір сипатын суреттеуімен жымдасып жатады.

2.2 Ақселеу Сейдімбек повестеріндегі ұлттық болмыс пен мінез

Жазушы Ақселеу Сейдімбек 1970-1980 жылдары жарық көрген «Кеніш» [120], «Серпер» [121], «Күңгір-күңгір күмбездер» [122] «Сонар» [123] еңбектерімен сан салалы ғылыми-шығармашылық тұлғасын танытты. Оларда туған өлке шежіресі мен төл мәдениеті, еңбек адамдарының тыныс-тіршілігі көрініс тауып, ұлтымыздың тарихи, мәдени ескерткіштерінің құндылығы ескерілді. Тарихи, археологиялық, этнографиялық деректер негізінде туған жер төсіндегі ескерткіш-белгілер туралы құнды тұжырымдар жасалды. Ұрпақтар жасампаздығының рухани сабақтастығын санамызда жаңғыртып, халқымыздың терең тамырлы мәдениетінің тарихи, этнологиялық, этнографиялық қатпарларының беймәлім қырларына бойлады. Қаламгер кейіннен жазушылықтан этнографиялық ізденістерге мақсатты түрде бет бұрды. Ұлттық рухани болмысымызды түрлендіріп, төл мәдениетіміздің ұмытылуға айнала бастаған қастерлі құндылықтарын жандандыруды қаламгерлік және азаматтық ұстанымының басты өзегіне айналдырды.

Жазушы Ақселеу Сейдімбектің «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» атты хикаяттары – қазақтың қоңыр тіршілігін, күйініш-сүйініші мен бар болмысын шынайы бейнелей отырып, суреткерлік қарымын танытқан таза реалистік туындылар. Бұл туындылар бұрын із түспеген түрлі сипаттағы өміршең тақырыптардағы ұлттық құндылықтар үйлесімі, ұлттық болмыс жарасымы, ұлттық бірегейлік қасиеттер болып табылады. Кейіпкерлер болмысы, сан алуан тағдырлары өмірдің өзінен туындап жатады. Оқиға өрістеуін, кейіпкерлер әлеміндегі бұлқыныстарды беруде жазушы үшін жасандылық жат. Қаламгер қандай тақырыпты жазса да, кейіпкер табиғатын, тартыс сипатын қоғамдық дамудағы ұлт тағдырының күрделі мәселелерімен сабақтастырып отырады.

Кеңес үкіметі жылдарында «ұлттық» деген ұғымды «ұлтшылдық» деп тауып, ұлттық асыл дүниелерімізге күдікпен қарау белең алған 60-70 жылдардағы қаламгерлер авангардтық ағымның қыспағынан сытылып шығып өз жүректерінен шыққан ойды жеткізуге тырысты.

Идеологиялық тиымдардың тоңы толық жібімеген осы кезеңде Ақселеу Сейдімбектің «Күзеуде» атты хикаяты дүниеге келді. С. Ақсұңқарұлы: «Сейдімбеков – хас суреткер. ...«Күзеуде» – Ақселеудің перзенті. Мұнда исі қазаққа деген риясыз көңіл – күйі, алты Алаш атаулыға деген асқақ махаббаты айқын көрініп тұр» [124], – деп баға береді. Хикаятта табиғат – ананың бел

баласындай Қопалы күзегіндегі жалғыз қараша үйдің тыныс-тіршілігі табиғатпен үндестікте өріледі. Әлгі үй кең далаға бұрымды сұлу бетіндегі меңдей жараса қалғаны ұлттық нақышта бейнеленеді. Ол – ұлттық бояуы қанық метафоралық бейнелеу. Ол үй – белгілі қойшы Ршыман ақсақалдың шаңырағы.

«Күзеуде» хикаятындағы басты тұлғалар – қиянда мал бағып отырған жалғыз үй, сол үйдің отағасы – Ршыман, онымен отыз жыл отасқан кемпірі Уакила, екеуінің жалғыз ұлы – Құдайменде, сол үйге көршілес «Лесникте» отырған жесір әйел – Торғын. Міне, осы төрт адамның арасындағы түрлі байланыс, сезім-түйсік, мінез-құлық қалтықсыз суреттеледі. Жазушы оқырманына бас кейіпкер болмысындағы өзгеріс табиғатын асқан шеберлікпен жеткізе білген. Автор бас кейіпкер болмысын ашу үшін оны түрлі өмірлік ситуацияларда сынайды. Яғни шығармада драматизмнің поэтикалық мүмкіндіктері қолданылады. Жазушы идеясының айналасындағы оқиғалардың шиеленіскен қайшылығы кейіпкердің ішкі драмаларынан туады, яғни шығарма драматизмі образ драматизмімен параллель дамиды.

Пайғамбар жасына келгенде жесір әйел Торғынға ынта-ықыласы ауған Ршыманның жан күйзелісі қоспасыз әрі әсерлеусіз шынайы суреттеледі. Осы бір сезім шарпуы кейіпкерді екіұдай сезімге бойлатып, психологиялық тартысты үдете түседі. Повесте сюжет басты қызмет атқармайтындай, мұнда негізгі тартыс кейіпкердің өз болмысында, психологиялық ахуалы мен өмірдің, адам болмысының сан түрлі сауалдарын шешуге тырысқан өзінің ішкі дүниесінде жүріп жатады. Яғни шығарманың коллизиясы өзге адамдар арасында емес, екіге жарылған бір жанның өз санасында өрістейді.

Бір қарағанда тұйықтау көрінетін қыр перзентінің мінезі шығармадағы оқиға өрістеуімен шиыршық ата түседі. Ршыман бұрынғы бұйығы өмір ағысын сыпырып, бүгінгі түрленуге бет алған тіршілік иірімінде жан қалауындағы үйлесімге ұмтылады. Хикаят отбасылық өмір ағымын көрсету, сезім әлеміндегі өзгерістер иірімін айшықтаудан басталып, басты кейіпкердің арман-аңсарындағы сүйініші мен мұрат-мақсатына жете алмаудағы күйінішімен түйінделеді. Мұндай көркемдік қағидатпен құрылған туындылар айналмалы (немесе шеңберлі шегіністі) композициялы повестке жатқызылатыны мәлім. Бұл қағидатты қаламгер туындының тартыс табиғатын үстеу мақсатында алғаны анық. Әдетте, лирикалық сарындағы прозада негізінен сүйіспеншілікке бөленген кейіпкерлер өз мұрат-мақсатына жетіп жататыны бар. Жазушы Ақселеу Сейдімбек ондай қалыпты көркемдік шешімді ұстанбай, оқиғаның шарықтауын өмірдің өзінен туындата отырып тұжырымдайды.

Ршыманның көңіл күйінде сан қилы психологиялық құбылулар байқалады. Бағана атқа мінерде Уәкиланын жаутандай қарап, жабыққан пейілін байқап қалғандікі ме, әйтеуір жол бойы Ршыман да шытырман ойдың шылауынан шыға алмайды. Сондағысы, айналып келіп Уәкиламен бірге отасқан ыстық-суықты тіршілігіне орала береді. Ол да заңдылық. Сан жыл бойы отасқан әйеліне деген сезімі бір сәтте өзгеріп шыға келмесі анық. Алдымен осы Уәкилаға қалай үйленгенін, қашаннан бастап өмірлік жар етуге мойынсұнғанын ойлап ойға

шомады. Көмескі сезімдердің елесінен басқа анық сүйсінер ештеңе көре алмайтыны да бар.

Уақиланың жан дүниесіндегі психологиялық толқулар Торғын бойындағы өзгерістермен ұштастырыла алынған. Торғын мінезіндегі ірілік, батылдық қайнаған өмірдің өзінен туындайды.

«Торғын осы төңіректің көп жылдан бергі орманшысы Әубәкірдің әйелі еді. Осыдан бір жыл бұрын бір-ақ жұма ауырып, Әубәкір дүние салды. Торғын болса төрт жасар ұлымен ошақ күзетіп қала берді. Күйеуінің қырқын берген соң совхоз басшылары әр түрлі жұмыстар ұсынып көріп еді, ол оған мойынсұнып, ықыластана қоймаған. Тіпті, көрші ауданда милиция болып істейтін Жақып ағасы келіп, көшіріп әкетемін деп қиғылық салғанда да: «Әубәкірдің жылы болмай жатып, құтылғанша асық боп отырғандай көрінбейін, - Құдай да, әруақ та риза болсын, жылын берген соң көшіріп әкелерсің», – деген еді» [90, б. 12]. Осы баяндаулардан ибалы да инабатты, көркем мінезді Торғынның мұсылмандық жолдағы имандылық қасиеттері айқын танылады. Жапанда жалғыз өзі ұлымен қалып, ерінің артын күзетіп отыру – ұлттық салт-дәстүрді берік ұстанған үлкен жүректі адамға тән ізгі қасиет. Суреткер кейіпкерлер әлемін айшықтауда олардың мінез ірілігін сомдап, қазақтың этникалық болмысында әбден қалыптасқан ұждан нормаларға сәйкес табиғи тазалықты ашуды көздейді. Оның бәрі қаламгер повестеріндегі ұлттық этнографияның бейнеленуі ұлттық болмыспен тамырласып жататын ерекшелікті көрсетеді.

А. Исенов ұлттық психологияның астары туралы айтқанда ұлттық психологияның ұлттық әдебиет дәстүрімен сабақтастығын түйе отырып, образ сомдаудың көркемдегіш және бейнелеу құралдары, сөз мәнері мен стилистика ұлттық айшықтарды тудыратынын дұрыс бағамдайды [125]. Бұл сипаттар – жазушы кейіпкерлерінің өн бойынан табылып жататын ұлттық қасиеттер. Ол, әрине, ұлттық дүниетанымнан туындайды.

Ұлттық дүниетаным – күрделі құбылыс. Ол күнделікті тіршілікте адами қасиеттеріңе кір жұқтырмау, айналаңа мейірім шуағын төгуден басталып, ұлттық құндылықтарға дақ түсірмеуге ұласуымен өміршең қасиетке ие. Ең бастысы, ол – арғы ата-бабаларымыздан үзілместен келе жатқан өміршең дәстүрге қылау түсірмеу, адалдық таныту мәселелеріне тікелей қатысты ұғым. Сүйіспеншілік сезім, махаббат иірімі – адамзат баласына ортақ ерекше қасиет, ол қашан, қай уақытта адамның жүрегінде от болып тұтанатынын ешкім де білмейді. Сезім иесінің өзі де ұқпай қалуы ғажап емес. Жазушы Ршыман мен Торғын жүрегіне махаббат сезімінің ояну сәтінің психологиялық қырын табиғи қалыпта өрнектейді.

«Ршыманның әйтеуір бір емеурін білдіретінін Торғын да іштей сезгенімен, дәл бүгін қайтып оралар деп ойламаған еді. Сонсоң да Ршыман түнделетіп келіп есік қаққанда: -Реке, сіз бе едіңіз?! – деп абыржып қалған Торғын Ршыманды үйіне кіргізіп, жайғасқан соң қылымсып-көлгірсуі жоқ қазақ әйеліне тән сыпайылық әдебімен мұңая отырып, сөзді өзі бастап еді. Ойпыр-ай, Реке-ай, бұл жүрісіңізді түсінбедім ғой... Жалғыздығымды басынғаныңыз ба, жоқ әлде қызыққаныңыз ба... Мұныңыз қалай...

Жо-жоқ, олай ойлай көрме, Торғын! Екеуі де емес... Екеуі де емес! – деп асыға қайталаған. Қарт адамның мұншалықты шыншылдықпен толқи тіл қатуы Торғынды онан әрі еркінен айырып, бөлек бір тегеурінді иірімге тарта жөнелгендей болып еді» [90, б. 16]. Міне, жазушы бір-біріне деген емеурін пейілдерін іштей ұғысқан Ршыман мен Торғынның алғашқы диалогтеріне үлкен эстетикалық мағына дарытып, олардың арасында қиын бір тосқауылдан өткендей бүкпесіз, ашық жарасым басталуының психологиялық иірімдерін шынайы береді.

Иә, екеуінің де бойларында ерекше бір сезім күйі байқалған болатын. Екеуі де беймәлім тылсым күштің оттай ыстық сезіміне шарпылған еді. Бұл оқиға жапандағы жалғыз үйде өрістегенімен, жақын маңдағы барлық ауылға тарап үлгереді. Бірақ ғашықтық сезімінің отына шарпылған екеу жел сөзге үйір сырттың сұқтануларын байқамайтын күйге енген. Сондай ұлы сезім, ыстық ынтықтық тар сүрлеудей көрінетін өмір ағысының үлкен жолына тың тыныс ашқандай болатын.

Суреткер олардың арасындағы сезім күйін ұлттық болмыстан туындайтын ерекшеліктерге сай аса үлкен этикалық мәдениетпен, эстетикалық таныммен өрбітеді. Оны ұлттық этнографияның бейнеленуін дөп баса танытатын «жарасым» деген асқақ ұғыммен беруі тегін емес. Сол жарасым, үйлесім ашық әрі бүкпесіз табиғи қалыптағы сыйластық, шынайы түсіністікпен барынша жалындап дамиды. Осы сипаттағы көркемдік танымды жазушы ішкі монолог, диалог арқылы өрістетіп отырады. Шығармадағы шағын диалогтер өзінің ұлттық танымдағы үйлесімде сипатталуымен үлкен мән-мағынаға ие екенін көреміз. Әңгіме композициясындағы оқиғаны қоюлатып, ширықтыра түсетін бір ауыз сөз – Торғынның көкірегін қысқан өксікке булығып айтқан «Жария болар істі сенен жасырып қайтем, бойыма бірдеңе біткен сияқты...» дейтін сөзі. Ол композициялық бөліктерді жалғастыру арқылы кейіпкердің одан ары іс-әрекеттеріне түрткі болып отырады. Ршыманның шарасыздық қалыпқа түсіп, бұрынғы болмысын айқындап, өткен өмірін елестету – шығарма шырайын келтіріп тұрған композицияның негізгі бөлшегі. Кейіпкердің ішкі халінен баға беретін психологиялық конструкциялар осындай интригалық ситуациялар арқылы күшейтіледі.

Әдеби туындыдағы ұлттық характерге өмір сүріп отырған заман, қоршаған орта факторларының ыпалы туралы Қ. Жұмалиев: «Көркем шығармадағы образ жеке адамға тән мінез-құлық пен наным-сенім, іс-әрекеттер арқылы бейнеленсе, ал «характер» белгілі бір адамның сипатын ғана көрсетіп қоймайды. Ол адамның өмір сүрген кезеңі мен өскен ортасына дәл келетін көп адамдарға тән іс-әрекеті екшенділерін жиып алып, бір адамға тән сипат етіп көрсетеді» [126], – деп жазады. Біз бұл жерде Ршыман бейнесін типтік характер деп типологиялық қалыпқа сала алмасақ керек. Ал ұлттық характер тұрғысынан келсек, кейіпкер болмысы барша табиғи қалпымен ашыла түскенін аңғарамыз.

Ршыман мен Уәкила аз бала сүйген жоқ, тағдырдың жазғаны солай болды, көбі ерте шетінеді. Оның өзінде үлкен әлеуметтік астар жатыр. Қоғамдық дамудағы қайшылықтар ұлттық демографияға өз салқынын тизізбей қоймады.

Ршыман мен Уәкиланың отбасылық тағдыры қазақ халқы басынан кешкен әлеуметтік жәйттің терең қатпарын анық аңғартады.

Жазушы шеберлігі кейіпкер болмысындағы психологиялық өзгерістерді беруде бедерленеді. Ол Ршыманның алпысқа келгенде Торғынды кезіктіруінен байқалса, ендігі кезекте оны ерекше толғандырған, тебіренген жағдай – Торғынның жүкті болғаны. Иә, өмір жалғасы, ұрпақ мәселесі – қазақы мінезде, ұлттық болмыста бұрыннан алғашқы қатарда тұрған қасиет ұғым. Көркем шығармадағы осынау ерекше толқынысты сәт көркемдік нақышта суреттеліп, жазушының ұлттық дәстүр тағылымына сай бейнеленеді.

Сол бір жан толқытар сәттегі Ршыманның ағынан ақтарыла айтқан имандай сырında жасандылық жоқ. Жазушы кейіпкердің сана ағымындағы ой толқынысын қазақ мінезіндегі парасат пайымымен әдіптейді: «...Осы жасқа келгенше дәл қазіргідей жар қызығын көріп, дәл қазіргідей пендеге лайық зор қуаныш кешкен емеспін. Түн жамылып отырмын ғой, Уәкиланы (кемпірі) жамандағаным емес, обалы нешік, ұзақ ғұмырыма серік болғанда, «әй» дегізер қылығын көргем жоқ. Бірақ еркек үшін әйтеуір әйелім бар деп көңіл демдеу бір бөлек те, сол әйелмен өзінді жарты сезінудің жөні бір бөлек екен. Нансаң, өзінмен жарасқанға дейін жарты боп келіппін, адамға лайық рахаттан мақрұм халде жүре берген екенмін... Енді тағдырдың мұнысына да ризамын...». Осы бір сәтте «...Сақал-шашы бозарса да, ботадай елпілдеген бұл не қылған асыл жүрек?! Мұндай да керемет болады екен-ау...» деген Торғын ойының төркіні де кештете оянған сүйіспеншілік сезім мен ғұмыры қысқа баянсыз бақыттың баяны көңілдегі көп түйткілдің түйінін шешкен».

Өмірі өзгеріп сала берген Ршыман мінезінде ерекше тылсымға ие бұлқыныс байқалады. Осы сәттен оның тұлғасы да биіктей түседі. Алдымен ол соғыстан қайтпаған үш боздағын көз алдынан өткізеді. Жай ғана еске алып қоймай, олар бейне бір о дүниеден қайтып оралғандай ерекше күйде сезінеді. Енді бірде көңілі босап, соңынан ерген тұяғы Құдаймендесінің жалғыздығы есіне түседі. Дәтке қуат деп, жалғызының жанашыр өкшебасары келетінін ойлап марқаяды. Ол барынша шешімтал. Оның бойындағы психологиялық өзгерістерге баласы Құдайменденің қайран қалғаны соншалық, тосын өзгерістер мәнісіне жете алмай дал болады.

Дәстүрлі қазақ қоғамында әкенің отбасындағы жылдар бойы қалыптасқан беделінің үйдегілердің мысын баса беруі иланымды. Ршыманның қыстаудағы қоржын тамға жапсар салынған бөлмеге үшқұдық салуды ескертуі көркемдік астарға толы. Кім біледі, көмекші шопан беріп қала ма дегенді меңзейді. Ондағы түпкі ойы ол үйге Торғынды кіргізіп алу еді. Уәкила оны өзінше жақсы ырымға балап, «Құдаймендем бөлек үй болса, жөндемек түгіл басқа да қадамдар жасасақ артық болмайды» деген алаң көңілін жеткізеді. Рас, Ршыман қандай шешімтал болғанымен, ішкі толқыныс сыртқа шықпай, жан сыры тулаған толқындай бір тасымай қоймайды:

– Тәңірім-ау, ақырының қайырын бере көр! – деп күбірледі. Сол бетінде береке-пәтуасы жоқ, шым-шытырық ойларға езіліп біраз отырды да:

– Қиянат-зорлығым болмаса, қымқырма-қылмысым болмаса, мен неден жасқанам осы! – деді дауыстаңқырап.

Бұлай деп өзіне-өзі басу бергенмен, Ршыманның көкірек түкпірінде бөлек бір үн: «Сақал-шашың қудай боп, сенің мұның не?.. Бозбала болған балаң бар, сенікі не бозбалашылық?.. Мынауың бұл күнінді көпсінгендік қой...» дегендей болды. Бұл – Ршыманның осынау тірлігінен жасқанғандығы, алпыстан асқанда барып келген қасиетті сезімнің байыбына бара алмағандағы өз ойы еді» [90, б. 21].

Оқиға шиеленісуінен гөрі тереңнен толғану, ойлану, тебіреніс, іштей арпалыс басым. Туындыдағы басты кейіпкерлер өздерімен-өзі болып, психологиялық, ішкі эмоциялық тебіреністерге жиі беріледі. Яғни диалогке қарағанда монолог басымдау тұрады. Суреткер ешқашан персонаждарына тікелей авторлық мінездеме беріп жатпай іс-қимылдары мен ойлары кейіпкерлерінің ішкі психологиялық тартыс яғни, кейіпкердің жан-дүниесіндегі күресі арқылы танытады. Мұндай көркемдік тәсілдер шығармада шынайы өрістеген оқиғаларды ширықтырып, жанды суреттерімен шығарма шырайын еселей түсері анық. Бұл ретте Г. Пірәлиеваның: «Ішкі монологтің кейіпкер психологиясын ашудағы көркемдік қызметі, адам жанының сырт көзге сезіліп, байқала бермейтін ішкі «қоймаларын», құпия-қалтарыстарын, жұмбақ-сырларын шынайы да сенімді түрде бейнелей білуде жатса керек» [127], – деген пікірінің айтары мол.

Жазушы Ршыман бейнесіндегі ұлттық мінезді суреттеу барысында оның бірбеткей шешімталдығымен қатар, қарапайым адамға тән ішкі толқынысын дөп баса танытады. Ршыман бейнесі қырғыз жазушысы Ш. Айтматовтың «Қош, бол, Гүлсары» хикаятындағы Танабай бейнесімен сәйкесіп жататынын байқаймыз. Танабай бейнесі де ұлттық характерімен ерекшеленген тұлға. Ршыманның ішкі толқынысы Танабай толғанысымен үндеседі. Шығармада түптің түбінде әйелінен жасыруға болмас іс жария болады.

«...Саған тағар еш кінәм жоқ. Өзіңмен отасқан ұзақ өмірімде жанашыр жақындығыңнан басқа, жатсынар мінезіңді көрген емеспін. Шүкір, етегің құтсыз болған жоқ, туып сүйініп, өліп күйінбеген де бар. Өзіміз тудық, сүйіндік, өлді күйіндік, енді қалғанына қанағат. Сөйтсе де жалғыздық құдайға ғана жарасқан. Балаңның өкшесін басып, соныңнан апалап жүретін бір жас иіс болса, оның несі айып! Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырып болмайды екен, тәңірім талайыма не жазса да, бір іске бел буғаным рас. Ақталып отыр деп ойлама, алдыңнан өткені деп қабылда» [90, б. 24].

Қаламгер шығарманың композициялық бүтіндігін сақтауда кейіпкерлер табиғатындағы өзгерістерді шынайы өрістетіп отырады. Уәкила мінезіндегі өзгерістер иланымды. Біртоға Уәкила болмысының табиғи қалыпта ашылуында жасандылық жоқ. Оның тас түйін шешім қабылдаудағы сабырлы қалпы, салмақпен ой сабақтауы қазақ әйеліне тән мінез ірілігіне қанықтырады. Кейіпкердің ішкі тебіренісі шарықтай түсіп, өмір құбылыстарына байсалды ой парасат көзімен тереңірек түсінуге шақырады. Бірте-бірте кейіпкер характері дами түседі.

«Қайтейін, кәрі қойдың жасындай жасым қалғанда сақтап жүргенің осы болса, амалым қанша!.. Уәкиланың дауысы жарықшақтанып, жасып, камыққан күйде көзіне жас алды» [90, б. 23].

Шығарма кейіпкерлері арасындағы бұл жауаптасу тартыс табиғатын шарықтау шегіне апарды. Мұнда адам мінезінің психологиялық қайшылыққа толы құбылысы терең сипатталады. Ол өмірі бет қаратпай келген Ршыманның ішкі әлеміндегі толқыныс әйелінің сүйектен өтетін сөзінен кейін алабөтен күйге түсуімен өрістейді. Рас, Уәкиланың айтып отырғанының бәрі рас, қоспасы жоқ өмір шындығы. Ршыман әйелінің салмақты да салиқалы сөздерінен кейін қанша тастай қатты мінезді болса да бір сәтте сыр беріп, бордай үгілуінен шынайылық лебі еседі. Уәкиланың жан жарасын сезінгендей алмағайып күйге түседі. Уәкилә бейнесі отбасы құндылығын сездірумен қатар, азаматты құрметтеудің, ері үшін күйзелудің, сабыр мен төзімнің, байыпты ақылдың иесі ретінде символикалық мәнге ие. Ршыман көп жылдар отасып, бала сүйген Уәкиланың адамдық қасиетін бағалайды, құрметпен қарайды. Десе де, кесек мінезімен алған ойынан қайтпайды. Жазушы өмір ағысы ширатқан, өмір ағыны шырдаған Ршыманды түрлі сынаққа толы сәттерде барша қырынан ашады. Жазушы және шығармашылық психология байланысын байыптаған Ш. Елеуқенов: «Әдебиет жалқы есімдерден тұрады. Жалқы дегеніміз өнер иесі талантының даралығы мағынасында айтылып отыр. Өйткені шынайы көркем туынды – тұтас бір материкті ашқанмен бірдей. Көркем творчество – тың пікір мен жаңа характер, бұрын көз көріп, құлақ естімеген образ, идея, жаңа тіл» деп түйеді [128]. Міне, шығармадағы басты қаһарман Ршыман бейнесі оқиға желісінде батыл іс-әрекетімен сомдалады. Ол әрбір қадамымен елге сүйеніш, отбасына тіреу болар батыл тұлға ретінде ашылады. Ер мінезі, есіл еңбегімен маңайын тас-түйін ұстайды. Міне, Уәкила мен Құдайменде үйдің ішін алып қыстауға көшкен соң-ақ Ршыман Торғынды қолына кіргізіп алды. Алғашқыда Торғын көшу-көшпелудің қисынын таппай екі ойлы болып, қатты толқиды. Ақыры «бәрібір жария болмаған нем қалды, ессіз таудың қуысында ай-күнім тақалғанда мәнісім де болмас» деп тәуекел етеді. Оған Ршыманның қалтқысыз, қызулы мінезіне бауыр басып, шыншыл пейілінен жұбаныш табуы да үлкен ықпал жасайды [90, б. 25].

Торғын – ақылды, мінезге бай тұлға. Ол Ршыманның шешімін түсіністікпен қабылдап, есті әйел екенін көрсетеді. Жазушы әйел бейнесін ашуда барынша шынайы, табиғи қалпында суреттеудегі шеберлігінен танбайды. Торғынның Уәкилаға деген құрметі мен сыйластығын әйелге тән пенделігі жеңе алмайды. Ол – шын мәнінегі қазақ әйеліне ғана тән күндестіктен, арам пейілден ада таза жан. Осы бір лирикалық толғаныс, психологиялық иірімі, дарамалық шиеленісті жеткізудегі жазушы шеберлігі иланымды.

«Кейіпкер психологиясын ашуда ішкі монологтің көркемдік қызметі осы бір ірілігінде. Адам жанының сырт көзге байқала бермейтін ішкі құпия-қалтарыстарын, жұмбақ сырларын шынайы бейнелеудегі шеберлігінде жатыр. Белгілі теоретик Л. Выготскийдің көрсеткеніндей, шығарма мазмұнын өзіңнің ой-санаң мен жан дүниеніңмен терең сезінбей, оны түсініп түйсіну, яғни өнерді

шығармашылық психологиясынсыз танып білу мүмкін емес» [129]. Міне, Торғын осындай күндердің бірінде қояр да қоймай Ршыманды қыстауға жіберіп, оң мен солын ақылмен таразылап алады. Ондағы ойы «бірден барып, мені көрдің бе дегендей болмайық, еті үйрене берсін» дегенге саятыны бар. Бұл – үлкен жүректіліктің, кішіліктің, кісіліктің, адамгершіліктің хас белгісі. Бұндайда қазақ «көреген», «көргенді» дейді. Ршыман Торғынның шешіміне іштей риза болса, мына жақта Уәкила жылы қабақ танытып жатуы – ұлттық болмыстан туындайтын саф қасиеттер. Қазақ әйелінің ерін қадірлеу, азаматын сыйлау мәдениетінің қалыптасқан өзіндік дәстүрге толы тағылымы – арнайы зерттейтін тақырып. Иә, қанша жерден жүрегі қарс айрылып тұрса да, Уакила үлкен тәуекелге барады. Кісілігі мен кішілігін танытып, Торғынға алдымен қолын өзі созады.

Шығарма шырайын кіргізіп, тартыс табиғатын үстеп тұрған бәйбіше -тоқал ара-қатынасының баяндалуы ұлттық болмыс ерекшелігімен сүйсіндіреді. Дала заңының адамгершілік асыл қасиеттерге негізделген моралдық-этикалық қағидаттар өміршендігі ұлттық этнографияның бейнеленуімен өрісті арна тауып жатады.

Жас жесір Торғын мен Ршыман қарттың риясыз көңіл аңсарындағы махаббат, сүйіспеншіліктері – өмір заңы. Ол қарт жүрегінің түкпірінде жатқан құпия сырларының бір қыры іспеттес. Сүюді аңсаған жүрек қартаюды біле ме? Ол бұлай құлай сүйем деп ойламаған. Мың ұйықтаса түсіне кірмеген. Сүйген екен, онысынан тағы қайта алмады. Өмір бойы қалыптасқан көзқарасына табиғаты қарсы тұрды. Иә, шығарманың көркемдік түйіні түрлі ойға жетелейді. Ол заңдылық та. Өйткені әдеби шығарма болмысын, түйсінудегі көркемдік-эстетикалық таным-талғам таразысын біржақты бағамдауға болмайды. Рас, морт сынған Ршыман тағдырына күйінесің. Батыл шешімдеріне сүйсінесің. Ол сүюге хақылы. Қамшының сабындай келте ғұмырында үнемі қой соңында жүрсін, кемпірін төңіректеп, отбасы бүтіндігін ойлаумен өтсін деп үкім шығара алмаймыз. Сүйіспеншілік құдіретінен өзін-өзі ұмытты. Мүлде басқа адам болып шыға келді. Оның қуанышы да, қасіреті де осында. Социалистік реализм барынша дәріптеліп, шығармашылық ізденістің басты қағидаты болған кезде тоқал алу дәстүрін дәріптеу түгілі, шынайы сезімі хақында шешіліп, көсіліп сөйлеу қаламгерлік батылдық болатын. Сондықтан да «Күзеуде» повесі қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм қалыбын, советтік идеология қасандығын бұзған өзгеше өрімдегі көркем туынды болуымен құнды. Туындының атауының өзінен шағармадағы басты кейіпкер Ршман қарттың болмысын айқындап тұрғандай.

Ақселеу Сейдімбек туындыларының бір ерекшелігі қарапайым ауыл адамдарының іс-әрекетін сынап-мінемейді, оқиғаны ой таразысына салуды оқырманның өз түйсігіне қалдырады. Қаламгер шығармаларындағы кейіпкерлер бойындағы әр түрлі моральдық, психологиялық өзгерістердің шынайы бейнеленуі «Қыз ұзатқан» повесінде көрініс тапқан.

«Қыз ұзатқан» повесінде қолмен еккен жалғыз түп биік теректің өзінде терең рәміздік мағына жатыр. Қыз ұзату – қазақ танымында үлкен өмірге жол

салу деген сөз. Оған қазақ халқы үлкен мән беріп, қасиетті құндылық ретінде бағалап отырған. «Қыз ұзатқан» – кешегі өткен өмірден елес беретін таныс мотив.

Хикаят мына сөздермен басталады: «...Япыр-ай, мына бір саясы мол сымбатты шынарды кім екті екен?!» Көңіл қиялыңды қозғап, көзге жылы көрінетін осы бір жер «Қыз ұзатқан» деп аталады [90, б. 37]. Неліктен бұлай? Мынау қолмен еккен жалғыз түп биік теректе не сыр бар? Осынау жапан далаға отырғызушы кім? Соның бәрі де талайлар үшін жұмбақ қалпында жата беретін. С. Қасқабасов қазақ дүниетанымындағы «бәйтерек», «мәуелі ағаш» ұғымдарының мифтік тамырын тарқата келіп, ағаш көп жағдайда мифтік үш әлемді вертикальді түрде жалғастырып тұрады. Ғылымда оны «әлемдік ағаш» (мировое дерево) немесе «космостық ағаш» (космическое дерево)» деп көсеткенді [107, с. 3-200]. Бұл реттен алғанда жазушы туындыда мифтік танымдағы көркем деталь, штрихтарға ерекше екіпін жасайды. Ұлы даланың тылсымға толы сұлулығынан ерекше сыр тарқатады. Сол сары даладағы жалғыз теректі «сұлудың бетіндегі мендей» деп, жалғыз теректің портретінің әсем көрінісі мен кесілу оқиғасы градация әдісімен шебер бейнеленеді.

Жалғыз терек өткен мен бүгінді және ертеңді жалғастырып тұрған көркемдік образ түрінде де алынған. Жазушы әңгіменің сюжеттік құрылымын шиеленістіру арқылы сайын даладағы мен мұңдалап тұратын Жалғыз теректің кесілуі кейіпкеріне қаншалықты ауыр тигендігін психологиялық талдау жасай отырып суреттеген. Шегініс жасау арқылы әңгіменің ішіндегі әңгіме шертіліп, жалғыз ағаштың жоқ болу себебі кейіпкер ойымен қорытылып, түйінделіп отырады. Жалғыз терек ақыры ұсақталған, өткен тарихын ұмытқан ұрпақтың символына айналған. Көбіне қаламгерлер ұсақ нәрсені деталь ретінде алады да, оны үлкен, кең мағыналы символға айналдырады. Ал, мына шығармада бір кездегі бүкіл ғашықтардың сыйынған адал, берік махабаттың символы, белгісі болған жалғыз теректің шабылып, отынға айналуын суреттеу автор шеберлігінің бір қыры деп білеміз. Бахтин айтқан хронотоптың көркемдік қызметін уақыт пен кеңістікке сыйғызып, жалғыз теректің философиялық-логикалық моделін бейнелеу арқылы өтпелі дәуір процесіндегі терең өзгерістерді терең философиямен пайымдайды.

Шығарма басында киелі көрінген жалғыз терек тағдыры шығарма соңында тамырына балта шабылады. Бұл көрініс тамырсыздыққа ұрына бастаған «ессіз қоғамды» сипаттайды. Шығармада сюжеттен гөрі философия басым. Бұл повестегі аңыздық желінің фон деңгейінде ғана алынуы сюжет динамикасына да әсері бар. Негізгі екіпін кейіпкерлердің ішкі халіне және рухани толғанысына түсірілгендіктен, бір-бірін жылдам айырбастап жататын оқиғалық желілер жоқ, ол баяу дамиды. Сондықтан да мұндай шығармаларға реалистік проза үлгілерін талдауға қолданылатын әдіс-тәсілдерді пайдалану кей жағдайда шығарманың нақ болмысын ашуға кедергілер келтіреді.

1970-80 жылдар повестерінде сюжет екінші кезекте қалып, доминанттық рөл философиялық пікірлер болып келетін шығармалар баршылық. Мұндай сапалық өзгешелікті Ә. Кекілбаевтің «Күй», «Шыңырау», «Аңыздың ақыры»,

Д. Исабековтің «Сүйекші», «Тіршілік», «Қарғын», О. Бөкеевтің «Мұзтау», «Қар қызы», «Құм мінезі», «Сайтан көпір», «Атау кере» сынды т.б. бірталай шығармаларынан көруімізге болады. Мұндай сипаттағы шығармалардың әдебиетімізде молынан ұшырасуы қазақ прозасының философиялық толғанысқа айрықша бет бұруын көрсеткен айтарлықтай жаңалық болған еді.

Ақселеу Сейдімбек те жалғыз терек тағдыры арқылы ұлттың тарихын көрсеткісі келген. Бұл туынды сол кезеңдегі ұлттық құндылықтардың этнодеформациялық мобилизацияға ұшырау жағдайын түсіндіреді.

Жазушы лирикалық шегініспен көркем шығарманың сюжетін бірден тартымды етуді көздейді. Малды ауылдың күзгі қырықтықтан соң қыстауға жақын барып қонатын сәтін мөлдірете суреттеп, қазақтың кең даласы Сарыарқаның төріндегі Қабантау бауырындағы Тасбұлаққа көшіп келген малшы тыныс-тіршілігін әсерлі жеткізеді.

«Осы әдетпен Қабантау бауырындағы Тасбұлаққа Нүркей деген қойшының көшіп-қонғанына төрт-бес күн болған. Бұл төңіректе Нүркей есімді үш кісі бар еді. Қандай дуалы ауыздан шыққанын кім білсін, ел іші оларды «Майда Нүркей», «Қайда Нүркей», «Айда Нүркей» деп айдар таға ажыратып атайтын. Десе дегендей, Майда Нүркей тірі жанға «мынауың теріс» деуді білмейтін, майда тілімен қара тасты да жібіткендей сыпайы бір жан еді. Қайда Нүркей құмжебіл, қарау, «қайдан жанжал шығады» деп ізденіп жүретін нағыз «сен тұр, мен атайынның» өзі болатын. Ал Айда Нүркей болса сөзінің алды бар да арты жоқ, бүгін «атаң-енен» десе, ертең ұмытып кететін, өтірік сөзді де судай сапыратын кісі еді. Осы үшеуінің Тасбұлақтағы күзекке көшіп келгені Майда Нүркей болатын» [90, б. 37]. Аталмыш кейіпкерлерден көрінетін моральдық сапалар ұлттық дәстүр-ғұрыптан табиғи инстинг ретінде басталып, ұждандық-этикалық нормалар ретінде айшықталады. Шығармадағы эпитеттік анықтамалар жай ғана қойыла салмағаны анық. Ол характердің ұлттық табиғатынан туындап, асқан дәлдікпен беріледі. Кесек мінезді кейіпкерлер табиғаты даладай кең, тұмса табиғаттай тұнық, жылдың төрт мезгіліндей әсем үйлесімде алынған. Осындай ірі тұлғаның бірі Тасбұлақтағы күзекке көшіп келген – Майда Нүркей. Ол майда тілімен қара тасты да жібіткендей сыпайы жан. Оқырманның көз алдына соншалықты сабырлы, биязы, көреген, салмақты адам бейнесі келеді.

Жазушы оқиғаны табиғи тартыстан тудырып, дамыту үрдісінде бөлекше шеберлік танытады. Қазақтың мың жылдық, иә одан да көп жылдар бойы қалыптасқан ұлттық ойлау жүйесін әңгімешінің аузына салып отырады. Мәселен, жазушы «ашудың билігі» деген тіркес арқылы көп нәрсені аңғартады. Оның өз еркін ашудың билігіне беруі де тегін емес. «Әрбір ұлттың өзінің қайталанбас табиғатын танытатын мәйекті рухани арналары болады. Ал дамудың жолы осы екен деп рухани тамырынан алшақтап, ұлттық нигилизм сипатындағы өркениет жетістігіне ғана сүйенген халық өзінің ұлттық бірегейлігін жоғалтады. Осы орайда өзінің тамырынан қол үзу және ұлттық болмыс мәселелерінің түйткілдерін шешуден қашқақтау – көркем мәдениет пен өнерді тегінен ажыратады. Рухани құндылықтардан алшақтатады» [130], – деп жазады мәдениеттанушы М. Әуезов.

Мінез, әрине барлық адамға тән қасиет. Ал ұлттық мінез иесі болу үшін қанында тектілік, парасат, ұждан, иман, кісілік, кішілік қасиеттері болу шарт. Сол қасиеттерден нәр алған ұлттық характер – Ақселеу Сейдімбек повестері кейіпкерлерінің бойынан табылып жататын ілкі қасиет. Мәселен кейіпкер Нүркей табиғатына даланың кеңдігі, даналық ақыл-парасаты, кіршіксіз сабырлығы молынан сыйып кеткен. Көз алдында шырылдатып жалғыз ұлын біреудің сабап жатқанымен ісі болмастан, шырт түкіріп қойып, үзілген тартпасын септеп отырған Нүркей ақсақалдың сабырлы мінезі сырт көзге тосындау көрінгенімен, оның тылсым күшке ие өзіндік құдіреті бар [90, б. 39]. Біле білгенге ұлттық этнографиямен тамырласып жатқан дала заңы – ұлттық қасиеттерді, ұлттық құндылықтарын сақтап қалудың басты тетігі, өміршең өзегі. Демек, Нүркей ақсақалдың дала заңын ұстанатын дегдар, текті жан болуы – заңдылық.

Жазушы кейіпкерлер характерін ашуда баяндау тәсілін көп қолданбайды. Кейіпкерлер болмысына тән мінез ірілігін оқиға желісінің динамикасына орай, тартыс табиғатына сай шынайы көрсетеді. Сол арқылы кейіпкерлердің қоспасыз да кіршіксіз мінезіне бойлатады. Рас, алғаш үстірт қараған адамға Майда Нүркей ынжық сияқты болып көрінуі мүмкін. Бірақ оның тұлғасы оқырман алдында оқиға дамыған сайын зорайып, ірілене береді.


Қаламгер шығармаларында кейіпкердің жан әлемін сан-алуан қыр-сырларына диалог арқылы ену – негізгі көркемдік әдістердің бірі. Себебі белгілі бір оқиғаға қатысты сыртқы дүние мен кейіпкердің ішкі сезім өзгерістерін суреттеуде тек автордың ғана емес, қаһарманның сөзіне де көп салмақ салынатыны анық. Сол үшін де кейіпкердің іс-әрекеті мен сөйлеген сөзінде ұқсастық байланыс болу керек. «Мұстафа атын да байлаған жоқ, қатты күйзеліс үстінде тұнжырай басып келді де, Нүркейдің қатарына сылқ етіп отыра кетті. Отыра кетті де, көкірегін кере уһілеп алды. Сонсоң барып: – Не болғанын қайтесің? Балаңды кешке дейін сабасам орнына келер ме енді! – деп бір тоқтады. Сенің мына балаң, – деді анадай жерде солқылдап жылап отырған Аманды көрсетіп, – кеше бір қысқа жететін тамызықтық отын әкелдім деп көкіп отыр еді, «Қыз ұзатқандағы» жалғыз түп теректі қиып әкеліпті. Ібіліс жетектеп иттің ойына қайдан түсті деймін-ау... Қол созым жерде ақ сөнке боп бықып жатқан арша анау... Әй, болар іс болған соң айтты не, айтпады не...» [90, б. 39].

Осы үзіндідегі «Нүркейдің қатарына сылқ етіп отыра кетті» дегенде ерекше мән бар. Замандасынан бір сүйеу іздегендей, не өзінің ашуын түсін дегендей емеурін жатыр. Мұстафаның Аманды ат бауырына салып сабауы ерекше оқиғаның басы ғана. Санаға жарықшақ түсіретін әрекетте ол мінез ірілігін танытып отыр. Өйткені ол «Қыз ұзатқандағы» жалғыз түп теректі шауып тастады. Мұсылмандық танымның да көрініс табуы бір ғана сөзден айғақталады. Ол: «Ібіліс жетектеп иттің ойына қайдан түсті деймін-ау».

Ұлттық мінез сырларын зерттей отырып, жалпы антропологиялық концепция жасау – Ақселеу Сейдімбектің негізгі көркем принципі. «Қыз ұзатқан» хикаятындағы Нүркей, Мұстафа, Айша – ұлттық қасиеттерді бойларына жиған образдар. Олар ата-баба қанындағы ұлттық қасиеттерді ұрпақ

бойына сіңіруді көздейді. Бұл орайда жазушы ұлттық рухани құндылықтардан тамыр үзген ұрпақтың болашағы күңгірт екенін жеткізеді. Жазушының эстетикалық идеалы өмірдің көлеңкелі тұстарын объективті түрде сынай отырып та, жағымды жақтарын ашық бояумен терең бейнелей отырып та таңбалайды.

Бабаларымыз мәңгілік тыныстаған зиратты, ел мен жер қорғаған батыр тұлғалардың ерлігін қастерлеудегі ұрпақ парызын ұғындырады. Талау мен ойранға түскен қастерлі құндылықтардың ертеңгі тағдырына алаңдап, «атамекен», «батыр», «мәуелі бәйтерек» архетиптеріне бойлатады. (Сурет 2).



Сурет 2 – Жазушы прозасындағы негізгі этномәдени архетиптер

Тамырынан ажыраған, өткенін ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр болатынын әрбір көркемдік штрихқа, детальға сыйдырады. Кейде публицистикалық ашық мәтінмен ұсынылады:

« – Кінә өзімізден де бар... Осылардың құлағына сіңіріп, атамекеннің қасиетті топырағында бөгіп жатқан шежіре сырды айтып отырсақ, мұндай жағдай болмас еді ғой. Аанада мынау сырт жақтан келгендер айтып отырды: «қайырма кезінде Шажағай бойындағы Тарақты атаңның ақ күмбез молаларын біреулер бұзып, жас төлге ықтырма, күрке жасамақ болған екен, сол жердің үлкендері эзер қойдырыпты» деп. Бұған не дерсің? Ту-у сонау Болат тауына дейін қайтқан қаздай тізілген молаларда кешегі орта жүзге ноқтаағасы болған тарақты елінің игі жақсылары жатқанын біледі дейсің бе солар. Оны айтасың, Тайатқан, Шұнақ түбіндегі шұбыртпалы Ағыбай батырдың да бейіті мүжіліп, аяқ асты болыпты деп отыр көргендер. Ағыбай кім еді, кешегі қар жастанып, мұз төсеніп жүріп, үш жүздің баласына мағлұм болған.

Е-ей, бұл да бір нәубет десейші. Әншейін, «Қыз ұзатқанның» жайы еске түскен соң айтылған гәп қой бір... Кезінде бұл төңіректің кәрі-жасы «Қыз ұзатқандағы» жалғыз түп теректі көргенде көзіне жас алмай өте алушы ма еді? Енді міне, шынымен-ақ ұмыт бола бастайын депті-ау!» [90, б. 40].

Туған жердің киесін сақтап, дәстүр мен салттың берік сақшысы болған ауыл ақсақалдарының асқақ тұлғалары үлкен рәміздік сипатқа ие. Кеңес

идеологиясының шырқау шыңына жетіп тұрған шағында тарихи жадқа шақыратын ойларды кейіпкердің аузына салу автордың ұлттық мәселедегі позициясының беріктігінде. Кейінгі тәуелсіздік жылдары атақты Ағыбай батырға ерекше құрмет көрсетіліп, халық оның кім екенін толық тани бастады. «Қыз ұзатқан» хикаятында елеусіздеу ғана етіп айтылатын әңгімесінде Мұстафа қазақ халқының тарихына сәуле түсіріп отыр. Алдымен осы жерді қоныс еткен қазақ руларының тарихына тоқталады. Жер атауының ол кездері «Күмісбұлақ» атанғанынан сыр тартады. Елдің елдігін тамсана айтып келіп, әңгіме тиегін сол кездегі аяулы жандардың тағдырымен сабақтастырады. Мұнда Мұстафа өзінің жас кезіндегі көрген-білгенін сөз қылса, әңгіме тақырыбы соған сәйкес болады. Яғни, әңгімеден сол топтың, күллі жұрттың талғамын, ой-арманын байқауға болады. «Сол кезде жиырманың жетеу-сегізіне келген Абзал есімді Санжекеңнің туған жиені болды. Пай-пай-пай, жігіттің төресі еді-ау... Күні кешегідей әлі көз алдымда: жарты қарыс жазық маңдайы, ерге лайық қалың қас, қыр мұрыны, қуырған бидайдай бал-бұл жанып жүретін қызыл жүзі, кең жауырынды сымбатты тұлғасы... Несін айтасың, ақылына қайраты сай артық туған жан еді ғой. Өнері қандай шіркіннің... Қайда жүріп, қалай тоқи бергенін кімнің көкірегі ән мен күйдің кеніші сияқты жиын-тойдың гүлі болатын».

Бұл ретте қазақ повестерін зерттеген С. Асылбекұлының: «1970-2000-шы жылдардағы жарық көрген таңдаулы қазақ повесть авторларының рухани ұстаздары Б. Майлин, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, Ә. Нұрпейісов, Б. Соқпақбаев, Т. Ахтанов т.б. дүниежүзілік реалистік көркем әдебиет шеберлерінің салып берген сұрлеуімен жүрді. Сол себепті, олар көркемдік идеяның қаламгердің салқын ақыл-ойының абстракциялық ізденістерінен ғана емес, өздері бейнелеп отырған өмірдің шындығы мен әдеби образдардан, олардың арман - мұңдарынан, даму диалектикасынан іздейді» [42, б. 295], – деген пікірінің айтары мол. Осы сипаттағы көркемдік мінез ірілігі Абзал бойынан табылып жатады.

Жазушы Ақселеу Сейдімбек кейіпкерлер бойындағы ұлттық сипаттарды жалаң баяндамай, оларды даралау мен жинақтауды тартыс табиғатынан өрістетеді. Иә, кейіпкер бойынан, оның өзекжарды ой толғамдарынан өнер құдіретін, өмір мәнін байыптаған даналық көзқарасы аңғарылады. Осындай өмір үйлесімі мен өнер жарасымы Мұстафа әңгімесінен анық байқалады. Ол тыңдаушысын өзіне аялы әуенмен тартып, әсемдік әлеміне жетелейді. Бұл жерде жазушы шеберлігі тәнті етеді. Демек, сөз өнерінің құдіретін саралаған Е. Иванчикова «көркем мәтін әуезділігін толқынды ән-күй сарынымен үйлесімде алып, синтаксистік параллелизмнің шығарма шырайын арттырудағы эстетикалық мәнін атап көрсетеді» [131].

Жазушы «Қыз ұзатқанның» тарихын бірден тарқатып айта салмайды. Тереннен сыр тартып, көркем өнер үйлесімінде кеңінен толғайды. Абзалға қатысты әңгіме ішіндегі әңгіме сюжетінде Санжар қарияның тұлғасы асқақ көрінеді. Жалпы оқиға жазушының емес әңгімелеушінің тарапынан өрістетіліп, баяндаудың субъективті аспектісінің күшеюі – М. Әуезовтің әңгімелерінен, Б. Майлиннің «Шұғаның белгісінен» бастау алған дәстүр. М. Әуезовтің «Сыбанның моласындағы» баяндаушы – Жортар ақсақал, «Текшенің

бауырындағы» әңгімелеуші – Сүлеймен. Мұнда сюжет уақыты да өзгеше сипатта. Яғни шығарма оқиғасын баяндаудағы автордың уақытымен қоса, туындыда маңызды рөл атқаратын әңгімелеушінің уақыты бар. Кеңістік екі түрлі уақыттық өлшемдер арқылы игеріледі. Яғни кейінгі кезде ғалымдар баса назар аударып жүрген көркем әдебиеттегі мекеншақ категориясының шығармашылықтың типі мен көркемдік әдіске тікелей қатынасы бар. «Қыр әңгімелеріндегі» автор уақыты мен әңгімелеуші уақытының бір-бірінен алшақ жатуы – романтизм әдісін ерекшелеп тұратын тәсілдер. Мұндай тәсіл жазушының өткен тарихи дәуірдің рухани жағдайына иек артуынан көрініп отырады. Өткен дәуірдің еркіндігіне іш тарту, тіпті идеалдандыру арқылы көркем шығармадағы романтикалық жұлге пайда болады.

Сол тәрізді Ақселеу Сейдімбек те әңгімеші образы арқылы өз идеалына сай кеңістікті әртүрлі уақыттық өлшемдер арқылы көрсетіп, уақыт шақтарын бір-бірінен алшақтата немесе мейлінше сығымдай алады.

Санжар қарияның Абзалды қолына алуына себеп болған жай, ол сегіз, тоғыздарға келгенде әке-шешесінен қатар айырылып «көкжетім» қалуы болатын. Ал өзі Боздақ байдың қозысын бағып жүреді. Намысқой Санжар қария жиенін тентіретпейін деп қоярда қоймай бауырына басады. Мұстафа ақсақал әңгімесін тыңдаушылардың арасында таяқ жеген Аман ғана емес, ұйықтап қалған зоотехник жігіт те бар. Әңгіме барынша қыза түседі. Жазушының шеберлігі оқырманның өзі тыңдаушыға айналып кеткенін байқамай қалуынан көрінеді. Барлығы Нүркей ақсақалдың дастарқан басына жиылғандай күй кешеді.

Жазушы әңгіме сюжетін ширықтыра өрістетудегі шеберлігінен танған емес. Оқиғаны қарама-қарсылыққа құрып дамытуда кейіпкерлеріне жаңа көркемдік рең береді. Сондықтан да Санжар мен Абзал бейнелерінің табиғатына мүлдем қайшы келетін қарама-қарсы образдар жүйесі кеңінен көрініс табады.

« – Бұрынғылар айтыпты дейді: «Әйелің жаман болса, мейманың кетеді. Ұлың жаман болса, жиғаның кетеді. Қызың жаман болса, жеті ата түбіңе жетеді» - деп. Қанша бай болып, бағы көтерілгенімен, Боздақтың басында осының үшеуі де бар еді. Қыздай алған Жамал атты бәйбішесі бықсыған ұсақ, ұйқыдан жаңа тұрғандай есеңгіреп жүретін. Қайныларының ойнап «майжамбас» деп қойған аты бүкіл елге жайылып, азан шақырып атықтырғандай ?, Майжамбас десе, «ау» деуші еді. Бұл әйелінен Боздақ бір ұл, бір қыз көрді» [90, б. 44].

Жазушы қай кейіпкерді алмасын, оның қасиетін сентенциялық «тығыздықпен» ашуға ұмтылады. Қазақтың даналық сөзін кейіпкерлерін оқиға желісіне тартар шақта әңгімеші бекер мысалға келтіріп отырмағанын аңдатуы бекер емес. Сол кейіпкердің өзі жайында әңгіме айтылмағанымен, оның «майжамбасы» көп нәрсені аңғартқандай. Ол аздай ғана бір қызы мен бір ұлы бар екен. Боздақтың өзін «жыланның күйсегенін» сезетін «күдірет» иесі екенін айтады. Осы контрасты бейнелер үлкен тартыстың туындайтынына алғышарт екенінен хабар бергендей әсерге бөлейді.

Әңгімеші Мұстафаның сөз сабақтауына қыр перзенттерінің барлығын біртекті «жағымды» бейнеге айналдырмауы – жазушының хас шеберлігі. Ол сол халықтың басынан өткен күрделі кезеңдерді шынайы суреттеуіндегі көркемдік

жетістігі дер едік. Шындығында, шығармадағы тартыстан туындайтын өзгеріс оң бағытқа бет алуы қажет. Дәстүрдің де естісі бар немесе «есері» бар. Әйтпесе, Боздақ үш әйел алған жан. Алғашқы бәйбішеден екі бала көрген. Ал екіншісі баладан қайтқан. Үшіншісі болса өмір бойы етегі қанамай өмірден озыпты. Боздақтың ұлының аты – Сахи. Сахидың серілігі мен есерлігі де жетіп артылады. Сахи сияқтыларды келемеж ету мақсат болмаса да қыр қазақтарының жарасымды әзіл-қалжыңы жазушы Ақселеу Сейдімбек стиліне тән қылаң беріп отырады. Оның даңқы «Көк бестіге» қаратып айтқан сөзінен бастау алып, көпке танымал күлкінің өзегіне айналады. Ал сол Боздақтың қызы Балым болса, тым жеңілтек еді. Сол кезде ауыл әйелдері қызына ұрса қалса, «Қой ойбай, Боздақтың Балымы құсамай!» деп ұрсатыны бар. Ал бозбалалары болса, «Е-е, Балым ба, өкпеледім десең, көңіліңді қалдырмайды» деп күлісіп жүретін. Иә, Боздақтың нағыз боздап қалатын тұсы оның балалары еді. Жазушы астарлы ойды Мұстафаның аузына салғанымен, ауыл әйелдерінің бала тәрбиесінде пайдаланатын сөздерін тереңдікпен ұштастырады. Ауыл әйелдерінің «Қой ойбай, Боздақтың Балымы құсамай!» деп ұрсуы өсіп келе жатқан қыз балаға тәрбиелік астары мол ұлағат іспеттес.

Қазақ мінезіндегі рухани танымда қыз баланың бойындағы ең басты қасиет – оның тазалығы. Жазушы туындыдағы сюжеттік желіде қазақтың бала тәрбиесінен үнемі рухани танымдық ишарат беріп, астарына үлкен мағына дарытып отырады. Көп қатпарлы терең ой өрбітеді. Даралық стильдің осындай өзіндік ерекшелігін қарастырған В. Ковалев Толстой шығармашылығындағы мінез сомдау ерекшелігіне тоқтала келіп, адам санасының терең иіріміндегі сезім күйді, жан толқынысындағы қайшылықтар мен құбылуларды көркемдік биігінде аңғартуда асқан шеберлік керектігін түйеді [132]. Бұл ретте Мұстафа әңгімесінің қатпарлы астарында қаншама дүниенің емеуіріні байқалып отырғанын аңғару қиын емес. Ол – жазушының үлкен суреткерлік түйсігінен өрістейтін шеберлігі. Иә, әдеби шығарманың сюжеттік желісіндегі көркем ойдың сан қатпарлы эстетикалық әсері терең де тұшымды болуы қаламгер қолтаңбасының айшықты әлемінен туындайды. Осы тұрғыдан алсақ, А. Сейдімбек классик жазушылар меңгерген айшықты көркемдік тәсілдерге иек артып, кейіпкерлер табиғатын лиризммен астасқан психологиялық иіріммен ұштастырады. Ең нәзік, ең сезімтал лиризмді емеуірінмен жеткізу нағыз шебер қаламгерлер стилінен байқалуы заңдылық десек, осы бір суреткерлік қарымды біз жазушы шығармаларынан үнемі аңғарып отырамыз. Боздақтың Абзалға қол созатын жерлерін суреттеудегі жазушы шеберлігі көркемдік бояуы қанық болуымен бедерлі.

Шығармада қазақ танымындағы «ұзынқұлақ» ұғымы ұтымды қолданылған. Халық – шын мағынасындағы жақсы мен жаманды жіті айыратын қырағы сарапшы. Халық – қашанда әділ сыншы, төреші. Абзал соншалықты жағымды тұлға болса да, бір сәт Боздақпен араласуы «шымшымаға» ұласатыны бар. «Томырғаны май, тоңқайғаны ұл» Балымды алып алмайсың ба деуінде қаншама уыт жатыр. Жайшуақта Абзалға бұндай қалжың айтылса басы кетер еді. Бәріне себеп атақты көкмойынның бірін тақымға қысуы болып тұр ғой.

Емексітіп болса да көп нәрсені Боздақ бай жеткізеді. Бірақ Абзал арамға семіретін жетесіздер қатарынан емес. Сондықтан да «таза арықтың өзі жақсы емес пе» деп нағашысына сауал тастайтыны бар. Жазушы бұл тұста Абзал үшін басты тұлғалы бедел иесі оның нағашысы екенін байқатып кетеді. Осындай түрлі стильдік айшықтармен жазушы негізгі оқиғаға қатысты кейіпкерлердің бейнесін әр қырынан тереңірек ашады. Әңгімеші (немесе баяндаушы) рөлінен шығармадағы көркемдік тартыс өрісінің түрлене түсетінін аңғару қиын емес. Баяндаушысы шебер болып, сюжетті ширатып берсе, көркем шығарманың эстетикалық қуаты арта түспек.

Мұстафаның әңгімені Нүркейге мойын бұра отырып жалғауының мәнісі зор. Ол өзінің замандасы ғана емес, арқа сүйері деп жөнімен көтермелеудің белгісі бар.

Абзал мен Сахи арасындағы оқиға желісі динамикалық қалыпта ілгері дамып, барша шиеленісімен үдей түседі. Бұл қайшылық шығармадағы тартыс табиғатынан туындайды. Абзал болса Ақбілекке ынтық, Сахи «сал» тақымға ілінген қуыршақ болғанымен, сол Ақбілекке атастырылған жуанның тұқымы. Әлеуметтік сипатпен қатар адам баласына тән сезім, сүйіспеншілік, сұлулық деген эстетикалық ұғым бар. Ол – әлеуметтік әділетсіздікті, қоғамдық қайшылықтарды мойындай бермейтін күдірет. Міне, осындай қатпар-қатпар оқиғалар сюжеттің шиеленіске толы жағдайына жеткізіп, барынша ушықтыра түседі. Әдеби шығармадағы осындай ұтымды көркемдік тәсілдер жайында Н. Портнова: «Әдеби сындағы тартыс пен авторлық шешім, характер және шиыршық атқан жағдай, әдеби даму үрдісінің ерекшеліктері мен оқырман қабылдауы суреттеліп отырған көркемдік әлемді түйсінудегі тосындау жағдайларға бойлататыны бар» [133], – деген болатын. Мұндай «түсініксіз» қатқабаттылық туындыда Абзалдың басына үйіріле береді. Оның осындай шымшытырық күйін, ішкі арпалысын ерте байқаған Санжар ақсақал болады. «Абзалдың аттан түсіп, тізе бүккені сол болатын. Санжекең отырып: «Тарақтының намысын қорғаймын деп жүріп, жібек баулы тұзағына шырмалып қайтқаннан саумысың», – дегені ғой. Япыр-ай десейші, сөйтсек, бірде бошалаған інгенін қарап жүріп, тарақтылар жағына барғанда Ақбілекті көреді екен. Сонда-ақ Алтыбай қызының отырыс-тұрысына, ілтисат-қылығына қатты сүйсініп қайтса керек. Жаңағы «Тарақтының жібек баулы тұзағы» деп отырғаны сол екен. Сонда Абзал Санжекеннің төсіне балаша бетін басып, «Айналайын, нағашы-ай, ана болып ақыл беріп, әке болып айбар беріп, мұң-сырымды жазбай танитын сен болмасаң, қайтер ем» деп көзіне жас алып еді» [90, б. 51].

Санжар ақсақалдың астарлап сөйлеуінде терең мән болса, соны дәл таныған Абзал еркелікке салып мойнына алады. Санжарға тығырыққа тірейтін сол әрекетімен буынсыз жерге пышақ салғанын сезеді. Амал қанша, «жүрекке әмір жүрмейді». Шындығында жазушы кейіпкерлер болмысындағы ерекшеліктерді ашуда диалогке екіпін жасайды. Санжар тереңнен танып астарлап айтса да, дауысында сенімсіздік жатқаны аңғарылады. Бірінші рет босаңси сұрайды. Ал Абзал болса алғаш рет тебіреніп, көзіне жас алады. Екеуі де асау өмір ағысында алақұйын күндері тосып тұрғанын сезінеді. Иә, елден ерек екі

алып тұлғанының жан толқынысы «тобырды» тыныш жатқызбаса керек. Оқиғаның коллизиялық тұсын жазушы төмендегіше суреттейді: «Сонымен не керек «ел құлағы елу» деген. Абзал мен Ақбілектің арасындағы жағдай әр жер, әр жерде сөз бола бастады. Онсыз да Ақбілектің Сахи «салды» менсінбейтіні әбден әйгіленіп болған-ды. Боса-болмаса Боздақ байдың қызы анадай болған соң, тама құдасы ел-жұртқа масқара етіп қалыңын қуып кеткеніне де шамалы-ақ уақыт өткен. Екі кісінің басы қосылса, ол да сөз болмай қалмайтын... Ақыры не керек, аралбай – тарактының іші енді қайтер екен деп құлақ түрісіп отырғанда: «Ойбай-ау, Ақбілек пен Абзал ашына екен ғой... Алтыбай бұл жағдаятты білсе де білмеген, көрсе де көрмеген болып отыр... Онда Сахи салдың тірлігі қошқардың ені түседі деп соңынан ерген бөрінің тірлігімен ағайын десейші... Боздақ байдың биыл мүшел жасы емес пе екен, не қылса да айналдырды ғой пақырды...» деген қауесет әп-сәтте қауға тиген оттай гуілдеп жөнелді» [90, б. 55].

Бұл шығарманың өн бойында шиыршық атып отырған тартыс желісінің табиғи үйлесіміндегі мәңгілік ақиқаттың үстем болған ғажайып сәті еді. Шындығында Ақбілек пен Абзал арасындағы шынайы сезім иірімі мәңгіліктің асқақ тұғырындағы кіршіксіз сүйіспеншілік өлшемінің асыл бейнесі болатын. Батыл шешімге барған ғашық жандар ен жайлаудағы Аюшатты барып паналайды. Ол – ит тұмсығы батпайтын қалың жыныстан өтіп бармасаң көрінбейтін жер. Оларды ешкім іздеп таппай, әуре сарсаңға түседі. Күндердің күнінде Ақбілек торсық маңдай ұл табады. Санжар ақсақал осыдан кейін екі жақ кешірет деген үмітпен оларды ауылға алдырады. Амал қанша, ізгі қарттың асыл ойы діттегеніндей болмайды. Жалған намыстың желеуімен келген тобыр өз дегенін істейді.

«Көп бөрі қойсын ба, ортаға алып, бас-көз демей бір-бір салып өткенде Абзалдың тұла бойын қан жауып кетті. Сахи бастаған үш-төрт жігіт Ақбілекті шырылдатып, алып кетуге айналды. Пай-пай, сонда Абзал екі көзіне қан толып, шиыршық атқан күйі беліндегі қос қарыс болат кездігін суырып алып, олайғысын олай, бұлайғысын бұлай жайпап, Ақбілекті арашалауға тұра ұмтылды. Осы сәтте Сахи Ақбілектің бұрымын білегіне орап алып, дырылдатып сүйреп келе жатқан-ды. Абзал ұмтылған бетінде: «А-а Құдай! Мына қорлықты көргенше жер басып жүрмей-ақ қояйын!» деп келіп, қолындағы кездікті Сахидың өкпе тұсына салып-ақ жіберді. Қаһарланып ұрған қарулы қол қойсын ба, қос қарыс болат кездіктің сағағын дардан қабырғаға бір-ақ тіреді» [90, б. 60].

Атастырған қалыңдығына деген сезімі күйреген сол Сахи «сал» Ақбілекті шашынан сүйреген сәтте арыстанша арпалысқан Абзал жауын жер жастандырады. Ақыл мен парасаттан ада қалың тобыр дегеніне жетпей қойсын ба, қайран Абзал қапыда мерт болады. Шығармада трагедиялық ахуалды қос аттың үстіне көлденең салып, Сахидың сүйегін әкеткенімен, Абзалдың жансыз денесін құшқан Ақбілек пен Санжар ботадай боздап Күмісбұлақтың басында қала беретін суреттемелер арқылы бейнелейді.

Дүлей тобырлық күш дегеніне жетті. Қиянат пен әділетсіздіктен абзал жанның өмірі қиылады. Ақбілек баласымен сол Санжар қарттың қолында қалады. Санжар қарт Ақбілекке Күмісбұлақтан көшуге кеңес береді. Ондағы

мақсаты Ақбілектің Абзалдың зиратын көріп жаси беруінен аз да болса сергіту болатын. Әрине оған жаны таза Ақбілек көнбейді. Ақыры Санжар қартқа ұсыныс айтады: «Күмісбұлаққа қонып әбден жайғасып, мауқын басқан соң бір күні Ақбілек әлгі өздері жасырынатын Аюшатты көргісі келетінін айтты. Санжекең қандай, Ақбілек дегенде осы жанын үзіп отыратын, сөзге келместен айтқанын істеп алып кеткен. Сол жолы ғой, Аюшаттағы үңгір аузына өскен балапан теректің бірін қазып әкеліп, осы Күмісбұлақтың басына отырғызды. Сонда таңсық көріп, Ақбілектен «Бұл не терек? – деп сұрасақ, – Талай рет Абзалымның көйлегін жайып едім...» – деп көзіне жас алатын...» [90, б. 61]. Сол терекке қатысты тылсым сыр мен қоңыр мұңға толы әңгіме ұлы даланың түкпір-түкпіріне аңыз боп тарайды. Ол шынайы махаббатың ұлы даладағы символындай болады. Ол – өмірден тірек көрмеген, бірақ халықтың бойында бар ұлттық болмысының көрінісіндей, әркімді толғандыратын белгіге айналған жалғыз түп терек болатын.

Шындығында шығарма шырайын арттырып отырған аңыз оқиға желісі оқырманын сезім иіріміне бойлатып, ғашық жандардың кіршіксіз жан әлеміне сүйсіндіреді. Ақбілектің кейінгі өмірі шығармада үлкен көркемдік тебіреніспен түйінделеді.

«Ақбілек Санжар қарияның қолында табандатқан бес жыл отырып, ақырында мына тама жағының бір оқыған жігітіне тұрмысқа шықты. Осы Күмісбұлақтың басында Санжекең екі қарасын сойып, ауылдың кәрі-жасын шақырып, өз қызынан кем қылмай ұзатып еді. Содан бері бұл төңіректегілер Күмісбұлақты «Қыз ұзатқан» деп атап кетті. Ал «Қыз ұзатқандағы» мәуелеп өскен теректі «Қыз еккен терек» дейтін. Мына Аманның қиып тастаған ағашы да сол. Мен ашулансам, азалансам, сол бір қос мұндықтың артында қалған белгіге ойсыз қолдың балта сермегеніне ашуланам да...» деп, Мұстафа қария әңгімесін аяқтады» [90, б. 62].

Жазушы әңгімелеуші бейнесін әдейі жасайды. Ол – авторлық позиция мен идеяны арқалаған автордың өз бейнесі. Автор бейнесі – шығарманың бірыңғай дүниетаным арқау болған жеке бөлшектерін бір тұтастыққа біріктіретін ұйымдастырушы күш. Автор бейнесі – бүкіл шығарманың өзегі, ол өз кейіпкерінің басынан өткен жайларда, тағдырында, сөзінде, мінез-құлқында, оқырманға эстетикалық әсерінде көрініс табады. Осы арқылы жазушы өз көзқарасын адам және жазушы ретінде тікелей айтуға тырысып, авторға ұқсамайтын кейіпкерге, әңгімешіге барынша жақындауға ұмтылады. Авторлық көзқарас автор бейнесін барынша ашық формада көрсетеді.

Міне, Мұстафа қарияның әңгімесі арқылы «Қыз ұзатқандағы» жалғыз түп теректің сыры мәлім болады. Тыңдаушылар көрген түстей тыңдаған ғибратты әңгіме осындай көңіл тебірентер толқыныспен аяқталады. Бағанағы Аманның қиып тастағаны сол терек болатын. Білместік деген – сол. Хикаяттың «Эпиолог» бөлімін метафоралық мән-мағына деуге болады.

«Арада бір жұма өткен соң, қайтар кезде бұрыстау болса да «Қыз ұзатқанға» соға жүргіміз келді. Сиыр таңдайлана қатпарланған қалың адырды төтелей жүріп, бұлақ үстінен түскенде, алдымен ақ жоңқаланып кесілген терек

тұқылы көрінді. Тақала келе тұқыл қасынан жаңадан отырғызылған балапан ағаш көзімізге оттай басылды. Біз таңдана тұрып, мұны еккен Мұстафа қарт пен Аман екеуінің бірі екеніне еш күмәнданғанымыз жоқ. Бірақ көкейімізді «Апыр-ай, екеуінің қайсысы екті екен?» деген сұрақ мазалай берді. Сайын дала дидарындағы осы бір кішкене көрініс бізді еріксіз тебірентіп, қос ғашықтың көз жасына қазір ғана куә болғандай қамықтырды» [90, б. 62].

Иә, Ақселеу Сейдімбектің «Қыз ұзатқан» повесі 1970-1980 жылдардағы қазақ прозасындағы шығармашылық ізденісте байқалған модернистік ағым немифологизм эстетикасымен үндестік тауып жатады. Ел ішіндегі ескі аңыздарды қайта жандандырған жазушы өткеннің тәлімі мен тағылымын бүгінгі күнмен сабақтастырып, өмір үйлесімінің жалғастығын әрі жаңадан отырғызылған балапан ағаштың тамыр жая бастауымен шымыр да шебер бейнелейді. Сол арқылы өмірдің толассыз көшінде қазақтың ұлттық жасампаздығы ұрпақтар сабақтастығымен мәңгілікке ұласа беретінін түйеді.

Жазушы шығармаларының негізі – туған жерге, туған елге, табиғатқа ондағы тіршілік иелеріне деген махаббат, ұлттық құндылықтарына деген сезіміне ұласады. Қаламгердің үлкен идеялы жүк көтеріп тұрған көркем бейнелері – туған жерімен бірге көктеп-көгерген, ыстығына күйіп, суығына тоңған рухы мықты жандар. Сондай бітімі ерекше туындыларының бірі – «Аққыз» повесі. Сайын дала төсінде мамыражай күн кешіп, арын жанынан артық көрген көшпенділер философиясы повесте ерекше көрініс тапқан. Туындыдағы Наймантай батыр – Ақселеудің бабасы болған. Қазақ еліне танымал атақты Байғозы батырдың туған әкесі. Наймантай – өз заманында Жеке батыр атанып, бетіне жан қаратпаған адам. Қалмақтармен соғыста мерт болып, сүйегі Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесіне жерленген.

Шығарманың басталу сәтіне ден қойсақ, жазушының өзіндік стиліне тән этнографиялық бояулар бірден назар аудартады. Сөйлем құрылыстарындағы метафоралық, метонимиялық сөз тіркестері даланың идиллиялық-романтикалық келбетін ұсынады.

«...Қарауытқан биіктерді, мүлгіген шоқыларды бөктерлеп, қазіргі сәтте он шақты аттылы келе жатыр. Бәрінің де мінгені – өңшең әлекедей жаланған сәйгүлік. Осы бірінен-бірі өтіп, қамшы сүйкетпестен лыпып келеді. Жал-құйрығын бұландатып, кекілді сілкіп тастап, сау аяңға салған көп тұяқ мынау кәдесі ұйысқан алқапты дүбірлетіп, төңіректегі тау-таспен үн қатысады. Қазіргі шақтағы түннің қоңыржай салқын лебі ұзақ жүрістен еті қызған аттардың белін көтеріп, өнімді жүріспен жер танабын қуырып келеді. Бір ғажабы осы аттардың бәрі де бір енеден туғандай, сүлікше жылтыраған өңшең меңсіз қара еді. Тек найза бойы озық келе жатқан жауырынды, қапсағай жігіттің тақымында ғана сұйық жал шұбар. Бауырынан жарап, мейіздей қатып алған шұбардың дәл қазіргі түлкі бұлаң жүрісі айызынды қандырғандай. Алды аяңдап, арты желіп, жұп-жұмыр сауырын ырғай лекіткенде арттағы жігіттер сұлу қыздың соңынан қарағандай сұқтанады. Кілең қараның ішінде шұбардың болуы сырт көзге алдымен сол атты емес, үстіндегі иесін ерекшелеп, оқшаулап көрсеткендей еді» [90, б. 63].

«Суреткердің қырағы көзі өзінің ата-бабасының өмір сүрген дәуірі мен өз кезеңінің оқиғаларының жаршысы болуды, соларды ардақтауды өзіне мақсат тұтуы – заңды құбылыс» [134].

Дала тынысының әсем жарасымына бойлататын бейнелі суреттеулер сюжет дамуының сезімдік-логикалық шарттарына бағындырылады. Қаламгер әдеттегідей сұлулық әлемімен біте қайнасқан серілік, дала болмысын ажарлайтын аңшылық, құсбегілік, той-томалақ, қыз ұзату, келін түсіру, барымта өзге де этнографиялық көріністерді бірінші кезекке шығаруды көздейді. Осынау ұлттық рухани және мәдени құндылықтар дала тынысының ғажайып үйлесімімен астасып жатқан пейзаждық эпизод дала төсіндегі тіршілік гармониясы туралы психологиялық-философиялық тұжырымға әкеледі. Көркем шығарманың идеялық-эстетикалық құрылымында портретке жүктелетін міндеттер Наймантайдың сыртқы кескінін бейнелеу арқылы жүзеге асады. Сыртқы тұрпат көріністері өзінің объективті мәнін жоғлтпастан кейіпкер табиғатының ішкі заңдылықтарына сәйкес алынады. Сонымен қатар повестегі топтық портрет те адамның биологиялық, анатомиялық қасиеттерін ғана емес ұлттық-этнографиялық мағына иеленеді. Сыртқы киім кию үлгілеріндегі ұлттық бедерлерді нақты, дәл суреттеуде романтикалық символика нақыштарын пайдаланған.

«Бұ келе жатқан жолаушылардың бәрі де сайдың тасындай сақа жігіттер болатын. Олардың да киім киісінде, ер-тұрман ұстауында біркелкілік бар. Шетінен шоңқайма көк етік, ықшам тігілген қамзол, шалбар киген. Бәрінің де артында ат бүйірін соқпастай етіп жасаған арқалығы келте қоржын. Бәрінің де қарында бауырын шөп сүртіп ағартқан сойыл. Оның өзі шақатты жерден өткенде дыңғыр қағып, бабымен кепкен қару екенін әйгілеп қояды. Қолында сойылы жоғы алда келе жатқан шұбар аттылы ғана. Сойыл орнына өзек салып өрген, он екі таспалы жылан жондырау? ұстапты. Мұнысы шұбар аттылыны өз үзеңгілестерінен тағы да даралап көрсеткендей. Бұл жігіттің ныспысы Наймантай» [90, б. 63].

Ұлттық бояуы қанық жазушы туындылары өнегелік, тағылымдық қасиеттерге толы. Сұйық жалды шұбардың иесі осы топтың басшысы екені жоғарыдағы шағын баяндауда анық аңғарылады. Бұл суыт жүрістегі сайдың тасындай жігіттердің тып-тыныш ай жарығымен лыпып келе жатқанында үлкен мән бар екенін оқырман бірден сезеді. Бір нәрсені жіберіп алмайын дегендей ширай түседі. Шұбар атты тақымдаған Наймантай Бетбақтың даласы мен жапсар жатқан Алтынсандық, Бәйбіше, Ақадыр өңірі елінен еді. Әкесі Сүтемген осыдан үш жыл бұрын дүние салғанда дөңгелек дәулетінің иелігі соңынан ерген жалғыз тұяғы осы Наймантайға тиген. Әкеден қалған дәулеттің тізгіні қолға тиген соң Наймантай бөлек бір мінез шығарады. Өзі секілді өңшең саяқ жігіттерді төңірегіне топтап, оларға біркелкі ат мінгізіп, бірыңғай киім кигізіп, сахараның атүсті қызық тіршілігіне ден қойып алған. Бара-бара Алтынсандық, Ақадыр елінің мойын бұрғызар жаңа талап жігіттері сайдың тасындай сұрыпталып, Наймантайдың жанынан таусылмас тамаша тапқандай еді. Бейбіт елдің ішінде күн құрғатпай болып жататын ойын-той, бәсеке–бәйгені былай қойғанда,

көбінесе ат жалынан рақат тауып, қостап аңға шығып, өзді-өзі түрлі сайыстар ұйымдастырып, аққұла рақатқа батады. Наймантайдың осы жүрісін анасы Көрік уайым етіп, орынды сынын айтады. Шешесін қатты сыйлап, алдынан шықпайтын Наймантай болса, «аты барда желіп жүріп жер тану, асы барда беріп жүріп ел тануды» ниет еткенін риясыз көңілімен жеткізеді. «Уақытша құрған сейіл-серуенімді уайым етпей-ақ қойыңыз. Бұ тіршіліктің темір қамыты қашанғы бұлғақтатар дейсін» [91, б. 64], – деген сөзімен кесек мінезін аңғартады.

Ұлы даланың қызығы бір бөлек болса, ондағы тұрмыс hareketі де оңайлықпен уысқа түсе бермейтінін халқымыз нақыл сөздерінде айтып кеткен болатын. «Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге мал тұрар» дегенде не нәрсеге қайраттың керегі айтылған. Әкесінің қайраттың күшімен жиған малын баласы бір сәтте шашып жіберсе, ертеңгі күні не болар деп мазаланған ана уайымы орынды. Баласының перзенттік жауабы да иланымды. Осы екі ортада ұлттық тәлім-тәрбиедегі ұлттық мінез болмысының нәзік тұсы көзге түседі. Мәселен, анасы баласын өмірдің қатал да мейірімсіз сынынан өтпеген тәжірибесіздігі орға жықпаса екен деген ескерту халық даналығынан туындайды. Асылы ұрпақ тәрбиесіндегі ұлттық сипат – өмірден түйген имандылық тағылымымен дұрыс жолға бағыттау. Ұлттық характер мәселесін зерттеуші А. Тоқсамбаеваның: «Көркем әдебиеттанудың ұлттық мәселесі міндетті түрде ұлттық мінезбен тікелей байланысты екені белгілі» [135], – деген ойы құнды десек, ұлттық болмыс табиғаты да ұлттық сипатымен өміршең болмақ.

Наймантай мінезінің іріленуі, өмір сынын өтуіндегі иірімдер барымта барысында шиыршық атады. Жазушы шығармаларында жиі суреттелетін барымта бұл жерде де үлкен көркемдік жүгін арқалап тұр. Қыр перзенттерінің табиғатын, мінезін, болмысын суреттеуде жазушы тынысы ашыла түседі. Дала стихиясының, қазақ болмысының, ұлттық құндылықтар әлемінің терең білгірі Ақселеу Сейдімбек туындының көркемдік желісіндегі оқиға өрісін қоюлата түсуде барымта барысындағы психологиялық қақтығысқа да үлкен мағына үстейді. Мәселен, кейіпкер психологиясын портрет арқылы айшықтауда қаламгердің негізгі тәсілі – адамның дене бітімінің гротескілік сипатта бейнеленуі.

«Жылқышылардың бітім-тұлғасын, қауқар-қарымын сынай қарап, мінген аттарының бап-күйіне дейін болжап келе жатқан Тұрсын осы сәт желі басында жүрген жылқышыға көз тоқтатып еді. Денесі шіліктей серпілген талдырмаш жігіт сияқты, бірақ қимылы кесек. Орын ауыстырған желінің қайың қазығын шымға тоқпақсыз сіңіріп жүр. Тіптен күшке салғаны сезілсейші. Жылқы қылынан ескен желілерді дыңылдата керіп, қайың қазықты бірер толғап басқанда сағақтата сіңіреді. Өзінің соңында ерсілі-қарсылы мойын бұрып, өкше ізінен қалмай жал-құйрығы сүзілген ақбоз ат жүр. Бұл жігіт арқан тастауға да шебер екен. Құйрығын шаншып, еліре құйындатқан құлындар жақындаса болды, серпе тастаған шыжым арқанның тұзағы сарт етіп қылта сағақтан түсіп жатыр. Есіне алуы мұң екен, мына жылқышының қапысыз қимылмен тастаған қыл арқаны жыланша ысқырып келіп мойнына оралғандай тұла бойы тіксініп қалды» [90, б. 68]. Автор желі басындағы жылқышының бет-әлпетін емес, тек сыртқы тұлғасы

мен іс-әрекетін жымдастыра суреттеу арқылы кейіпкердің мінез-құлқын аша білген.

Суыт жүрісті қалың топтың мақсаты белгілі. Олардың көздегендері – Қарағаштағы Таймас байдың жылқысы. Жазушы Тұрсынның ішкі монологін сәтті берген. Ол ойша жаңағы ақбоз аттының өзінің мойнына қыл арқан салғанын елестетіп, сол ойынан өзі шошып кетеді. Кейіннен барымта кезінде ақбозаттың иесі бір ұрып Тұрсынды түсіріп кетеді. Ол шайқас ұлы даланың төсінде болады. Осындай табиғат аясындағы айшықты суреттеулер көркем шығарманың ең бір бейнелі тұсы десе болады

Жазушы шығарманың өн бойында ұлттық құндылықтар әлеміне дендей еніп, көшпенділер әлемінің қайталанбас асыл қасиеттерін көркемдік танымда жаңғыртып отырады. Жазушы шығармашылығына тән осы бір стильдік ерекшелік туындының көркемдік жүйесіне эстетикалық қуат дарытады. Ол шығармадағы қонақ күту кәдесі, халықтың шешендік сөзге шеберлігін суреттейтін тұстарында айқын көрінеді.

Дала тынысы, қыр тынысы өзінің заңдылықтарымен өмір сүреп келді. Барымтаға бел шешу барысындағы Тұрсынның жан әлеміндегі адами қайшылықтар дала заңдылығын бағынуға мәжбүрлейді. Рас, осыншама қонақжайлылық көрсетіп отырған ауылға кешқұрым тосыннан барымта жасарын білгенде Тұрсын жерге кіріп кете жаздайды. Жазушы Тұрсынның барлау сапарында қаншама көңіл күйде болып, ішкі толқыныста болғанын айнытпай суреттейді. Ол – ұлттық болмыстан туындайтын табиғи қайшылық. Жалпы әдебиеттану ғылымына «ұлттық талғам» ұғымын енгізген ғалым А. Петров пікірі [136] тұрғысынан алғанда, Тұрсын бейнесі – қайшылыққа толы тұлға. Иә, ол барлауға барып келген соң жүрегі дауаламай, өзінің тобын сол барымташылықтан тоқтатқысы келеді. Амал бар ма, қызынып алған жастар оның айтқанына құлақ түрмей, ел арасын бүлдіретін іріткі іске кірісіп кетеді. Елуге тарта жылқыны зырылдауық тартып, жырып алып қуып береді. Беттеген жақтары Қызылжар болғанымен, ол - із жасырудың амалы. Иә, оқиға барысы қас-қағым сәтте болғандай еді. Тек адуынды қарсылықты күндіз көрген ақбоз атты беймәлім жан ғана жасап жүр. Тұрсынның күндізгі қорқынышты ойы жүзеге асты да. Оның сескендірген ақбоз аттының арыстандай айбатты арпалысы болатын.

«Ә, дегенде сытылып шығып, соңындағыларды үздік-создық шұбырта ілестіріп барды да, атының ауыздығын қаға іркіп, кілт ұрыс салды. Бұл жалғыз қуғыншының қашып жүріп қайырыла сілтеген сойылы қарсы келіп табандап ұрғандай қапысыз қатты тиеді екен. Айтқанша болған жоқ, бірі «ах», бірі «ох» деп екі жігіт аттан түсіп қалды. Оның бірі Тұрсын болатын. Топ етіп жерге түскен бетінде сойыл тиген тізесін ауырсына ұстап, бүкшиген қалпы айғай салды:

– Уа, Наймантай!.. Мына тіл-аузы жоқ дүлей қырды ғой... Қайдасың, қимылда енді... Шынында да, ақбоз аттылығын мылқау адамдай үн-түнсіз шүйіліп келіп, жалт-жұлт қимыл көрсетуі Наймантай жігіттерін таң қалдырып, қан қызу айқасқа шақырғандай ширықтыра түсіп еді» [90, б. 76]. Повесте жазушы оқырманды Аққыздың ерлігіне тәнті қылады. Наймантай бастаған

барымташылардың қылықтарын кешірудің өзі ерлік емес пе? Қаламгер туындыларының идеялық ерекшелігі сол кейіпкері әлеуеті мен дене бітімі жағынын әлсіз болса да, рухани жағынан қарсыласын жеңіп, олардан басым түсіп отырады.

Барымта дегеніңіз – ағайын елдің арасына от салатын кейіннен келген қалың дерттің бірі. Ал мәрттік, кешірімділік – дала заңдылығының басты қасиеті. Осы қайшылық шығармада қатар өрістеуімен көрініс табады: «Өз тұзағы өзін тежеген ақбоз аттылы бұл сәтте ат жалын құшып еңкейе беріп еді. Зу-у еткен дырау жонын қуалай осып өткенде ауырсына қайқаң етті. Өзекті дыраудың шарпи қаққан ұшы басындағы шошақ бөркін қоса ұшырып түсірді... Ұшып түскен бөрік астынан... қобырай төгілген қолаң шаш ақбоздың сүттей сауырын жауып қалды. Дәл осы сәтте Наймантайдың екінші рет тістене көтерген дырауы ауаға ілінгендей болып, өз көзіне өзі сенбегендей қалт аңырып қалып еді... Осы бір тілмен айтып үлгермейтін, санамен ғана сезінген қас қағым шақта «Қыз ғой!» деген ұшқыр ой Наймантайдың жан дүниесін шып-шып осып өтті. Іле еркінен тыс жарықшақтана шыққан дауыспен: Сауға! Сауға! – деп қалды» [90, б. 78].

Көшпелі қазақ қоғамында «сауға сұрау», «сауға беру» дәстүрі міндетті түрде орындалуға тиісті әлеуметтік этикалық қағидаттардың бірі болған. «Аңшыдан – сыралғы, батырдан – сауға» деген қазақ мақалы осыны білдіреді. Сауға сұрау – жеңілгендіктің немесе кешірім сұраудың белгісі, ақыр аяғы бітімшіліктің бастауы. Наймантайды абдыратқан тосын жәйт – арыстанша алпарысып жүрген ақбоз аттың иесінің әйел заты екендігі. Осы сәтті жазушы үлкен шеберлікпен суреттейді. Иә, бөріктің астынан төгіліп түскен «қолаң шаш ақбоздың сүттей сауырын жауып қалды». Хас сұлулықтың белгісін суреткер осылай көрсетеді. «Сауға» – деген Наймантайға енді ғана ақбоздың иесі үн катады: «Өзекті дыраудың сүйек сырқыратар соққысынан енді түзеліп, өзіне-өзі келген қыз бойын тіктеп тіл қатты.

– Сауға сұрарың бар, сандалып не басыңа ат тепті?! Ойда жоқта тіл біткен қыздың үні жез қоңыраудай өткір екен. Бекітіп, шегелей айтқан сөздері естір құлаққа сынаптай сіңіп, қайыспайтын табанды тәуекел лебіндей жетті. Әлі де қыл арқанды тіресе тартып, табандап тұрған Наймантай қыз дауысын естігенде не істерін білмей мүлдем абдырап: Апыр-ай, кім едің, жарқыным?! – деді. Тапқан екенсің жөн сұрасар жерді!.. Қыз екен деп қорланба, жігіт болсаң қимылда! – деп тордағы балықтай бұлқынған қыз ақбозын сарт-сұрт тебініп қалды. Сауға! Сауға дедім ғой! - деген Наймантай үнінде жіпсіз байланғандай өзіне де белгісіз дәрменсіздік бар. Жоқ сауғам! Не төмен етектіден жеңіп мал әкетесің, не тастап кетесің! Болсын дегенің... айып менен!» [90, б. 78].

Қазақ ұлтының тарихи даму жолында қалыптасқан сауға сұрау дәстүрі повестің идеялық-философиялық концепциясында психологиялық аргумент ретінде қолданылады. Жазушы ұлттық дәстүрдегі осы этикалық-ұждандық категория көрінісін кейіпкерлердің дүниетанымдық өзектерін ашуға бағыттай отырып, жалпы философиялық-психологиялық, символика-аллегориялық маңызына зор мән береді.

Осы этнографиялық танымнан туындағын эпизод шығарманың драмалық

коллизиясын күрт арттыруға да, экспрессивті-эмоционалдық қуатын күшейтуде, мәтіндегі психологизмді дамытуға ерекше серпін берді. Бас кейіпкердің психологиялық әлемінде күрделі өзгерістер осы эпизодтан басталады. Наймантайдың санасына ұялаған ғажайып сезімді жазушы оның көз алдынан кетпейтін айшықты сурет арқылы көрсетеді: «Осы оқиғадан кейін көз алдынан ақбоз аттың сауырына төгілген қолаң шаш кетпей қойды. Алты сай құндыз бөріктің жылуы да алақанында қалған сияқты» [90, б. 79].

Құндыз бөрік жылуының бой шарпыған табы оның алақанында қалса, сүмбіл шаш сом жүрегінде гүлдің бүр жаруына ерекше себеп болды. Белгілі бір рудың жыртысын жыртып, барымта жасау бір бөлек те, сүйіспеншілік күдіретіндегі ұлы сезіммен кіршіксіз махаббатқа бөлену тылсым алабөтен дүние. Белгілі ғалымдар А. Нысанбаев, А. Тайжанов еңбегіндегі: «Патриоттық сезімдегі характердің жалпыадамзаттық қағидаттармен қайшы келмегендігі абзал» [137]. Жалпы, Ақселеу Сейдімбек шығармаларында баяндаушының орны ерекше. Ол кейде бөлектеніп, кейде автормен үндесе шығармадағы оқиға желісін баяндау барысында оқырман сол оқиғаның ішінде өзі жүргендей сезінеді. Әдеби шығармадағы баяндаушының поэтикалық қуаты зерттеуші М. Семанова атап көрсеткеніндей, ешқашанда өзінің көркемдік-эстетикалық жүйесінен ажырамақ емес [138].

Шындығында баяндаушы шығармадағы барлық дерлік оқиғалар желісіне араласып отырады. Оның әдеби шығармадағы рөлі шектеулі болғанымен, көркемдік-эстетикалық жүйеде берері мол.

«Аққыз аз сәтте бойын жиып, сезімін ақылына ауыздықтатып, сабыр күйімен табысты. Сонсоң аялы жанары мөлдірей жасаурап тіл қатты.

Наймантай, хордың қызы болса да тағдырын сеніп тапсырар жігіт сендей-ақ болар. Өзінді олқысынып айтқан сылтауым емес, анамнан да жасырып жүрген сырымды айтайын... Қанша бұлғақтағанмен, қыз болып дүниеге келген соң, тағдыр тұзағынан қашып құтылмайды екенсің. Әрі ойлап, бері ойлап сол тұзаққа менің де бас иген жайым бар. Және де, табиғат тартуына бағынып, өзім іздеп, өз еркіммен бас иіп едім... Мені қинама. Қинағаныңмен арымды аттап, уағда бұзып кете алмаспын. Мүлдем ұмыт, менен түңіл дегенім емес, өзің айтқандай қиыспас дос болып қалайық...» [90, б. 94]. Жаны сұлу Аққыз ақ адал достыққа, сыйластыққа шақырады. Сезім кілті басқаның қолында екенін бүкпесіз жеткізеді. Бірақ сыр ұшпағын шығарғанымен, таратып айтпайды. Бұл – эпикалық шығармаға тән стиль. Ақселеу Сейдімбек сол батырлық эпостарда кездесетін қуатты көркемдік дәстүрді сәтімен ұтымды пайдаланған. Егер де Аққыз бірден келісімін берсе, шығармадағы тартыс өрбімей қалары анық. Тартыс табиғатынсыз көркем кейіпкердің шынайы сомдала бермейтіні әдебиет теориясында аз айтылып жүргені жоқ. Шиеленіске толы тартысты жағдайдың өзінде одан арға дақ түсірмей, ақыл-парасатпен шығу оңай дүние емес. Иә, тығырықтан шығар жол іздеп арпалысқан Наймантай мен оның досы Тұрсын індете қуып, Аққыздың көңілі кеткен адамды табады. Ол – Бағаналы жағының жас батыры, жігіттің төресі Аламан болатын.

Повестің оқиғалық желісінде Наймантай барлық айласын істеп, Аламан батырдың киім мен сайманын, атын алдырады. Ақыры Аламан болып Аққызға барады. Сол кезде Аққыздың Аламанға уәде бергеніне көзі жетеді. Аламан батыр деп ойлаған Аққыз Наймантайдың құшағына беріледі. Кейіннен Аламан батыр аты мен батырдың кездігін неге бермей жатыр деп кісі жібереді. Аққыз сонда барып қапыда тұтылғанын біледі. Бұл басынған қай жан деп қатты назаланып жеңгесі Айкүмістен үш дүниесін сұрап әкетуінің мәнісін тарқатуын сұрайды. Шығарманың шарықтау шегінде автор символдарды шебер келістіре білген. Сол кезде жеңгесі «білезігінді алғаны білегіңнен ұстадым дегені, алқанды сұрағаны кеудеңе шықтым дегені, бөрігінді сұрағаны басың мендік дегені» деп түсіндіреді [90, б. 98]. Осының бәрін білген қыз жаудан қайтпас отты қайсар жүрегімен қуаттанып атқа мінеді. Қолына келте найзасын алып Наймантайдың еліне бет алады. Ақбоз атты батырдың сұсынан ауыл дүрлігеді. Хабарды Наймантайға жеткізеді.

Жазушы Наймантай батырды мүлде басқа күйге түсудегі психологиялық ахуалын шынайы кескіндейді Кейіпкердің сыртқы кейпін суреттеумен оның ішкі әлеміндегі арпалыста не болып жатқан қайшылығын жазушы айнытпай берген.

Аққыздың «найзасын Ақшоқының басына қадап, атынан түсуі» мәңгілік махаббаттың алдында оның да бас игенін көрсетеді. Повесте реалистік сипатпен қатар күшті романтикалық сарын астасып жатады. Оның туынды табиғатымен үйлесімде болуы жарасымды. Шығарманың «Түйін» бөлімі сентенциялық мәнімен ерекшеленеді: «Жазмыш дегеніңіз сол екен. Арын аттай алмаған Аққыз Ағадыр еліне келін боп түсті.

Той тарқап, ел аяғы басылған соң, Наймантай мен Аққыз ақыл қоса отырып, Аламан батырдың күрең тұлпарын сауыт-сайманымен қоса қайырған. Жай қайырған жоқ, әрине, ат-шапан айыбымыз деп үш тоғызды алдына салып, көшкен елдей ырғалтып-жырғалтып жөнелтті. Бұған қоса бағаналы батырына Наймантай арнайы сәлем жолдап, қарындасын қалыңсыз қосуға даяр екенін де жеткізеді. Бұл жерде дала философиясына тән кеңдік пен мәрттік, өрлік пен ерлік танытқан Аламан батырдың ерен ісі сүйіспеншілік пен махаббаты ардақтай білген қыр перзенттерінің асыл қасиеттеріне бас идіреді. Аламан батыр бойындағы саф қасиеттер даладай кең, даладай дархан мінезді ұлттық қасиеттердің өміршендігін айғақтайды. Аламандай ерлері бар елдің ертеңі жарқын, болашағы баянды болмақ. Демек, қазақ даласындағы жасампаз дәстүрді көркемдік-эстетикалық талғаммен берген бірден бір шығарма «Аққыз» хикаяты деп нық сеніммен айта аламыз. Ұлттың ментальды құндылықтары жинақталған қазақ әйелінің образы Аққыз бен Наймантай бейнелері әдеби шығармашылықтағы романтизм поэтикасына тиесілі әдістер арқылы мүсінделіп шыққан. Ақселеу Сейдімбектің қоршаған әлем және тұлға еркіндігі сияқты романтизмнің негізгі концепцияларының біріне іш тартуы дүниетанушылық-философиялық тұрғысымен байланысты. Жеке тұлғаның азаттық аңсары мен өмір шындығы, реалды қажеттіліктер арасындағы бітіспес күрес, адамның сол күрес үстінде танытылатын асқақ рухы қаламгерлердің қиялын ұштап, субъективті идеалдарын көркем шығарма өзегі етуге мұрындық болды. Әр

индивидтің бостан табиғаты, тұлғаның абсолютті еркі туралы идеялар қазақ повесіндегі романтизм эстетикасының өзіндік орнын айғақтайды.

Ақселеу Сейдімбектің «Күміс сақал қария» деп басталатын «Бір атым насыбай» повесіндегі қарт портретінің бейнеленуіндегі кескіндеме деталь – өткен күндердің тәлімі мен тағылымы мол ғибратты әңгімесін шеберлікпен қиыстыра айтатын салмақты да байсалды тұлғасын, әр нәрсені орнымен жеткізетін сарабал даналығын айшықтайтын көркемдік тәсіл деуге толық негіз бар.

Ұрпақтар сабақтастығы, отбасы құндылықтары, рухани кемелділік, ұлттық рухани мұра жасампаздығындағы сонау бір қытымыр жылдар ызғарын жазушы әрбір туындысының подтексі арқылы береді. «Күзеуде» повесіндегі соғыстан қайтпаған боздақтар тағдырына егілген Ршыман қайғысының айтары мол десек, «Бір атым насыбай» үшін он жыл итжеккенде жүріп қайтқан Түнқатар тағдырының да әлеуметтік астары қатпарлы. Әке-шешеден ерте айырылып, жақсысы мен жаманы, әділдігі мен қиянаты қатар жүретін әлеуметтік ортада шыңдалуы, барымтаға араласуының психологиялық қырларын баяндауы ұтымды шыққан. Жазушы кейіпкердің ішкі жан дүниесіне тереңдей еніп, ой-арманы, қайғы-қасіретін психологиялық қайшылығымен, ой-сезімі, іс-әрекетіндегі қақтығыстарымен бірлікте алады.

Ақселеу Сейдімбек баба жолынан адасуға шақ қалған бүгінгі буынға ата салтын, халықтық қалпын сақтау сынды идеяны, қазақтың этнографиялық құндылықтары аясындағы табиғатты суреттеуге арналған монотақырыбын үнемі жетілдіріп отыру мақсатын осы шығармада да қолға алады. Оны өзге қаламгерлерден ерекшелетін шығармашылық қыры да осы қасиеттері.

Ең бастысы мұнда Түнқатар бейнесін аша түсетін аса маңызды көркемдік деталь ретінде алынған этнографиялық және тұрмыстық құрал «насыбайдың» символикалық мәні ерекше. Автор мұнда насыбайды деталь ретінде алып, символдық дәрежеге жеткізді. Насыбай – қазақ халқында сыйластықтың символы. Қазақ эпостарының этникалық сипатын зерттеген ғалым Т.Қоңыратбай осы мәселе туралы өз ойын былай айшықтайды: «Тақырыптың маңыздылығы этникалық танымға ерекше мән беріп, ұлттық сананы қалыптастыру, этномәдени құндылықтарды игеру мақсаттарынан туындайды, – деп көрсетеді» [139].

Бір атым насыбайдан көңілі қалған қазақтың тағдыр тәлкегі оқырманды бей-жай қалдырмайды. Сол үшін аңдаусызда болысты өлтіріп алып, аңдаусызда айыбы ашылып тоғыз жылын темір торға арнаса да, насыбайын өмірінің соңына дейін серік етіп, өлім сағаты жақындағанда да жастығының астынан шығармаған Түнқатар қарттың бейнесін асқан байқампаздықпен суреттей білген жазушы – портреттік деталь арқылы кейіпкер бейнесін жете тануға жол аша білген бірден-бір қаламы қарымды жазушы. Портреттік деталь – әдеби бейне жасаудағы басты көркемдік категория. Портрет – адамның сыр-сипаты мен кескін-бітімін танытуға қызмет ететін көркемдік құрал. Кейіпкер характерінің негізгі өзгешелігін білдіретін шығармадағы көркемдік компоненттің бірі. Осы көркемдік сипаттарды туындыдан молынан кездестіреміз. «Үстінде құлынжарғақ, белінде тарғақтың жұмыртқасындай асыл тасы бар күміс кісе, аяғында байпағы пүлішпен

көмкерілген саптама етік, қойшы әйтеуір, бері қойса болыстың, әрі қойса аға сұлтанның салтанатындағы біреу. Өмілдірік, құйысқанынан бастап, таралғы тартпасына дейін жарқ-жүрқ етеді. Ең арғысы жүген сағалдырығындағы күмістен түйілген сырға мен ат мойнында бұлғақтаған жібек шашағына дейін кәсерер кезді ықтырып, иесінің алапатын арттырғандай» [90, б. 122].

Көркем әдебиетте тұлғаның шынайы бейнесін, бітім-болмысын айқындап, өзінің адами қасиетін танытатын көркем тәсілдің бірі кейіпкер портреті дейтін болсақ, кейіпкердің мінез-құлқын, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның түр-тұлғасын, бет-бейнесін, жүріс-тұрысын, тіпті киім киісі мен сөйлеу мәнерін әсерлі бейнелеу жазушының шеберлігіне байланысты болмақ.

Әдетте портреттік детальдар арқылы оқырман кейіпкерімен жан-жақты танысады. Кез-келген портреттік деталь оның сыртқы белгілерін бере отырып, кейіпкердің мінезінен хабар береді. Жазушының шеберлігі де осында. Ол Түнқатардың бойындағы батырлық, ерлік мінездерімен қатар адамдық қасиетін кеңінен таратып суреттейді. Дала перзентіне тән кеңдігі, дарқандығы, қонақжайлылығы, әдептілігі иланымды суреттеледі. Құдайы қонақ әдепсіздік танытқанында, қолын созған батырдың меселін қайтаратыны бар: «Қонақ қонышынан бір керемет сары ала шақшаны суырады да, сыңғырлата сілкіп насыбай атады. Шақшасы енді бір қарарлық. Алтынмен аптап, күміспен күптеп, түбіне жезден сылдырмақ салып, ай мүйіз тығынын бұрама алтыннан жасаған, көрер көзді күйдіргендей мүлік екен. Бұйра насыбай торғайдың көзіндей болып алақанға түскенде танауынды қытықтап, делебенді қоздырады. Қазақта бір атым насыбай сұраудың айып-шамы жоқ деп Түнқатар алақанын жайып, қолын созады. Қонағы көрсе де, елемегендей болып, шақшаны қонышына тыға салады» [90, б. 124].

Шығармада суреттелген сюжеттік дамудың ең жоғарғы шиеленіс биігіне жеткен жері шарықтау шегі деп аталады. Шарықтау шегінің мазмұндық мәні туындыдағы проблеманың ең жоғарғы сатысына барып тірелуінде жатыр. Осы тұста образдар да ерекше қырынан танылып, адам мінездері жан-жақты ашыла түседі. Адамдық қасиеті биік Түнқатар қонағының қай қылығына болсын шыдап, үлкен құрмет көрсетеді. Ол дала этикасына тән рухани құндылықтар жасампаздығынан туындап жататын қасиет екенін паш етеді. Әрине, шығарма шырайын еселеп отыратын ұлттық этнографиямен тамырласып жатқан ұлттық құндылықтардың тәрбиелік және тағылымдық сипатын назардан тыс қалдыра алмайтынымыз анық. «Әдебиет қандай адамның болсын, тіпті ол жағымды ма, жоқ жағымсыз ба, күнделікті қарапайым әрекетінің оның ішкі жан дүниесінде қалыптанып, өсіп шыңдалу жолын ашып көрсету арқылы оқушыны да өз жан сезіміне тереңірек үңілуге, байыптай бақылауға тәрбиелейді. Өмірде әрбір құбылыстың сыртқы сипатын ғана қызықтамай, ішкі сырын ақтара тануға жәрдемдеседі» [140].

Түнқатар – өзінің ғана қамын ойлаған адам емес, өзі қатарлы кедейлердің қамын ойлаған типтік образ. Түнқатар – өмірі дүние боқтықтың артынан ермеген жаны таза адам. Алайда айға шағылысқан күмістелген үзеңгі бауды алып қалатыны бар. Бірде Түнқатардың ержетіп қалған балдызы еркелеп келіп

әбдіренің түбіндегі үзенгі бауды алып кетеді. Барлық қайшылық осы жерден шиыршық атып, жаңа өріспен басталады. Иә, үзенгі бауы бір көрген адамның есінен кетпейтіндей мүлік болатын. Осы тасқаяқтай қағыстырып, індете сұрастырып келгенде, бәленің басы Түнқатарға тірелгені бар. Түнқатардың бұлтаруға мұршасы келмейді. Табан астында жәрмеңкенің жалтыр иықтарына хабарлап, Түнқатарды хаттатып-шоттатып алып кетеді. Тіптен үйіне соқтырып, ай-күніне жетіп отырған келіншегіне де бір ауыз сөз айтқызбайды [91, б. 126].

Түнқатар итжеккенге айдалып бара жатып та, елінің бірлігін басты орынға қояды. Аз ғана жатақтың шілдің қиындай шашырап кетпеуін, береке-бірлікте болуын аманаттайды. Жат жерде жүріп бейнет тартқанымен, көкірек- көзі ояу азамат болып шыңдалады. Заман өзгерісіне бейімделіп, меңіреу жатқан ауылының серпілуі мен сілкінуіне жол нұсқайды.

Ақселеу Сейдімбек тілі өзіне тән ұлттық нақышымен құнарлы. Осындағы «қойға қоңырау таққандай» деген теңеулер басқа жазушымен шатастырмайтын көркемдік деталь іспеттес. Ол ұлттық болмыс ерекшелігін айқындай түседі. Көркем шығарма сол халықтың өзіне тән ерекшеліктермен өзгешеленіп тұруы шарт. Ол – көркем өнер заңдылығы. Сонда ғана ол нағыз ұлттық бояуы қанық шығарма болмақ. Түнқатардың жақсылығын еске алған қарияның ұзақ сонар әңгімесін қорытуы да астарға толы. Өмір ағымындағы қайшылықты өзгерістер сырын ақтара отырып, Түнқатардың жат жерде жүріп, бейнетін тартумен бірге көпті көріп, көкірек көзі де оянып қайтқанын түйеді. Ұйқылы-ояу мәңгіріп жатқан жатақ ауылына өзгеріс дарытып, жаңадан құрылған ауылдардың іргетасын ең алдымен өгіздей өрге сүйреп жүріп қалағанын тебірене жеткізеді. Иә, бір атым насыбайдың тарихы осылай барлығымызға жария болады. «Ауызша әңгіме көркем шығарма ретінде қабылдану үшін, ондағы айтылып отырған оқиға көп ретте тыңдаушылары тыңдап отырған уақыттан бұрын болған жағдайды баяндайды және әңгіме тақырыбы айтылып отырған ситуациясына байланысты болуы қажет. Ол үшін әңгіме тұрақталған сюжетке ие болып, шығармалардың әртүрлі мазмұнына тән қасиет бойынша кейіпкердің бейнесі, мінез-құлқы өз ерекшеліктерімен берілуі керек» [141].

«Біз қазаға жиналғандар бір атым насыбайдың тарихы арқылы Түнқатар ақсақалдың ұлттық болмысын таныдық. Жазушының характерді бейнелеу шеберлігін әңгімеден анық байқадық» [142]. Түнқатар насыбай атудан қалса да шақшасын бір сипап қоятын әдеті терең сыр бүккен, өміріне көп әсері болған көркемдік деталь десе болады. Автор этнографиялық және тұрмыстық құралды көрсететін «насыбайдың» символикалық мәнінің ерекше екенін аңғартады. «Бір атым насыбай» повесі арқылы жазушы ұлттық характерді ашуға, оның күрделі болмысын боямасыз айшықтауға болатынын көрсетті.

Қаламгердің «Қазақта насыбайдан басқа не қалды?» деген фразаның астарында ұлттық құндылықтарымызды қандай заман болса да жоғалтып алмай, сақтай білу керек дегенге меңзей отырып, көпшіліктің қолы бара бермейтін тақырыпқа арнағаны содан болса керек.

Бұл шығармада этнографизм кейіпкерлерді үлкен күрес үстіндегі, саяси майдан алаңында бейнелеуден гөрі олардың жеке басының шырғалаңдары мен

психологиялық құбылуларын, жеке аңсарлары арқылы, яғни «өмір прозаларын» тілге тиек ету арқылы жүзеге асырылады.

Айта кетерлік бір жайт, ұлт құндылықтары мен ұлттық мінезді беруде қаламгердің барлық повестерінен байқалатын ортақ сипат – лирикалық стиль. Жалпы, лирикалық әуен, әсіресе, ауыл өмірін тақырып еткен шығармаларда, қазақ даласының тыныс-тіршілігін танытқан туындыларда сәтті қолданылды. Бұл орайда жазылған бірнеше әңгімелермен қоса С. Мұратбековтің «Жусан иісі», «Жабайы алма», Д. Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Бекет», «Гаухартас», Ә. Таразидің «Аяз бен Бибі», Ә. Кекілбаевтың «Бір шоқ жиде», «Құс қанаты», О. Бөкейдің «Бәрі де майдан», «Өліара», «Елең-алаң», «Мынау аппақ дүние», «Қар қызы», «Мұзтау», «Қайдасың, қасқа құлыным», Т. Нұрмағанбетовтің «Қош бол, ата!», «Қарлығаштың ұясы» повестерін ерекшелеп көрсетуімізге болады.

Лирикалық прозада автордың ашық түрде көрінуі баяндауға айрықша жағдай жасап қана қоймайды, сонымен бірге оқырманның да сезімін оятып, әсер қалдырады. Осылайша жазушы мен оқырман арасында ішкі байланыс пайда болады. Лирикалық жазушылар оқырмандардың сұранысына бірден жауап беруге тырысады, өзінің құпияларын баяндай отырып, кейіпкердің терең сезімі мен ойларын көркем тілімен әсерлеп жеткізеді, өмірде болып жатқан құбылыстарға өзінің көзқарасын, қатысын білдіреді. Бұдан көретініміз, лирикалық проза міндетті түрде сол кезеңмен, дәуірмен үндес болып келеді.

Ақселеу Сейдімбек қазаққа ғана тән болмысты бейнелеуге арналған цикл-шығармаларында ұлт жанының тылсымына ден қою, оның ой-аңсар, сезім сырларын зерделеу, жеке бастың көңіл-күй сарындарын қоғамдық болмыспен тығыз байланыста, әлеуметтік өзгерістермен, уақыт тынысымен астаса көрініс береді.

2.3 Көркемдік интерпретация және өмір шындығы

Неғұрлым жетілген және дамып келе жатқан ұлттық әдебиеттану ғылымының алдында тұрған іргелі міндеттердің бірі – адамзаттың көркемдік даму жолындағы жалпы заңдылықтар шеңберіндегідей, әлемдік әдебиеттегі бірлік негізінде қазақ әдебиетін қарастыра отырып, ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері мен кемшіліктерін анықтау. Әдебиеттегі жалпы бағыттар мен ағымдарды, тарихи-салыстырмалы, жалпы әдебиеттану негізінде көркемдік әдістерді саралай отырып, біз қазақ әдебиеті мен әлемдік әдеби үдерістегі параллелизмді көрсете аламыз. Соңғы 20-25 жылдағы оқиғалар, қоғамдық-мәдени өмірде, ғылыми-танымдық салада үлкен өзгерістер тудырды. Бұл зерттеушілерді көптеген дәстүрлі зерттеулер мен қалыптасып қалған тұжырымдамаларды қайта қарау қажеттілігіне итермелейді. Әдебиеттану ғылымы басқа ғылым салаларымен араласпай, жеке-дара дами алмайды. Яғни көркем ой даму тарихын пәнаралық байланыстар тұрғысынан қарастыру аса маңызды. Өйткені қазіргі әдебиеттану басқа да ғылым салаларының әдістемелерін пайдалана отырып, тың жаңалықтар ашуды көздейді. «Қазіргі әдебиет мамандары бұрын ғылымның еншісінде болған сезім, таным мен

биология тәрізді салаларды да зерттейді. Бірте-бірте мәдениет пен көркемөнер адамның физикалық дамуы үшін шешуші мәні бар құбылыс ретінде қарастырыла бастады. Физикалық әлемді жан-жақты түсінеміз десек, сөз жоқ, мәдениетке жүгінуге тура келеді», - деген батыл көзқарастар күн тәртібіне шықты [143]. Ұлттық әдебиеттің тарихын, қазіргі ахуалы мен даму үрдістерін әлемдік мәдениетте болып жатқан күрделі өзгерістер ауқымында қарастыру үшін лингвистика, әлеуметтану, мәдениеттану, философия, психология ғылымдарының бүгінгі жетістіктерінің интеграциясын пайдалану маңызды. Ол үшін жаңа теориялық концепциялар қажет. Солардың бірі – көркем мәтінді интерпретациямен байланысты зерттеу.

Мәтін интерпретациясы – мәселесі тек әдебиеттанудың ғана емес, ол психолінгвистика, когнитивті лингвистика, герменевтика сынды ғылымдар қарастыратын нысан. XX-XXI ғасырлардың көркемдік мәдениеті интерпретация формаларының орасан зор маңыздылығымен және бұрын-соңды болмаған алуан түрлілігімен сипатталады және бұл тенденция өнердің барған сайын дүниетанымдық-интеграциялық функцияларға негізделуімен тікелей байланысты. Сондықтан интерпретация – ең алдымен, көркемдік, әртүрлі гуманитарлық пәндердің қиылысында жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі мәдени құбылыс.

Ал XX ғасырдың соңғы ширегінде де авторлар ұлттық мінез-бітімді, адамдық болмысты, субъектінің ішкі дүниесін, жан әлемін, сезім қайшылығын автор мен қаһарман бойында қатар көрінетін интимдік интуициясымен ұласып жатқан формада суреттеуге ойысты. Қоғамдық өмірдің әртүрлі қырлары, бүгінгі адамдардың ала-құла мінезі, тіршілік ауқымы, табиғат дүниесі тікелей кейіпкердің дүниетанымы мен көзқарасы, тұрмысы мен тағдыры тұрғысынан және жеке тұлғамен қарым-қатынасынан анықталды.

1960-80 жылдары үлкен көркемдік қуатқа ие болған модернистік ағымдар өзіне дейінгі шығармашылықтағы философиялық негіздер мен көркемдік-эстетикалық принциптерді қайта қарау негізінде туып отырды. Көркем әдебиет ендігі кезде адам болмысына деген жаңа көзқарастарға негізделіп, жеке адамның аңсарына, оны рухани-психологиялық феномен биігінен көруге, адамның ақиқат құбылыстармен қатынасын жаңа философиялық критерийлер арқылы бажайлауға ден қойды. Қазіргі таңдағы осындайлық жаңа ізденістер әлі күнге дейін ауқымды қарастырылмауы, бір жүйеге түсіріліп зерттелмеуі көркем мәтін интерпретациясын айқындауға қиындықтар туғызады.

Көркем мәтін интерпретациясы – өзінің жалпы түсінігінде авторлық таным мен көзқарасты қайта жаңғырта отырып, көркем шығарманың идеялық-эстетикалық, семантикалық және эмоционалды ақпаратын игеру. Көркем мәтін интерпретациясы әдебиеттанушылық тұрғыдан гөрі тілтанымдық жағынан біршама зерттелді. Кейінгі жылдары философиялық герменевтика саласында да аталмыш мәселе біраз көзқарастар мен тұжырымдарды дүниеге келтірді. Герменевтика теориясының негізін қалаған Фридрих Шлейермахер, Вильгельм Дильтей, Поль Рикёр, Ханс-Георг Гадамер сындымәтінді түсіну мен түсіндірудің өзіндік тәсілдері туралы концепцияларын жасады.

Л.А. Микешинаның айтуы бойынша: «Герменевтиканың философиялық ілім ретінде қалыптасуы мәтінді түсіндіруге маңызды әсер етті. Интерпретацияның пәндік өрісі кеңейеді. Осы сәттен бастап интерпретация тек мәтіндерді талдау ауқымынан шығып, адам өмірінің басқа формалары мен көріністерімен айналыса бастады» [144]. Яғни интерпретация ұғымының аясы кеңі түскеніне куә боламыз. Герменевтика теориясын қалыптастырушылардың бірі В.Дильтей: «Интерпретация – ұзақ уақытқа созылатын өмірлік көріністерді шебер түсіну» [145],- деген қорытынды жасады. Интерпретацияның таным әрекеті ретіндегі табиғатына назар аударған неміс философы Ханс-Георг Гадамер бұл теориялық категория филологиялық ізденістердің де нысаны болатынын дйттеді. Ал, италияндық тарихшы-философ Э. Беттидің теориясына сәйкес, интерпретация – үш тарап: автордың субъективті ойы, интерпретатордың субъективті ойы және екеуінің арасындағы хабар жеткізуші делдал қызметін атқаратын репрезентативті форма қатысатын үдеріс [146]. Біздіңше көркем мәтін интерпретациясына назар аударғанда француздық ғалым Поль Рикёр интерпретацияда көп мағыналылықтың орын алатынын негіздейтін концепцияның орны айрықша. Оның бағамдауынша, интерпретация құрылымы күрделі, көп қабатты белгілер мен символдарға байланысты. Тура бірінші, нақты мағына болып табылатын мағынаның үстіне ауыспалы, екінші мағына үстеліп, ол тек тура мағынаға сүйену арқылы анықталады. Бұл көп мағыналылық шеңберін жасайды. Нәтижесінде мәтін бір-біріне нұсқайтын бірнеше мағынаға ие болады. Отандық зерттеуші Ғ.Н. Отарбаева өзінің «Мәтін және интерпретация: көзқарастар мен концепциялар» атты мақаласында интерпретация ұғымына қатысты ғылыми-танымдық мектептердің біршамасына тоқталған. Ол: «Әдебиеттануда интерпретация көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, оның идеясын, концепциясын тану, түсіну, зерделеу болып табылады. Оның бірнеше түрлері бар: 1. Алғашқы, оқырмандық интерпретация адамның шығарманы оқып шыққаннан кейінгі алғашқы әсеріне, көңіл-күйіне, сезіміне негізделеді. 2. Ғылыми интерпретация. Әдебиеттанушы оқырман ретіндегі алғашқы әсерін ғылыми негізде жинақтап, нақтылап, әдеби талдаумен тексереді. 3. Шығармашылық-образдық интерпретация әдеби шығарманы көркемөнердің басқа түріне көшіру (мысалы, әдеби шығарма негізінде көркем фильм түсіру, сахналық қойылым, опера немесе балет жасау т.т.)» [147], – дейді. (Сурет 3)



Сурет 3 – Көркем мәтін және интерпретация

Интерпретация мәселесінің бүгінгі таңдағы өзектілігі таным белсенділігінің маңызға ие болуы, көркем шығармаға жаңаша көзқарастардың қалыптасуы, шығарманы түсіну, талдау мәселелері мен автор-интерпретатордың тұлғалық қалыптасу тұрғыларын айқындаумен байланысты.

Біз Ақселеу Сейдімбек прозасындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік интерпретациясын қарастыра отырып, оның шығармашылық тұлғасын тұтастай ашуға, философиялық-эстетикалық концепциясын айқындауға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар этнографиялық құндылықтар бейнеленетін көркем мәтіндер арқылы дәстүрлі этномәдени құндылықтардың қазіргі дәуірде қандай өзгерістерге ұшырағанын саралау перспективасы да ашылмақ.

Кез келген көркем шығарма өмірлік қажеттіліктен, өмір талабынан тууы шарт. Ол – автордың өмірлік тәжірибесінен қорытылып, көркем туынды ретінде қағаз бетіне түскен кемел ойдың жемісі. Бұл орайда тақырып желісінен өрбитін көркемдік-эстетикалық талғам туралы айту артық болмайды. Тақырып пен объект екеуі екі бөлек нәрсе. Бір объект бірнеше тақырыпқа бөлініп кете алады, ал ұқсас, бір тектес тақырыптың объектісі біреу-ақ. Айталық, соғыс жайлы жазылған кітап. Демек, оның тақырыбы – соғыс, объектісі – адам, адамның белгілі бір мақсатқа құрылған әрекеті. Немесе махаббат, адамгершілік, құсбегілік, аңшылық, достық сияқты толып жатқан құбылыстарды алайық, бәрі – тақырып, бірақ объектілері әртүрлі. Құсбегіліктің алар объектісі – бүркіт, ал құсбегі сол объектіге сай көрінеді. Шығарманың тақырыбына деген талғам осыдан келіп туады. Көркем туындыда «не туралы айтқаның» емес, «қалай айтқаның» құнды. Ал «қалай айттың?» дегенге келсек, оның ар жағында суреткерлік шеберлік, кәсіби мамандық деңгейіндегі талап жатады.

Ақселеу Сейдімбектің прозасында табиғат пен адам сынды философиялық мәселе негізгі өзекті құрайды. Жазушы шығармаларында ауыз әдебиетіндегі табиғат пен адамды тұтастық күйде қарастыратын таным бой көрсетіп отырады. Халықтық дүниетанымда адам табиғатқа қарсы қойылмайды, қайта адамды табиғаттың бөлінбес бір бөлшегі деп есептеу басым екені ақиқат. Адам мен табиғат гармониясы турасындағы эстетикалық ойлардың шежіресіне қарап отырсақ, Ежелгі Грецияда да өнерге ақиқат өмірге, табиғатқа еліктеу ретіндегі көзқарастың ұзақ уақыт сақталғанын көрер едік. Көне грек ойшылдарының эстетикалық принциптеріндегі негізгі түйіндердің бірі – өнердің болмысын адам мен табиғат қарым-қатынасынан, бірлігінен іздеу болып табылады. Ал қазақ халқы – көшпелі мәдениеттің ірі өкілдерінің бірі. Сондықтан да халықтың өмір сүруінде, тіршілік үшін күресуінде, іс-әрекетінде табиғаттың әкелер өзгерісі, тигізер ықпалы орасан еді. Адам мен табиғат арасындағы байланысқа келгенде басқа да шығыс халықтарынан қазақ өркениетін өзгешелейтін осы негізгі тіршілік көзі – мал шаруашылығы болатын. Осындай өндіріс түрінің арқасында біздің арғы бабаларымыз табиғат аясын емін-еркін кезді, онымен тілдесті, сырласты.

«Кей халықты «ақын халық», кей халықты «әнші халық», «биші халық», «суретші халық» деседі. Сонда осы халықтың осы өнерге деген ерекше бейімі,

таланты туа пайда болған айрықша қасиет екен деуге болмайды. Бұл оның тарихи қалыптасқан өмір жағдайымен, тұрмыс күйімен, бастан кешкен қоғамдық құбылыстарымен сабақтас пайда болатын қасиет» [148], – дейді М. Қаратаев. Сол сияқты халқымыздың адам, оның өмірі, белсенді әрекеті жайлы ой-пікірлері табиғат, оның құбылыстары мен заңдылықтарына орай өрбіп отырады. Осы құбылыстардың, осы заңдылықтардың дербес күйдегі үдерістер екенін түсіне отырып, көшпелілер оларды тануға деген құлшынысын көрсетті.

Қаламгер Ақселеу Сейдімбектің де өскен ортасы – көшпелі өмір салт-дәстүрі сақталған арқадағы қазақ ауылы-тын. Сол байырғы көшпелі халықтың өкілі болғандықтан, оның ой-санасы, адами болмысы – жан жаратылысы таза ұлттық – қазақы қалыпта қалыптасқан осынау қастерлі қасиеттер кейін жазушының күллі шығармашылығының алтын арқауына айналуының түпкі сыры осында жатыр. Жазушының «Ақиық» повесі адамдар арасында болатын мейірім мен жылылықтың табиғатқа да жат еместігін, құстар мен жануарларды да ерекше құрметтеп, жақын тұтуға, оны өмірдің мәніне айналдыруға болатынын дәлелдейді. Сол арқылы табиғаттың көп құбылысын жіті бақылап, қызығы мен кереметін мейлінше бақылаған, көреген халқымыздың ежелгі салтын құрметтеу туралы идеяны ұстанады. Табиғаттың жомарттығына тәнті етеді. Ақселеу қазақтың күй өнерін қалай төгілдіре, егілдіре, аңсата, жаңғырта жазса, саятшылық өнерінің қыр-сырын да тап солай өрнектеп шыққан.

Повестің экспозициясында бейнеленетін ландшафттық көріністерден-ақ фольклорлық мұраларға тән суреттемелер анық көрінеді. «Арқаның ұсақ сілемді жатаған тауларының ішінде еңселі, шоқтығы биік Бүркітті дейтін тау бар. Бүркіттінің мәңгілік тыныштықта қатқан бұж-бұж кереге тастары зеңгір көкке сұғына көтеріліп, бұл төңіректе айбарлы салқындықпен көзге ұрып тұрады. Ал тақала келсеңіз, бір-біріне шаншыла жақпар-жақпар күз-қиялары арса-арса болып, ұғыл-шұңғылы молая, тылсым, жұмбақ суықтықпен үңілгендей болады. Кейде ұшар басы сұсты қаталдықта қара қошқылданып, шырқау биіктен төніп тұрған белгісіз бір құбыжыққа да ұқсас еді» [90, б. 129]. Бұл суреттемеден ауыз әдебиетіндегі мифтік ойлау сілемдерін аңғарамыз. Өйткені халық мұраларындағы мифологиялық ойлаудың негізгі өзегінде адам мен табиғат тұрды. Көркем ойдың және философиялық пікірдің басты қозғаушы күші, мұрындығы болған мифологизм ең алдымен, осы фольклорлық мұраларда: ертегілерде, эпостарда, аңыздарда, хикаяларда және халық ырымдары мен тиымдарында көрініс берді. С. Қасқабасов: «Мифтік санаға табиғат пен рухтың бірлігі тән. Осыдан барып оның негізі болып теңдік заңы саналады (закон тождества). Өзінің даму жолында мифтік сана екі түрлі сатыдан өтеді деуге болады. Бірінші кезеңде рух пен табиғат толық тең. Екінші кезеңде адамның табиғат қойнауынан алшақтауына байланысты, жаңағы айтқан теңдік бұзыла бастайды» [149], - деп мифтік түсінікті екі сатыға жіктейді.

Табиғаттың түрлі құбылуларын, оның аясындағы нешеме заттарға тіршілік сипат беріп адамиландыру табиғатқа деген бас игіштік қасиетті көрсетеді. Содан да келіп фольклор жанры – ертегілердің негізгі сюжеттерінің дені мифтік санада туып жатады. Яғни табиғат көрінісін «шырқау биіктен төніп тұрған белгісіз бір

кұбыжық» тұрғысында бейнелеуде жансыз бейнені әрекет иесіне айналдыру сынды дәстүрлі мифтік таным жатыр. Эпостарда да анемизм, тотемизм сияқты құбылыстардың ерекше көрінуі, яғни адамдардың жан-жануарлар, биологиялық өсімдіктердің жаны бар, оларды қадағалаушы күш бар деп түсіну, түрлі әулие-әмбелерге мінажат етушілігі, жыр қаһармандарының аса шапшаңдықпен өсіп-өсеуі – адамзаттың өзін-өзі танудағы процесінде табиғатпен тығыз бірлік ескерілгендігінің айқын белгілері. Ертегілік, қиял-ғажайыптық, мифтік ойлау үрдістерінің эпосқа көшуінде осы ерекшелік сақталды.

Мұндай фольклор элементтерінің кәсіби прозадағы көрінісі ХХ ғасыр басындағы әдебиеттен де байқалады. Мысалы «Ақиық» повесіндегі табиғат суретін М. Әуезовтің «Жетім» әңгімесінің мына үзіндісімен салыстырып көрейік: «Таудың қараңғы сырлы сайлары жартастың қалың көлеңке басқан қара күйедей тұңғиық қап-қара беттері түндегі таудың қараңғы пәлелерін ішіне бүгіп жиып тұрғандай көрінеді... Тоғайда да қалың жапырақтың арасында қара бірдеме жасырынып, әлденені күтіп тұрғандай. Әрбір түптің астынан қара түннің тұңғиық, суық, терең, қара көздері мың сан болып қадалып қарап тұрғандай... Биік тау, мықты қара жартас, бұралған тоғай мен майысқан шалғын – барлығы да түн мезгілінде Қасымның көзіне жат болып кеткендей көрінеді. Тас қабақты, жұлдыз көзді, түндей қара түсті қара кемпір тау ішін құйындай құтырып, кезіп жүргендей. Қара желімен «әпсін» оқып үшкіріп тұрғандай» [150]. Туынды құрылымында барынша бадырайып көрінетін қара бояу кейіпкер мінезін, дүниетанымдық өзектерін ашу үшін қолданылатын символдық мәнге ие. Қараңғы түндегі табиғат бейнесі баланың дүниетанымына сай қабылданып, мифтік ассоциациялар туғызады. «Перілер мекеніндей» көрінетін қара жартас, «тас қабақты, жұлдызды көзді қара кемпір», «түнде кездесетін жын-шайтандар», «қара түндей жалмауыздар», «сау адамды қағып кететін перілер» т.б.

«Ақиық» повесіндегі осылай көрінген алғашқы пейзаждық эпизод бірте-бірте табиғаттың объективті болмысына ауысып, реалистік арнаға түседі. Жазушы қоршаған ортаға баға беруде қаһармандарды алда күтіп тұрған әрекетке бастайтын табиғат бейнесін емес, оқиға өтетін кеңістіктің жалпы панорамалық көрінісін суреттейді. Бұл табиғат бейнесі ешқандай көркемдік жүк көтермейді дегендік емес. Мұнда бұла табиғаттың әсем көріністерін әсірелеу арқылы автордың эмоционалдық күйін танытатын поэтикалық мағына бар.

Көркем шығарма интерпретациясын қарастыруға негізделген герменевтикалық әдіс өнер туындысын жеке-дара қарастырмай, оны тудырған, дүниеге келуіне ықпал еткен дәстүрлі мәдениет аясында тану, түсіну қажеттігін алға тартады. Яғни әдеби туындыны интерпретациялауда автор араласқан тарихи-мәдени ортаны зерттеу, қайта қалпына келтіріп зерделеу өте маңызды. Бұл жерде автордың алған объектісін егжей-тегжейлі білуі алдыңғы қатарға шығады. Жазушының «Ақиық» повесінде қай бүркіттің қандай жерді мекендейтіні, бүркіттің мекені мен олардың жасына қарай аталатындығымен қатар, түз тағысының қалай қолға үйретуге болатындығы – бәрі-бәрі Ақселеу Сейдімбектің этнографиялық материалдарды ғылыми тұрғыдан егжей-тегжейлі талдап, терең меңгергенінің нәтижесі.

Жазушы өз шығармаларында этнографиялық құндылықтарды көркем бейнелеу сынды эстетикалық мақсаттармен қоса, практикалық мүддені де көздейді. Қазақ халқының төлтума қасиеттері мен тіршілік-тынысындағы ерекшеліктердің реципиентке әсері үнемі ескеріліп отырады. Бұл тұста «Мәтін интерпретациясы көркем шығарманың ішкі әлемі мен оқырман дүниетанымының өзара бірігуі нәтижесінен туындайды. Интерпретация процесінде қабылдаушы мәтін туралы өз жобасын жасайды. Сол арқылы қабылдаушы мәтінге өз бағасын береді. Реципиенттің көркем мәтінді өзіндік өмірлік жағдаяттармен, өмірлік құндылықтармен байланыстыра қабылдауының нәтижесі бір мәтіннің бірнеше интерпретациясын тудырады. Ол да мәтінді қай деңгейде түсінгеніне, тұлғалық, тілдік ерекшеліктеріне байланысты. Интерпретация негізінде қабылдаушының мәтінді қаншалықты терең түсінгендігін бағалай аламыз» [147, б. 201] деген тұжырымның ғылыми мәні үлкен. Сол тәрізді Ақселеу Сейдімбеков туындылары арқылы жасалған философиялық-психологиялық концепциясын әдебиеттанудағы оқырман категориясымен тығыз байланыста алып қарастыруымыз қажет. Негізінде кез-келген көркемдік шығармашылықта қамтылатын коммуникативті компонентті қаперден шығармау керек. Өйткені өнер туындысы, ең алдымен, біреудің қабылдауына бағытталған. Көркем шығармашылықты қабылдау субъектісін (оқырманды) ескерусіз қарастыру мүмкін емес.

Әрине, көркем шығарманың табиғатын оқырманның қатысуымен ғана анықтауға болмайды, бірақ мәтіннің қалыптасуы оқырман категориясының автордың қаперінде болуы – әдеби шығарманың көркем болмысын ашудың кепілі. Осы диалогтік принципке сүйене отырып, ол айқын болады, көркем шығарманы қабылдау және түсіндіру үдерісін, оқырман мен автордың өзара байланысын аша аламыз. Кез-келген автор әдеби коммуникация барысында белгілі бір оқырмандар тобына арналған шығарма жазады. Яғни көркем шығарманың қабылдануы мен интерпретациясы оқырман және автормен өзара байланысты. Бірақ қазіргі әдеби теорияларда «оқырман» терминінің бірыңғай түсіндірмесі жоқ. Бұл санатты зерттеушілер әртүрлі формада ұсынады. Жазушының өзі лайықты деп тапқан оқырманына бағыттап жазуы оқырманды да бірнеше типтерге бөліп қарастыруға әкелді. Кезінде Р. Барттың «ақсүйек оқырман» деген ұғымды енгізуі де осындай жайттарға байланысты. Бір анығы – көркем мәтінді шынайы қабылдау мен түсіндіру оқырман мен автордың диалогі болған жағдайда ғана мүмкін болады. Олардың біреуінің рөлін төмендету немесе асыра сілтеу әдеби коммуникацияның сәтсіздігіне әкеледі.

Ақселеу Сейдімбектің де этнография саласындағы ғылыми-танымдық еңбектерінде де, көркем шығармашылығында да діттегені көмескіленіп бара жатқан ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртып қазақ контентіне бағыттау болды. Оның аудиториясы да қазақ қоғамы. Бұған біздің этнограф-қаламгердің шығармашылық зертханасын жан-жақты қарастыру арқылы көзіміз жетіп жатады. Өйткені интерпретациялауда шығарманың жазылуына әсер еткен библиографиялық мәліметтерге жүгіну аса маңызды. Дәстүрлі мәдениетін өзінің төлтума қалпында, біртұтас құбылыс ретінде қарастырған «Күнгір-күнгір

күмбездер», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі», «Балталы, бағаналы ел аман бол», «Қазақтың әйгілі күйшілері» сияқты ғылыми-көпшілік еңбектерін оның көркем прозалық туындыларымен тұтастықта қарамай, оның шығармашылығының негізгі концепциясын ұғыну мүмкін емес. Бар ғұмырын қазақтануға арнаған Ақселеу Сейдімбектің «Ұлт алдындағы парызын өтеудің өзге жолын таңдап», прозалық шығармалар жазудан бір жола танымдық еңбектерге ойысқаны да ұлттық бірегейліктің ұстанымдарын қалайда өнімді жеткізу сынды игі мақсаттан туып жатты. Оның тарихи-этнографиялық дерегінің молдығымен, әсіресе ұлттың рухани әлемін парықтаудағы тұжырымдарымен тарихтан сыр шертетін зерттеулері өз оқырманын тапқан. Алайда суреткердің прозалық шығармашылығының осы азаматтық позициясына атқарған қызметінің орнын түсіруге болмайды. Мұнда жазушы оқырманға эстетикалық тұрғыдан әсер ете отырып, көркем дүниелердің интерпретациялық қуатын да ескерді.

Сондай-ақ бүгінгі жастардың арасында қазақ халқының аңшылық-саятшылық өмірінің қыр-сыры туралы деректерді көркем ұсыну да өзінің рухани миссиясына сәйкес жүзеге асырылды. Осы жағынан қарағанда, Ақселеу Сейдімбектің «Ақиық» туындысы – аса құнды көркем дүние. Автордың тілі де жатық, шымыр. Мұнда саятшылық өнер, бүркітші Сыздық образы жанды оқиғалар желісі үстінде жан-жақты ашылады.

Сыздық бүркітші образы дегенде оны құсбегілік шеңберден бөліп алып қарамау керек, дәл осы қарекетпен басқа әңгімеге көшсе, образ толыққанды шықпаған болар еді. Оның салмақты қимылы, байыпты сөзі де тек осы әңгіменің табиғатына ғана үйлеседі. Шығарма табиғаты дегеніміз – міне, осы. Баяндау, кейіпкердің сөзі мен іс-әрекеті, ойлау, түйсіну формасы да әңгіменің композициясымен тұтасып, үндесіп жатуы керек. Табиғилық дегеннің түп төркіні осында. «Ақиық» – осы талап деңгейінен табылған шығармалардың бірі.

«Жазушы Ақселеу Сейдімбектің даралық стилінің құдіреті де сонда, кейіпкерлері ұлттық характермен ғана емес, ұлттық мәдениетпен де, сонымен қатар шығармаларындағы кейіпкерлердің сөз саптауларының өзі ішкі сезім-иірімдерімен де ерекшеленіп тұрады. Олардың өз ара қарым-қатынасын жазушы үлкен шеберлікпен береді» [151].

«Бұл құс – былтырғы барқын, биыл баршынға шығып, он бірінші қар басып отыр... Олай дейтінім, сар барқын тартқан таңын көрмейсіңдер ме, ал мынау иығына түскен ақ – баршындықтың белгісі. Енді осыдан шөгел шығып, он екінші қар басқанда бұл ағы дендеп, қос топшысы басын қар шалған биік шыңға ұқсайды» немесе «– Қаншегір дер едім – естілігі басым; сабалақ дер едім – бозбаладай жинақы екен; күнтабан дер едім – саусақтары қышырлы ? жатыр; күйшіл дер едім – түз тағысы ғой, бапты көп тілемес; қанды балақ деуге де болар еді, бірақ өнерін көргенім жоқ қой. Сондықтан батырдың серпе тартқан садағына ұқсас берік тіркесті екен, осыныңды Садақсан деп атайыншы» [90, б. 162] деген этнографиялық мәні шымыр құрылған сөйлемдер автордың стилистикаға, прозадағы сөздердің саздылығына, ішкі, сыртқы сұлулығына айрықша мән беретінін аңғартады. Қыранның портреттік мінездемесін беруде

физиологиялық сипаттарды үнемі этнографиялық деректермен қанықтырып отырады.

Қаламгердің кейіпкерлері өзінің затына сай терең сөйлейді. Тілі көркем, әрі айшықты. Шындығында тіл жоқ жерде өнер жоқ, әдебиет жоқ. Сыздықтың замандасына қаратып айтқан мына сөзінің экспрессивтік мәні айрықша: «Беу, Қасым-ай, Бүркіттің түздің бір торғайы мекен қылды екен деп, мені түлкісіз қалар деймісің». Дала бүркітін «Торғай» деп атап Қасымға қырын қарауы қандай жарасымды. Ақыры сол Қасымның тілін алып түз тағысын байқастауға Сыздық шығады: «Жабайы бүркіт Бүркіттің арса-арса беткей бауырын қомағайлана тінтіп, маңғаз қалқып келе жатыр екен. Сыздық бір сәт көз тігіп, үстіне келіп қалған құстың еш дірілсіз, берік қанат-құйрығына сынай назар аударған. Оның сарғыш тартқан бауыры мен ақ теңбілденген құйрық жүнін көзі шалысымен-ақ: «Жарықтық, ой құсы екен-ау», - деп күбірлеп қойды. Әсіресе, қолмен құйғандай мінсіз тұлғаның еш дірілсіз, зор қайрат, ұлы сабырда қалқып бара жатқанын көргенде, тасқа шапса да қайтпайтын асылдың қайратындай қайрат таныған еді» [90, б. 132].

Осы жолдар арқылы жазушы өзінің кейіпкерінің құдіретін танытып кетеді. Бір қарағанда құсқа оның болмысын анықтау сол саланың данасы екенін білдірсе керек. Қазақ деген халықтың құсбегілік өнерінің биік тұсы мейлінше кең суреттелген. Бұл – жазушының өзі алған тақырыбын терең білетінінің белгісі. Мұнда қазақ халқының құсбегілік өнерінің биік мұраты мейлінше кең суреттелген. Бұл – жазушының өзі алған тақырыбын терең кәсіби білгірлікпен түйсінуінің жемісі. Повестеріндегі үзілмес желі, алтын арқау іспеттес ұлттық этнографияның бейнеленуіне ерекше екіпін жасап отыруының көркемдік мәйегі. Осы сипаттағы ұлттық этнографиялық құндылықтармен ұлт әдебиетінің көркемдік-эстетикалық жүйесін еселеп, әдеби үрдісті социалистік реализм құрсауынан арылтуда тер төккен қаламгердің шығармашылығының биік мұраты айқындала түседі. Адамгершілік тұрғысынан алғанда замандасын сыйлау жұмыр басты жанның басты адами қасиеті десек, ал адам мен құс арасындағы құсбегілік, саятшылық қатынас өлшемін айқындау қиын мәселе. Бұл адамгершілік қатынас қағидатымен өлшене ме, әлде ұлттық этнография құндылықтарын сақтаудағы перзенттік парыз биігімен бағамдалатын өлшем бе дегенді салмақтау оңай шаруа емес. Оның жауабын табу қиынның қиыны. Демек, өзі баптап, өзі түлеткен құсын сұраған жанға қиып берудің осындай қиын тұстары бар. Көркем шығарма кейіпкері Сыздық ақиығын барынша баптап, алғаш түлкі алдырады. Ал Қосбармағын Файзолла замандасына беруге шешім қабылдауы сынды оқиға көркем шығармада концептуалды жүк арқалайды. Өйткені дала қасиетін бойына сіңірген ер азаматқа тән ірі мінезді ашып көсетуде, шығарманың драматизмін, образ экспрессиясын арттыруда осындай сюжеттік желілер маңызды роль ойнайды. Жазушы ата-бабалар бойындағы мәрттік, кеңдік, дарқандық сипатындағы асыл қасиеттердің өміршеңдігін паш етумен өмір көшінде рухани құндылықтардың мәңгілік сарқылмайтын құбылыс негізінде Сыздық образын қазақтың қасиетті қарттарының символы дәрежесіне дейін көтереді. Автор Сыздықтың бойына элеуметтік-тұрмыстық, физиологиялық, антропологиялық,

рухани-адамгершілік сипаттарды жинақтау арқылы күрделі образға айналдырған.

Туынды финалында шығарма драматизмі мен образдың ішкі драмасы қатар ширығады. Мұнда кейіпкер болмысы тек сырт пішіндегі жансыз деректермен шектелмей, қаһарманның ішкі дүниесімен тұтастықта бейнеленеді. Психологиялық иіріммен ерекше сезім күйіне бөлейді. Суреткердің адамның жан әлеміндегі ғана емес, қыран құстың кейпіндегі өзгерісті «Сыздық сабырлы қимылымен тақала түсті де томағасын алды. Томағасын алған соң, он бес жылғы серігін жаңа көргендей үн-түнсіз, қимылсыз қарап қалған. Сол сәт оның түйіле қадалған аялы жанары құсының сымбатына таңданудан гөрі, қимас серігімен қоштасқандай күйде еді. Қоштаса тұрып, аяулы құсының әр тал қауырсынынан небір ғажайып ләззатты шақтарын қайта оқығандай болғын?. Сонан соң кәрі жүрегі боркеміктене егіліп, елжірей келіп, өзгеше бір ұлы мейіріммен ұзақ-ұзақ айналып-толғанған еді» [90, б.189], деп сыршылдықпен жеткізуі жан толқытады. Осы суреттеме ішкі тартыстың психологиялық дәйектемесін тиянақтау үшін айрықша көркемдік қызмет атқарып тұр. Автор ұсынған идея – қыр перзенттеріне тән кеңдік пен мәрттік барда қазаққа тән асыл рухани қасиеттер өлмек, саятшылық өнер сарқылмақ емес. Повесть түйіні осындай терең ойға жетелейді.

Ақселеу Сейдімбек – 1960-1980 жылдардағы әдеби дамуға ерекше үлес қосқан қаламгер. Осы кезең әдебиеті жөнінде «Біздің дәуірімізде проза, соның ішінде роман өмір шындығын ашудың, күрестердің, байланыстардың, қайшылықтардың, ықыластардың түп-тереңіне дейін көрсетудің, үлкен заманалық тенденцияларды, объективті ақиқаттарды адамдардың мінез ерекшеліктерімен, жеке бастың аңсарымен тығыз тұтастықта алып суреттеудің сенімді құралына айналды. Өмірдің объективтік ағысын, оқиғалар тарихын айтуды қаһармандардың субъективтік аңсарымен қабыстыру ғана көркемдік шындыққа апаратын жол еді» [152], – деп жазды зерттеуші Р. Бердібаев. Өмір өзгерістерінің шынайы бейнесін жасау қажеттілігін сезінген осы кезең жазушыларының адам және қоғам проблемасына келгенде біраз уақыт белең алып келген сыңарезу, тапшылдық секілді қасаң принциптерден іргесін алшақтата бастауы – қаламгерлердің өмір материалдарын сан-қырлы әлеуметтік-рухани сипаты ерекшеліктеріне орай әр алуан позициядан зерттеуге көңіл қойғандықтарынан көруге болады. Қоғам құбылыстары жөніндегі тарам-тарам толғаныс-зерттеулердің идеялық-эстетикалық шешімдерінен де бір сарындық байқалмайды.

Терең философиялық түйін мен лирикалық желінің шебер үйлесіп, психологиялық талдау мен публицистикалық сарынның берік жымдасып келіп авторлық «меннің» баса көрсетілген шығармасы – «Атамекен» повесі. Асылында, туған жерге деген сүйіспеншілік, қарапайым еңбек адамдарының ұлылығы, ұлттық танымды дәріптеу – жазушы туындыларының басты темірқазығы. Бұл шығармасында автор қазақ даласына енген рухани және материалдық өзгерістердің ұлт менталитетіне тигізген зардаптарын аша түседі. Хикаяттың «Атамекен» деп аталуы да тегін емес. Атамекен концептісі кез келген

ұлттың ментальды дүниетанымында айрықша орынға ие. Сонау Түркі қағанаты дәуірінен тамыр тартып келе жатқан «Мәңгілік ел» идеясы дәуірлер ауысуына байланысты түрлі интерпритацияларға ұшырап отырды. Академик

Ғ. Есім өзінің «Қазақ елі – Атамекен ренессансы» атты мақаласында: «Бабаларымыз «мәңгілік ел» идеясын арманға қосқан, бертін келе Асан қайғы «жерұйық» идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясына айналдырған. Ел деген ауқымды ұғым. Оны жіктеп қарастырсақ, алдымен жерді (яғни, атамекенді) ауызға аламыз, одан кейін сол атамекенде болған мемлекеттер, олардың басшылары, содан кейін елдің субстанциясы – халық және оның тарихи-мәдени құндылықтары сөз болады. Елдің басты өлшемдері: Жер, Мемлекет және Халық. Халқымыз жерге деген қатынасын Атамекен деген идеямен айғақтаған» [153], – дейді. Туған өлкені идеалдандыру жыраулар поэзиясында классикалық дәрежеге көтерілген-тін. «Асылы, қонысты әуелі құт, содан соң құдырет сипатында қабылдау сатылары – көшпелілер санасында кеңістіктік (Жерұйық) және уақыттық (қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман) утопиялардың бір нүктеде тоғысып, өзара кірігуіне апаратын жол» [154], деген ғылыми тұжырым да біздің айтпақ ойымызды қуаттайды. Атамекен идеясы ХІХ ғасырдағы «зар заман» ақындарының консервативті-романтикалық жырларында да өзекті тақырып болды. Аталмыш концепт ХХ ғасыр әдебиетінде түрлі цензуралық-идеологиялық ықпалдарға ұшырағанымен, 1960-80 жылдардағы этнопоэтиканың басты жұлгесіне айналды.

Ақселеу Сейдімбектің де аталмыш повесі «Атамекен» концептісінің жаңа интерпритациясы ретінде дүниеге келді. Жазушы ұлт үшін құнды ұғымға айналған идеяны реалистік әдіс талаптарына сай суреттеді. Қазақтың құт-берекесінің бесігі болған ауыл өмірінің кері кетуі, ауыл баласының атажұрттан безініп, өзіне жайлы қоныс іздеуі үлкен символикалық жүк арқалап тұр. Өркениеттің дәстүрлі өмірімен арақатынасын үйлестірмесе, ауыл мәдениетінің тоқырауға ұшырайтындығын қарапайым еңбек адамдарының психологиясына терең бойлау арқылы ашады. Шығарма өзегіндегі бүгінгі қазақ ұлты үшін ең өзекті мәселе болып отырған атажұртқа, туған топыраққа сүйіспеншілік, ауыл мен қала өмірінің алшақтық мәселелері айтылады. Ақселеу Сейдімбек оқырманына «Атамекен» повесіндегі Айтуған ақсақалдың бойындағы психологиялық өзгеріс арқылы, ұлттық болмыс пен сана бір-біріне қайшылық тудырғанда этнодеформациялық жағдай туындайтынын аңғартпақ болғанын байқаймыз.

Атақоныс /Атажұрт/ Атамекен – этникалық ұжымның (ру, тайпа, тайпалық одақ, елдің) байырғы ата-бабадан ұрпақтарына мирас болып қалған ежелден өсіп-өнген, өрбіген, ел болып қалыптасқан тарихи мекені. Кір жуып, кіндік қаны тамған жер – сол халықтың тіршілігінің мәні, өмір салтының тамыры, бар жаратылысының табиғи болмысы, айғағы. «...Қазақ халқының ішіндегі ақыл тоқтатқан кісілердің барлығы да өздері туып-өскен жер мен тіршілік тұрағын тастап кеткеннен гөрі, қандай азапқа болса да төзіп, өз отанында қала бергенді жөн көреді» [155]. Иә, туған жеріміз кеңес билігінен кейінгі алмағайып жылдары небір дүрбеленді, небір қияс тәжірибелерді басынан өткерді. Соның барысында

жер тозып, ел күйзелген жәйттер де жетіп артылады. Осындай ауыр жағдайларды жан әлемімен сезінген жазушы ата-баба, туыс-туғандарының кара қорымы тұрған, бар өмірін сол мекен үшін сарп еткен ауылының үстінен канал өтер сәттегі Айтуған қарттың психологиясын драматизммен астастыра береді. Сол арқылы бүгінгі күннің ашы шындығына үнілдіріп, ел мен жер иесі халықпен санаспай жасалып отырған тар өрісті қиястықтардың ауыр зардаптарына ой салады. Айтуған ақсақалдың наразылығында рух қарсылығы, ел наразылығы жатыр. Автордың бейітке, аруақтар қорымына көңіл бөлуі шығарманың негізгі оқиға желісінен хабар береді. М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі Ғазизаның көрген қорлығынан кейін пананы әкесінің аруағынан іздеу арқылы қазақ салтындағы аруақты пір тұтып, оларға жалбарыну ұғымымен тығыз байланысты.

Қаламгер «Атамекен» хикаяты арқылы жана құрылған қоғамның саясатына түсінігі жетпей жатқан ұлтты алдағы қауіп – қатерден сақтандырғысы келгендей. Мұндағы басты идея – ХХ ғасырдың 60-70 жылдарындағы қазақ ауылының тұрмысы, идеясы – туған жерін, ата-бабалық қонысын, атамекенін сүйген қазақтың ұлттық жан тебіренісі мен болмысын дәлелдеу [156].

«Айтуған ақсақал болса үндеген жоқ. Жар қабағы түйіле түсіп, тұнжырап отыр. Мұнысы жай бір немкетті көңілдің үнсіздігі емес, керсінше күтпеген жаңалықты естігенде қаумалаған ой нәсері тығырыққа тіреп, шығар саңылау, босанар шешім таппай дал болғандағы үнсіздігі еді. «Сібірдің мол суы келді деп жатыр... Теңіз орнайды деп жатыр... Ал орнасын. Сонда атамекен, Сарыбұйрат қыстауы не күйге түседі? Кіндік қаны тамып, әке-шешенің, ата-баба аруақтардың мүрдесі, бейіті не күйге ұшырайды... Су түбі құрдымға кетіп, мәңгілік жоғалмақ па?! Тіршілігінде тартқан азабы аздай-ақ, туған жердің бір уыс топырағын томпайтқанын көпсіндіңдер ме енді! Ел қамы, халық қамы дегенде... он ойланып, жүз толғанып, кесіп-пішкен қамқорлықтарыңның түрі осы ғой! Жо-жоқ, болмас оларың! Болмас!» [90, б. 195]. Мұнда автор ішкі монологтің ерекше тәсілдерін оқиғаны қоюлатып, оның мазмұнын тереңдету үшін ұтымды қолданады. Ең бастысы ондағы образдарды жандандыруда, белгілі бір іс-әрекеттерге бастайтын ой-сана ағысын беруде еске алу мен елестету секілді әдеби тәсілдерді өзіне тән стилдік ерекшелігімен сәтті қолдана білген. Осы еске алу мен елестету сынды көркемдік тәсілдермен болған не өткен оқиғаны үйлестіре отырып, ой ағымын адам тағдыры, ұлт тағдыры сынды жоталы үлкен әлеуметтік мәселелермен сабақтастырады.

Жазушының туындысындағы негізгі идеясы қашанда тереңде жатады. Повеске «Атамекен» деп қастерлі ұғымға толы ат қойып, оған үлкен мән дарытады. Кейіпкерінің туған жерге деген перзенттік қарым-қатынасын көрсетумен ұлттық мінез ерекшелігін ашады. Қалың көпшіліктен адуынды мінезімен, далалық табиғатымен бөлектенген Айтуған ақсақалдың әрекеті үлкен көркемдік астарға толы болып келеді. Ол қазіргі жастарымыз бен кейбір жол көрсетер үлкендеріміздің ұлттық сана мен ұлттық дәстүрдің бұзылмай сақталуында атқарар парызын меңзейді. Әрине, қоғам үнемі өзгерісте болатыны анық. Қоғамдық даму өзінің жаңалығын әкеледі. Жаңалықтың ұлттық

құндылықтар, ұлттық болмыспен үйлесе бермейтін тұстары да жетіп артылады. Қазіргі ғаламдану дәуірінің күрделі түйткілдерін айтпағанда, күні кеше коммунизм орнатамыз деп жетпіс жыл басты қатырған идеяның зардабын аз тартқанымыз жоқ. Әрине, жаны сергек Айтуған ақсақал жаңалықтан қашпайды.

Бірақ жаңалықтың ұлттық рухани құндылықтарға, материалдық игіліктерге ықпал етер озығы мен тозығын өзінің сарабал ой елегінен өткізеді. Бабалар қорымын таптап, аталар зиратын құлатып, жердің астын үстіне келтіру шын мағынасында жақсылыққа жеткізе бермейтіні ақиқат. Иә, қазақ жеріне жасалған қиянат аз емес қой. Отарлау саясатынан бастап кеңес дәуіріндегі қиястықтардан қазақ жері азып-тозды. Кезінде құлпырған нулы, сулы қазақ жері экологиялық апат аймағына айналды. Жер-су атаулары бұрмаланып, қасиетті құндылықтарға деген нигилистік көзқарас белең алды. Айтуған – сол өктем саясатқа деген ұлт наразылығын танытатын, рух асқақтығын дарытатын образ. Орталық кейіпкердің психологиялық ахуалы да туындының әлеуметтік астарымен байланысып жатады. «Сібірдің мол суы келеді деп жатыр... Теңіз орнайды деп жатыр... Ал орнасын. Сонда атамекен, Сарыбұйрат қыстауы не күйге түседі? Кіндік қаны тамып, кірі жуылған әке-шешенің, ата-баба әруақтардың мүрдесі, бейіті не күйге ұшырайды... Су түбі құрдымға кетіп, мәңгілік жоғалмақ па?! Тіршілігінде тартқан азабы аздай-ақ, туған жердің бір уыс топырағын томпайтқанын көпсіндіңдер ме енді!» [90, б. 195].

Бұл – Айтуғанның ішкі драмалық коллизиясын беретін жолдар. Драматизмге толы бұл монолог синтаксистік-интонациялық орайда риторикалы сұрауға негізделген. Монолог құрылымы сөйлемдегі паузалар арқылы ұсынылады. Бұл алда болатын әрекеттердің психологиялық дәлелдемесі де болып тұр. Әрбір жазушы өз шығармашылығы арқылы мына дүниеде болып жатқан өзгерістерді, тек өз танымы тұрғысынан суреттеп қана қоймай, сонымен қатар өз замандастарының дәуір жайлы, қоғам туралы ойларын да, өз жерінде өтіп жатқан тарихи оқиғаларды да халық көзқарасы тұрғысынан бейнелеп көрсетуге міндетті.

«Атамекен» хикаятындағы басты кейіпкер Айтуған ақсақал өз жерінің шынайы жанашыры, қорғаушысы, атамекеннің заңды мұрагері ретінде бейнеленеді. Осы жағынан келгенде қаламгердің өзі мен отаны арасындағы тарихи, рухани байланыстарды терең тарихи қатпарлардан іздеген авторлық концепциясын айқын аңғаруға болады. Бүгінгі дәуір барлық елдерде «ескі» мен «жананың» арасындағы бітіспес күрестің жүріп жатқан кезі. Жанашылдарымыз – ұлттық үрдістерден қол үзіп, қоғамда өз қалауынша еркін өмір сүруін қалайтын, тек жеке басының қам қарекетін ойлайтындар болса, ескішілдер – бұрыннан қалыптасқан ұлттық дәстүрдің сақталуын мұрат тұтатын белгілі бір ұлттың өкілі тетінде танитындар болып саналады. Бұл бүгінгі әдебиетімізде де өзекті мәселенің біріне айналғандығы жасырын емес.

Шығарманың түйіні ерекше шешімге ие. Бас кейіпкер қолдан жасалған көлді көруге құпия түрде аттанып, жан әлемі түрленіп сала береді. Рас, повестің көркемдік түйіні яғни жасанды су қоймасы секілді оң өзгерістер ел мен жерін

қызғыш құстай қорыған Айтуғанның жерге деген азаматтық ұстанымын, перзенттік парызын өзгерте алмады.

Түйіп айтқанда, Ақселеу Сейдімбектің суреткерлік қарымын танытқан «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» көркемдік-эстетикалық жүйесінің этнографиялық танымнан ажырағысыз табиғаты ұлттық мінезден өріліп, қазаққа тән ұлттық болмыспен көмкеріліп жатады. Оларда ұлт жасампаздығының мәңгілік рухани өзегі, мәйегі адамгершілік асыл қасиеттер, ұлттық құндылықтар болып қалатынын Ршыман, Нүркей, Мұстафа, Айша, Аққыз, Түнқатар, Сыздық, Айтуған бейнелерімен сомдады.

Ғалым Г. Мұратова «А. Сейдімбек зерттеулері – этнолингвистиканың таным тірегі» [157], – деп бағалайды. Бұл пікір жазушының прозалық туындыларына тікелей қатысы бар. «Қазақтың күй өнері» [158], «Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау» [159], «Ақселеу зерттеулері ұлттануға қосылған ерекше мәндегі зерттеулер. Оларда қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орны бар күй өнері тарихи және этнографиялық аяда зерделеніп, оның өзіндік қалыптасу жолдары, әлеуметтік өмірмен біте қайнасқан болмысы, сондай-ақ төлтума қасиеттері нақтылы айғақ-деректерге сүйене отырып сараланды. Қазақ этнологиясына қатысты тың да толымды пайымдаулар жасалды. Осынау асыл арна көркем туындыларында өріліп, туған жер, атамекен, аңшылық өнер сынды ұлттық құндылықтармен үйлесім тауып жатады.

Шығармашылық интерпретацияға мағыналық байланыс немесе жинақылық ұстанымы тән екенін басшылыққа алар болсақ, А. Сейдімбектің ғылыми-танымдық еңбектеріндегі этнографиялық құндылықтар турасындағы пайымдарының, көркем прозада эстетикалық мән иеленіп, идеялық-концептуалдық тұтастық құрағанына көзіміз жетеді. Ұлттық салт-дәстүр, ұлттық болмыс-бітім, рухани құндылықтар – жазушы шығармашылығының басты тақырыбы, негізгі көркемдік-эстетикалық жүйесі болуымен ерекшеленеді. Ұлтымыздың сұлулық әлемімен біте қайнасқан серілік, дала болмысын ажарлайтын аңшылық, құсбегілік, той-томалақ, қыз ұзату, келін түсіру, барымта, өзге де этнографиялық көріністер ойыңа ұялап, санаңа сіңіп кететін сиқырлы күшке ие болып қалады. Осынау ұлттық рухани және мәдени құндылықтар дала тынысының ғажайып үйлесімімен астасып, суреткер прозасындағы ұлттық этнографиялық құндылықтардың интерпретациялануымен көрініп отырады. Олардың басты түйіні туған жер қасиетінің тылсымына бойлатып, отаныңды сүйуге, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге жетелейді.

2-бөлім бойынша тұжырым

Ақселеу Сейдімбектің прозалық шығармаларындағы этномәдени құндылықтардың көркемдік қызметін әдеби-теориялық тұрғыдан саралай келе, мынадай тұжырымдар ұсынамыз:

– Жазушы аңшылық, саятшылық, құсбегілік сияқты этнографиялық көріністерді баяндауында нақтылыққа деген ұмтылыс, дәл детальдарға деген қызығушылық, этнографиялық мәліметтерге иек артушылық, образдар

типологиясына биологизм тұрғысынан үңілу сынды ерекшеліктер бар. Сондықтан да жазушы кәсіби этнографтың тілімен сөйлеуге бейім. Белгілі бір ортаның тілімен сөйлеу, бейнелену нысанына байланысты арнайы әдебиеттермен танысу – натуралистердің жазушылық концепциясынан берік орын алған сипаттар. «Бүркіт» әңгімесінде көп қолданылатын этнозоологиялық ұғымдар, «арнайы лексика» этнографиялық детальдарды «сөйлету», оларға «жан бітіру» арқылы түпкі идеяға жету секілді натуралистік принципте жүзеге асырылады.

– Ақселеу Сейдімбектің әңгіме, повестерінде тұрмыстық, заттық, этнографиялық детальдар арқылы кейіпкердің рухани әлеміне тереңдей үңіліп, адам психологиясын ашады. Заттық дүниенің өзіндік мағынасын адамның табиғи қасиеттерімен сабақтастыру арқылы кейіпкердің қоршаған ортасын, халық тұрмысын шыншылдықпен бейнелеу және сол дәуірдің мәдени-тарихи, тұрмыстық ерекшеліктерін ашып көрсету сынды көркемдік тәсіл «Қақпаншы» әңгімесі, «Бір атым насыбай» повестеріне тән.

– Ұлттық ментальділіктің өзекті мағынасын иеленетін «дала» концептісін вербалдайтын лексика Ақселеу Сейдімбек прозасын стильдік тұрғыдан даралап тұрады. Бұл – даланы емін-еркін жайлаған қыр қазағының географиясын, салт-дәстүрін зерттеумен тұрақты айналысқан жазушы үшін мазмұнды-концептуалды ақпарды берудің тікелей жолы. Этнографиялық-реалистік сипаты күшті бұл әңгімеде автор сөз қолданысты, мәтін фрагменттерін өзі өмір сүріп отырған этномәдени қауымдастықтың әр мүшесіне таныс көріністерден алады.

– Халықтың тұрмыс-салт ерекшеліктеріне, кәсіптік қажеттілігіне байланысты қалыптасқан ұзындық, қашықтық, аумақ, көлем, салмақ, уақыт, мезгіл өлшем бірліктерінің мол қолданысы – шығарманың этнографиялық сипатын барынша қоюлатып берудегі жазушының стильдік ерекшелігі.

– Ақселеу Сейдімбек «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» повестерінде қазақтың этникалық болмысында әбден қалыптасқан ұждандық нормаларға сәйкес табиғи тазалықты ашуды көздейді. Қаламгер повестеріндегі ұлттық этнографияның бейнеленуі ұлттың тарихи даму үдерісімен тамырласып жататын ерекшелікті көрсетеді.

– Жазушы кейіпкерлер характерін ашуда баяндау тәсілін көп қолданбайды. Кейіпкерлер болмысына тән мінез ірілігін оқиға желісінің динамикасына орай тартыс табиғатына сай шынайы көрсетеді. «Күзеуде», «Қыз ұзатқан» повестеріндегі кейіпкерлерден көрінетін моральдық сапалар ұлттық дәстүр-ғұрыптан табиғи инстинг ретінде басталып, ұждандық-этикалық нормалар ретінде айшықталады.

– Ұлттық құндылықтар әлеміне дендей еніп, көшпенділер әлемінің өзіндік қасиеттерін көркемдік танымда жаңғыртып көрсеткен шығарма – «Аққыз» повесі. Қыр тынысына тән заңдылықтар барымта оқиғасы тұсында эстетикалық құралдар арқылы кең түрде ашылған. Қазақ ұлтының тарихи даму жолында қалыптасқан сауға сұрау дәстүрі повестің идеялық-философиялық концепциясында психологиялық аргумент ретінде қолданылады. Жазушы ұлттық дәстүрдегі осы этикалық-ұждандық категория көрінісін кейіпкерлердің

дүниетанымдық өзектерін ашуға бағыттай отырып, жалпы философиялық-психологиялық, символично-аллегориялық маңызына зор мән береді.

– Ұлттың ментальды құндылықтары жинақталған Аққыз бен Наймантай бейнелері әдеби шығармашылықтағы романтизм поэтикасына тиесілі әдістер арқылы мүсінделіп шыққан. Ақселеу Сейдімбектің қоршаған әлем және тұлға еркіндігі сияқты романтизмнің негізгі концепцияларының біріне іш тартуы дүниетанушылық-философиялық тұрғысымен байланысты.

– Ұлт құндылықтары мен ұлттық мінезді беруде қаламгердің барлық повестерінен байқалатын ортақ сипат – лирикалық стиль. Лирикалық әуен, әсіресе, халық өмірінің этнографиялық айшықтарын тақырып еткен шығармаларда, қазақ даласының тыныс-тіршілігін танытқан туындыларда сәтті қолданылды.

– Ақселеу Сейдімбек қазаққа ғана тән болмысын бейнелеуге арналған цикл-шығармаларында ұлт жанының тылсымына ден қою, оның ой-аңсар, сезім сырларын зерделеу, жеке бастың көңіл-күй сарындарын қоғамдық болмыспен тығыз байланыста, әлеуметтік өзгерістермен, уақыт тынысымен астаса көрініс береді.

– Мәтін интерпретациясы мәселесі – тек әдебиеттанудың ғана емес, ол психолінгвистика, когнитивті лингвистика, герменевтика сынды ғылымдар қарастыратын нысан. XX–XXI ғасырлардың көркемдік мәдениеті интерпретация формаларының орасан зор маңыздылығымен және бұрын-соңды болмаған алуан түрлілігімен сипатталады және бұл тенденция өнердің барған сайын дүниетанымдық-интеграциялық функцияларға негізделуімен тікелей байланысты. Сондықтан интерпретация – ең алдымен, көркемдік, әртүрлі гуманитарлық пәндердің қиылысында жан-жақты зерттеуді қажет ететін күрделі мәдени құбылыс. Көркем мәтін интерпретациясы – өзінің жалпы түсінігінде авторлық таным мен көзқарасты қайта жаңғырта отырып көркем шығарманың идеялық-эстетикалық, семантикалық және эмоционалды ақпаратын игеру.

– Ақселеу Сейдімбек прозасындағы ұлттық құндылықтардың көркемдік интерпретациясын қарастыра отырып, оның шығармашылық тұлғасын тұтастай ашуға, философиялық-эстетикалық концепциясын айқындауға мүмкіндік аламыз. Сонымен қатар этнографиялық құндылықтар бейнеленетін көркем мәтіндер арқылы дәстүрлі этномәдени құндылықтардың қазіргі дәуірде қандай өзгерістерге ұшырағанын саралау перспективасы да ашылады.

– Жазушы өз шығармаларында этнографиялық құндылықтарды көркем бейнелеу сынды эстетикалық мақсаттармен қоса, практикалық мүддені де көздейді. Қазақ халқының төлтума қасиеттері мен тіршілік-тынысындағы ерекшеліктердің рецепиентке әсері үнемі ескеріліп отырады. А. Сейдімбек туындылары арқылы жасалған философиялық-психологиялық концепциясын әдебиеттанудағы оқырман категориясымен тығыз байланыста алып қарастыруымыз қажет.

– Ақселеу Сейдімбектің этнография саласындағы ғылыми-танымдық еңбектерінде де, көркем шығармашылығында да діттегені көмескіленіп бара жатқан ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртып қазақ контентіне бағыттау

болды. Оның аудиториясы да қазақ қоғамы. Бұған біздің этнограф-қаламгердің шығармашылық зертханасын жан-жақты қарастыру арқылы көзіміз жетіп жатады. Өйткені интерпретациялауда шығарманың жазылуына әсер еткен библиографиялық мәліметтерге жүгіну аса маңызды. Дәстүрлі мәдениетін өзінің төлтума қалпында, біртұтас құбылыс ретінде қарастырған «Күнгір-күнгір күмбездер», «Күй шежіре», «Көшпелілер тарихы», «Қазақ әлемі», «Балталы, бағаналы ел аман бол», «Қазақтың әйгілі күйшілері» сияқты ғылыми-көпшілік еңбектерін оның көркем прозалық туындыларымен тұтастықта қарастыру арқылы оның шығармашылығының негізгі концепциясы айқындалады.

– Атамекен концептісі ұлттың ментальды дүниетанымында айрықша орынға ие. Сонау Түркі қағанаты дәуірінен тамыр тартып келе жатқан «Мәңгілік ел» идеясы дәуірлер ауысуына байланысты түрлі өзгерістерге ұшырап отырды. Ақселеу Сейдімбектің де аталмыш повесі «Атамекен» концептісінің жаңа интерпретациясы ретінде дүниеге келді. Жазушы ұлт үшін құнды ұғымға айналған идеяны реалистік әдіс талаптарына сай суреттеді.

– Ақселеу Сейдімбектің ғылыми-танымдық еңбектеріндегі этнографиялық құндылықтар турасындағы пайымдары көркем прозада эстетикалық мән иеленіп, идеялық-концептуалдық тұтастық құрайды. Жазушының «Күзеуде», «Қыз ұзатқан», «Аққыз», «Бір атым насыбай», «Ақиық», «Атамекен» көркемдік-эстетикалық жүйесінің этнографиялық танымнан ажырағысыз табиғаты ұлттық мінезден өріліп, қазаққа тән ұлттық болмыспен тығыз байланысып жатады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану дәуірінде әрбір халықтың ұлттық бірегейлігін сақтап қалуға деген ұмтылысы барынша өзекті мән алуға. Сондықтан да қазіргі әдебиеттануда сөз өнерінің ұлттық болмысын айшықтайтын ұлттық этнографияның көркемдік көрінісі мен қызметін айқындауға баса назар аударылып отыр. Ол қазіргі әдебиеттанудағы этнопоэтика, тіл біліміндегі этнолингвистика сипатындағы тың ізденістердің белгілі бір халықтың қайталанбас рухани құндылықтарын тану үрдісінің толастамайтынын көрсетеді. Диссертациялық жұмыста Ақселеу Сейдімбек прозалық туындыларының көркемдік-эстетикалық жүйесі ұлттық этнографиялық құндылықтар аясында қарастырылды. Қаламгер туындылары ұлттық-этнографиялық құндылықтардың көркем зерделенуі тұрғысынан талданды.

Этнография – халықтардың арғы-бергі тегін, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін этнологияның арналы саласы. Ол халықтың этногенезіне бойлатып, ғаламды көркем бейнелеудің сырлы әлеміне жетелейді.

Этнографизмдер – ұлттық нақышты танытатын, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді айқындайтын көркем әдебиеттің ажырағысыз бөлшегі. Ал қазақ прозасындағы ұлттық-этнографияның көркемдік қызметін қарастыру – күрделі мәселе. Ол көркемдік дамудағы дәстүр жалғастығына бойлатып, ұлттық прозадағы этнографиялық құндылықтар, ұлттық этнографияның көркемдік қызметін айқындауға мүмкіндік берді. Түркі дәуірінің рухани құндылықтарына бойлауда сол кезеңдегі әдеби жәдігерлердің алар орны ерекше. Олар түркілердің рухани мәдениетін, өркениет биігіндегі этнографиялық деңгейін танытады.

А. Құнанбайұлы, Ы. Алтынсарин шығармашылық ізденістерінде дәстүрлі фольклорлық және этнографиялық үлгілерді арқау етті. Көркем сананың әдеби мәтіндегі этнографиялық көрінісі ретінде ХХ ғасыр бедерінде М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Ш. Құдайбердіұлының «Әділ мен Мария», Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» туындыларымен әдеби дамудағы көркемдік үрдіс қазақ прозасындағы ұлттық-этнографияның көркемдік қызметімен еселеніп отырды. М. Әуезовтің этнографиялық терең қатпарларға толы көркемдік-эстетикалық танымы анималистік прозамен қабысып жатады. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ өмірінің этнографиялық энциклопедиясы деп бағалануы тегін емес. С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Б. Момышұлы туындыларының қазақ этнографиясының сарқылмайтын көркемдік құнарын басты өзегіне айналдырып отырғаны айғақтайды.

І. Есенберлиннің тарихи тақырыптағы романдары әдеби үрдіске серпін берді. М. Мағауиннің «Аласапыран», Д. Досжановтың «Жібек жолы», Ә. Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң», Ә. Әлімжановтың «Жаушы», Қ. Жұмаділовтің «Соңғы көш», Х. Әдібаевтың «Отырардың күйреуі» романдары ұлттық құндылықтармен тамырласып жатқан ұлттық этнографиямызды тарихи санамызда жаңғыртты.

Қазақ прозасындағы ұлттық-этнографияның көркемдік қызметі тарихи тұлғалар, ұлт мәдениетінің айтулы өкілдері ғұмырынан жазылған С. Мұқанов, Ә. Әлімжанов, Д. Әбілев, А. Нұрманов, С. Жүнісов, Ж. Молдағалиев, Т. Әлімқұлов, З. Ақышев, Б. Аманшин, Н. Әбуталиев, Қ. Исабаев, М. Есламғалиев т.б. сынды қаламгерлер шығармаларында этнографиялық материалдарды поэтикалау кең өріс алды. Бұл қаламгерлердің туындылары этнографиямен сабақтас елтану, ұлттану, тұлғатануда маңызды қызмет атқарып отырды.

XX ғасырдың 70-80 жылдардағы қазақ прозасында этнографизмдер қазақ ұлтының қилы тарихын, рухани өмірін, салт-санасын, әдет-ғұрпын, ұлттық бірегейлігін сақтаудағы этномәдениетімен ұштастырыла суреттеліп отырды. Бірқатар жазушылардың тақырыптық өзегі, көркемдік-эстетикалық жүйесі сан алуан болғанымен, оларды ұлттық құндылықтар, ұлттық бірегейлік сынды мәңгілік сарын тоғыстырады деген қорытынды жасауға болады.

Қазіргі қазақ прозасының даму үрдісіне әдебиет пен мифтің өзара сабақтастығы, мифтік танымның көркемдік ойлау жүйесінде жаңғыруы тән екенін көреміз. Тәуелсіздік кезеңіндегі повесть, әңгіме жанрындағы фольклорлық символ, сарындардың қайта жаңғыруында этнографизмдердің маңызы ерекше. Кейінгі жылдар прозасы атажұрт, ұлттық құндылықтар, ұлттық ұғымның рәміздік мәні, мифтік сана, архетип, символика, тотемдік ұғымдар, жылқы культі, адам мен табиғат үйлесімі сан қырынан суреттелуімен әдеби дамуға серпін бергенін атап көрсетеміз.

Ақселеу Сейдімбек прозасы – қазақтың сөз өнерінде өзіндік орны бар, ұлттық-этнографиялық характері айшықты, этнос табиғатын өмір шындығымен астастырған көркемдік-эстетикалық құбылыс. Жазушы прозасындағы ұлттық құндылықтарды ғылыми тұрғыда талдау, біріншіден әлемдік мәдени кеңістіктегі қазақ әдебиетінің өзіндік орнын анықтауға мүмкіндік берсе, екіншіден ұлттың этникалық сипатын, бірегейлігін, мәдени даралығын тану үшін де маңызды болып отыр. Демек, Ақселеу Сейдімбектің прозалық туындыларын философия, этнология, этнопсихология ғылымдарымен ұштастыра отырып бағалау қажеттігі айқын. Ғылыми интеграциялық үдерістер күшейген қазіргі уақытта прозалық шығармаларға этнографизм негізінде талдау жасау, жаңа арнамен дамып отырған қазақ әдебиетінің беталысын бағамдау үшін маңызды. Қазақ прозасындағы этнографизмдер әлем әдебиеті соның ішінде орыс әдебиетіндегідей этнографиялық бағыт, этнографиялық әдіс сипатында кең өріс алып кетпегенімен, қазақ әдебиетіндегі ұлттық-этнография көрінісінің өзіндік қалыптасу жолы барын көреміз.

Көркемдік дамудағы тарихи сабақтастық, ұлттық-этнографиялық құндылықтар өзінің қалыптасу жолында түрлі белестерден өтті. Ол бірінші кезекте фольклор, ежелгі дәуірдегі әдеби жәдігерлерде көрініс тауып, жыраулық поэзия тұрпатындағы ұлттық бояуы қанық сөз өнерінде жаңа көркемдік мазмұнға ие болды. XIX ғасырдағы классикалық әдебиетте барынша түрленіп, XX ғасырдағы жанрлық жаңарулармен ерекшеленген көркемдік дамудың ажырағысыз бөлшегіне айналды. XX ғасырдағы жанрлық түрленулер, әдеби

ағымдар ықпалымен қазақ прозасындағы ұлттық-этнографияның көркемдік қызметі заманауи сипат алу үстінде. Көркем шығармада этнографизмнің элементтері әлеуметтік-тұрмыстық, тарихи-хронологиялық, табиғи-географиялық, діни-танымдық, мәдени-дәстүрлік бағыттарда көрініс тауып жатады.

Жазушы прозасындағы ұлттық рухани және мәдени құндылықтардың дала тынысымен, табиғат үйлесімімен астасып жатуын қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын категориялар арқылы интерпретациялау барысында Ақселеу Сейдімбек туындылары өмір шындығын суреттеудегі реалистік сипаты, образдар әлемін бейнелеудегі ұлттық болмысымен ерекшеленетіні айқындалды. «Тауға біткен жалбыз» кітабындағы «Тәтті тіршілік», «Қақпаншы», «Рамазан мерген», «Зерде», «Табысу», «Көңіл шіркін», «Олжа», «Аңшы өтірік атпайды», «Айқас», «Бүркіт (этнографиялық әңгіме) әңгімелеріндегі өмір шындығының суреттелуі ұлттық-эстетикалық таныммен тамырласатыны айқындалды. Ұлттық-этнографиялық құндылықтар аясында пейзажбен қатар диалог, монолог, баяндау т.б. көркемдік амал-тәсілдер шебер қолданылуы екшеліп, қаламгер әңгіме, повестері қазақ өмірінің тұрмыстық ерекшеліктерін айшықтайтын суреттерге тұнып тұрғаны байыпталды.

Қаламгер атамекен табиғатын, оның кең даладай дарқан жандарын, кіршіксіз жан дүниесін үлкен тебіреніспен суреттейтіні айқындалды. Ұлттың мәдени және рухани құндылықтарын, тарих көшіндегі түрлі шырғалаңға толы даму жолын, өзіндік көркемдік-эстетикалық, этикалық танымын, салт-санасын, әдет-ғұрпын бейнелейтін тіл – әдебиеттің басты құралы. Этномәдени терминдер, этнографиялық лексика қаламгерлер шығармашылығындағы ұлттық сипатты айқындайтын басты өлшемдерді құрайды десек, қаламгер прозасы қазақ өмірінің тұрмыстық ерекшеліктерін айшықтайтын суреттерге тұнып тұрғаны тұжырымдалды. Сондықтан да оның шығармаларының этнопоэтикасы әдебиеттанушылық пікірдің негізгі өзегі болуға тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. – 2021, қаңтар – 5.
- 2 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 10.05.2021.
- 3 Тоқаев Қ. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі // Егемен Қазақстан. – 2021, қыркүйек. – 2.
- 4 Каскабасов С.А. Казахская сказочная проза. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1990. – 240 с.
- 5 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / құраст. Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
- 6 Досмұхамедұлы Х. Аламан / құраст. Ғ. Әнесов, А. Мектепов, Ш. Керімов. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.
- 7 Марғұлан Ә. Шығармалары. – Алматы. «Алатау» баспасы, 2007. – Т. 1. – 608 б.
- 8 Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Қазақ ССР «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1976. – 200 б.
- 9 Қондыбай С. Жауынгерлік рух кітабы. – Алматы: «Нұрлы әлем» баспасы, 2006. – 240 б.
- 10 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 11 Матыжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры: 10.01.09: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2004. – 49 б.
- 12 Ыбыраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 254 б.
- 13 Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті / құраст. Р.Т. Әлмұханова. – Алматы: Арда, 2011. – 480 б.
- 14 Тәуелсіздік және фольклор / құраст. Д. Жақан, Н. Набтолла. – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік оталығының баспасы, 2012. – 400 б.
- 15 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. 5. – 384 б.
- 16 Қамзабекұлы Д. Алаштың «23 жоқтауы» // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2018. – №4(125). – Б. 147.
- 17 Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 2006. – 107 б.
- 18 Қайдаров Ә.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек. – 1985. – №10.
- 19 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
- 20 Матыжанов К. Балалар фольклорының этнографиялық бастаулары // Кіт.: Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: ҒЫЛЫМ, 1993. – 328 б.
- 21 Ғабдуллин Н. Қаһарман және ұлттық сипат // Жұлдыз. – 1971. – №10. – Б. 129-131.
- 22 Кәкішев Т. Сыни ой сапары // Кіт.: Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. – Т. 4. – 384 б.

- 23 Алдаспан: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ ақын, жырауларының шығармалар жинағы / құраст. М. Мағауин. – Алматы: Жазушы, 1971. – 278 б.
- 24 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Астана: Күлтегін, 2012. – Т. 1. – 344 б.
- 25 Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштері / түркі тіл. ауд. – Алматы: Жалын, 1986. – 77 б.
- 26 Дәдебаев Ж. Ең алғашқы және ең ұлы түрколог // Ақиқат. – 2020. – №3. – Б. 40-48.
- 27 Қашқари М. Түрік сөздігі / ауд. А.Қ. Егеубай. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2017. – Т. 1. – 592 б.
- 28 Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2002. – 58 б.
- 29 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 480 б.
- 30 Фокеев А.Л. Этнографическое направление в русском литературном процессе XIX века: истоки, тип творчества, история развития. – М., 2004. – 516 с.
- 31 Иассауи Қ.А. Диуаи хикмет. – Тегеран: «Әл-Хұда» халықаралық баспасы, 2000. – 453 б.
- 32 Мағауин М. Қобыз сарыны. – Алматы: Жазушы, 1968. – 156 б.
- 33 Бес ғасыр жырлайды: 2 т. / құраст. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 1. – 384 б.
- 34 Шәріп А. Рух пен рәміз: монография. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 168 б.
- 35 Тоқтабай Т. Түркі халықтарының жылқы мәдениеті. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2015. – 380 б.
- 36 Қанайұлы Ш. Қай заман? Жыр-толғаулар, сын-зерттеу мақалалар. – Астана: Фолиант, 2011. – 288 б.
- 37 Мөңкеұлы М. Шығармалары: өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар; зерттеулер / құраст. Б. Омаров. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. – 288 б.
- 38 Омарұлы Б. Зар заман әдебиеті: генезисі, типология, поэтика. – Астана: Елорда, 2005. – 372 б.
- 39 Керімов Ш. Сал-серілік дәстүрдің этнографиялық қырлары // Кіт.: Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 328 б.
- 40 Ақан сері Қорамсаұлы, Үкілі Ыбырай Сандыбайұлы, Балуан Шолақ Баймырзаұлы: шығармалары / ред. С. Пірәлиев, С. Қирабаев және т.б. – Алматы: «Нұрлы Press.kz», 2014. – 288 б.
- 41 Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – 480 б.
- 42 Асылбекұлы С. Қазақ повесі: генезисі, эволюциясы, поэтикасы: монография. – Алматы: Алматы, 2021. – 349 б.
- 43 Асқарова А. және т.б. Қазақ романы: өткені мен бүгіні: ұжым. монография. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2009. – 679 б.
- 44 ХХІ ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011) / құраст. Б.К. Майтанов. – Алматы: «Арда» баспасы, 2011. – 640 б.

- 45 Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: ұжым. монография / ред. У.Қ. Қалижанов, С.С. Қирабаев және т.б. – Алматы: «Print express», 2017. – 510 б.
- 46 Құрманова Ж. Қазақ прозасындағы ұлттық идея және кейіпкер болмысы (1960-1980 жылдар аралығы): филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 24 б.
- 47 Худайбергенов Н. Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар (1991-2016 жж.): док. PhD. ... дис. – Алматы, 2020. – 163 б.
- 48 Орда Г. Алғысөз // Кіт.: Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар. – Алматы: Print express, 2017. – 510 б.
- 49 Жанпейісов Е. Этнографиялық лексика // Кіт.: Абай: энциклоп. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 1995. – 720 б.
- 50 Әділов М. Абайдың «Ескілік киімі» өлеңіндегі этнографиялық ұғымдар // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2020. – №3(132). – Б. 11-19.
- 51 Уәлиханов Ш. Тандамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 52 Бисенғали З.-Ғ.Қ. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы: жаңа типті кәсіби прозаның қалыптасуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 340 б.
- 53 Есембеков Т. Көркем мәтін поэтикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 228 б.
- 54 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы / құраст. Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. – Т. 1. – 368 б.
- 55 Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы / құраст. Н. Қуантаев. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – Т. 2. – 384 б.
- 56 Артықбаев Ж. Жүсіпбек жұмбағы // Айқап. – 2016, қаңтар. – 14.
- 57 Әуезов М. Бүркіт аңшылығының суреттері (басылмаған романнан) // Кіт.: Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1979. – Т. 1. – 456 б.
- 58 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2002. – 528 б.
- 59 Арғынбаев Х. Этнография // Кіт.: Мұхтар Әуезов: энциклоп. – Алматы: «Атамұра» баспасы, 2011. – 688 б.
- 60 Ауэзов М. Непубликованные материалы по абаеведению. – Алма-Ата: Наука, 1988. – 368 с.
- 61 Мұқанов С. Қазақ қауымы: тарихи және этнографиялық шолу. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 304 б.
- 62 Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1992. – Т. 3. – 400 б.
- 63 Мүсірепов Ғ. Ұлпан: роман. – Алматы: Атамұра, 2003. – 264 б.
- 64 Снасапова Г. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер: филол. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 28 б.
- 65 Момышұлы Б. Ұшқан ұя. – Алматы: Санат, 2005. – 224 б.

- 66 Жүнісов С. Сонарда: повесть. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1959. – 98 б.
- 67 Көшімов Ә. Екі бүркіт: повесть. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1963. – 144 б.
- 68 Абдуллаева К.Ә. Нұрпейісов прозасындағы этнографизмдер сипаты // ПМУ Хабаршысы. – 2014. – №4. – Б. 10-18.
- 69 Алпысбаев Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным және көркемдік. – Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2019. – Т. 2. – 236 б.
- 70 Есенберлин І. Он томдық. – Алматы. Жазушы, 1986. – Т. 6. – 600 б.
- 71 Есенберлин І. Ойлар, баяндамалар, күнделіктер, хаттар=Мысли, выступления, дневники, письма / құраст. Қ. Есенберлин. – Алматы: БПКА, 2015. – 480 б.
- 72 Пыпин А.Н. История русской этнографии: в 4 т. – СПб.: Тип. М.М. Стасюлевича, 1890. – Т. 1. – 424 с.
- 73 Лизунова Е.В. Мастерство Мухтара Ауезова. – Алма-Ата: Жазушы, 1968. – 288 с.
- 74 Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2008. – 400 б.
- 75 ЕлеуKENOVA Г. Әңгіме жанрының шебері. М. Әуезовтің табиғатты бейнелеу шеберлігі // Кіт.: Мұхтар мұрасы – Наследие Мухтара: ғылыми мақалар мен зерттеулер. – Алматы: Қазақстан, 1997. – Б. 100-109.
- 76 Бөкеев О. Ұйқым келмейді. – Алматы: Жалын, 1990. – 560 б.
- 77 Әлімқұлов Т. Кертолғау: өнер тақырыбындағы туындылар / құраст. П. Пәрімбекова. – Алматы: Жазушы, 1988. – 368 б.
- 78 Тулеуова А., Султанғалиева А. А. Сүлейменов прозасындағы көнерген сөздер мен этнографизмдер // М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2017. – №4 (68). – Б. – 220-225.
- 79 Сыздықова Р. Асқар Сүлейменов «Бесін» // Кіт.: Сөз құдіреті: көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – Т. 6. – 296 б.
- 80 Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі (повестер мен әңгімелер): филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 44 б.
- 81 Алтынсарин Ы. Орынбор ведомствосы қазақтарының өлген адамды жерлеу және оған ас беру дәстүрінің очеркі // Айқап. – 2012. – №2. – Б. 119-122.
- 82 Әсемқұлов Т. Тал түс. – Алматы: Сорос–Казахстан, 2002. – 312 б.
- 83 Кәрібай Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары. Астана: Елорда, 2001. – 312 б.
- 84 Майтанов Б. Қазақ прозасындағы замандас бейнесі. – Алматы: Ғылым, 1982. – 148 б.
- 85 Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. – Алматы: Раритет, 2008. – 408 б.
- 86 Қирабаев С. Менің Ақселеуім // Ұлы даланың Ақселеуі: естеліктер, эсселер жинағы. – Алматы: Дәуір, 2015. – Б. 409-422.
- 87 Жарылғапов Ж. Қазақ прозасындағы адам концепциясы (1970-1980 жылдар негізінде). – Алматы: «Отан» баспасы, 2018. – 220 б.

- 88 Сейдімбеков А. Ақиық: Әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1972. – 88 б.
- 89 Шындалиева М., Мукашева М. Ақселеу Сейдімбек шығармаларындағы ұлттық сана // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – 2015. – №5(108). – Б. 237-244.
- 90 Сейдімбек А. Аққыз: повестер мен әңгімелер. – Алматы: Атамұра, 2002. – 285 б.
- 91 Сыздықов С. «Тауға біткен жалбыз» әңгімесіндегі ұлттық сипат // Бабалар сөзі - рухани жаңғырудың қайнар көзі: халық. симпоз. жин. – Алматы, 2019. – Б. 227-231.
- 92 Мажитаева Ш., Сейтім А., Жанузаков Н. Ақселеу Сейдімбек шығармаларының тілдік ерекшеліктері // ҚарМУ Хабаршысы. – 2017. – №2(86). – Б. 8-13.
- 93 Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысынбаев. – Алматы, 2007. – Т. 10. – 704 б.
- 94 Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967. – 390 б.
- 95 Сыздықов С. «Бүркіт» этнографиялық әңгімесіндегі ұлттық характер // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. – 2017. – №1(59). – Б. 199-203.
- 96 Syzdykov S. Traditional Hunting with the Golden Eagle and Its Reflection in Kazakh Literature // Mankind Quarterly. – 2021. – Vol.1 62, №2. – P. 273-287.
- 97 Махмұтов С. Аңшылық // Кіт.: Қазақстан: ұлттық энциклоп. – Алматы, 2002. – Т. 1. – 704 б.
- 98 Сегізбайұлы К. Дос // Егемен Қазақстан. – 2012, желтоқсан – 12.
- 99 Шанбай Т. Этногенез: тр. Л.Н. Гумилева: аннотирован. справ. – М.: Художественная литература, 2017. – 400 с.
- 100 Таңжарықова А. Қазақ прозасындағы этнографиялық және фольклорлық сарындар: 10.01.02: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2010. – 44 б.
- 101 Салғараұлы Қ. Ақселеу Сланұлы Сейімбек: өмірі мен шығармашылығы туралы қысқаша очерк / құраст. М.Б. Шындалиева. – Астана: KUL TEGIN, 2002. – 516 б.
- 102 Гринберг И. Лирическая поэзия. – М.: Советский писатель, 1955. – 328 с.
- 103 Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым Академиясы, 1962. – 209 б.
- 104 Днепров В. Движение характеров // В кн: Искусство человековедения: из художественного опыта. – М.: Советский писатель, 1985. – 288 с.
- 105 Лосский Н. Характер русского народа. – М., 2005. – 336 с.
- 106 Сыздықов С. Ақселеу Сейдімбектің «Табысу» атты әңгімесіндегі ұлттық характер мәселесі // Наука и образование – важнейший фактор развития общества в современных условиях: матер. 5-й междунар. науч.-практ. конф. – Караганда, 2018. – С. 359-362.
- 107 Каскабасов С.А. Казахская сказочная проза. – Алма-Ата: Наука КазССР, 1990. – 240 с.

- 108 Гусев В. Герой и стиль к теории характера и стиля. – М.: Художественная литература, 1983. – 286 с.
- 109 Шәріп А. Абай және ұлт // Кіт.: Қазіргі абайтанудың өзекті мәселелері. – Алматы. Ғылым, 2002. – 273 б.
- 110 Таборисская Е., Штейнгольд А. Творческая индивидуальность писателя // В кн.: Пути анализа литературного произведения. – М.: Просвещение, 1981. – 221 с.
- 111 Есембеков Т. Драматизм и казахская проза. – Алматы: Ғылым, 1997. – 231 с.
- 112 Рамазанова А. Қазіргі қазақ повестеріндегі адам мен табиғат қарым-қатынасы (70-80 жж): филол. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1993. – 145 б.
- 113 Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар. – Алматы: Жазушы, 1977. – 380 б.
- 114 Кемел М. Баянды ғұмыр // <https://adebiportal.kz/kz/news>. 10.09.2022.
- 115 Ахметов З. Современные развитие и традиции казахской литературы. – Алматы: Наука, 1978. – 328 с.
- 116 Глушко А. Требование времени и возможности жанра: проблемы рассказа // В кн.: Методологические проблемы советской литературной критики. – М.: Мысль, 1976. – С. 206-217.
- 117 Ауезов М. О традиционном и новаторском // В кн.: Мысли разных лет: по литературным тропам. – Алма-Ата, 1961. – 541 с.
- 118 Подгаецкая И. Границы индивидуального стиля // В кн.: Теория литературных стилей: современные аспекты изучения. – М.: Наука. 1982. – 439 с.
- 119 Мелетинский Е. Происхождение героического эпоса. – М.: Восточная литература, 2004. – 462 с.
- 120 Сейдімбеков А. Кеніш: Қарағанды облысы туралы кітап. – Алматы: Жалын, 1979. – 112 б.
- 121 Сейдімбеков А. Серпер: очерктер және деректі әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1982. – 205 б.
- 122 Сейдімбеков А. Күңгір-күңгір күмбездер: сұлулық туралы сырлар. – Алматы: Жалын, 1981. – 234 б.
- 123 Сейдімбеков А. Сонар: деректі әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1989. – 349 б.
- 124 Ақсұңқарұлы С. Алаштың Ақселеуі // Орталық Қазақстан. – 1992, қазан. – 2.
- 125 Исенов А. Психологизм современной прозы: на материале творчества Чингиза Айтматова. – Алматы: Жазушы, 1985. – 120 с.
- 126 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Мектеп, 1964. – 250 б.
- 127 Пірәлиева Г. Ішкі монолог. – Алматы: Ер-Дәулет-Қазақстан, 1994. – 200 б.
- 128 Елеукенов Ш. Мағжан мен Мұхтар: ұлт тақырыбын дамытудағы ізденістер // Кіт.: Мұхтар мұрағасы: ғылыми мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Қазақстан, 1997. – Б. 166-198.
- 129 Выготский Л. Психология искусства. – М.: Педагогика, 1987. – 318 с.

- 130 Ауэзов М. Энкидида: к проблеме единства миров кочевья оседлости // В кн.: Кочевники. Эстетика: познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Ғылым, 1993. – 262 с.
- 131 Иванчикова Е. Рассказчик в повествовательной структур произведений Достоевского // В кн.: Достоевский: материалы и исследования. – СПб.: Наука, 1994. – Т. 11. – 295 с.
- 132 Ковалев В.А. О стиле художественной прозы Л.Н. Толстого. – М.: Изд. Моск. Ун-та., 1960. – 63 с.
- 133 Портнова Н.А. К проблеме парадоксальности стиля Достоевского // В кн.: Достоевский: материалы и исследования. – Л.: Наука, 1987. – Т. 7. – 293 с.
- 134 Қалибекова С.Ж. А. Сейдімбектің шығармаларындағы өнер адамының бейнесі // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2009. – №6 (178). – Б. 64-67.
- 135 Тоқсамбаева А.О. Әдебиеттегі ұлттық характер болмысы // ҚР ҰҒА Хабарлары. – 2009. – №3(178). – Б. 21-23.
- 136 Петров А.В. «Национальный вкус» в трактате П.А. Плавильщикова «театр: необходимая случайность в литературной эстетике XVIII века» // Филологические науки. – 2006. – №2. – С. 13-23.
- 137 Нысанбаев А.Н., Тайжанов А.Т. Этнокультурные традиции духовном наследии М.О. Ауезова. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1997. – 176 с.
- 138 Семанова М.Л. «Крейцера соната» Л.Н. Толстого и «Ариадна» А.П. Чехова // В кн.: Чехов и Лев Толстой. – М.: Наука, 1980. – 336 с.
- 139 Қоңыратбай Т. Қазақ эпосының этникалық сипаты: филол. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2002. – 50 б.
- 140 Сыздықов К. Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 144 б.
- 141 Әуесбаева П. Қазақ фольклорындағы әңгіме жанры. – Алматы: Ғылым, 2001. – 135 б.
- 142 Сыздықов С. Ақселеу Сейдімбектің «Бір атым насыбай» атты хикаятындағы ұлттық этнографияның көріністері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы. – 2020. – №1(71). – Б. 445-450.
- 143 Қодар Ә. Постмодернизм жөнінде бірер сөз // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы: 10 т. – Алматы: Жазушы, 2006. – Т. 7. – Б. 5-10.
- 144 Микешина Л.А. Философия науки: учеб. пос. – М.: Прогресс-Традиция, 2005. – 992 с.
- 145 Дильтей В. Герменевтика и теория литературы. – М.: Дом интеллектуальной книги, 2001. – 538 с.
- 146 Бетти Э. Герменевтика как общая методология наук о духе / пер. с нем. Е.В. Борисова. – М.: Канон +, 2011. – 144 с.
- 147 Отарбаева Ғ. Мәтін және интерпритация: көзқарастар мен концепциялар // ҚазҰУ Хабаршысы. – 2018. – №4(172). – Б. 198-204.
- 148 Қаратаев М. Эпостан эпопеяға: әдеби-сын зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 444 б.
- 149 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.

- 150 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Т. 3. – 392 б.
- 151 Сыздықов С. Ақселеу Сейдімбектің «Ақиық» хикаятындағы ұлттық характер // Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2018. – №2(64). – Б. 141-145.
- 152 Бердібаев Р. Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 320 б.
- 153 Есім Ғ. Қазақ елі – Атамекен ренессансы // Егемен Қазақстан. – 2011, қараша. – 24.
- 154 Қамзабекұлы Д., Омарұлы Б., Шәріп А. Ұлттық әдебиет және дәстүрлі ментальдік. – Алматы: ARNA-B, 2013. – 192 б.
- 155 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі: энциклоп. / ред. Н. Әлімбаев, Н. Уәли. – Алматы: «ҚР Мемлекеттік Орталық музейі», 2011. – Т. 1. – 736 б.
- 156 Сыздықов С. Жазушы прозасындағы тарихи - танымдық, этнографиялық сипат // Абай атындағы ҚазҰПУ. – 2019. – №3(69). – Б. 301-306.
- 157 Мұратова Г. Сейдімбек зерттеулері – этнолингвистиканың таным тірегі // Кіт.: Ұлы Даланың Ақселеуі. Ахаң туралы естеліктер жинағы. – Алматы: Дәуір, 2015. – 660 б.
- 158 Сейдімбек А. Қазақтың күй өнері. – Астана: Күлтегін, 2002. – 831 б.
- 159 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы шежірелік деректерді пайымдау. – Астана: Фолиант, 2008. – 726 б.